

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 82:81-26

Қолжазба құқығында

**ОБАЕВА ГУЛЬНАРА САДУАКАСОВНА**

**Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер**

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
Балтымова М.Р.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
PhD, профессор Сойлемез О.  
(Кастамону университеті)

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	19
1.1 Фольклор және фольклоризм ұғымдары: теориясы, генезисі мен типологиясы .....	19
1.2 Ғ. Мүсірепов фольклоризмінің алғышарттары, зерттелу жайы.....	39
1.3 Ғ. Мүсіреповтің эпикалық драматургиясындағы фольклорлық мотивтер.....	50
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	73
<b>2 Ғ. МҮСІРЕПОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	75
2.1 Фольклорлық-этнографиялық сюжеттер мен дәстүрлі мотивтер.....	75
2.2 Жазушы прозасындағы аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттердің көрінісі .....	90
2.3 Фольклорлық мотивтерді қолданудың жанрлық және образдық алуандығы.....	108
2.4 Ғ. Мүсіреповтің көркемдік концепциясындағы фольклорлық кейіпкерлер мотиві.....	123
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	130
<b>3 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ ПОСТМОДЕРНИСТІК АСПЕКТІЛЕРІ</b> .....	131
3.1 Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі интермәтінділік формалары.....	131
3.2 Постмодернизмдегі ризоматикалық құрылым принципі тұрғысынан жазушы әңгімелеріндегі фольклорлық мотивтерді талдау.....	139
3.3 Постмодернистік тәсілдер (пародия, ремейк, пастиш) арқылы көрінетін авторлық ерекшелік.....	150
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	166
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	167
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	171
<b>ҚОСЫМША А – Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизм үдерісімен байланысын анықтауға бағытталған сауалнама</b>	180

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыс Қазақстандағы фольклортану, әдебиеттану саласындағы зерттеулердің негізін құрайтын, сонымен қатар рухани және мәдени мұраны сақтау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды аспектілерін қамтитын елімізде қабылданған мемлекеттік нормативтік құжаттар мен үлгі қалыптарға негізделіп жасалды:

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт, 21.11.2018 ж.).

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (12.10.2021 ж., №726).

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (16.10.2023 ж., №914).

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (12.10.2021 ж., №724).

## АНЫҚТАМАЛАР

**Архетип** – көркем шығармада көрініс табатын ұлттық дүниетаным бастауы. Ұжымдық бейсанада қалыптасқан мотивтер, образдар, сюжеттер архетип деп аталып, көркем туындыда жиі қолданылады. Қазақ прозасында архетип құндылықтық-мағыналық мәнге ие. Туындының мифологиялық, көркемдік құрылымы мифологиялық мотивке құрылады. Осы негізде «архетип» ұғымы қайталанатын образдардың, мотивтердің жалпы жиынтығы саналады.

**Авторлық ұстаным** – көркем шығармадағы «автор бейнесі» ұғымын білдіретін түсінік. Автордың қоршаған ортаға, әлемге көзқарасының нәтижесі. Диссертациялық жұмыста фольклорлық мотивтерді Ғабит Мүсіреповтің қолдану деңгейіне байланысты «авторлық ұстаным» ұғымын қолданылды.

**Дәстүр** – белгілі бір қоғамның немесе әлеуметтік топтың құндылықтары мен ережелерінің жүйесі, әдетке айналған, адамдар ұзақ уақыт бойы атадан балаға қалдыратын әлеуметтік-мәдени мұраның бөлігі.

**Жаңашылдық** – бұрыннан қалыптасқан дәстүрдің өзгеріске ұшырауы. Көркем шығармаға қатысты жаңашылдық тақырып мен идея, мазмұн мен пішін, образдар мен мәселелердің көркемдік деңгейдегі жаңаруы деп танылады. Жаңа ізденістер мен заман талабына сай көркемдік тәсілдердің жаңаруы «жаңашылдық» ретінде анықталады.

**Имплициттік ақпарат** – көркем шығарманы қайта-қайта оқудың нәтижесінде айқындалатын жаңа мағыналар.

**Интермәтін** – «әлем-мәтін» түсінігіне негізделген постмодернизм бағытының негізгі ұғымы. Бір мәтінде басқа бір мәтіннің белгілері, ұғымдары көрініс тауып, өзара байланысқа негізделеді. Цитата, аллюзия түрінде фольклорлық мотивтер көркем шығарманың мазмұнын кеңейте түседі.

**Интерпретация** – мәтінді терең түсіну тәсілі. Көркем шығармадағы жасырын, астыртын мағыналар интерпретациялау арқылы айқын көрінеді. Мәтінді талдау арқылы соны көзқарастар, жаңашыл ұстанымдар анықталады.

**Мотив** – көркем шығарма барысында образды, символды мәнге ие болатын және қайталанатын образдар. Мотив арқылы оқырман шығарманың мәнін, негізгі ұғымдарын, концепцияларын түсінеді.

**Мифопоэтика** – поэтика саласының көркем туындыдағы мифологиялық құрылымдарды зерттейтін бөлімі.

**Мифтік кейіпкер** – алғашқы қоғамдық құрылыста қоршаған ортаның сырын, жаратылыс мәнін түсінуден қалыптасқан. Сонымен қатар анимизм, тотемизм, фетишизм сынды алғашқы дүниетаным аясында анықталатын мифологиялық қаһармандардың мифологиялық қызметі қоршаған ортаның қожайыны болуымен байланысты.

**Нарратив** – көркем шығармадағы оқиғалардың, құбылыстардың оқырманға түсінікті болуы үшін баяндалатын образдар, тілдік бірліктер.

**Постмодернизм** – әлеуметтік-гуманитарлық құбылыс. Бұл – таным жолы, өнердегі, қоғамдағы, тұлғадағы таным методологиясы.

**Пастиш** – түрлі жанрлардың, стильдердің жиынтығы деп анықталатын постмодернизм бағытының негізгі ұғымы. Постмодернизм бағыты мәтін теориясына негізделеді, өз кезегінде аталған ұғым түпнұсқа мәтіннің екінші бір қаламгер шығармасында қолданыс табуын білдіреді. Осыған сәйкес пастишке тән ерекшеліктер: сәйкестік, деформация, қайшылық.

**Ризома** – белгілі бір басым бағыттары мен тұрақтылығы жоқ ретсіз әрі жүйесіз таралулар.

**Реминисценция** – көркем шығармада қолданылған фольклорлық образдың сол күйінде сомдалуы, берілуі. Мағыналық, идеялық өзгеріссіз қолданылатын фольклорлық образдар реминисценция деп танылады.

**Ризоматикалық құрылым** – интермәтінділік құбылысы негізінде анықталатын постмодернизм бағытының негізгі ұғымы. Шығармада баяндалатын оқиғалардың реттілігі сақталмауы деп анықталады. Туындыда орын алатын оқиға бірден суреттелмейді, оған себеп болған «біріншілік» оқиға беріледі.

**Сюжеттік шытырман (Ризоматикалық лабиринт)** – интермәтінділік құбылысы аясында қарастырылатын ұғымдардың бірі. Аталған терминге тән айырмашылық қайталаулар, оқиға себебінің түрлі вариацияларының шығармада берілуімен анықталады.

**Симулякр** – көркем шығармада қолданылатын фольклорлық, мифологиялық образдың автор тарапынан өзгеріске ұшырауы. Көшірменің көшірмесі саналатын симулякр ұғымы образдардың жай ғана көшірмесі емес, авторлық ұстанымға негізделген өзгерістің нәтижесі ретінде анықталады.

**Фольклор** – ерте заманда пайда болған сөз өнері, ауызша халық шығармашылығы. Фольклор әдебиеттен бұрын пайда болып, жазу пайда болғанға дейін дамыды. Фольклор тарихи өткенді сақтайды, ұлттық дәстүр сонда қалыптасады.

**Фольклоризм** – дәстүрлі фольклор дамып, өмір сүріп жатқан жағдайлардан өзгеше жағдайда фольклорды сіңіру, жаңғырту және түрлендіру процесі, сондай-ақ қазіргі кәсіби мәдениеттегі дәстүрлі фольклорды алмастырулар мен түрлендірулердің, бейнелеу мен рефракциялардың кең ауқымы.

**Фольклорлық контекст** – фольклорлық мотивті айқындау барысында қаламгер тарапынан өзгеріске түспеген фольклорлық шығармалар, мұралар. Мәселен фольклорда кездесетін кейіпкерлердің көркем шығармада өзгеріссіз қолдануы.

**Фольклорлық мотив** – көркемдік қабылдауды күшейте түсетін, көркем шығармада бір идеяны немесе образды жеткізетін белгі.

**Фольклорлық сюжет** – көркем шындықты фольклорға тән көркемдік құралдар негізінде көрсетудің тәсілі.

**Фольклорлық шығармашылық** – бұл өте көнедегі, тіпті фольклорға дейінгі кейбір шындықты (дәстүр көріністері, әдет-ғұрыптар жүйесі, ырым элементтері, эмпирикалық бақылаулар мен әсерлер, т.б.) ауызша түрлендіру, реинкарнация, яғни қайта дүниеге келу, қайта қарау, қайта қорыту, теріске

шығару негізінде жаңа туындының пайда болуы, қалыптасуы мен эволюциясының күрделі де ұзақ процесі немесе бұрыннан сюжет, мәтін, жанрлар жүйесі, т.б. түрде болған фольклорлық шындық.

**Фольклорлық-этнографиялық деректер** – белгілі бір дәуірде өмір сүрген адамдардың сенімін, ойлауын, әдет-ғұрпын және қоғам шындығын тарихи негізде айқындауға мүмкіндік беретін ақпараттар.

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы фольклор мен жазба әдебиет арасындағы байланыс мәселелерінің теориялық аспектілері аясында қазақ әдебиетінің классигі, жазушы Ғабит Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді айқындауға арналған.

Әдебиет пен фольклор арасындағы байланыс терең де сан қырлы. Фольклор халық шығармашылығы ретінде қаламгерлердің шабыт көзі болып саналады. Көптеген әдеби шығармалар өз сюжетін, мотивтерін, образдарын, символдарын фольклордан алады. Көбінесе көркем шығармалар халық ертегілерінің, аңыздарының, мифтерінің, балладаларының интерпретациясы немесе модернизациясы болып келеді. Әдебиет өз кезегінде фольклорлық мұраны сақтаушы, жеткізуші рөлін атқарады, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды мәңгілікке жалғастыруға мүмкіндік береді. Әдебиетте әртүрлі жанрлар мен дәуірлердегі шығармаларға еніп жатқан халық даналығының, дүниетанымы мен мәдениетінің көрінісін жиі көруге болады. Олай болса, әдебиет пен фольклордың арақатынасы – жеке және ұжымдық шығармашылықтың, өткен мен бүгіннің диалогының бір түрі. Олар бір-бірін толықтырып, мәдени ортамызды байытып, халықтың тарихы мен рухани құндылықтарын түсінуге көмектеседі.

Жазудың шығармашылық процесі көбінесе халық дәстүрлерінен шабыт алады, оларды зерттеу әдеби шығармаларда қандай нақты мотивтер мен сюжеттер болуы мүмкін екенін түсінуге көмектеседі. Фольклор мен әдебиет шығармалардың мазмұндық деңгейінде ғана емес, құрылымы мен формасы жағынан да өзара әрекеттесетінін айта кеткен жөн. Кейіпкер сөзінің мотиві, бейнелі суреттеу, символизм сияқты көптеген әдеби жанрлар мен тәсілдер фольклордан бастау алады. Сонымен қатар, әдебиет өзінің әр алуан жанры, стилімен фольклордың да дамуына әсер етеді, яғни өзара ықпалдасу орын алады. Әдебиетте жазушы фольклорлық сюжеттер мен тақырыптарды негіз етіп ала отырып, көбінесе дәстүрлі канондардан алшақтап, оларға заманауи элементтерді енгізе отырып, халық ертегілері мен мифтерінің жаңа нұсқаларын жасайтын да тұсы көп. Бұлайша өзара байланысу процесі қазіргі қоғамдағы рухани көне мұралардың сақталуына және дамуына ықпал етеді.

Әдебиет пен фольклордың өзара байланысы мәдени мұраның маңызды аспектісі бола отырып, ежелгі фольклорлық мотивтер мен әдебиеттің қазіргі идеяларының біріктіріліп, бірін-бірі толықтыратын біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастыруға көмектеседі. Фольклор – халық мәдениетінің, әдет-ғұрпының, идеялары мен құндылықтары жинақталған кеңістік, ал әдебиет осы элементтерді жаңашылдықпен жалғастырады, оларға автордың жеке көзқарасы мен интерпретациясын енгізеді. Осылайша, фольклор мен әдебиет бізді қоршаған әлемді сипаттайтын және түсіндіретін біртұтас мәдени контекстің екі аспектісі ретінде өзара байланысады, ықпалдасады.

Көркем әдебиеттегі фольклорлық мотивтердің негізгі қызметтерінің бірі – шынайылық пен мәдени тереңдік атмосферасын жасау. Олар әдетте көркем шығармаға ерекше әр беріп, халық даналығын, дәстүрі мен құндылықтарын жеткізуге көмектеседі, көбінесе жазушы мен оның аудиториясы арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Өйткені олардың көпшілігі оқырмандарға бала кезінен немесе өздерінің қанмен сіңген гендік жадында сақталып жеткен мәдени дәстүрлерінен таныс. Фольклор мен әдебиет адамзаттың көркемдік дамуында үлкен орын алады. Бір-біріне күрделі ұқсастықтары бар бұл құбылыстардың мәні мен айырмашылығын нақты білу рухани жолдарды түсіну үшін өте маңызды. Ғалым Р. Бердібаев фольклор мен әдебиеттің жалпы ережелері мен шарттылығын ажырату ауызша әдеби қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте маңызды екендігін баса айтады [1, б. 14].

Әдебиеттегі фольклорлық дәстүр мәселесін терең зерттеген академик С.А. Қасқабасов екі көркемдік жүйе байланысының генетикалық, оппозициялық, үндес және кері байланыс деген төрт түрін атайды [2, б. 20]. Ал белгілі орыс фольклортанушысы Д. Медриш әртүрлі елдердің әдебиетінде фольклор мен әдебиет байланысы өзіндік қатынас жүйесін жасайтынын атап көрсетіп, оларды фольклорлық стилизация, интерпретация, әдебиеттің халықтық мифологияға қайтып оралуы, сюжеттік, стильдік, тақырыптық байланыс деген түрлерге бөледі [3, с. 15]. Қазақ және орыс фольклортану ғылымы корифейлерінің екеуінің де классификациясынан байқайтынымыз – сөз өнерін біртұтас көркемдік эстетикалық мұра ретінде қарастыруды басты мақсат ету қажеттілігі. Көркем шығармадағы фольклорлық элементтер ұлттық-эстетикалық категориялар ретінде тілге, стильге де, әдеби шығармалардың мазмұнына да қатысты боп келеді, яғни поливаленттілікке ие болады. Фольклорлық шығармашылық – бұл өте көнедегі, тіпті фольклорға дейінгі кейбір шындықты (дәстүр көріністері, әдет-ғұрыптар жүйесі, ырым элементтері, эмпирикалық бақылаулар мен әсерлер т.б.) ауызша түрлендіру, реинкарнация, яғни қайта дүниеге келу, қайта қарау, қайта қорыту, теріске шығару негізінде жаңа туындының пайда болуы, қалыптасуы мен эволюциясының күрделі де ұзақ процесі немесе бұрыннан сюжет, мәтін, жанрлар жүйесі, т.б. түрде болған фольклорлық шындық. Осылайша, көркем шығармадағы фольклорлық дәстүр – бұл фольклордың жекелеген элементтерінің әдебиетке енуі және дәстүрлі фольклордың дамып, өмір сүрген шынайы ортасынан өзгеше маңызды екі жүйенің (ауызша-көркемдік) өзара байланысының нәтижесі.

Диссертациялық зерттеуде осы екі көркемдік жүйенің өзара ықпалының тарихнамасы теориялық тұрғыдан айқындалып, Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің әдеби шығармаларының поэтикалық құрылымындағы фольклор үлгілерінің трансформациялану болмысы әдебиеттану ғылымы заңдылықтары аясында қарастырылады. Зерттеу аясында фольклорлық мотивтердің түрлері қарастырылды: мифологиялық, ертегілік, эпикалық және т.б. Фольклорлық мотивтерді қолданудың жалпы тенденциялары мен олардың мәдени мұраға тигізетін әсерін анықтау мақсатында жазушының прозалық және драмалық шығармалары зерттелді. Қазіргі заманда фольклорлық мотивтерді пайдалану



қайталанбас көркем образ жасаудың бір жолы бола алады. Дегенмен, әдеби шығармалардың өзіндік ерекшелігі мен өзектілігін сақтау үшін дәстүр мен жаңашылдық арасындағы тепе-теңдік қажет екенін ескерген жөн.

**Тақырыптың өзектілігі.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңіндегі көркем шығармаларда халық ауыз әдебиеті туындыларының әсері мол болғандығы байқалады. Мәселен, түп негізінде әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес идеясы жататын аңыздар, ертегілер, батырлар жырлары, ғашықтық жырлар, лирикалық әндер, т.б. фольклорлық жанрлар сюжеттері жаңа ғасырда енді туа бастаған кәсіби әдебиеттің тақырыптық іргетасы болды. Бұл кезеңде фольклордың әдебиетке үлкен ықпалы осылайша айқын көрінді, яғни көркемдік дәстүр жалғастығы бастауын фольклордан алды. Кәсіби жазба әдебиет қалыптасуының алғашқы жылдарындағы прозаның халықтық негізі фольклорлық дереккөздермен тығыз байланыста болды. Жазушылар халық шығармашылығының демократиялық мотивтерін кеңінен қолданды, бірінші кезекте халықтың ғасырлар бойғы арман-мұратын паш ететін өткір әлеуметтік идеямен суарылған сюжеттерге иек артты. Аталған мәселе бүгінгі қазақ әдебиеттануында қарастырылуда. Өз алдына дербес ғылым саласының негізгі мәселесі ретінде зерттеу нысанына алынды.

Жазушы Ғабит Мүсірепов халқымыздың рухани байлығы сөз өнерін самғау биікке көтерді, өзгеге ұқсамайтын өзіндік даралығымен әдебиет әлемінде кеңінен танылды. Жазушы шығармашылығы қазақ әдебиетінің қалыптасу жолындағы ұлы тасқынға маңызды үлес боп қосылды. 2002 жылы жазушының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді. Бұл шара жазушы тұлғасының, шығармашылығының дүние жүзілік көлемде мойындалуын, қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы аса талантты ұлдарының бірі ретінде танылуын негіздей түсті.

Ғ. Мүсірепов қаламынан шыққан әрбір шығармасы өзіндік өрнегімен, образдық ерекшелігімен, стильдік даралығымен өнер тарихынан мәңгілік орын алды. Алғашқы «Тулаған толқында» атты қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қозғаған повесінен бастау алып, қазақ кеңес әдебиетіне өз кезеңінде реалистік сипатымен жаңаша үн қосқан «Талпақ танау», «Шұғыла» сияқты әңгімелерімен қоса, әйгілі ана циклындағы әңгіме-новеллаларына ұласып, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан Сері – Ақтоқты» сияқты классикалық драмаларымен өріс алып, «Ұлпан», «Оянған өлке», «Жат қолында» атты романдарға жалғасқан оның көркем творчествосы қазақ әдебиетінің құнарлы қазынасын толықтырды. Ғ. Мүсіреповтің көркем тәжірибесі өз замандастарының оң бағасымен де өсе түсті деуге болады. Көрнекті жазушы Т. Ахтанов Мүсіреповтің өзгелерден озық тұратын осы даралығын, жазушылық қолтаңбасының қайталанбайтын ерекшелігін, стильдік дәлдігін, тілінің құнарлылығын, аса зор байқампаздығы мен нәзік юморын жоғары бағалап, оның бүтіндей бір ұрпаққа өнеге болатынын өте жақсы атайды [4, б. 58].

Ежелден қалыптасқан қазақ фольклоры әр дәуірдің сипатына қарай өзгеріп, түрленіп отырған. Халқымыздың рухани мұрасы ретінде фольклор тарихи және көркемдік аспектіде маңызға ие. Дегенмен кейбір фольклорлық

мұралар жойылып, қолданыстан шығып жатса, енді бір жағынан жаңа даму арнасына түсті. Осындай рухани қордың озығын өз шығармаларына арқау еткен жазушы Ғ. Мүсіреповтің шығармашылығын осы тұрғыда зерттеу бүгінгі ғылымда өзекті мәселе. Жазушы творчествосы ғылым назарынан тыс қалған емес. Сарабал суреткердің рухани бай жан-дүниесі халық мұрасына негізделген. Өзіндік стилі мен сөз саптау ерекшелігі фольклорлық мұраларды терең түсінетінін көрсетеді. Ғ. Мүсірепов шығармаларында фольклорлық мұраларды қолдану арқылы рухани өзегі терең фольклордың маңызын көрсете алды. Фольклордың жанр ретіндегі ерекшеліктері айқындалды. Жан-жақты зерделеніп келгенмен де, жазушы шеберлігінің басты себебі фольклорлық мотивтерді пайдалану жолы ғылымда арнайы қарастырылмаған. Зерттеу объектімізде жазушы қолданған фольклорлық жанрлар мен сюжеттер, фольклорлық кейіпкерлер, интермәтінді пайдалану шеберлігі тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді зерттеу Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және зерттеу тұрғысында да үлкен өзектілікке ие. Фольклор ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады және оны зерттеу халықтың мәдени құндылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

**Зерттеудің мақсаты.** Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшелігін талдау арқылы жазушы шеберлігінің негізін анықтау.

*Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:*

1. Фольклор және фольклоризм, фольклорлық мотив ұғымдарын анықтау, шетел және қазақ әдебиеттануындағы тарихнамасын, фольклор мен әдебиет арақатынасына талдау жасаған ғылыми бағыттарды жүйелеп, оларға қатысты тұжырымдарға талдау жасау.

2. Ғ. Мүсіреповтің шығармашылық жолының қалыптасуындағы, оның әдебиетке келудегі ықпал еткен алғышарттарды талдау, өзіндік стилі мен даралығын қалыптастырудағы фольклордың рөлін анықтау.

3. Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы мотивтерді жанрлық, сюжеттік, образдық жағынан жіктеу, оларды пайдаланудағы даралығын, ұлттық характер қалыптастырудағы интроспективті тәсілдерді игерудегі жаңашыл ізденістерін талдау.

4. Туындылардағы фольклорлық мотивтерді фольклорлық-этнографиялық, көркемдік-идеялық, тақырыптық-идеялық аспектілерде қарастырып, контент талдау әдісі, интерпретациялық талдау әдісі, әдеби дискурстық талдау әдістері аясында зерттеу.

5. Фольклорлық мотивтердің сюжеттік, мифтік ерекшеліктерін айқындау барысында ұлттық дүниетаным, халықтық таным модельдерін негізге алу. Осы негізде Ғ. Мүсірепов шығармаларында кездесетін фольклорлық мотивтерді жіктеп, фольклорлық үлгілермен салыстыру.

6. Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизм бағытымен байланысын анықтау. Сонымен бірге постмодернизм бағытына тән құбылыстар мен фольклорлық мотивтердің ұқсастықтарын айқындау. Практикалық негізде әлем әдебиетінде орын алып жатқан постмодернизм құбылысы фольклорлық мотивтердің негізінде дамидыны Ғ. Мүсірепов шығармашылығы аясында талдау.

Аталған мақсат-міндеттер Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылуын терең зерттеп, талдауға, сондай-ақ олардың жазушының көркемдік әлемін қалыптастырудағы рөлін түсінуге көмектеседі. Диссертацияда жазушының өзіндік даралығына назар аударыла отырып, фольклорлық дәстүрлердің идеялық ықпалы мен әсер етушілік, яғни эмоциялық күші, оның танымдық-тәрбиелік жағы да баса көрсетіледі.

**Диссертацияның зерттеу нысаны** – Ғ. Мүсіреповтің прозалық, драматургиялық шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылуы мен маңызы, жазушының көркемдік стилінің қалыптасуына ықпалы.

**Зерттеу пәні.** Көркем шығармада фольклорлық мотивтердің қолданылуы және негізгі қызметтері.

**Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізіне** төмендегі зерттеулер алынды: Ғ. Мүсірепов шығармашылығын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған (Т. Нұртазин, Х. Әдібаев, Ж. Молдағалиев, М. Тілеужанов, Ә. Нарымбетов, Ж. Ысмағұлов, Н. Ғабдуллин, Қ. Құттыбаев, М. Бекбергенов, А. Жаназарова, С. Әшімханова, Р. Нұртазина, А. Әлмұратова, Б. Мұратбек, Р. Мейрамғалиева, Ж. Құлыбекова, А. Ибраева, А. Жұмағұлова), әдебиеттану саласы бойынша теориялық және әдіснамалық (В. Белинский, У. Далгат, В. Пропп, М. Бахтин, С. Азадовский, Д. Медриш, М. Әуезов, М. Қаратаев, З. Сейітжанов, Е. Лизунова, Б. Майтанов, К. Матыжанов, Г. Пірәлиева, Б. Әбілқасымов, А. Мәуленов, Б. Қанарбаева, А. Таңжарықова), әдебиет пен фольклор байланысы (В. Аникин, Ә. Марғұлан, Н. Ғабдуллин, Р. Бердібай, Ш. Елеукенов, Т. Тебегенов, Ә. Молдаханов, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, С. Негимов, Ж. Дәдебаев, А. Пангереев, Ж. Аймұхамбет, А. Тойшан), постмодернизм үдерісі жайлы (Ю. Кристева, Р. Барт, Ж. Деррида, С. Аверинцев, Г. Сәулембек, Н. Брагина, А. Баженова, С. Шулержкова, Н. Кузьмина, В. McNale, Ю. Гимранова), постмодернизм мен фольклор байланыстары (J.D. Dorst, S. Binney, А. Кубасов, Л. Юзмухаметова, М. Лотман, Т. Есембеков).

**Зерттеу дереккөздері.** Диссертациялық жұмысты жазу барысында Ғабит Мүсіреповтің 23 әңгімесі, «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі мен «Ұлпан», «Оянған өлке» романдары, «Қыз Жібек» либреттосы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» драмалары, барлығы 1136 бет (71 баспа табақ) көлеміндегі мәтіндер зерттеуімізге негіз болды. Олар: Мүсірепов Ғ. Драмалық шығармалар. – Алматы: Өнер, 1982. – 271 б.; Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1980. – 542 б.; Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. III том. Ұлпан: Роман / Құраст: Ә.Нарымбетов.– Алматы: Жазушы, 2003. – 248 б.; Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1980.

– 592 б.; Мүсірепов Ғ. Кездеспей кеткен бір бейне: повесть және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 160 б.

**Зерттеу әдісі.** Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері ретінде төмендегілер таңдалды: *бақылау, сипаттау, талдау, синтездеу, жалпылау* сияқты жалпы ғылыми әдістер; фольклорлық мотивтердің көркем шығармадағы қолданылуына, халық дүниетанымындағы маңызын анықтауға, танымдық әрі тәрбиелік мәнін саралауға бағытталған *әдеби-тарихи, тарихи-салыстырмалы, типологиялық, объективті-аналитикалық талдау әдістері*; фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктерін, қолданылу жиілігін, қолданылу деңгейін айқындау мақсатында *контент талдау әдісі*; жасырын, астыртын қолданылған фольклорлық мотивтерді айқындауда *интерпретациялық талдау әдісі*; постмодернизм мен фольклор байланысын анықтауда *дискурстық талдау әдісі, сауалнама, дискурстық тәжірибе*. Сонымен бірге Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер түгелдей теру әдісімен таңдалып, фольклорлық сюжеттермен салыстыру әдісі арқылы талданды.

Жазушының көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрдің көркемдік қызметін анықтау үшін әдеби-тарихи, тарихи-салыстырмалы, типологиялық, объективті-аналитикалық талдау, сипаттау әдістері басшылыққа алынды. Әдеби-тарихи, тарихи-салыстырмалы әдістер негізінде сюжеттер мен жанрлардың тарихи деректілігіне, халық өміріндегі маңызына, танымдық-тәрбиелік мәнін саралауға мүмкіндік жасалады. Сол арқылы жазушы шеберлігінің фольклорлық негізін айқындауға жол ашылады. Типологиялық теорияның ғылыми принциптері фольклор мен әдебиетте фольклорлық сарындардың көркемдік фактор ретіндегі эстетикалық-танымдық әсерін әлемдік әдеби процестегі ұқсас белгілерімен анықтап алуға мүмкіндік береді. Практикалық негізде фольклор мен әдебиет байланысын анықтауда, соның ішінде постмодернизм бағытының бүгінгі кезде фольклордың жалғасы екенін анықтау үшін әдеби дискурстық талдау қолданылды. Осы негізде әдеби дискурстық талдау барысында студенттерден қалыпты жазбаша сауалнама алынды. Келесі кезекте алынған жауаптар талданып, дискурстық анализ жасалды.

Сауалнама нәтижелері алынғаннан кейін, диаграммалық талдау жасау үшін алынған мәліметтерді өңдеу және визуализация жүргізілді. Диаграммаларды құрастыру үшін *IBM Cognos Insight* бағдарламасы мен оның мәліметтерді визуализациялауға арналған кітапханалары (*Matplotlib*) қолданылды. Бұл әдіс диаграммаларды ғылыми тұрғыда дәл және көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік берді. Диаграммалар дөңгелек диаграмма түрінде жасалып, әр сұрақтың жауаптары жеке-жеке талданды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Диссертацияда алғаш рет Ғабит Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктері талданды. Шетелдік және отандық әдебиеттану ғылымындағы фольклоризм теориясының қалыптасу тарихы жүйеленіп, фольклорлық мотивтер ұғымы фольклоризмнің балама атауы ретінде анықталды.

Зерттеу барысында Ғ. Мүсіреповтың прозалық, драмалық шығармалары жекелей алынып, ондағы фольклорлық мотивтер жіктелді. Ғабит Мүсірепов шығармаларының фольклорлық негізі фольклорлық-этнографиялық деректер аясында қарастырылды. Нәтижесінде қаламгер туындыларындағы ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар сараланды. Жазушының прозалық, драмалық шығармаларын фольклор мен әдебиет байланысында қарастыру бүгінгі фольклортану ғылымына үлкен серпіліс береді.

Ғ. Мүсіреповке тән фольклорлық мотивтерді қолданудағы авторлық қолтаңба ретінде стильдік ерекшелігі айқындалды, яғни М. Әуезовпен салыстырғанда фольклорлық сюжеттер ашық, тұтас көрінбейтіндігі, Ғ. Мүсіреповте емеурінмен, астармен, бернелеумен берілетіндігі жазушының жеке өзіне тән қолтаңбасы екені дәлелденді. Қаламгер шығармаларын фольклорлық мотивтер арқылы талдау көркем әдебиет пен фольклор салаларының мынадай қырларын анықтауға мүмкіндік берді: фольклорлық кейіпкерлердің бүгінгі көркем шығармалардағы жалғасы әңгімелеу, цитаталау, поэтикалық көркемдеу, т.б. тәсілдер арқылы көрініс тапқан; эпостық шығармаларды классикалық жазба әдебиеттің туындысына айналдыруда фольклорға тән эпостық кең құлашты баяндау ықшамдалады, диалогтар негізгі рөл атқарады, сөйте тұра фольклорға тән мотивтер үндесе байланысқан.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет Ғ. Мүсірепов фольклоризмінің типтері сюжеттік, жанрлық, образдық, интермәтіндік мотивтер тұрғысынан жіктеліп, олардың көркемдік, идеялық, танымдық мәні анықталды. Жазушының көркем шығармаларындағы фольклоризмдер эпикалық аңыздау, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс, мифо-поэтикалық, түс көру, тектілік, күшті адам, шешендік сөз орамдары мен тұспалдау, батырлық, жанрлық, сюжеттік, образдық, постмодернистік мотивтер деп сараланып, нақты мысалдармен дәлелденді. Осылардың ішінде эпикалық аңыздау, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс, тектілік, күшті адам, постмодернистік мотивтер алғаш рет ұсынылды.

Зерттеу жұмысында фольклор мен әдебиет байланысын қарастыру үшін жаңа көзқарастар негізге алынды. Атап айтар болсақ, фольклор мен постмодернизмге қатысты мынадай екі пікір талданды: фольклор мен постмодернизм өз алдына бөлек жанрлар; постмодернизм – фольклордың бүгінгі жалғасы. Ғылыми зерттеу жұмысымызда жазушының стильдік өңдеуіне түскен интермәтін формалары фольклоризмнің бір типі ретінде ұсынылып, көркем туындылары негізінде дәлелденді, жазушының дара авторлық қолтаңбасын анықтауға жол ашатын интермәтінділік формалары негізінде жаңаша талдау жасалды.

Ғ. Мүсірепов шығармаларында қолданылған кейіпкерлер, символдар, бейнелер, сюжеттер, постмодернизмнің негізгі ұғымдары интермәтінділік, аллюзия, цитата, пародия, пастиш, реминисценция, симуляция аясында анықталды. Зерттеу барысында әдеби дискурстық талдау әдісі негізінде эксперименттік талдау жүргізіліп, нәтижелері берілді. 375 студент арасында жүргізілген әдеби дискурстық талдау нәтижесінде фольклордың бүгінгі жалғасы

постмодернизм екені талданды.

Диссертацияның жаңалығы постмодернизм мен фольклор арасында тығыз байланыс бар деп негіздеуімізде. Бұл байланыста Ғ. Мүсіреповтің әңгімелері алғаш рет постмодернистік аспектіде талданып, фольклорлық дәстүр мен постмодерннің жаңаруы бір-бірін толықтырушы деген тұжырым ұсынылды. Диссертацияның түпкілікті нәтижесі ретінде ұлттық әдебиетімізді ғаламдық мәдени контексте жаңаша түсіну мен бағалаудың негізі қаланатын болады.

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі нысаны фольклорлық мотивтердің Ғ. Мүсірепов шығармашылығы аясында талдау болғандықтан, контент талдау әдісінің, интерпретациялық талдау әдісі, әдеби дискурстық талдау әдісінің әдістемесі берілді. Фольклорлық мотивтерді жан-жақты талдау мақсатында қолданылған әдістер мынадай мақсатта жүзеге асты: фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктері, қолданылу жиілігі, қолданылу деңгейін анықтау. Фольклорлық мотивтерді арнайы зерттеу нәтижесінде фольклор мен фольклоризм, фольклор мен әдебиет, фольклор мен этнография байланыстары талданды.

**Ғылыми жұмыстың практикалық мәні.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жазушы Ғабит Мүсірепов шығармашылығын қарастыратын қазақ әдебиеті тарихының ғылыми курстарында пайдалануға болады. Көркем әдебиеттегі фольклорлық мотивтерді зерттеудің әдебиеттану үшін де, мәдениеттану үшін де практикалық маңызы бар. Бұл қазіргі шығармаларда қандай фольклорлық элементтердің сақталғанын және жаңа мәнде түсіндірілетінін, сондай-ақ қандай жаңа мотивтердің пайда болатынын және олардың көркем шығармашылыққа қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Бұл мақсатты жүзеге асыруда нақты іс-шара ретінде жоғары оқу орындарында, орта мектептің жоғарғы сыныптарында арнаулы курстар, факультативтер, семинарлар ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Сол бағыттағы жұмыстарға бұл еңбекті теориялық, әрі практикалық материал ретінде қолдануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар.** Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар ұсынылады:

1. Диссертациялық жұмыста Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің қолданылуы фольклоризм ұғымымен байланысты. Фольклор көркем құндылық ретінде бүтіндей халықтың рухани болмысын танытып, өткенді бағалауға мүмкіндік береді. Десе де фольклор тура қалпында өнердің барлық саласында қолданыла бермейді. Осы негізде «фольклор» ұғымымен қатар «фольклоризм» атауы қалыптасты. Әдебиетте фольклорлық элементтердің қолданылуы, шығарманың поэтикалық қуатын күшейтуі, сюжеттік, мотивтік-композициялық аспектілер «фольклоризм» ұғымын нақтылай түседі. Осылайша аталған ұғым арқылы көркем туындының фольклорлық ерекшелігі айқындалады.

2. Фольклорлық мотивтер әдебиетте ұлттық мәдениет пен дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз етеді, халықтың тарихи жадын және өзіндік ерекшеліктерін сақтайды, халықтың дүниетанымын, моральдық және этикалық құндылықтарын бейнелей отырып, әдеби шығармалардың терең мазмұнын

калыптастырады, маңызды ұлттық құндылықтарды сақтауға, оларды жаңғыртуға көмектеседі. Ғабит Мүсірепов туындыларында фольклорлық мотивтер орнымен қолданылған. Драмалық, прозалық шығармаларындағы фольклорлық мотивтер ретінде: *түс көру мотиві, мифо-поэтикалық сарын, драмалық тартыс, тектілік мотиві, шешендік сөз мотиві, фольклорлық кейіпкерлер мотиві, жар таңдау мотиві, гажайып қолдаушы мотиві, батырлық мотиві, күшті адам мотиві* анықталып, мысалдар негізінде талданды. Фольклорлық мотивтерді жан-жақты талдауда, пайдалану ерекшеліктерін ажыратуда, қолдану деңгейі мен қолданылу жиілігін айқындауда контент талдау әдісі, интерпретациялық әдіс негізге алынды. Нәтижесінде Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің дәстүр жалғастығы мен автор тарапынан енген өзгерістер анықталды.

3. Қаламгер көркем прозада аңыздық, ертегілік, мифтік, этнографиялық сюжеттерді қолдана отырып, идеялық-көркемдік деңгейін көтереді. Соның ішінде аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттерді мынадай негізде қолданады: мазмұндық құрылым, ертегілік сипаттағы образдардың сөзі, авторлық баяндау. Фольклорлық сюжеттерді қолдануда жазушы жаңа идеялық шешімдерге орын береді, жаңалыққа құштар жазушының осы орайда эксперимент жасаудан тайынбайтын тұстары да көп. Бұл, бір жағынан, оқиға болған кезең туралы нақты пайымдаулардың қалыптасуына ықпал етеді. Екіншіден, халқымыздың көптеген салт-дәстүр, ырым-жоралғылар, өмір сүру салтына қатысты деректер қорын толықтырады. Көркем прозада фольклоризмнің кеңінен қолданылуы этногенетикалық, тарихи-әлеуметтік сипаттарымен байланысты. Прозадағы фольклорлық сарындар қаламгер тарапынан түсіндірілмейді, өйткені оқырманға түйсік деңгейінде жақсы таныс сюжеттер кеңінен қолданылған. Осылайша, Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық сюжеттер мотиві – идеялық-эстетикалық аспектіде жазушының көркемдік әлемінің жүйесі.

4. Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық кейіпкерлердің тілдік көркемдік кестедегі қызметі – шын мәнінде, жазушының әдеби шеберлігін көрсететін маңызды аспект. Оның шығармаларында мифтік образдар сюжет деңгейінде көрінбеуі, бірақ тілдік теңеулер мен символикалық мәнде қолданылуы, автордың терең философиялық және әлеуметтік идеяларды жеткізу тәсілінің бірегейлігін білдіреді. Ғабит Мүсірепов өз шығармаларында мифтік кейіпкерлерді тікелей емес, жанама түрде, тілдік көркем құралдар арқылы көрсетеді, олардың символикалық мәнін терең түсініп, шығармашылық үрдісіне ықшамдап енгізеді. Бұл тәсіл автордың шығармасының терең астарларын ашуға мүмкіндік береді. Мифтік санадағы фольклорлық кейіпкерлер пері, дәу, жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, т.б. дәстүр жалғастығымен шығармаға енгізілсе де, автор тарапынан белгілі бір образды таныту құралы ретінде көрінеді. Кейіпкерлердің қасиеттері мен мінез-құлықтары арқылы ол заманауи қоғамның түрлі мәселелеріне сабақтасқан ойлар ұсынады.

5. Жазушы шығармаларында фольклорлық жанрлардың өзіндік интерпретациясы автордың шеберлігін айқындайтын маңызды аспект болып табылады. Жазушының шығармаларында фольклорлық жанрларды қолдану

(оның ішінде мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен лирикалық әндер, т.б.) интермәтіндік байланыстарды қалыптастырады. Интермәтінділік арқылы автордың шығармашылық әлемі ұлттық мәдениетпен терең диалог құрады, бұл өз кезегінде оқырманның танымдық қабілетін арттырады. Фольклор жанрларын қолдану кезінде жазушы оларды жаңа контексте, жаңа мағынада көрсетеді. Бұл шығарманың концептуалды және стилистикалық құрылымын байытады, жазушы шығармашылығында ерекше дискурс қалыптастырады. Фольклорлық жанрлардың пайдаланылуын ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық тұрғыда қайта қозғалуын, мәдениеттің ортақ құндылықтарын дәріптейді.

6. Зерттеу барысында Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы постмодернизм үдерісі анықталды. XX ғасырда интермәтінділік құбылысы қолданысқа еңбегендігіне қарамастан, постмодернистік бағыттағы шығармалардың қалыптасуында ертегілер, мифтер, аңыздардың үлесі жоғары екені анықталды. Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтерді постмодернистік бағытта анықтау *цитата, аллюзия, реминисценция, интермәтінділік, пародия, симуляция, ризоматикалық құрылым* ұғымдарын алдыға шығарды, әрі бүгінгі қазақ әдебиетіндегі постмодернистік бағыттың беталысы жөнінде тұжырым жасауға мүмкіндік берді. Ғ. Мүсіреповтің туындыларындағы фольклорлық элементтерді әдебиеттегі заманауи мәселелермен тығыз байланыстыра отырып, ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы маңызды рөлі айқындалды. Осылайша, оның шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі постмодернистік бағыттың негізін қалауға үлес қосқан фольклорлық-әдеби дәстүрдің көрінісі болып табылады.

Зерттеу барысында әдеби дискурстық талдау әдісі негізінде эксперименттік талдау жүргізіліп, нәтижесінде 375 студент қатысты. Респонденттерден алынған зерттеу нәтижелері бүгінгі әдебиеттегі постмодернизм ағымының стильдік көріністеріне фольклор негіз болатынын көрсетті. Соның ішінде респонденттер фольклорлық мотивтердің фольклор мен постмодернизм байланысында маңызды рөл атқаратынын нақтылай атайды («*фольклорлық мотивтер көркем шығарманың идеялық жүгін арттырады*», «*ұлттық құндылықтардың көркем шығармада берілуі*», «*ұлттық дәстүрлердің жаңа үрдісте көрініс табуы*», «*фольклорлық мотивтердің әлем әдебиеті тенденциясын қалыптастыруы*»).

**Зерттеу апробациясы.** Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті филология факультетіндегі докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» семинарында (2018-2021 жж.), «Scientific research of the SCO countries: synergy and integration» атты халықаралық ғылыми конференцияда (Қытай, Пекин, 9 сәуір 2019 ж.), «Жұбанов тағылымы» атты X халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Ақтөбе, 25 қазан 2019 ж.), «Современные проблемы преподавания башкирского языка в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации» атты ғылыми-практикалық конференцияда (Ресей, Уфа, 14 ақпан 2020 ж.), «Жастар, ғылым және инновация» атты халықаралық ғылыми конференцияда (Ақтөбе, 12 сәуір 2023 ж.), «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференцияда (Орал, 24 қараша 2023 ж.) жасалған



баяндамаларда және «Международный журнал гуманитарных и естественных наук» (Ресей, Новосибирск, 2019 ж.), «Филологическое образование в период детства» (Ресей, Екатеринбург, 2023 ж.) журналдарында жарияланған мақалаларда көрініс тапты.

Сонымен бірге Ресей ғылым академиясы Уфа федералдық зерттеу орталығының «Тарих, тіл және әдебиет» институтынан тағылымдамадан өту барысында зерттеу тақырыбы аясында ізденіс жасалды (Ресей, Уфа, 10.02.-10.03.2020 ж.).

Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизм үдерісімен байланысын анықтауда үш кезеңнен тұратын дискурстық талдау әдісі қолданылды. Алғашқы кезеңде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті филология факультетінің 2-4 курстардағы білім алушылар арасында 375 адам қатысқан сауалнама, екінші кезеңде интерпретациялау, үшінші кезеңде эксплициттік, имплициттік ақпараттарды анықтау дискурстық талдау әдісімен жүргізілді.

**Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы:** Диссертацияның теориялық мәселелері мен ғылыми тұжырымдары бойынша зерттеудің негізгі мазмұнын танытатын 13 мақала жарияланды.

*ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарық көрген еңбектер:*

1. Фольклордағы «күшті адам» сарынының әдебиеттегі көрінісі (Ғ. Мүсірепов әңгімелері негізінде) // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №9/1. – Б. 256-260.

<https://www.naukaizhzn.kz/index.php/journal/article/view/63/63>

2. Фольклорлық мотивтер жазушының әдеби-эстетикалық концепцияларының элементі ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №4(70). – Б. 323-333.

<https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/27/41>

3. Эпикалық драматургиядағы фольклор дәстүрі // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – 2020. – №1 – Б. 299-307. <https://egi.edu.kz/kk/ylymi-basylymdar/aza-bilim-akademiya-syny-bayandamalary/>

4. Қазақ драматургиясындағы эпикалық дәстүр жалғастығы // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №3 (70) – Б. 482-497. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/44/51>

5. Peculiarities of mythological characters using in G.Musrepov's works // Керуен. – 2024. – №1/82 – Б.147-157. <https://keruenjournal.kz/main/issue/view/24/52>

*Халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған еңбектер:*

1. About the artistic skills basics of G. Musrepov's Kazakh literature classics // Materials of the International Conference «Scientific research of the SCO countries: synergy and integration». – Reports in English. Part 2. – April 9, 2019. – Beijing, PRC. – P.53-59.

2. Көркемдік жүйедегі мифо-поэтикалық сарындардың маңызы // Қ. Жұбановтың 120 жылдығы мен Е.Қ. Жұбановтың 90 жылдығына арналған

«Жұбанов тағылымы» атты X халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 25 қазан 2019. – Б.144-148.

3. Фольклорно-этнографические мотивы в художественной структуре произведения Г. Мусрепова // V Всероссийская научно-практическая конференция (с международным участием) «Современные проблемы преподавания башкирского языка в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации». – Уфа, 14 февраля 2020. – С. 340-349. (ауызша баяндама жасалды, сертификат берілді).

4. Фольклорлық дәстүрлер – әдебиеттің рухани әлеуетінің негізі // «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XIX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 12 сәуір 2023. – Б. 99-102. (ауызша баяндама жасалды, сертификат берілді).

5. Фольклор мен әдебиет: өзара ықпалдастық пен поэтикалық құндылық // «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференция. – Орал, 24 қараша 2023. – Б. 36-39. (ауызша баяндама жасалды, сертификат берілді).

*Халықаралық ғылыми журналдарда, жинақтарда жарияланған еңбектер:*

1. Формы проникновения фольклора в казахскую литературу // Международный журнал гуманитарных и естественных наук, №4-2. – Новосибирск, 2019. – С. 113-117.

2. Continuidad de la tradición del etno-folklore en la prosa moderna // Opción. – 2020. – Volume 36, Issue Special Edition 27. – P. 794-808.

3. Некоторые вопросы типологии фольклоризма (на материале произведений Габита Мусрепова) // Филологическое образование в период детства: ежегодник. – Екатеринбург, 2023. – С. 98-104.

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамалар мен қосымшадан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 181 бетті құрайды.

# 1 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Фольклор және фольклоризм ұғымдары: теориясы, генезисі мен типологиясы

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында фольклор мен жазба әдебиет арасындағы ықпалдастық, олардың бір-біріне игі әсерін зерттеу мәселесі өзекті боп саналады. Көркем шығармалардағы фольклордың түрлі көрінісін поэтикалық құрылым ретінде ғана емес, тұтастай алғанда пәлсапалық дүниетаным категориясында қарастырған дұрыс. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап отандық әдебиеттегі фольклорды шығармашылықпен пайдаланудың ерекшелігін зерттеуге бағытталған ғылыми таным жұмыстарының тұтас желісі анықталды. Әдебиет пен фольклордың тоғысу деңгейінде көркемдік шындықты аша білген ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің рөлі зор болды. Олардың шығармаларында ауызша халық шығармашылығының әртүрлі жанрларын терең және органикалық түрде меңгеру айқын көрінді. Дәл осы ерекшелік бүгінгі күнге дейін шын таланттың ажырамас белгісі болып келгені анық. Бұл, әсіресе соңғы ширек ғасырда рухани және мәдени құндылықтарды қайта бағалауға байланысты өте маңызды болды. Фольклор белгілі бір топтың немесе қауымның мәдени-әлеуметтік құндылықтарының көрінісі бола отырып, әдебиетке күшті әсер етеді. Көптеген әдеби шығармалар сюжеттік негізін, мотивтерін, образдарын, тілдік өрнектерін фольклордан алады.

Жалпы, бүкіл ұлттық әдебиеттің қалыптасуында фольклор үлкен рөл атқарады. «Фольклор» терминімен байланысты тұжырымдар дүние жүзінің көрнекті ғалымдары арасында ұзақ жылдар бойы талқылауға негіз болды, бүгінде ол халық мұрасының айрықша түрі, өнердің жоғарғы үлгісі, көркем әдебиеттің іргетасы, бас бастауы деп айқындалды. Белгілі орыс ғалымы В.Я. Пропп сөз өнерінің бұл түрін әлеуметтік даму деңгейі төменгі сатыда тұрған халықтарға тән шығармашылық [5, б. 19] деп көрсетеді де, одан әрі фольклордың тек қана өзіндік ерекшеліктерін атап, жазба әдебиет екеуінің өзара әсері мәселесіне жалғастырады. Көркем туындының ішкі құрылымына дендеп, жүйелі зерттеуді әдебиеттану ғана емес, фольклортану ғылымының да алдында тұрған күрделі міндет ретінде атайды. Ауыз әдебиеті мұралары мен жазба әдебиет туындыларының құрылымы екі бөлек екені, яғни фольклордың өзіне ғана тән заңдылықтары бар екені ғылымда дәйектелген. Дәл осы фольклорға тән құрылымдық ерекшелікті айқындау үшін әдеби талдау тәсілдерін қолдануға болатынын баса айтады. Бұдан түйетініміз: екі көркемдік шығармашылық құрылымның өзіндік байланысы мен өзара ықпалын, олардың әрқайсысына тән ерекшелігін айқындау мәселесі қазірге шейін өзекті.

Сан ғасырларды артқа тастаған адамзат баласының көркемдік дамуын фольклорсыз елестету мүмкін емес. Қай елдің әдебиетін алсаңыз да, оның бастау бұлағы, қайнар көзі фольклордан таралады. Фольклор халықтың бүкіл рухани болмысын танытатын, бүгінгі күні әр халықтың өткенін бағамдауға мүмкіндік

беретін бірден-бір көркемдік құндылық. Замандар көші мен дәуірлер легі алға жылжыған сайын, халықтың жан-жақты тіршілік барысы, сан ғасырлық жинақталған білім дерегі символдық-бейнелі тілмен әдіптеліп, қысқа да нұсқа, органикалық түрде осы фольклор мұраларында қамтылған, яғни халық өмірінің барлық қабаттары, тіршілік көріністері бейнеленген. Осының бәрі ертеде пайда болып, өзіндік көркемдік жүйесін қалыптастырған фольклорды сөз өнері деп тануға негіз болмақ. Осы орайда, «Oral folklore forms a positive concept about its people and controversial physical, social, and moral characteristics about other countries» («Халық ауыз әдебиеті өз халқы туралы жағымды түсінік, өзге елдер туралы физикалық, әлеуметтік және моральдық жағынан даулы сипаттамалар да қалыптастырады») деген пікірмен ішінара келісе алмаймыз [6, б. 68-75]. Себебі халық ауыз әдебиеті тек әр ұлттың жеке ауызша тараған мұрасы ғана емес және ол басқа халықтардың фольклорымен қарама-қайшылықсыз негізде де байланыса береді. Ең бастысы, фольклор – оны тудырған халықтың бүкіл болмысын бейнелейтін өнер туындысы. Фольклорлық мұра көптеген ғасырлар бойы халық жинаған білімнің, дүниетанымдық, мифологиялық артефактілер мен өмірлік нұсқаулықтар жиынтығының күрделі, көп деңгейлі жүйесі ретінде де ерекше. Өйткені фольклор тілі – халық тілінің нағыз қаймағы бұзылмаған сөлі. Осы жоғары символдық көркем-поэтикалық тілдік жүйеде фольклор тарихи образдар мен дәуірлік құбылыстарды жинақтайды. Оның өн бойында жатқан жасырын идеяларды аршып, түсіндіру тарихтың, өмір заңдылықтарының, халықтың рухани-адамгершілік әлеуетінің жаңа беттерін ашуға мүмкіндік береді.

Фольклор – феномендік құбылыс. Оның халықтың генотиптік қорын молайтудағы әлеуетінің өзі көп нәрсені айқындайды. Халқымыздың уақыт тезіне шыдас беріп, небір заманалар көшіндегі талай өзгерістер мен сынақтардан өткен рухани құндылықтары осы фольклорда шоғырланған. Сондықтан да бұл құндылықтардың міні жоқ және әлі де талай ғасырлар көшіне ілесері анық. Халықтың фольклорлық мұралары, ең алдымен, сол халықтың тағдырының, бүкіл рухани болмысының, өмірлік идеалдары мен арман-тілектерінің айнасы. Онда халықтың болашақ жарқын дамуының негізі қаланған, себебі фольклорда тек қана жақсылық насихатталады, қарама-қарсы күштердің мәңгілік күресінде тек қана адамгершілік ізгі қасиеттер ғана жеңіске жетеді. Сондықтан да еркін рухтың символы ретіндегі фольклорлық туындылар қай уақытта да құнды. Профессор Р.А. Султангерееваның «Народное творчество представляет одно из самых достоверных, незыблительных по значимости наследий человечества, прошедших многовековые стадии коллективного созидания, служения народу в воспроизводстве духовных сил своего творца» деген пікірі фольклор туралы ойларымызды тұғырлай түседі [7, б. 3]. Расымен, фольклорды жасаушылардың ең асыл да шынайы армандары мен сенімдері оның сапасын жалпы адам мен замантану, мәдениеттанудағы бұрын-соңды болмаған құндылықтар ретінде негіздеп, заманалар көшіне құнды ескерткіштер ретінде ұластырды. Сондықтан да бүгінгі күнге дейін фольклорды жан-жақты тереңнен зерттеудің, оны іс жүзінде, өмір көшінде практикалықпен қолданудың толастамай келе жатқаны

оның шексіз потенциалында жатыр. Фольклор шығармаларын игеру бүгінгі әдебиетте де үздіксіз жүзеге асып келе жатыр, бұл процесс әдебиеттану ғылымының да жаңа мүмкіндігін ашты. Фольклорды бүгінгі күннің кәдесіне жарату әдебиеттің асыл мұратына айналды десек болады. Сол себепті де фольклор ескірмейді, керісінше, жаңашылдықпен жалғасын таба береді. Фольклорға арналған әрбір зерттеудің маңызы зор. Ол, ең алдымен есте жоқ ескі заманнан тамыр тартқан халық даналығының түпсіз тереңіне бойлауға, қайталанбас тілі мен онда жасырынған тұңғық ойлар мен идеялардың шексіз сұлулығын сезінуге жасалған өте маңызды, салмақты қадам.

Бүгінгі күні фольклор руханияттың барлық саласында да маңызды мәдени құндылық болып табылады. Алайда оны тікелей алғашқы пайда болған қалпында қолдану үнемі кездесе бермейді, яғни шынайы фольклордың қазіргі заманғы адам өміріндегі нақты қызмет етуін іс жүзінде кездестірмейтінімізді атап өткен жөн. Міне, осы жағдайда «фольклоризм» санатына жүгіну қажет болады. Филология ғылымында фольклоризм ұғымы негізінен әдебиеттану мен фольклортанудың зерттеу нысанына айналған. Фольклорлық элементтердің көркем әдебиетте қолданылу аясы, оның көркем әдебиеттегі атқаратын рөлі, поэтикалық әсер-қуаты секілді мәселелер шығарманың сюжеттік, мотивтік-композициялық аспектілері тұрғысынан талданып келеді. Әдетте, «фольклоризм» термині өнердің барлық түрлеріне тән ұғым болып саналады. «Фольклор и фольклоризм в меняющемся мире» еңбегінде ақын-жазушылар, суретшілер мен музыканттардың шығармашылық ой-өрісін жүзеге асыру үшін шығармашылығындағы дәстүрлі материалдарды пайдалануын осы термин аясында зерттейді, халық ауыз әдебиеті элементтерінің өнердің әртүрлі салаларында пайда болуы мен көрінісін фольклоризм терминімен байланыстырады [8, б. 138].

Фольклоризм ұғымын фольклормен біртұтастықта қарастырғанда фольклордың онтологиямен байланысты оқиғалар легін қарастыратынын көреміз. Фольклор дәстүрлі, қалыптасқан мәдени ортадан тыс өмір сүре алмайды. Қазіргі қалыптасқан ортада фольклорды тану фольклоризм арқылы жүзеге асады. «Фольклоризм как феномен культуры возник вместе с первым обращением представителей письменной культуры к искусству устной традиции. И уже такие формы фиксации как запись и обработка фольклорных памятников могут быть обозначены термином «фольклоризм» [9, с. 48]. Қазіргі жаһандану үрдісі кең қанат жайған заманда, әр халықтың ұлттық бет-бейнесі, алдымен, әдебиеті мен мәдениетінде сақталатыны белгілі. Әдебиет әр уақытта да фольклордан қара үзіп кете алмайды. Жазушы шығармашылығында өзі нәр алған көркем әдебиеттің қайнар көзі белгілі-белгісіз тін арқылы сіңіп, еріксіз желі тартып жатады. Көркем шығарманың фольклорлық ерекшелігін «фольклоризм» термині аясында анықтаймыз. Фольклоризм – фольклорлық дәстүрлер, фольклорлық мотивтер ұғымдарын қамтитын күрделі ұғым. Осы ұғым аясында біз фольклор мен әдебиет байланысының сырына үңілеміз.

Фольклор мен әдебиет байланысы ұғымының өзі көп қырлы. Біздің жұмысымызда ақын-жазушылардың халық шығармашылығын игеруі және оны

өз шығармаларында қолдануына фольклоризм деп анықтама берілді. Суреткер фольклорды саналы және бейсаналы түрде қолданып, өз шығармашылығының игілігіне жаратып қана қоймайды, сонымен қатар фольклорлық эстетикаға да жүгінеді. Сонда фольклоризм дегеніміз фольклор мен әдебиеттің әртүрлі көркемдік құрылымдарға жататындығына қарамастан шындықты бейнелеудегі көркемдік принциптерінің бірлігін сақтау деген сөз [10, б. 9]. Оны жазушы шығармашылығында біркелкі көрінбейтін, фольклордың идеологиялық-эстетикалық дамуымен сипатталатын көркем әдебиеттің бір қыры деуге де болады. Осы орайда, біз әдебиет пен фольклордың өзара байланысы мәселесіне қатысты бірнеше пікірлерді салыстырып, өзіндік тұжырымымызды арнайы мақалада бергенбіз [11, б. 317] Түптеп келгенде, фольклор – адамзат баласын біріктіретін мәдени тұтастық жүйесі ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтың этникалық ерекшеліктерін, дүниетанымын айқындайтын философиялық-адами құбылыс. Ал дәстүр – бұл оның ұрпақтан-ұрпаққа, негізінен ауызша түрде берілетін өзіндік ерекшелігі, көркемдік тәжірибесі. Әдеби дәстүр ұғымы фольклор ұғымынан түбегейлі ерекшеленеді: әдебиеттануда мәтін поэтикасы болса, фольклорда дәстүр поэтикасы бар. Сондықтан фольклорлық дәстүрді баяндайтын әдеби көркем шығарма сананың екі түрінің, екі мәдениеттің, екі поэтиканың өзара тығыз, әрі қарқынды байланысу өрісіне айналады.

Жазушылардың шындыққа эстетикалық көзқарасын қалыптастырудағы фольклордың рөлін, оның көркемдік жүйеге (тіл, сюжет, жанр, образ) әсерін зерттеу отандық әдебиеттанудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Халық ауыз әдебиеті мұралары көркем әдебиет шеберлері шығармашылығының поэтикасының негізі ретінде ұлттық ерекшеліктің, халықтық дүниетанымның таусылмайтын көзі. Бүгінгі ғылыми ой әдебиет пен фольклордың өзара байланысын зерттеудің, әдеби дәстүрдің фольклор дәстүрін игеру барысындағы кезеңдері мен формаларын анықтаудың белгілі бір ғылыми бағыттар үшін жүйелік-типологиялық жағынан өзектілігі зор екенін мойындайды. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының бұл бағыты бүгінгі күні өз алдына үлкен арна боп қалыптасты. Фольклорлық мұраны әдеби шығармалар арқылы сақтау және жеткізу аса маңызды аспект болып табылады. Жазушылар өз шығармаларында фольклоризмдерді қолданып қана қоймай, көркем мәтін арқылы халықтық дәстүр мен әдет-ғұрыпты ұрпаққа сақтап қалуға ықпал етеді. Сонымен, әдебиет өткен мен бүгіннің, сондай-ақ әртүрлі мәдени қауымдастықтар арасындағы мәдени көпір рөлін атқарады. Қорыта айтқанда, әдебиет пен фольклор арасындағы байланыс мәдени даму мен қоғамның эволюциясын түсіну үшін өте маңызды мәселе. Әрбір жаңа әдеби шығарма – бізді тамырымызбен байланыстыратын, әлемдік мәдениеттің дамуы мен өзгеруін жалғастыруға көмектесетін мәдени мұралар тізбегінің дәнекері.

Суреткер үшін фольклор әрдайым халықтың рухани өмірін танудың сарқылмас қайнар көзі боп келеді, сондай-ақ өз шығармашылығын халық мәдениетінің элементтерімен, халықтық поэтикалық мотивтермен, образдармен, сюжеттермен, жанрлық және стильдік формалармен байытудың маңызды құралдарының бірі болды. Міне, олардың осы фольклорға деген

қызығушылықтары, олардың халық ауыз әдебиеті сюжеттеріне, мотивтері мен бейнелеріне жүгінуі, әдетте фольклоризм деп аталады. Бұл ұғымның өзі, негізінен, екі аспектіде қарастырылады: әуелі, ауызша поэтикалық дәстүрлердің жеке жазушылардың көркем шығармашылығына әсері, екінші жағынан, көркем шығарманың фольклормен кіріккендегі тағдыры. Әдебиет пен фольклор арасындағы байланыстың тамыры өте тереңде жатыр. Қазіргі әдебиетте фольклорлық элементтер шығарманың идеялық-көркемдік болмысын байытумен қатар, рухани-адамгершілік құндылықтарды да сіңіруде маңызы үлкен. Көркем әдебиет пен фольклор арасындағы байланысты тек этногенетикалық тұрғыдан ғана емес, одан да кеңірек, әлеуметтік-тарихи тұрғыдан да қарастырған жөн. Сонда ғана фольклордың жазба әдебиетпен біте қайнасқан көркемдік қасиетін жақсырақ аңғарамыз және бұл жағдайда олардың бір-бірінен туындап, өрістеп отыратын жанрлық ұстанымдарын да ескерген абзал. Осы орайда Б. Путиловтың екі көркемдік құбылыс байланысының заңдылығы жөнінде айтқан пікірімен келісеміз. Ғалым фольклор поэтикасын әдебиет поэтикасынан мүлдем бөліп қарауға негіз жоқ екенін, олардың арасындағы байланыс, өзара әрекеттестік (тіпті одағы десек те қате емес) тек фольклор мен оның поэтикасы өзінің генетикалық-тарихи ерекшелігімен, эстетикалық өзіндік құндылығымен ерекше көркемдік дүние ретінде қарастырылғанда ғана жемісті және өте қажетті іс, оның өзіне ғана тән заңдылықтарын ашқанда ғана оны ішкі қалтарыстарына дейін үңіліп, терең түсінуге болатынын қадап айтады [12, б. 14].

Көркем шығармада фольклорды қолдану екі мәдениеттің өзара байланысының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл жағдайда, бір жағынан фольклор өзінің бастапқы мазмұнын ішінара жоғалта отырып, көркемдік мәнер, көркем сөз элементтерімен, этнографиялық, лингвистикалық, өнертанулық әрекеттермен ұштасып жатады. Көптеген халықтардың жазба әдебиеті фольклорлық дәстүрлердің ықпалымен қалыптасты, қазақ әдебиеті де бұл процестен тыс қалған жоқ [13, б. 23-39; 14, б. 118-122]. Түркі тілдес халықтардың да әдебиеті қазақ фольклоры мен әдебиетіне поэтикалық ықпалын тигізіп, қай жағынан да әдеби негіз болғаны анық. Фольклор мен әдебиет байланысы, алдымен, дәстүрдің жаңашылдықпен жалғастық табуы үдерісімен сабақтасатын біртұтас даму заңдылығымен анықталады. Дәстүр халық өмірінің рухани, көркемдік және эстетикалық асыл мұраттарын бейнелеп, оларды болашақ ұрпаққа жеткізіп, одан әрі дамытудың тарихи қажеттілігін айқындайды. Дәстүрді түбегейлі игергенде ғана жаңашылдыққа жол ашылып, болашаққа қадам жасалады. Ол заңдылықтың ауқымында еңбек ете білген жазушы ғана шығармашылық табысқа жете алады. Жаңа дәстүрді өмірге әкеліп, өзінің әрі қарай жалғастырушыларын табады. Өйткені дәстүр өзгермейтін қағида емес. «Уақыт озған сайын заман талабына сай дәстүр дамып отырады. Жаңашылдыққа сай, жаңа дәстүрге ұласады. Сол себепті дәстүр мен жаңашылдықтың өзара бірлігінсіз әдеби даму болмайды», - дейді Ә.М. Молдаханов [15, б. 17]. Расымен де, сонау есте жоқ ерте заманнан бері келе жатқан әдет-ғұрып, салт-санамен байланысты қалыптасқан ережелердің қай-қайсысы да тек сол алғашқы қалпында емес, жаңарып, жасарып, бүгінгі күннің

ерекшеліктерін қоса сіңіріп барып жаңарған дәстүрге айналмақ. Тіпті ештеңе өзгермегеннің өзінде оның мазмұны, қолданылу жағдайы жаңаруы мүмкін. Мұндай үдеріс жазушының шеберлігіне, өмір тәжірибесіне де байланысты.

Фольклоризм сыры қандай да бір көркем шығарманың, сондай-ақ қаламгер шығармашылығының көркемдік әлемін тұтастай алып қарағанда ғана ашылады. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Ғабит Мүсірепов шығармашылығындағы фольклор элементтері мен мотивтерді анықтау барысында фольклоризм ұғымының жан-жақты зерттелуін, тарихнамасын жүйелеп, шеберлік сырын анықтауға мүмкіндік алдық. Шынында да, әдебиетте әр суреткер басқаларға ұқсамайтын көркемдік форма, соны жол тауып, өзіндік дара қолтаңбасымен, мәнерімен ерекшеленеді. Сонысымен әдебиет тарихынан ойып орын алады, әйтпесе оқырманға күшпен таныту мүмкін емес. Жазушы мен оқырман арасын генетикалық тұрғыда байланыстыратын өзгеше өнер – фольклор, тек осы тін арқылы ғана жазушы оқырманның жүрегіне жол табады. Өйткені ұлттық уызына жарыған әр адамның бойында ана сүтімен сіңген ұлттық сана мен діл бар. Оны дамытып, танытудың бір жолы – сөз өнері десек, осы өнердің шексіз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана білген өнерпаз ғана классикалық деңгейге жете алады. Қазақтың ерлік дастандарында сөз болатын небір дана қыздары мен ержүрек ұлдарын, оларға сенімді серік болған небір асыл тұлпарларының ізі бүгінгі бейбіт заманда да жалғасын тауып жатқанын бейнелейтін, жаңа заманның сұранысына жауап беретін жаңа әдебиет керек. Халықтың ғасырлар түкпірінен жеткен рухани мұрасын одан әрі жаңартып, жаңа заманға сай қазынасын толықтырып келер ұрпаққа ұялмай ұсыну қажеттігін туған халқының болашағына бей-жай қарай алмайтын жазушы ғана айтса керек [16, б. 132]. Қазақ әдебиетін классикалық деңгейге көтеруге саналы ғұмырын арнаған Ғ. Мүсірепов өзі іргетасын қалаған туған әдебиетінің жаңашылдықпен жаңаруын дәстүрдің негізінде жүзеге асыруды қалады. Ұлттық ұғымдармен ерекше астасып жатқан, болашақ ұрпақ қабылдауға лайық, әрі олардың сезіміне, түйсігіне оң ықпал ететін, жаңаша қырынан дамытылған дәстүрдің қашанда ғұмыры ұзақ болмақ. Осы дәстүрді байыту, жаңа мазмұн қосу, көркем бояуларды одан сайын нұрландырып, қанықтыру жолындағы ізденістердің жаңашылдыққа жетелейтінін жазушының өзі анық атап көрсетеді.

Ғ. Мүсірепов өз шығармашылығында осылайша халықтық тақырыпты басты орынға қойып, маңызын анықтады. Жазушының фольклорға иек артуының алғышарттары мен көркем шығармаларындағы көрінісінің кей мәселелерін біз мақала барысында талдап, мынадай қорытынды жасадық: «Халықты ең ұқыпты оқырман санай отырып, ол өз шығармаларының алдымен сол қарапайым халыққа жетімділігіне баса назар аударды. Дәл осы мақсатта жазушы халықтың күшті рухын, сарабал ақылын, орасан шығармашылық энергиясын, тума таланты мен бостандыққа деген ерекше ұмтылысын көрсетуге тырысты» [17, б. 257]. Жазушы шығармаларындағы фольклоризм элементтеріне бойлау алдында фольклоризм ұғымы теориясының шетел және орыс әдебиеттану ғылымындағы даму барысына, яғни даму генезисіне талдау



жасадық. Бұлай зерттеу фольклоризмнің даму генезисін анықтаудағы әдіснамалық жағын мейілінше терең қарауға мүмкіндік береді.

Қазіргі зерттеулер әдеби-фольклорлық байланыстардың қандай да бір түр, жанрлық немесе тақырыптық шекаралармен анықталмайтындығын дәлелдейді. Екі көркемдік жүйенің (фольклор мен әдебиет) шығармашылық байланысы жазушылардың эстетикалық көзқарастарының ерекшелігіне, олардың көркем әдебиеттегі тәжірибесіне байланысты екендігін баса айтады [18, б. 26]. Көркем әдебиеттің рухани-мәдени бастауына, әсіресе, оның ішінде әдебиеттің барлық жанрлық формаларының негізі қаланған фольклорға аса жауапкершілікпен жүгіну өз халқының тарихына деген қызығушылықты арттырып, терең ұлттық сана-сезімді оята алуымен құнды. Көркем шығармада фольклорлық контекст жасау фольклордың сан алуан жанрларын, этнографиялық мәліметтерді, этноэстетикалық (бейнелік-экспрессивті, стильдік және тілдік) құралдарды жан-жақты пайдаланумен байланысты. Жоғарыда атап өткеніміздей, фольклор көркем әдебиеттің бастапқы негізі болған және болып қала да береді. Әрбір қаламгер фольклорға тән идеялық, моральдық-этикалық құндылықтарды белгілі бір дәрежеде игере отырып, мотивтерін, образдарын, көркемдік бейнелеу құралдары мен тәсілдерін көркемдікпен меңгереді [19, б. 244-257]. Бұған біз Ғабит Мүсірепов шығармашылығын талдау барысында көз жеткіздік. Сондықтан да қазіргі кезеңде белгіленген көркемдік жүйелердің өзара байланысын, ұлттық әдебиеттердегі фольклорлық дәстүрлердің сабақтастығын, олардың әртүрлі жанрлардың көркемдік құрылымындағы эстетикалық маңыздылығын зерттеу ерекше қызығушылық тудырып отыр. Тәжірибе көрсеткендей, жазба әдебиет тұлғаның ішкі әлемін ашып, болмысты көркем ұғынуда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Соған қарамастан, ол ұлттық эстетиканы бойына сіңірген фольклор дәстүрлеріне сүйенуді жалғастырып келеді. Фольклордың стильдік сан қырлылығының өзі жазба әдебиетті үнемі өзіне ынтықтырып, ғасырдан ғасырға озған сайын жаңашылдықпен жалғастырып келе жатыр. Даму әрқашан да дәстүрдің негізінде жасалады, онсыз жаңаға қол жеткізу қиынсыз, яғни даму деңгейін осы екі категорияның ара қатынасы арқылы бағамдаймыз. Әдеби-көркем дамудың белгілі бір жоғары деңгейіне жеткен кезде жаңашылдық құнарлы дәстүрге сүйене отырып, әрі қарай өркен жаяды. «Сондықтан да біз әдеби дәстүрді өткен дәуірде жасалған жалпыұлттық, жалпыадамзаттық маңызы бар бүгінгі заманның рухани қажеттіліктері мен сұраныстарын өтей алатын, көркемдік қуаты айрықша құндылық деп санаймыз» [20]. Ұлттың асыл мұрасы өткеннен тамыр тартып келе жатқан дәстүрлі мәдениетте екені айдан анық. Оның эстетикалық құндылығы да орасан. Ол ешқашан ескірмейді, тек тарихи қызығушылық тудыратын әлдебір заттық мұралар сияқты емес, ол халық тірі тұрғанда, бірге өмір сүріп, ең асыл құндылық ретінде талай ғасырларға ұласып, халықтың рухын көтеріп, ұлттың ұстынын ұлықтай береді. Дәстүрлі халық мәдениетінің маңызды бөлігі боп саналатын фольклордың ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға таралатын ең айрықша ерекшелігі, көркем тәжірибесі осы дәстүр болып саналады. Әдебиеттегі фольклорды зерттеу мен мәдениеттегі фольклорды зерттеудің негізгі әдістемесі

дерлік бірдей; басқаша айтқанда, фольклортану пәнінің әдеби-мәдени мәселелерге бірдей тиімді қолданылатын өзіндік әдістемесі бар. Кәсіби фольклортанушылар, әдетте, әдебиет сыншылары мен мәдениет антропологтарын фольклорлық материалдарды пайдалану туралы толыққанды түсініктеме бере алмайды деп сынауға бейім. Жаны бар сөз. Ғалымдар асығыс талдаулар көбіне күмәнді нәтижелерге алып келетінін ескертеді [21, б. 103-112].

Фольклоризм – тарихи категория. Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға арқа сүйеуі тарихи тұрғыдан анықталып, әдеби дамудың белгілі бір кезеңіне баға беруге мүмкіндік береді. Жалпы, терминнің қалыптасу тарихына шолу жасағанда байқағанымыз, шетелдік тарихнамада фольклоризм фольклорды өзіндік контекстен тыс қолдануға және демонстрациялауға болатын, оған жаңа қызметтік мән-мақсаттар беріп, шынайы фольклордағыдан өзгеше жаңа құндылық дарытуға болатын құбылыс ретінде қарастырылады. Энциклопедиялық анықтамаларға сәйкес фольклоризм «... халық мәдениетінің костюмдер, мерекелік іс-шаралар, музыка, қолөнер және ұлттық тағамдар болатындай мәдени контекстен тыс жағдайларды анықтайды» [22, б. 155].

Фольклоризм ұғымының шығу тарихы, қалыптасу барысын байыптау ғылыми жұмысымыздың теориялық негізін жүйелеу үшін де маңызды болып тұр. Шетелдік фольклортану тарихында бұл мәселе өте ертерек басталды. Неміс ғалымы Р. Бендикс (Regina Bendix) фольклоризмді бастапқы контекстен тыс фольклор немесе «жалған фольклор» деп санайды. Бұл – халықтық мәдениеттің алғашқы мәдени контекстінен бөліп алып көпшілікке ұсынуға болатын мерекелік іс-шаралар, музыка, ұлттық қолөнер мен ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер сияқты әрі көрнекі, әрі эстетикалық тартымды элементтерін білдіретін қолданбалы термин [23, б. 337]. Осы ғылыми мәселе төңірегіндегі әдебиеттерді талдағанда, аталған мәселенің бірнеше қалыптасу кезеңін байқауға болады. Ең алғаш 1930 жылдары орыс фольклорисі М.К. Азадовский өз еңбектерінде бұл терминді алғаш қолданысқа енгізген. Ғалым «фольклоризм» терминін француз зерттеушісі П. Себийодан (Paul Sebillot) алған. Ал ол өз кезегінде бұл терминді қарапайым шетелдіктер мен жергілікті шаруалар жинақтаған, олар орындаған фольклорға қатысты қолданған екен [24, б. 252].

XX ғасырдың 60-80 жылдары батыс әдебиеттану ғылымында фольклоризм мәселесі неміс ғалымы Ганс Мозердің зерттеулеріндегі жаңа концепт аясында өрбіді [25, б. 177-209]. Мозер 1962 жылы фольклоризм концептісін қазіргі этнографияда белгілі мағынада қолдануды ұсынады, яғни қандай да бір мәдениеттің түрін қорытылған, екінші айналымнан өтіп ұсынылған түрде қабылдап, әрі қарай дамытып, жалғастыру. Ғалым заманауи этнографиялық зерттеулер үшін фольклоризм құбылысы ешқашан назардан тыс қалмауы керек, өйткені оның әсері көп жағдайда өте күшті деп тұжырымдайды. Бұл құбылыс, ең әрісі, салт-дәстүрден хабары жоқ, ұлттық болмысын жоғалта бастаған адамдардың өзін қызықтырып, тіпті баурап алатыны сөзсіз деп, 1961 жылы Бонндағы Сыртқы істер министрлігінің Мәдениет департаменті және Мюнхендегі Гёте институтымен біріге отырып көптеген дәлелдер ұсынады, сөйтіп фольклоризмді зерттеудің жаңаша бағытын негіздейді. Ғалым

фольклоризмді жалпылама термин ретінде қарастырады. Тіпті фольклорды бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалап, экономикалық салада да насихаттау фольклоризмді қамтитынын айтады. Мозерден кейін де шетелдік фольклоризм тарихнамасында көптеген ғалымдардың пікірталасынан аталған мәселенің ұғым ретінде қалыптасып және одан кейін соның негізінде зерттеулер жасауда біршама жолды басып өткенін байқаймыз. Мәселен, Х. Баузингер сурет өнері мен әдебиетте фольклорды пайдалану, фольклорды түрлендіріп көпшілік үшін нарыққа шығару және оны саяси құрал ретінде қолдануды фольклоризм белгілері ретінде ұсынады [26, б. 1-8]. М.Д. Фостер фольклордың құндылығын оның тікелей тасымалдаушылары емес, үшінші тараптың түсінуі дейді [27, б. 1-24]. Ал Г. Шмидхенс фольклорды этникалық, аймақтық немесе ұлттық бірегейліктің символы ретінде саналы түрде қолдануды фольклоризмге жатқызады [28, б. 51-70]. С.П. Истенич ғылыми қайта құрудан бастап халықтық қойылымдарға дейінгі әртүрлі тәсілдермен ұлттық мәдениетті бейнелейтін және жандандыратын әлеуметтік-мәдени феноменді фольклоризм деп белгілейді [29, б. 51-73]. Осылайша, фольклоризм бүгінгі күні біз қолданып жүрген мағынадағы этнологиялық концепт ретінде 1960 жылдары неміс ғалымы Ханс Мозер қалыптастырып, кейін оны Х. Баузингер кеңейтіп, бірталай пікірталастарға арқау болған. Содан бері, батыс әдебиеттану ғылымында осы концептінің анықтамасын қайта қарауға қаншама әрекет жасалса да, оның ұлттық мәдениет ерекшеліктерінің қорытылып қайта ұсынылуы деген мәні әлі де сақталған.

Орыс әдебиеттану ғылымында фольклор мен әдебиет байланысы мәселесі ХҮІІІ ғасырдың өзінде-ақ орын алғанын байқаймыз. В.Я. Пропп, У.Б. Далгат, П.С. Выходцев, Д.Н. Медриш, т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері осы салада маңызды орын алады. П.С. Выходцев әдебиет пен фольклор байланысының тарихи заңдылығы В.К. Третьяковский, М.В. Ломоносов, А.П. Сумороков, Н.М. Карамзиндердің эстетикалық көзқарастарында-ақ көрініс тапқанын айтады [30]. Ғалым М.К. Азадовский орыс фольклоризмін өзінің ұлттық қазанында қайнап шыққан, яғни өзінің ұлттық әдеби-тарихи үдеріс қойнауынан туып, дамыған ерекше құбылыс деп бағалайды. Ресейде ХVІІІ ғасырда ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен жаңа мәдениеттің құрылуы барысында халық даналығының, ұлттық құндылықтардың және әдебиеттің қайнар көзі ретінде фольклорға деген сұраныстың еріксіз пайда болғанын атап өтеді [31, б. 35-39]. П.С. Выходцев «Об исторических закономерностях» (1971) деген мақаласында фольклоризм мәселесінің эстетикалық және тарихи-әдеби аспектілері бар екенін атап, әдеби-фольклорлық байланыстардың дамуын осы екі жақты сабақтастық аспектісінде қадағалайды. ХҮІІІ ғасырдың өзінде-ақ көрнекті орыс жазушыларының ұлттық әдебиеттің қалыптасуындағы фольклордың рөлін түсінуге талпыныс жасағанын, олардың эстетикалық көзқарастарында әдебиет пен фольклор байланысының тарихи заңдылықтары қалай жүзеге асқанын айтады [32, б. 7].

Жалпы, фольклор мен әдебиет – кез келген ұлттық сөз өнерінің екі дербес бағыты. Сондықтан да олардың шығармашылық байланысының тарихы фольклортанудың да, әдебиеттанудың да өзіндік зерттеу нысанына айналуы

керек еді. Алайда орыс ғылымында мұндай мақсатты зерттеулер бірден пайда болған жоқ. Олар өз алдына дербес дамудың ұзақ кезеңінен өтті. Тек ХҮІІІ ғасырдың аяғынан бастап орыс сөз өнері ғылымының қалыптасуына байланысты фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы туралы алғашқы теориялық тұжырымдар пайда бола бастады. М. Ломоносов, А. Сумороков, Н. Новиков, т.б. жазушылар, ағартушылар, ғалымдар өз шығармаларында халық поэзиясының көркемдік жетістіктерін мақсатты түрде пайдалануға талпынды. Осылайша, ХҮІІІ ғасырдың өзінде-ақ әдебиет пен мәдениеттің дамуы үшін фольклордың маңызы зор екеніне ғылыми баға беріле бастады. Ал ХІХ ғасырдағы орыс жазушылары үшін фольклормен байланыс ұлттық ерекшелікті көрсететін көркемдіктің шарты боп қабылданады. Әсіресе, бұл А.С. Пушкин шығармашылығында айрықша көрініс тапты. М. Горький А.С. Пушкинді халық шығармашылығына мән беріп, оны әдебиетке алғаш рет енгізген орыс жазушысы деп бағалады. Оның халық жырлары мен ертегілерінің бар сөлін, мәні мен қуатын сол күйінде сақтай отырып, өз талантымен одан сайын саф алтындай жарқыратқанын айрықша атады [33, б. 92]. Оның бүкіл шығармашылығы халыққа деген ұлы құрмет, сүйіспеншілікке толы, ешбір ұлттық әдебиет халықтың ауызша шығармашылығынсыз, фольклордың поэтикалық құндылығынсыз пайда бола алмайтынына куә болды. Фольклор мен әдебиеттің өзара әсері тарихи тұрғыдан өрлеу жолымен дамыды. ХІХ ғасырда бұл процесс ерекше күшейіп, шын мәнінде көркем, ұлттық өнердің белгісіне айналады. Фольклордың әдебиетке әсері саласындағы теориялық ұстанымдарды дамытудағы жаңа кезең ХІХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары болды. Декабристердің еңбектерінде ұлттық бірегейлік пен орыс әдебиетінің ұлттық ерекшелігі туралы мәселелер талқыланды. Олар жаңа романтикалық поэзияның дамуы үшін халық ауыз әдебиетінің орасан зор байлығын белсенді пайдалануы қажет екенін нақты мәселе етіп қойды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселенің зерттелуі тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қолға алынды. Кеңестік дәуірде фольклорға көненің сарқыншағы, ескінің қалдығы деген сыңайдағы немқұрайлылықтың орын алуы салдары, соның ішінде ұлттық әдебиет дамуын фольклордан іздеуіне саяси көзқарастар салқынының тиюі де фольклордың әдебиетке ықпалы мәселесін зерттеуді кешеуілдетте берді. Осының нәтижесінде қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгерлерінің туындыларындағы фольклорлық дәстүрлер тоқсаныншы жылдарға дейін зерттеуден тыс қалды. Қазақ әдебиетінің іргетасын қалаған қаламгерлер шығармашылығының осы қырын, яғни фольклорлық ерекшеліктерін айқындау қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

ХІХ ғасырда орыс ориенталистерінің қазақ даласына келуі арқылы ел аузындағы рухани мұралар жиналып, баспасөз беттерінде жариялана бастады, оның артынша бағалау, зерттеу істері де қолға алынды. Небір нәубет жылдарды басынан өткізсе де, нағыз тұмса байлығын, рухани қазынасын жоғалтпай жарқыратып сақтаған қазақ даласының әлі де бұғып жатқан алтын қоры бар екенін патшалық империя жақсы түсінді, сондықтан да үлкен қызығушылықпен

халық мұраларын жинап, жариялау ісіне кірісті. Дәл осы ел ішінен жиналған фольклордың небір үлгілерінің он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап баспасөз беттерінде жариялана бастауы отандық фольклортану ғылымының іргетасын қалады. Орыс әдебиеттану ғылымында әдебиеттің қалыптасуындағы фольклордың маңызын зерделеудің алғашқы қадамдары сәл ертерек, яғни он сегізінші ғасырдың соңына таман басталып, он тоғызыншы ғасырдың басына қарай белсенді бола түсті, онда да «халықтық» деген ұғым аясында қарастырылды. Жиырмамыншы ғасырдың басындағы саяси төңкерістерден соң әдебиет пен фольклордың өзара байланысы проблемасы А.М. Астахованың, Г.С. Виноградовтың, Н.П. Андреевтің зерттеулерінде арнайы сөз болып, әдебиеттегі фольклорлық элементтердің қолданылу сипаты зерттелді.

Әдеби мұраны игеру ісінен бастау алған зерттеушілік дағды, фольклорлық мұралар туралы таным-түсініктер, жалпы алғанда қазақ арасында Шоқан, Ыбырай еңбектерінен бастап негізі қалана бастады. Әрине, қазақ әдебиеттану ғылымының енді туып, іргесі қалана бастаған кезінде оның негізгі ғылыми арнасы боп есептелетін фольклортанудан бастау алуы түсінікті. Сол кезеңдерде мәдениет пен ғылымды үйренуге деген қазақ арасында ерекше құштарлық сирек те болса байқалды, бұл үрдіс ұлт зиялыларының алғашқы легінің пайда болуына, олардың да әдеби мұраны зерттеу жұмысына араласуына ықпал етті. Фольклор үлгілерін ел арасынан жинап, бастыру ісіне белсене кірісті. Олардың арасында өз атынан жариялаушы қазақ зиялылары да болды. Он тоғызыншы ғасырдың соңына қарай фольклор үлгілеріне ғылыми көзқараспен саралап зерделеуші пікірлер де пайда бола бастады. Абай, Ыбырай сияқты ағартушы-демократтар арнайы ғылыми еңбек жазбаса да, олардың шығармашылығында фольклор маңызды орын алды. Фольклорлық тақырыптарды арқау етті, шығармаларының халықтық сипаты олардың фольклормен генетикалық байланысын айқын танытады. Жоғарыда келтіргеніміздей, С. Қасқабасовтың жүйеленіміндегі байланыс түрлерінің әрқайсысы әдебиет дамуының әртүрлі кезеңдерімен сәйкес келеді. Генетикалық байланыс ұлттық жадының саф таза қорынан бастау алады, әдебиет енді туа бастағанда фольклордан іргесі ажырамайды, онымен тығыз байланыста болады, сондықтан Ыбырай, Абай шығармаларында фольклор ашық көрінеді, оған тікелей арқа сүйейді. Ал Шоқаннан бастап ғылыми зерттеудің тарихи принциптері қалыптаса бастады. С. Жантөрин, Д. Сұлтанғазин, Т. Сейдалиев секілді Алаш зиялыларының еңбектерінде ауызша жеткен мұраларды ғылыми көзқараспен саралаудың алғашқы белгілері көрінді. Осы жиырмамыншы ғасырдың алғашқы кезеңдерінде зерттеу еңбектерде фольклор сөзіне балама ұғымдар да қолданылып, әдебиеттің ғылыми проблемаларының аясы кеңі бастағанын байқаймыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынов фольклорды «ауызша шығарған сөз» деп атаса, Құдайберген Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінде «халық әдебиеті» деген ұғымды қолданған. Сәкен Сейфуллин «ауыз әдебиеті», «ел әдебиеті» десе, Мұхтар Әуезов «ел ақындығы», «ауызша әдебиет» деп зерттеулерінде қолданады. Жоғарыда атап өткен Қ. Жұбановтың еңбегінде: «Халық әдебиеті – халықпен кұрдас, бірге

жасасып келе жатқан кәрі нәрсе. Оның жаңалығы жарытусыз, бұрынғының үстіне жаңа бояу жағу түрінде ғана болады. Жаңа шығармасы да сол ескі тамырға көктеп өседі» дей келіп, одан әрі Абай өлеңдерінің халық әдебиетімен байланысын терең талдайды [34, б. 258]. Бұл зерттеуді әдебиетке фольклорлық дәстүрлердің әсері жөніндегі біздің ғылыми проблемамыздың аясындағы тұңғыш талдау деуге негіз болады. Өткен ғасыр басындағы әдебиеттің, мәдениеттің, ғылымның алғаш негізі қалана бастаған тұстағы әдебиеттану ғылымының тарихнамасын зерделегенде байқағанымыз, қазақ оқығандарының қай-қайсысы да халық ауыз әдебиетін жинастырып, бастырып, өздері де шығармашылықпен айналысып, түрлі жанрда қалам тербеп, жазба әдебиетті қалыптастырып, дамытумен қатар ғылыммен де айналысты. Өз туындыларында фольклор үлгілерін батыл да белсенді пайдаланды. Бұл өреден Ғабит Мүсірепов те көріне білді. Жаңа әдебиеттің қалыптасуы үшін аямай тер төккен жазушы фольклорды батыл пайдаланды, ол туралы біз алдағы тарауымызда ашып жазатын боламыз.

XX ғасырға дейін фольклор қазақтың өмір сүру салтының ажырамас бір бөлігі болды дедік. Жазба әдебиет қалыптасқанға дейінгі авторы белгілі ауызша әдебиетте ол табиғи түрде біте қайнасып жатты, фольклор шығармаларының поэтикалық бітімімен тұтастық айқын көзге ұрып тұрды. Себебі халықтың тұтастай рухани қажеттілігін атқарып тұрған фольклор мен ауызша әдебиеттің идеялық мәні арасында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Халықтың сөз өнері саласындағы таланты осы шығармашылық арқылы көрініс тапты. Фольклор мен әдебиетте көп жағдайда бір-біріне ұқсас жанрлар туып, қалыптасып, дамыды. Сондықтан да фольклор мен әдебиет арасындағы идеялық және көркемдік өзара ықпалдасудың, шығармашылық байланыстың үнемі болып тұруы табиғи, әрі заңды құбылыс. Ал XIX ғасырдың екінші жартысындағы жаңа жазба әдебиетте фольклор кейде шығарманың ішкі тінінде жігі білінбей тұтасып табиғи түрде қолданылса, ал кейде фольклордағы дайын сюжет, поэтикалық құрылым, жанрларды пайдаланған автордың оған мақсатты түрде барғаны көрініп тұрады.

Мұндай фольклоризм құбылысы көркем туындының сюжеттік құрылымынан, оның тұтас поэтикалық жүйесінен де көрінеді. Бұлардың әрқайсысын жеке-жеке зерделеп, арнайы зерттеу әдебиет пен фольклор арасындағы қарым-қатынастың қаншалықты табиғи, терең, мақсатты жүзеге асатындығын айқындауға мүмкіндік береді. С. Қасқабасов фольклоризм құбылысын жан-жақты зерттеу арқылы көркем шығармада бейнеленген өмір шындығы, жазушы шығармашылығының қайнар бұлағы жөнінде, сонымен қатар автордың өмір жолы мен шығармашылық таланты жөнінде де мәліметтер қанығуға болатынын айтады [35, б. 300].

Ғабит Мүсіреповпен қатар жаңа ғасыр басында жазба әдебиеттің іргесін көтерген Сәкен Сейфуллин де фольклорлық шығармаларды жаңа әдебиеттің негіз етіп алуын міндет деп есептейді. Ел әдебиеті нұсқаларын жинаумен айналысқан ақын оған өзіндік ғылыми пайымдаулар да жасайды. Әдебиеттің фольклордан үйренуі керектігін, фольклорда жасалған типтер, образдар, көркемдік пішіндерді меңгерген жаңа әдебиет сол үлгіде жаңа заманның

мазмұнын жасайтынын айтады. Қазақтың енді қалыптасып келе жатқан әдебиетінің дамуындағы халық әдебиетінің рөлін ғылыми негіздеп, түптеп келгенде, фольклор мен әдебиет байланысының теориялық бастауында тұрған пікір білдіреді [36, б. 431]. Жаңа әдебиет еңбекші тап мазмұнын жасауда фольклордың қалыбын алғаны жөн деп таптық тұрғыда қарауға баса назар аударса да, ең бастысы, жазба әдебиеттің фольклорға сүйенетінін айтып өтеді. Бұл сияқты пікірлерді біз Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов еңбектерінен де кездестірдік. Мағжан да қазақтың ауыз әдебиетінің талай елдердің ауызша мұраларынан әлдеқайда бай, сан қырлы екенін, оның тұтас бір халықтың жазба әдебиетін дамытуға тамаша қор болатынын нық айтып, оны қастерлеп, күтуді аманат етеді. Кез келген елдің жазба әдебиеті өзінің ауыз әдебиетінің негізінде ғана өркендейтінін айта келіп, қазақтың іргесін енді көтерген жаңа әдебиеті де фольклорды негіз қылуға міндетті екенін, іргетасы берік қаланған, болашаққа қол созған нағыз ұлттық әдебиет болуы үшін тек қана өзіміздің ауыз әдебиетімізге оралуға міндеттейді. Осылайша, Мағжанның әдебиетті жасап жатқан өз тұтастарының алдына ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінің дамуы жолында нақты міндеттер түзгенін байқаймыз [37, б. 341].

Жазушы С. Мұқанов та фольклор үлгілерін жинаумен ғана емес, оны зерттеумен де айналысты. Осы іске өз заманындағы қаламгерлерді жұмылдырып, ең таңдаулы ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырып, олардың мазмұнындағы өмір шындығы мен тарих сілемдерін, көркемдік шеберлігін үйрену керектігін айтып, үндеу сипатты пікір қалдырады [38, б. 14]. Осы пікірлерден түйетініміз, жиырмамыншы ғасыр басындағы қаламгерлердің қай-қайсысы да өз шығармаларына фольклордан негіз іздеді және мақсатты түрде қолданып, фольклорды шығармашылықпен игерудің үлгісін жасады. Сол кезеңнен бастап бүгінге дейін әдебиет фольклордан бір де қара үзген жоқ. Оның бер жағында қазақ әдебиеттану ғылымында осы мәселені зерттеудің тұтас бір мектебі қалыптасты десек те болады. Мәселен, С. Қасқабасов мектебі қазақ фольклортануында өлшеусіз мұра қалдырумен қатар, фольклорға қатысты барлық теориялық-әдіснамалық негіздерді қалыптастырып, ғылыми түсініктерді айқындады.

Шетел әдебиеттану ғылымында фольклоризм атауына берілген анықтамалар қазақ әдебиеттану ғылымында да қабылданып, «фольклорлық дәстүрлер», «мотивтер», «фольклорлық элементтер», т.б. түрлі реңкте аталып, сол «фольклоризм» концептісінің аясын кеңіте түспесе, кеміткен жоқ. Терминнің атауы жиырмамыншы ғасырдың алпысыншы жылдары пайда болғанмен, анықтамасы кейінірек фольклоризмнің типологиясын зерттеу кезінде ғана берілді. Әдебиеттану ғылымында фольклоризм мәселесінің «миф-фольклор-әдебиет» арналарының өзара байланысы аспектісі де сол жиырмамыншы ғасырдың алпысыншы жылдары ара-тұра көрініп қалады. Негізі, осы триаданың байланысы мәселесі XIX ғасырда Ф.И. Буслаев негізін қалаған мифологиялық мектептің, сондай-ақ А.Н. Афанасьев, А.Н. Веселовский және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қамтылып отырған екен. Ал кеңес дәуірінде мәселенің бұл аспектісі цензураның қатаң бақылауында болды, оның себептері

белгілі. Соған қарамастан 1978 жылы «Вопросы литературы» журналының беттерінде жазушылардың өз шығармаларында миф пен аңыздарды пайдалануын талқылаған пікірталас өрбиді. А.В. Юдиннің пікірінше: «Фольклор қазіргі жазушылардың шығармаларында әртүрлі тәсілдермен игерілді: біреулері халық даналығының қайнарынан мақал-мәтелдер, қанатты сөздерді сіңірсе, екіншілері баяндау стилін қабылдады, ал енді бірқатары хикаялар, аңыздар мен мифтердің «құрылымдарының» негізінде өздерінің заманауи туындыларын «мүсіндеді» [39, б. 79]. Полемика өте мұқият жүргізілгенін байқауға болады, оның себебі мәселені әлі тереңнен зерттеп, толық талдаудың жүйесі қалыптаспағандықтан деп ойлаймыз. Алайда осы пікірталас барысынан мифопоэтиканың көркем шығармалардағы моральдық-философиялық мәселелерді жаңа деңгейде шешуге мүмкіндігінің зор екенін көпшілік мойындағаны сезіледі. В.Я. Пропп, Ю.Н. Лотман сияқты аналитикалық психология мен структурализм теорияларына сүйенетін көрнекті фольклористердің еңбектерінде де фольклоризмнің бұл аспектісі жан-жақты қарастырылады.

Мұның барлығын тізбелеп отырған себебіміз, бүгінде үлкен зерттеу арнасы боп қалыптасқан бұл мәселенің ғылымда бірден эп-әдемі боп туа қалмағанына көз жеткізу. Әсіресе, орыс әдебиеттану ғылымында үлкен еңбектер жасалды. Зерттеудің бірнеше аспектісі анықталып, олардың ортақ теориясы негізделді. Түптеп келгенде, көркем шығарманың мықты поэтикалық болмысына негіз болатын фольклорлық арқаудың маңызы замандар көші алға жылжыған сайын арта түсетініне бүгінгі ғылымдағы зерттеулер куә.

1970-80 жылдары фольклоризм проблемасының тағы бір аспектісі пайда болады. Ол – аталған мәселеге деген жүйелі көзқарас. Бұл кезде фольклор мен әдебиет байланысын терең зерттеу жүргізіліп жатты, сонау алпысыншы жылдары пайда болған «фольклоризм» терминіне нақты анықтама берілді. Осы кезеңдегі зерттеушілердің назары фольклоризмнің типологиясын жасауға, әдебиет пен фольклор арасындағы байланыстың сипатын, логикасын жасауға бағытталды. Мәселен, В.Е. Гусев фольклоризмді мәдени тұрғыдан, яғни дәстүрлі фольклордың о бастағы дамып, өмір сүргенінен өзгеше жағдайларға бейімделуінің, көбеюі мен өзгеруінің әлеуметтік анықталған эволюциялық үдерісі деп анықтайды. «Как социальное явление фольклоризм появляется тогда, когда в жизни общества возникают объективные причины, затрудняющие развитие традиционного фольклора в народной среде, и тогда, когда сам фольклор воспринимается общественным сознанием как утрачиваемая ценность, как источник и материал для создания или возрождения национальной культуры» [40, б. 7]. Ғалым фольклоризм құбылысының пайда болуын әлеуметтік себептермен байланыстырып, объективті пікір білдірген деп есептейміз. Фольклорды жоғалған құндылық ретінде есептей бастаған тұста, оған жан бітіріп, қайта түлетіп, ұлттық рухты оятуда фольклоризм, расымен де, орасан рөл атқарды. Ал У.Б. Далгат өзінің «Литература и фольклор» деген еңбегінде жазушылардың фольклорлық эстетикаға саналы түрде баруын фольклоризм деп атап, ұғымды әдебиеттану ғылымы тұрғысынан анықтайды



[41]. Сексенінші жылдар басында бұл мәселеге атақты фольклорист Д.Н. Медриш араласады. Ол әдебиет пен фольклорды екі дербес поэтикалық жүйе ретінде қарайды. Нақты бір жүйенің екінші жүйемен элементтері ғана емес, екі біртұтас жүйе, яғни фольклор мен әдебиет тұтастай өзара байланысатынын нақтылайды [3, б. 5-6]. Оның ойынша, фольклоризм екі түрлі поэтикалық жүйенің өзара әсері нәтижесінде пайда болған әдеби шығарманың көркемдік сапасы боп саналады. Ғалым бұл мета-жүйенің (фольклор мен әдебиет) құрамдас бөліктерінің ерекшеліктерін де, олардың өзара байланысының сипатын да анықтауға мүмкіндік беретін тек поэтика деңгейі екенін айтады. «В результате происходит как бы взаимопросвечивание двух систем – каждая из них предстаёт такой, какой её можно бы увидеть «глазами» другой системы», - дейді [3, б. 9-10]. Фольклоризм құбылысын ғалым генетикалық байланыстар мен типологиялық сәйкестіктер деңгейінде қарастырады. Генетикалық байланыстар аумағында фольклорлық және көркемдік уақыт құрылымын зерделеп, фольклор мен әдебиеттің аллюзия, перифраз, цитата сияқты тәсілдер арқылы өзара кірігу жүйесін зерттейді. Ол «лиризациялану» құбылысын және екі көркемдік жүйенің сюжеттік-композициялық жағынан жақындасуын типологиялық байланыстарға жатқызады, яғни әдебиет пен фольклордағы лирикалық жағдайдың көрінісі мысалында зерттейді. Өзінің теориялық ұстанымдарын Н.В. Гогольдің, А.С. Пушкиннің, В.В. Маяковскийдің фольклорлық дәстүр элементтерін қамтитын көркем шығармаларын талдаған еңбектерінде дәлелдейді. Ғалым «өзгенің сөзі» (чужое слово) туралы Бахтин идеясын одан әрі дамытады [42]. Фольклордан әдебиетке енген, тіпті абсолютті дәлдікпен берілген кез келген сөздің өзі бәрібір қайта түсіндірілген, өзіндік шығу тегі, тарихы, өзінің өмір сүру шеңбері бар бөгде сөз ретінде қабылданатынын көрсетеді. Әдебиетте бөтен сөз неғұрлым айқын болса, соғұрлым ол нақты түсініледі. Ал фольклорда, керісінше «өзгенің сөзі» оны әдейі, мақсатты түрде өзгерткенде ғана сезіледі. Фольклор мен әдебиеттің өзара байланысу процесін тарихи тұрғыдан қарастыра отырып, зерттеуші әдебиетке фольклордан әлдеқайда айқын және кең таралған компоненттер енетінін байқайды. Алайда әдебиет өзінің даму деңгейіне қарай көбінесе халық поэтикасының әлі қорытыла қоймаған формаларын пайдалануды қалайды. Дәл осы стадияда фольклорға жүгіну «фольклорда ашылмаған мүмкіндіктерді дамыту» болып табылады. Басқаша айтқанда, фольклорлық дәстүр фольклордың өз ішінен гөрі әдебиетке араласқанда әлдеқайда өнімді екеніне көз жеткізеді. Әдеби фольклоризм мәселелерін шешудегі Д.Н. Медриш еңбектерінде жасалған теориялық жетістік әлі күнге дейін тек орыс әдебиеті ғана емес, қазақ әдебиетіндегі де фольклоризм мәселесін зерттеуде жаңа ізденістер жасауға мықты серпін беріп келеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында осындай мықты фольклористер мектебінен өткен ғалымдардың бірнеше буыны өсті. Таза ғылыми тұрғыдан алғанда, жазушылар шығармалары мен халық поэзиясының арасындағы органикалық байланысты орыстың көрнекті фольклортанушы ғалымдары дәлелдеді. Мысалы, А.М. Новикованың «Фольклор және әдебиет» деген 1978 жылы жарық көрген еңбегінде фольклор мен әдеби фольклоризм мәселесіне қатысты барлық

фольклорды жинаушылар мен зерттеушілердің тарихнамасы жасалды. Фольклоризм мәселесін зерттеуге В.В. Блажестің еңбектері елеулі үлес қосты, ол мәселені аймақтық тұрғыда қарастыруды ұсынды, бұл идеясын П.П. Бажовтың ертегілеріндегі фольклоризмді зерттеуде мұқият жүзеге асырды [43, б. 52-71]. Ал жаңа мыңжылдықта ғалымның фольклоризм проблемасына аймақтық көзқарас туралы идеялары қайтадан өзекті бола бастады. Біз өз тарапымыздан ғалымның аймақтық фольклорға қатысты кей пікіріне қарсылық білдіреміз. Фольклорға аймақтық көзқарас белгілі бір дәрежеде зерттеудің аясын тарылтады деп есептейміз. Фольклорды тек бір аймақтың аясына сыйғызу дұрыс емес. Шығу тегі, таралу аумағы жағынан да фольклор еш уақытта шекаралық сипатқа ие болмаған. Сондықтан да ғалымның аймақтық фольклоризм туралы идеяларын жалғастырудың негізі жоқ деп есептейміз. Мәселен, қазақ фольклорына қатысты айтар болсақ, егер белгілі бір фольклорлық мұраны тек Батыс Қазақстанға не Шығыс Қазақстанға тән деп бөлектеп, аражігін бөлектесек, онда ұлттық мұраның жалпыхалықтық сипаты болмай қалады. Бұл жерде біз аймақтық деген сөзді жоққа шығарып отырған жоқпыз. Аймақтық фольклортанудың өз шеңбері, өзіндік атқарар қызметі бар. Ал ұлттық мұраны тұтастандыру мәселесінде жалпытеориялық ұғымдарды, түсініктерді біртұтастықта алған жөн.

Әдебиеттегі фольклоризм мәселесіне жүйелі көзқарас профессор А.И. Лазаревке тиесілі. Ғалым фольклоризмді «фольклор мен әдебиеттегі шындықты бейнелеудің көркемдік принциптерінің бірлігі» деп анықтайды [10, б. 8]. Ол фольклордың дайын түрлерін (эпикалық образдар, ертегілер, ән стилистикасы және т.б.) әдеби шығармада пайдалану фактісі арнайы терминді қажет етпейді, дегенмен ол көбіне өзі берілген шығарманың фольклоризмінің көрсеткіші болып табылады деген ойды бөліп айтады. Бірақ көбінесе романда, поэмада, өлеңде, пьесада фольклордан үзінділер, әннің дәйексөзі, мақал-мәтелдерді қолдану олардың фольклоризмін білдірмейді деген А.И. Лазаревтің бұл пікіріне де ішінара келіспейміз. Себебі көркем әдебиетте фольклордың дайын үлгілерін қолдану арқылы ұлттың жадын жаңғыртуға болады, өткенмен байланыс айқын көрінеді. Бүгінгі әдебиеттің фонында фольклордан дәйексөздер алу жиі кездесетін құбылыс. Оны біз құптаймыз және шығармадағы қолданылған фольклорлық элементтерге жатқызамыз. Ол ХІХ ғасырдағы жазушылардың фольклоризмін сипаттай келе, олардың идеялық-эстетикалық деңгейде әртүрлі типте болатынын көрсетеді. Мәселен, Н.С. Лесковта фольклоризмнің ностальгиялық, И.С. Тургеневте ойшыл-гуманистік, И.А. Бунин, А.П. Чехов, А.И. Куприн шығармаларында психологиялық сипатта көрінсе, Н.А. Некрасовтың шығармаларында үгітшіл-поэтикалық типтері анықталады. «Высший тип фольклоризма тот, что рождается непосредственно как результат формирования литературы в народной среде; это тип особого воспитания, когда выражение народных дум и чаяний приобретает соответствующую им народную форму» [10, б. 75]. Осы орайдағы ғалымның фольклоризм типтері туралы пікірлері өте қызық, арнайы қарастыруды талап етеді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Челябинск университетінде фольклоризм мәселесімен айналысатын А.И. Лазарев ізбасарларының ғылыми мектебі қалыптасты. Оның тұжырымдамасына сәйкес әдеби фольклоризмді зерттеу Оралда, Сібірде жүргізілді, оған В. Манакова, Г. Вардугина, Т. Екимова, т.б. зерттеулері дәлел. XX ғасырдың аяғында әдеби фольклоризмді зерттеу мәселесі бойынша мектептер ғана қалыптасып қоймай, зерттеу географиясы да кеңейе түсті (Мәскеу, Екатеринбург, Челябинск, Омбы, Қорған ғалымдарының еңбектері). Университет бағдарламаларына фольклоризм проблемасы енгізіліп, жалпы осы аспект бойынша жүргізілген зерттеулердің жемісті екендігі баса айтылды. Орыс әдебиеттану ғылымында аталған мәселеге қатысты зерттеулердің қарымы осылайша кең болды. Алайда кеңестік цензура одақтас республикалардың осы тұрғыдағы зерттеулерін ұзын арқан, кең тұсауға салып келгені рас.

Қазақ әдебиеттану ғылымында фольклорды алғаш зерттеген 1927 жылы М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» еңбегі жарық көрді, көп ұзамай бұл еңбектің таралуына тыйым салынып, алпыс жыл бойы қапаста жатты. Кітаптың жазығы – қазақ әдебиетінің тарихын сонау фольклордан бастап жүйелеп, бүгінгі әдебиетке дейінгі желісі үзілмеген тарихы бар екенін дәлелдеген еңбек болғандығы. Қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеген алғашқы еңбектің тағдыры осындай болғанда, бұдан әрі кеңестік шовинстік саясат үшін тамыры тереңнен тартылып, дәстүрі үзілмеген ұлттық жазба әдебиеттің көркемдік сырын фольклормен байланыстырып зерттеу тіпті де қолайсыз еді. Қазақ лирикасының дамуын фольклорлық дәстүрлермен байланыста зерттеу жәйі М. Әуезов, М. Қаратаев, М. Базарбаев, З. Ахметов сияқты ғалымдардың еңбектерінде айтылып жүргенмен, терең зерттеулер жасалған жоқ. Тек егемендік алған кезеңнен бастап, қазақ әдебиеттану ғылымында фольклор мен жазба әдебиеттің байланысы, ақын-жазушылар шығармашылығындағы фольклордың ықпалы, фольклорлық сарындардың түрлі деңгейдегі көрінісі, жалпы дәстүр мен жалғастық проблемалары Ә. Дербісәлин, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ә. Молдаханов, Б. Байтанаев, Ж. Дәдебаев, Б. Майтанов, Ж. Аймұхамбет, Б. Қанарбаева, Г. Пірәлиева, А. Таңжарықова, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жүйелі қарастырылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы фольклоризм тарихнамасын саралауда көзімізге түскені – Е. Естаевтың «Ежелден ескеруші ем елдің сөзін» деген мақаласы мен «Ілияс Жансүгіровтің халық ауыз әдебиетін пайдалану әдістері» деп аталатын әдістемелік еңбегін атап өткен ғалым Ш. Қыяхметованың мақаласы. Автор мақаласында Е. Естаевтың Ілияс Жансүгіровтің ауыз әдебиеті мұраларын жинаудағы жанкешті еңбегіне тоқталады. І. Жансүгіровтің әдеби мұраларын тізбектей отырып, оларды жанрлық жағынан топтағанын, солардың ішінде ақынның өз қолынан шыққан, фольклор ізімен жазылған ұзақ хикаялар, айтыстар, шежірелермен қатар бірсыпыра фольклор үлгілері бар екенін атап өтеді. Ілияс ақын жинаған фольклор мұраларының ішінде батырлар жырлары мен айтыс үлгілері, сондай-ақ ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы Бұқар, Шал, Сүйінбай, Орынбай, Шортанбай, т.б. ақындардың өлеңдері көп кездесетінін атайды.

Зерттеуші Е. Естаевтың Ілияс ақынның халық әдебиеті үлгілерінің табиғи қалпын бұзбай жазып алуды борыш санағандығын айрықша атайды. Есберген Естаевтың І. Жансүгіровтің халық арасынан жинаған фольклор үлгілерінің түрлерін, олардың жанрлық жағынан қамтылу деңгейін саралағанын атап өтеді. Ш. Қыяхметованың зерттеу мақаласында І. Жансүгіров халық ауыз әдебиеті үлгілерін ел арасынан жинап алған кезде түпнұсқасын бұзбай, жазып алуға ерекше мән бергенін, әдеби мұраны жинаудың талаптарын қатаң ұстанғаны айтылады [44]. Осылайша, шағын еңбектің атауына қарап біздің зерттеу нысанымыздың алғашқы қарлығашы болар ма екен деген үмітіміз ақталмады, ақын шығармаларындағы фольклорды пайдалану ерекшеліктері қарастырылмаған, мұнда тек қана ақынның фольклорды жинаудағы ерекшелігі сараланады.

1980 жылы жарық көрген «С. Мұқанов және фольклор» монографиясында профессор М. Хасенов сол кезеңге дейін жазушы шығармашылығының арнайы қарастырылмаған саласы, яғни жазушы шығармашылығына фольклордың тигізген игі ықпалы туралы зерделейді [45]. Типологиялық салыстырулар жүргізе отырып, қаламгердің стильдік ерекшелігін айқындайды. Алайда ғалымның еңбегінде жазушы фольклоризмі, оның көркем шығармаларындағы фольклорлық дәсүрлердің қолданылуын әдіснамалық тұрғыдан қарастыру мақсат етілмеген. С. Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлерді арнайы диссертациялық деңгейде зерттеген жұмыс 2000 жылы қорғалды. Автор Қ. Байтанасова аталған зерттеуде ақын лирикасындағы фольклорлық дәстүрлерді жіктеп талдайды. Тәуелсіздік алғанға дейінгі зерттеулерді іздестіргенде тағы да бір зерттеу еңбек қолымызға түсті. Ол М.И. Уюкбаеваның «Фольклорные традиции в современной казахской лирике» деген тақырыптағы профессор З.С. Кедринаның жетекшілігімен 1984 жылы Мәскеуден қорғалған диссертациялық жұмысы. Автор жаңа заман лирикасының көркем бейне жасау процесінде ықпал ететін фольклор мен әдебиет дәстүрлерінің нақты формаларын табуды өзек етіп алады. Қазақ поэзиясындағы қалыптасқан поэтикалық образдарды жаңарту, дамыту процесіндегі фольклорлық және әдеби дәстүрлердің өзара байланысының әсері, сондай-ақ бұл байланыстың ақындардың көркемдік әлемінің өзіндік ерекшелігін анықтаудағы рөлін аталған зерттеуде жан-жақты талданған. Осылайша, бірлі-жарым еңбектерде ғана арнайы аталған осы мәселенің жаңа тынысы Кеңес Одағының «қайта құру» кезеңінде (1985-1991) ашылғанын байқауға болады. Дәл осы жылдарда «жылымық» орнап, аталған мәселеге ғылыми назар аударыла бастаған.

Міне, содан бастап фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы мәселесі бүгінде әдебиеттанудың ең бір маңызды мәселелерінің бірі болып отырғаны рас. Осы тұрғыда көрнекті ғалым, профессор Рахманқұл Бердібайдың да сан-салалы еңбектеріндегі өзекті ойлар біздің зерттеуімізге теориялық қазық бола алады. Ғалым көркемдік ойдың даму жолында сөз өнерінің маңызына баса назар аударып, оның ауызша және жазбаша жеткен түрлерінің өзара айырмашылықтары мен бірлігін айқындау олардың рухани болмысын, даму жолын түсіну үшін аса қажет дейді. «Фольклор мен әдебиеттің жалпы

заңдылықтары мен шарттылықтарын саралап ажырату, әсіресе ауыз әдебиеті қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте қажет» [46, б. 384]. Қазақ жазба әдебиет тәжірибесінде фольклор дәстүрі қаншалықты көрінетінін тек нақтылы зерттеулер арқылы ғана талдауға болады. Сонда да болса осы үдерістің кейбір жетекші тенденциялары туралы тұжырым айтуға мүмкіндік жоқ емес. Соның бірі – көркем әдебиетте фольклорлық шығармаларға ғана тиісті сөз образдарының, көркемдік ұғымдардың табиғи араласуы. Ал фольклорлық материалды, сарындарды, фабулаларды белгілі бір дүниетаным тұрғысынан жаңаша талдап көрсететін шығармалар мұндай «ауыс-түйістің» екінші сатысы деп қараса да болғандай. Фольклордың өзінен жазба әдебиетке ауысып, оған күшті леп беретін тәсілдердің бірі – көне мифтер мен аңыздардың өзі немесе сарындары қолданылып, әдебиеттегі идеялық шешімдердің айтылуына ықпал етуі.

Кез келген халықтың жазба әдебиеті ауыз әдебиетінің негізінде дамиды, сол халықтың ауызша жеткен көркемдік құндылықтарының рухын өз бойына дарыта отырып, жаңа өріс табады. О бастан-ақ осы екі көркемдік дәстүрдің бір-біріне ықпал етіп, бірін-бірі байытып, өзара ықпалдасып дамитыны айқын. Бір қарағанда, екеуі бір нәрсе сияқты көрінетіні рас. Стадиялық тұрғыдан алғанда да ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің алдындағы саты, заманалар легінде көнеріп, келесі сатыға ұласқан құбылыс сияқты. Мәселеге бұлай қарабайыр қарау қате қорытулар жасауға әкелер еді. Сондықтан фольклорды генезистік, стадиялық, типологиялық, көркемдік, дәстүрлілік, этнографиялық жағынан тексеріп зерттеу әдебиеттану ғылымының аясын кеңітіп, кең арна ашып берді. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы осы бағыттағы зерттеулерге кең тыныс ашты. Солардың алғашқыларының қатарында профессор Әдебиет Молдахановтың ғылыми зерттеуін атаймыз. Ғалым Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларын зерттеу нысаны етіп алып, олардағы фольклорлық дәстүрлердің пайдаланылу ерекшеліктерін саралайды. Жазушының көркем шығармаларына фольклор сарындарының қолданылу ерекшелігін дәстүр мен жаңашылдық аясында қарастырып, заңғар жазушы, ғұлама ғалым шығармашылығын фольклортанушылығымен біртұтас тұрғыдан зерттеудің жаңа көкжиегін белгілеп берді. Көркем шығармалардың ішкі мазмұнына үңіліп, фольклордың әдебиетке көркемдік ықпалы суреткер шығармашылығына даралық сипат беретіндігі, осылайша, қазақ әдебиеттану ғылымында үздіксіз жалғасын тапты. Мәселен, С. Мұқанов поэзиясындағы фольклорлық дәстүрлер, жоғарыда айтып өткеніміздей, Қ. Байтанасованың ғылыми зерттеуінде талданды. Мағжан Жұмабаев шығармашылығының фольклорлық қырлары Б. Қанарбаеваның зерттеу нысанына айналды. Ж. Аймұханбетованың Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселелеріне арналған кандидаттық диссертациясы да қазақ әдебиетіндегі фольклоризмнің жаңа бір аспектісін негіздеп берді. Өткен ғасырдың басындағы жаңа жазба әдебиетте фольклорды негіз ету жаппай дәсүрге айналғаны рас. Осы ерекшелікті Шәкәрім мен Сұлтанмахмұттың көркем шығармаларының негізінде Ж. Ахметова зерделеді. Бұлардан сәл ертерек, М. Әбдуовтің «Орталық Қазақстан халық ақындарының творчестволарындағы фольклорлық дәстүрлер (1920-50 жж.)» (1997), Ж. Қоблановтың «Қазіргі

карақалпақ-қазақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» (1994) тақырыбындағы ғылыми еңбектерінде фольклор мен әдебиет байланысы кең ауқымда, әдебиеттің тұтастығын айқындайтын көркемдік тәсіл ретінде тұжырымдалды. А.В. Таңжарықованың «Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар» (2010) тақырыбындағы докторлық диссертациясында қазақ прозасының этнографиялық және фольклорлық компоненттері терең зерттелді. Ғалым еңбегі қазақ әдебиетінің тарихында, фольклорлық зерттеулер саласында жаңа көзқарас пен тың пікірлер ұсынуымен маңызды, әрі фольклорды зерттеушілер үшін пайдалы әрі құнды ресурс болып саналады. Бұл тараптағы зерттеулер тек мұнымен шектелген жоқ, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Қорыта келгенде, классикалық қазақ әдебиетінің негізін салған тұлғалардан бастау алып, қазірге дейін жалғасып келе жатқан ғылымның бұл арнасы өзектілігін жоймайтын мәселе. Бүгінде бұл мәселе тіпті тереңге кетті. Академик С.А. Қасқабасовтың жетекшілігімен 2011 жылы «Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбек жарық көрді [47]. Еңбекте Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінен бастап жазылған көркем шығармалардағы фольклордың қолданылу ерекшелігі ғылыми талданған. Бұл еңбек көркем шығармалардағы фольклорлық образдар жүйесінің, негізгі фольклорлық сарындар мен сюжеттердің, фольклорлық поэтиканың тигізген ықпалын зерттеу арқылы әдебиет пен фольклордың байланыс түрлерін анықтауға басты теориялық қазық болды. Академик С. Қасқабасовтың өзі осы зерттеулердің көш басында келеді. Фольклордың теориясын негіздеген ғұлама ғалым еңбектерінде халық прозасының жанрлары, қазақ мифологиясы мәселелері, т.б. сан қырлы аспектімен бірге фольклор мен әдебиеттің байланысы мәселесі де үнемі қарастырылып келеді. Ғалымның «Абай және фольклор» (1995) атты зерттеуінде ұлы ақын шығармашылығының ең басты қайнар көзі қазақтың төл рухани мұрасы екенін дәлелдейді [35, б. 242]. Фольклорға тән тілдік айшықтар, фольклорға тән сюжеттер мен жанрларды ұлы ақынның қаншалықты деңгейде қолданғаны, оны өз кәдесіне жаратудағы шеберлігі, жалпы фольклорға деген көзқарасы талданып, тың тұжырымдар, қызықты байламдар жасайды. Соңғы жиырма жылда жазылған көркем шығармаларда фольклор кеңес дәуіріндегі қатаң цензура қыспағында жазылған шығармалардағы сияқты тек дайын фон ретінде алынбай, тұтастай шығарманың ішкі болмысына дендеп, архетиптік деңгейде пайдаланылғанын байқаймыз. Дәл осы фольклорлық ойлау мен сананың архетиптері, түпсананың генетикалық-тарихи желісінде жасырылған мифтік ұғым-түсініктерді тереңнен тануға арналған ғылыми таным да бүгінде әбден жолға қойылып келеді. «Ендігі жерде фольклор мен әдебиеттің арақатынасын сыртқы «тоғысудан» емес, олардың «өзгертілген» байланысының заңдылықтарын ашуға тырысу керек. Бүгінгі әдебиеттегі фольклоризм мәселесі әр тұрғыдан зерттелгені абзал, яғни қалыптасқан әдісті де, жаңа әдісті де қатар пайдаланған жөн. Өйткені біздің әдебиетіміз фольклордан қол үзген емес, оны өзінің даму барысында әртүрлі мақсатта, әрқилы дәрежеде пайдаланып келді. Қазірдің өзінде поэзиямызда, прозамызда, драматургиямызда фольклордың

жанрлары мен сюжеттері, кейіпкерлері мен көркемдік-бейнелеуіш құралдары көрнекті орын алады» [35, б. 305], - деген ғалым пікірі біздің Ғ. Мүсірепов көркем шығармаларындағы фольклор элементтеріне осы тұрғыдан зер салуымызға негіз болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында фольклоризм, фольклор мен әдебиет байланысы мәселесі тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алына бастады дедік. Кеңес Одағы кезеңінде фольклорға деген бір жақты көзқарастың орын алуының, ең алдымен саяси мәні болды. Халықтың рухани жадын өшіріп, қалайда ұлттық негізінен айыруға бағытталған идеология сонау патшалық империя саясатынан бастау алып, Кеңес Одағы жылдарында әбден дендеген болатын. Соның бір көрінісі – осы ұлттық мұраға атүсті қарап, зерттеудің кешеуілдеуі. Тәуелсіздік алғаннан бергі 1991-2024 жылдар уақыт аралығында фольклортанудың бұл бағыты ғылымда осылайша әжептәуір жолға қойылды. Жекелеген ақын-жазушылар шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлер, сарындар зерттеліп, фольклоризмді зерттеудің өзіндік бір теориясы қалыптасты деп айтуға толық негіз бар.

Фольклоризмнің тарихнамасын зерделеу барысында бұл мәселенің әлі де жаңа иірімдері ашылатыны, ешқашан бір орында тұрып қалмайтын, заманмен бірге жасара беретін ғылым саласы екеніне көз жеткіздік. Зерттеу нысанымызға алған жазушы Ғабит Мүсірепов шығармашылығы да сан қырлы арналарымен зерттеушілердің назарынан әлі күнге дейін тыс қалып келе жатқан жоқ. Әлі күнге дейін ғылым нысанында болуының бір сыры да шығармашылығының негізгі тіні фольклордан тамыр алғанында деп есептейміз. Ана сүтімен дарып, ес біліп етек жиғаннан құлағына сіңісті болған халық фольклорының мол мұрасын жазушы өзінің әрбір шығармасында шеберлікпен пайдалана білген. «Қазақ халқы бар тарихын көше жүріп өткізсе де, батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртында қалдырмай, шабындыға алдырмай, барлық жинаған сөз байлығын, күй мен жырын бізге жеткізді. Бұл – бәрімізге қымбат мұра, бай қазына» дей отырып, жазушы осы қазынаны өз туындыларында асқан талғампаздықпен игере білді [16, б. 132]. Әдебиеттану ғылымындағы фольклоризм, фольклорлық дәстүрлер, сарындар, мотивтер, сюжеттер – бір-бірімен біте қайнасып, өзара мағыналас ұғымдар екені белгілі. Осы ретте біз теориялық тақырыпты Ғ. Мүсірепов шығармаларынан зерделеуден бұрын, жазушы қолданысындағы фольклоризмнің қалыптасуы мен даму үдерісін, олардың зерттелу мәселесіне алдымен ден қойдық.

## **1.2 Ғ. Мүсірепов фольклоризмінің алғышарттары, зерттелу жайы**

Өткен ғасырдағы жазушы Ғабит Мүсіреповпен тұстас қаламгерлер шығармашылығына барлау жасау барысында фольклорды игеру, көркем шығармаларында пайдалану әр суреткерде түрлі формада кездесетінін байқадық. Бұл, әрине, әр қаламгердің стиліне, дүниетанымына, көркемдік тәжірибесіне, көркемдік шындықты берудегі бейнелеу принциптеріне де байланысты. Олардың кейбірінде фольклор стилінен де, суреттеу тәсілдерінен де байқалып

жатса, енді бірінде бірден байқала қоймайды. Солардың ең басында М. Әуезовті айтамыз. Жалпы, фольклорлық мұраны жазба әдебиетімізде игерудің үздік үлгісін классиктеріміз М. Әуезов пен Ғ. Мүсірепов көрсетіп кетті. Екеуінің стилі екі басқа. М. Әуезов – мықты фольклортанушы. Ол жазушылықтан бұрын, алдымен ғылымға келді. Фольклор мұраларын жинап, бастыру ісінде де алдыңғы лекте болды. Ең алғашқы шығармаларынан бастап, көлемді туындыларына дейін фольклор құндылықтарын асқан шеберлікпен пайдаланып, мақсатты түрде жүзеге асырды. Соның бір дәлелі – жас жазушының 1922 жылы «Шолпан» журналында жарық көрген «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласында айтқан батыл пікірлері. Оны біз арнайы мақалада сөз еттік [48, б. 37].

Ғ. Мүсірепов – шебер стилист жазушы. Оның қаламынан шыққан әрбір сөз әбден екшеліп, сұрыпталып, ештеңе алуға да, ештеңе қосуға болмайтындай көкейіңе қона қалады. Осы тұрғыдан келгенде, Ғ. Мүсіреповте фольклорлық айшықтар М. Әуезовтегіден өзгеше. Классик жазушымыз М. Әуезовтің еңбектерінде фольклоризм ашық, айқын көрініс береді. Мәселен, М. Әуезов шығармаларындағы ертегілік-аңыздық сюжеттер, мифологиялық көріністер, ғұрыптық фольклор ап-айқын көрініп тұрса, Ғ. Мүсіреповте емеурінмен, астармен, бернелеумен беріледі. Дәл осы сипатқа сәйкес Ғабит Мүсірепов шеберлігінің қайнар көзі – фольклорлық сарындар. Осы негізде қаламгер шығармаларындағы фольклорлық негізді айқындаудың маңыздылығы туындайды. Жазушы шығармашылығындағы стиль мен тақырыптың қалыптасуына фольклордың әсері – оның шығармашылық эволюциясының түйінді қыры. Ол халықтық дәстүр мен фольклорға үнемі сүйенді, фольклордан желі тартып келе жатқан сан қырлы мотивтер, аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттер, халықтың этнографиялық дәсүрлері оның шығармаларында желі тартып, айрықша әдеби дүние жасауға шабыттандырды, ұлттық колорит дарытты.

Әдебиетке жиырмасыншы жылдардың орта тұсынан өтіп барып келген қаламгердің шығармашылық өмірбаянын зерделей қарағанда байқайтынымыз – оның әдебиетке саналы түрде келіп, сол әдебиетті өсіретін өре тұрғысынан көріне білгендігі. Жазушы шеберлігінің бастауын айқындауда өмірбаянының керекті беттерін ақтарамыз. Нығмет Ғабдуллиннің Ғабит драматургиясын зерттеген еңбегінде жазушының бала кезден-ақ әдебиетке құмар болғаны, құйма құлақ баланың ел ішінде айтылып жататын жыр үлгілерін, ертегілерді құныға тыңдап, көкейіне құя бергені айтылады. «Егделерден естіген қиял тербетер ғажайып ертегілерді, қызық оқиғаны, қисса-жырларды жадына тоқып, жұртқа қызыға әңгімелеп беруді дағды етеді» [49, б. 5].

Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклоризмнің түрлі құбылысын айқындау үшін алдымен оның осы әдебиетке қызығушылығының неден бастау алғанын айқындап, оның өмір жолындағы халық әдебиетінің рөлін саралау маңызды. Осы мақсаттағы жұмысымызға қажетті деректі алдымен жазушының өзінің әңгімесінен алдық. «Автобиографиялық әңгіме» деп аталатын мемуарлық шығармасында жазушы жақын туысы Ботбайды ерекше жылылықпен сөз етеді. Қобыздың да, домбыраның да құлағында ойнайтын



Ботбай бұрынғы сал-серілердің сарқытындай жүйрік ат пен қыран құс та баптайтын адам екен. Сонымен қатар өзінің айналасына өнерге құштар жастарды жинап, оларға аспапта ойнауды үйретіп, үнемі ән-жырмен үйіріп жүретін жақын ағасынан Ғабит шығыстан келген діни, ғашықтық дастандармен де алғаш танысады. Жазушының балалық шағында Ташкент, Бұхар, Қазан арқылы жеткен қиссалар ел арасына көптеп тарайды. Солардың ішінде «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Көрұғлы» сияқты қазақтың төл дастандары да айтылып жататын. Діни қиссалардан гөрі осы жырлар бала Ғабиттің көкірегінде ерекше қатталғанын аңғарамыз [50, б. 302]. Осылайша, Ботбай сері бала Ғабиттің бойында халық әдебиетіне, ән-жырға деген ерекше құштарлықты оятқанын жазушы ықыласпен еске алады. Әсіресе жалғыз қызы Бәтима төркіндеп келгенде, қызы домбыра, әкесі қобызбен қосылып айналасын ән-жырға бөлеп кеткенде әр ауылдан шұбырған жұрттың ағыны жазушының өнерге деген құлшынысының оянуына сеп болғандығы анық.

Ғ. Мүсіреповтің кейін мықты сөз зергері ретінде қалыптасуына әсер еткен келесі бір саты оның нағашысының аулында білім алған тұсы. Пресногорьков орыс-қазақ бастауыш мектебінде бала Ғабит атақты Бекет Өтетілеуов сынды қазақтың біртуар азаматынан білім алады. Әдебиетке деген ынтасын байқаған ұстазы баланың осы құмарлығын мақсатты түрде ұштап, бағыттай түседі. Бекет Өтетілеуов – Ыбырай Алтынсариннің ұлы ұстаздық жолын, педагогикалық ұстанымдарын қазық еткен педагог, бір жағынан ұлы Абайдың реалистік жолын жалғастырушы, солар негізін қалаған ағартушы-демократиялық ағымның көрнекті өкілі. Жаңа әдебиеттің ыстық-суығын көтеріп, жанрлық жағынан байытқан педагог-жазушы өзі оқытқан балалар арасынан жылт еткен таланттың көзін байқаса, қалайда әрі қарай білімін шыңдап, бағыт-бағдар беріп отырған. Оның сол қасиеті Ғабиттің аталмыш әңгімесінде жақсы берілген, оның ұлы суреткер боп қалыптасу жолындағы Бекет Өтетілеуовтің ықпалы осы әңгімесінде айқын көрініс табады. «Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңін берді. «Жиған-терген» маған өте ұнады. Бірақ «кәне, несі ұнады?» деп сұрағанда, мен оған жауап айта алмадым. Содан соң ол маған бір жетіге «Шаһымаран» қиссасын беріп, кейін ертегі ретінде түгел айтқызып шықты. Желілі әңгіме есте қалған екен, мен сүрінбей айтып бердім. Бір кеште, Бекеттің өз үйінде он шақты адамға тағы бір тыңдатты» деп оқушыдан алғаш рет оқыған шығармасының мазмұнын баяндаумен ғана шектелмей, әңгіменің поэтикалық құндылығын түсініп айту қажеттігін ұғындыра білгенін байқаймыз [50, б. 308]. Алдына келген баланың көкірек көзін оятып, бойындағы талант көзін одан әрі ұштаудағы мұғалімнің ерекше тәсілін жазушы жақсы береді. Осылайша, бала кезінен-ақ қисса-жырларды, ертегілерді оқуға деген құмарлығы, ауыз әдебиетіне деген ықыласы оның көркем туындыларында желі тартып жататын фольклорлық мотивтердің бастау көзі болғандығына дәлел. Жазушының әдебиетке, жазуға келуіне игі әсер еткен, тіпті тікелей әкелген Сәбит Мұқанов болатын. Жиырмамыншы ғасырдағы классикалық қазақ әдебиетінің қос алыбы өмірде де, өнерде де қатар жүрді, өз қолдарымен ұлттық әдебиеттің уығын

қадады. Сәбит әдебиетке ертерек араласқан. Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға келген кезде Ғабиттің жазушы болам деген тіпті ойында да жоқ еді. Ал Сәбит бұл кезде әбден танымал болып қалған ақын, прозада да сүрлеу салып, публицистикада да қаламы ұштала бастаған-ды. Ғабиттің 1923 жылы әкесінің қарсылығына қарамастан Орынборға оқуға келуіне де тікелей ықпал етеді, екеуі бір бөлмеде тұрады. Бұл кезде әжептәуір танымал боп қалған Сәбит Мұқановтың шығармашылық шабыт үстіндегі ғажайып сәттерін ерекше ықыласпен баяндайды. Жазушының шығармашылық адамының шабыт үстіндегі күйін берген суреттеуінен-ақ суреткерге қажет қасиеттердің бірі жіті бақылағыштықтың бойында бар екенін байқаймыз. «Сәбит өлеңді іркілмей де қиналмай жазушы еді, жағдай да талғамайтын. Бір столдың үстінде ол өлең жазып, мен есеппен басым қатып, бірге отырамыз. Кейде оның өлеңге еріп бұл бөлмеден шет дүниеде, алыстағы бір оқиғалар арасында, шытырман суреттердің ортасында отырғанын сезінемін де қызығып қоямын. Қазір оның ойында оқу да жоқ, тоқ-жарау тұрмысымыз да жоқ, басқа түрлі күнделік қуаныш-қайғысы да жоқ, тек қана өлеңге ауысатын суреттер, өзі ғана айқын көріп, үнсіз тілдесіп отыратын адамдары бар. Бұл ақынның бір қымбат шағы ғой. Өлең үстінде Сәбитті мен осы халде талай көрдім. Сонысына қызығушы едім» деп суреттейді [50, б. 313]. Сонда бұл кезде Мүсіреповтің әлі де әдебиетпен айналысу ойында жоқ екенін, бірақ алғашқы қызығушылық сияқты сезімдердің оянғанын байқаймыз. Кез келген қаламгердің өмірінде әйтеуір бір түрткі, қозғау салатын шабыт күшінен өзге бір түрткінің болатынын байқаймыз. Сол сияқты Ғабиттің қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған қадау-қадау шығармаларының дүниеге келуіне себепкер болған, тұншығып жатқан талантының буын байқап, бұлақ көзінің ашылуына түрткі болғаны үшін қазақ әдебиеті Сәбитке қарыздар еді деуге болады. «Ғабиттің жазушылығының тұтас алғанда өзіне тән бірнеше өзгешеліктері бар: бірінші – бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды; екінші – бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды, сондықтан шығармаларының шикісі аз болады; үшінші – жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртінші – шығармасына өте ұқыпты, сондықтан хал-қадірі жеткенше олпы-солпысыз шығарады; бесінші – тілге үнемшіл, сипаттап, суреттеп отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды; алтыншы – жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады; жетінші – адам портретін жасауға, қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі» деген Сәбит Мұқановтың пікірі өзі баптап үлкен додаға қосқан Ғабит шығармашылығын әрбір тынысына дейін сезінгін адамның пікірі еді [51, б. 5]. Кітапқұмарлығын және өзі оқыған көркем шығармаларды азды-көпті сынай алатындығын байқаған Сәбит оның қолынан жазу келетінін айтып мазалай береді. Газет басқармаларынан қаулы-қарарлар әкеліп аудартып жүреді. Ол бір оңай табыс көзі болғанын, сол кезде ылғи қате аударылған, қате аударылмаса ешкім түсінуге болмайтын қаулы-қарарлардың қазақшасында өзінің де еңбегі бар екенін айта келіп, бірақ ол кезде «көркемдіктен ауылы алыс», ойында «сылдыраған келісім де», еріксіз сүйреп әкететін суреттер де оянбағанын осы өмірбаяндық әңгімесінде баяндаған Ғабит

өзін жазуға әкелген Сәбит екенін айтады. Жазушы өзінің жазуға талабы тек жұмысшылар факультетін бітірер кезде ғана ояна бастағанын, сонда да жүрегі дауаламай Омбы ауылшаруашылық институтына барып түскенін баяндай келіп, нағыз әдебиетке «алабұрту» осы кезде басталғанын айтады. «Есеп үстінде отырып, тәжірибе станциясында ауыспалы егін салып жүріп, те ой алаңынан құтыла алмай қойдым. Өзгелер ауылшаруашылық үйірмелеріне кеткенде, мен әдебиет үйірмесіне жазылдым. Жеті студент ортадан жалдап, өзін Белинскийдің шәкіртімін деп жүрген қартаң бір педагогтан қыс бойы оқыдық» дейді аталған әңгімесінде. Осылайша, жазушының өмірлік аңсарының әдебиет екендігі айқындалады. Ғ. Мүсіреповті әдебиетке әкелген Сәбит Мұқановтың да фольклорлық дәстүрлерді пайдалану шеберлігі стильдік даралығымен айқындалады. Фольклорды пайдаланудың нағыз үлгісі С. Мұқанов шығармашылығында жатыр. Халқымыздың шұрайлы көркем қазынасын өз туындыларында шығармашылықпен игерді. Ол да М. Әуезов сияқты алдымен халық ауыз әдебиеті мұраларын жинау ісіне араласты, зерттеумен айналысты. Оның стилі халықтың өзімен тұтасып, бір-бірінен ажырамастай бірлікте. С. Мұқанов пен фольклор егіз. Қазақтың байырғы жыр үлгісін поэзиясына еркін енгізген ол халықтың дәстүрлі тіл орамдарын, айшықты сөз кестелерін, көркемдік тәсілдерін де шығармаларының өн бойында шеберлікпен үйлестірді. Қаламгердің поэзиясындағы фольклорлық дәстүрлерді зерттеген ғалым Қ. Байтанасованың пікіріне біз өз мақаламызда сілтеме бердік [48, б. 38].

Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық бастауында жол көрсетіп, жазудың қыр-сырына бойлатып, оң әсер еткен тағы бір тұлға – Бейімбет Майлин. Ол туралы жазушы кейін өзінің «Біздің Би-аға» әңгімесінде баяндайды. «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшысы қызметіндегі Б. Майлин сол жерде әдеби қызметкер боп жасап жүрген Ғабиттің өңдеп апарған материалдардың бірін тексерген соң, жазуға ыңғайының бар екенін байқап, өз тарапынан да бірдеме жазып көруін тапсырады. Жазуға қанша талаптанса да, ештеңе келістіре алмай жүрген Ғабитке бұл сөз қамшы болады. «Пресногорьков жоғары-бастауыш мектебін бітірерде еркін тақырыпқа орысша жазған он бет әңгімемнен 150 қате шыққан. Әр бетте 15 қате! Жас оқытушы Сильвия Михайловна оныма бес қойған. Қасында қызыл кресі бар. Басқа оқытушылар оны жарты сағат талағанына бой бермей, жеңіп шыққан-ды. – Жазушы болады, – деген. Сол байғұстың болжалын ақтағым келіп, талай талаптансам да, бұл күнге дейін еш нәрсені келістіре алмай, үміт үзуге бет алған кезім еді. Бейімбет сол сөне бастаған үмітті қайта оятқандай болды» [50, б. 273]. Осы жағдайдан кейін ғана Ғабит төрт таңды көзінен атырып, «Тулаған толқында» әңгімесін жазып шығады. Алғашқы әдеби соқа осылай салынады. Осы үзіндідегі бір деталь – мектеп мұғалімінің жазушының қатеге толы жазбасынан жазуға деген ұшқынды байқауы. Осы сенімнен басталған жазушы талпынысының өзегі Бейімбеттің тікелей бағыттауымен үлкен арнаға түседі. Жазушының «Біздің Би-аға» очеркінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Ғ. Мүсіреповтің әдебиетке келу жолына шолу жасаудағы көздегеніміз – шығармашылық тағдырында жолыққан, жол көрсеткен, сенім білдірген замандас

аға буынның әдеби дәстүрінен үйрену оның негізгі суреткерлік кредосын да айқындап бергенін айту. Алдыңғы Ботбай, Бекет Өтетілеуовтей ағартушы ұстаздар Ғ. Мүсіреповтің фольклорлық туындыларға сүйіспеншілігін оятқан, оның бойындағы алғашқы ұшқынды байқап, жігерін жаныған, әдебиетке аңсарын бұрған азаматтар, ал С. Мұқанов, Б. Майлин сияқты сол заманда қазаққа танымал боп үлгерген, қазақ әдебиетінің іргетасын қалаған тұлғалар халық мұралары дәстүрін жаңашылдықпен жалғастырған суреткерлер еді. Олардың игі ықпалы орасан зор болды. Осылайша басталған алғашқы сұрлеу жазушыны сол кездегі «әдеби қазан» Кеңестер одағы әдебиетін жасаушы алыпқа айналдырды. Осы ұлы жолда жазушыға негізгі темірқазық болған, әрине, халықтың асыл мұралары болды. Бала кезінен құлаққа сіңіп, бойға тараған ата-бабамыздың рухани қазынасымен өскен жазушының шығармаларында фольклорлық дәстүр арна тартып жатады.

Көркем әдебиеттегі фольклоризмді жекелеген суреткердің поэтикалық әдіс-тәсілдер жүйесі деп қана қарау дұрыс емес. Оған біртұтас дүниетанымдық, философиялық категориялар жүйесі ретінде қарап, олардың өзара байланысының заңдылығын түсінген жөн. С. Қасқабасов фольклордың теориясы қарастыратын мәселелердің ішінен фольклорлық дәстүрлерді ерекше атайды. Фольклордағы дәстүрді бұрыннан бар, жолға қойылған творчестволық әдістің жалғасуы десе, әдеби дәстүр сол бұрыннан бар дүниені жаңартып жалғастыру дейді [52, б. 11]. Әдебиеттің даралық сипаты айқын, ол ескіні сол күйінде өзгеріссіз қайталамайды, керісінше автор дара қолтаңбасымен өзіне дейінгіні жаңғыртып ұсынады. Осылайша, дәстүр халықтың рухани көркемдік-эстетикалық өмірі жағдайындағы бұрынғы әдеби мұраны замандарға жалғап, ұрпақтарға таратудың негізгі жолдары, ол ұлттық рухты бойына сіңірген әр суреткердің шығармашылығында еріксіз көрініс табатын жанды процесс. Дәстүр – заманалар легінен өткен тәжірибелердің жемісі, уақыт сынына төтеп берген, ұрпақтардың ақыл-ой елегінен сүзілген, тұрмыстың түрлі сынағына жауап бере отырып өміршеңдік сипат алған, әрдайым өсіп, өзгеріп, жалғасып отыратын белсенді құбылыс. Оның ең озық, өміршең үлгілерін жаңартып, жаңаша түр, мазмұн беріп, бүгінгінің аса зәру әдеби-эстетикалық қажетіне жарату жаңашылдық боп табылады. Мінекей, осы эстетикалық категориялардың бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің қатарынан табылуының өзіндік тарихнамасы бар. Осы орайда соңғы кезде шетелдік ғылыми журналдарда да соны пікірлер жарияланып жүр: «Interpretation of the national myth and folklore is an integral feature of fiction that contributes to its aesthetic enrichment. The study of the use of myth and folklore in the literature is relevant and facilitates identification of the national world view embodied through an individual author's vision. The analysis of the myth and folk element in the literature is an important component of the literary science aimed at identifying artistic and aesthetic features of literature» [53, б. 11].

Ғабит Мүсірепов – халықтың ауызша мұраларының бар асылын өн бойына сіңіре отырып, оның дәстүрлерін көркем әдебиетке әкелген алғашқылардың бірі. Сан ғасырлардан жеткен халық эпостарына жаңа түр беріп, жаңа әдебиеттің кәдесіне жарата білген жазушы. Жазушының қай туындысында да ұлттық

әдебиеттің поэтикалық құнары айқын сезіледі. Ғ. Мүсіреповке тән қолтаңба ретінде оның шығармашылығының фольклорлық негізі анықталады. Қазақ әдебиетінің жаңаша дәстүрмен дамуын фольклорлық мотив негізінде көрінеді.

Әдебиет тарихына көз жібергенде байқалатын бір тенденция – жиырмамыншы ғасыр басындағы жазба әдебиетті қалыптастырушылардың әрқайсысының шығармашылық зертханасында халықтың ауызша көркемдік мұраларының терең орын алатындығы. Мәселен, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіровтердің әрқайсысының әдеби ғұмырнамасына көз жіберсек, фольклорлық тақырыптарға емін-еркін барып, көркем әдебиеттің қазанында жаңаша түрлендіргенін байқаймыз. Әрқайсысы әртүрлі деңгейде фольклорға сүйенді. Тақырыптық, стильдік, жанрлық жағынан сан қилы формада игерді. Бұған әсер еткен негізгі факторлардың бірі, әрине, ішкі әдеби заңдылықтар, яғни дәстүр. Әдебиетке алғаш қадам басқан тұста ғана емес, шығармашылық ғұмырының барлық кезеңінде, тіпті шеберліктің шыңына жеткен тұсында да қаламгерлер фольклордан қол үзбейді, өне бойы сүйенеді, кейін профессионалдық деңгейге жеткен тұста да олардың қолтаңбасынан фольклордың ізі генетикалық тұрғыда байқалады. Фольклорды тақырып етпесе де, олардың сөз саптау стилінен, бейнелеу тәсілдерінен, ойлау жүйелерінен халықтық әдебиеттің құнары аңғарылады. Тағы бір себеп – қоғамдық-тарихи факторлардың әсері. Қоғамның даму барысында маңызды тарихи өзгерістер болып жатқан тұстарда әдебиет әрдайым жаңа заманның тынысын беруге ұмтылатыны рас. Тарихи шындықты себебіне көз жеткізе отырып, әлеуметке көркемдік шындық аясында жеткізеді. Осы кезде әдебиеттің алдымен сүйенетіні – ұлттық құндылықтар, ал оның қайнар көзі – фольклор. Жазуы ерте дамыған елдер үшін фольклор өте көнедегі шығармашылық ойдың көрінісі сияқты болуы мүмкін, бірақ қазақ халқы үшін ол көркемдік, тарихи энциклопедия іспетті. Қазақ ауыз әдебиеті дегеніміз – көп ретте халықтың эстетикалық қажетін өтеген, фольклордың да, жазба әдебиеттің де қызметін атқарған, осы екеуінің де сыпаттарын бойына дарыта алған өзгеше әлем. Бүгінде жазба әдебиет нақты дүниені көркем бейнелеуде, жеке адамның ішкі жан дүниесіне үңілу арқылы терең түсінуде үлкен жетістіктерге жеткенін тәжірибе көрсетіп отыр. Солай бола тұра ол ұлттық эстетиканы бойына сіңіріп, стильдік алуандылықты бейнелейтін фольклорлық дәстүрлерге сүйенуді тоқтатқан емес. «Oral poetic insights are identified as a catalytic factor in the evolutionary growth of literature» деген ғалым пікірін қоштаймыз [54, б. 421-427]. Түптеп келгенде, әдебиеттің фольклорлық концепциясы жаңа әдебиеттің ұлттық, халықтық сипатының өркендеуіне жағдай жасайды. Бастысы, фольклордан нені алу, нені үйрену керегінде. Осы орайда, қазақ әдебиетінің бастауында тұрған ұлт зиялыларының қай-қайсысы да ауыз әдебиетінің озық көркемдік тәсілдері мен дәстүрлерін шығармашылықпен игеріп, оларды жаңаша мазмұнда түрлендіріп, жаңарта дамытты. Фольклордағы поэтикалық суреттеу тәсілдері жазба әдебиеттің тілін одан сайын құнарландыра түсті. Ғабит Мүсірепов шығармашылығы да осы өреден көрінді. Оның есімі сөз өнерінің тарихына өшпес құбылыс боп жазылды. Өткен ғасырда ғұмыр сүріп, сөз өнерін жоғары

деңгейге көтерген Ғ. Мүсірепов шығармалары дәл бүгінгі күні де сол деңгейден түскен жоқ, сұранысы жоғары, тақырыбы өзекті, идеясы өтімді, ұсынар ұлағаты терең. Суреткерлік қолтаңбасы қазіргі ауқымды әдеби үдеріс айдынында ерекше айшықты, бедерлі. Қаламгер шеберлігі, әлбетте, оның өнер айдынында салған соны соқпағымен ерекшеленеді. Ешкімге ұқсамайтын, қайталанбайтын өнер туындысының ғұмыры ұзақ болмақ. Көркем әдебиеттің болмысына таптаурындық жат. Жазушы өзгенің емес, өзі таныған өреден, өзі жеткен биігі тұрғысынан өмір шындығын бейнелейді. Ақиқат өмір көрінісі неғұрлым шынайы берілген сайын, шығарманың ғұмыры да соғұрлым тереңдей түседі. Әр заманның оқырманының сұранысына жауап бере алған шығарманың өміршеңдігінің сыры оның фольклормен байланысында жатыр.

Фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы проблемасы – бұл екеуі де мәдени өрнектің формалары, бірақ идеялар мен оқиғаларды жеткізу үшін әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолданады. Фольклорлық дәстүрлер қазіргі жазушыларға ұлттық мәдениетте тамыры терең төл туындылар жасауға мүмкіндік беретін мол шабыт көзі болып табылады. Екеуінің шығармашылық байланысының болуы заңды құбылыс. Фольклор мен әдебиет тірі организмдер сияқты өзара әрекеттеседі, үнемі идеялар мен формалармен алмасады, бұл олардың қарым-қатынасына шексіз шығармашылық әр және жүйелі серпін береді. Бұл өзара байланыс әдебиеттің тірі және өзекті болып қалуына, мәдени мұраны қазіргі заман контекстінде бейнелеп, қайта түсіндіруге мүмкіндік береді. Бүгінгі жаһандану дәуірі әдебиетке әсер етіп, әдеби өлшемдер мен талғамдардың бірігуіне, кейде ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігінің төмендеуіне әкеліп соғуы мүмкін. Бұл, бір жағынан, ұлттық әдебиеттің өзіндік бірегейлікті сақтауы тұрғысынан оған жаңа міндеттер де қояды. Осы орайда, қазіргі қазақ әдебиетін заман талабымен тұтастықта дамытуды қолдаған Р. Тұрысбек пікірімен келіспеске болмайды [55, б. 108].

Жалпы, фольклордың әдебиетке енуі мәтіндерді байытатын, оларды тереңірек, көп қырлы және мәдени маңызды ететін, белгілі бір көркемдік айналымнан өтетін шығармашылық үдеріс. Фольклорлық элементтер әдеби шығармаға мәдени сәйкестілік пен ұлттық ерекшеліктерді көрсететін етіп кірігеді. Әдебиеттің көркемдік жүйесінің аясына енген фольклорлық элементтер өзінің таза күйінде қолданыла бермейді. Одан әрі әдебиеттің қойнауында жаңаша өмірін бастайды және ол әртүрлі деңгейде жүзеге асады. Кейде фольклорлық түпнұсқаның құрылымы мен стилін сақтай отырып қаламгерлер оларды толығымен өз шығармаларына өзгеріссіз енгізсе, ал енді бір авторлар оларды өз мақсатына қарай бейімдеп, жаңа көзқараспен қайталай алады. Кейде фольклорлық мотивтер әдебиетте белгілі бір ойды немесе образды жеткізетін белгі немесе метафора ретінде қолданылады. Мұндай элементтер шығарманың идеясын тереңдетіп, мазмұнды етуге көмектеседі. Демек, фольклор мен әдебиет бір-бірін толықтырып, әдеби мұраны байытып, шығармаға ерекше леп пен тереңдік береді. Бұдан түйетініміз, екі көркемдік жүйенің өзара байланысы күрделі шығармашылық айналымнан өтетін процесс. Осылайша, фольклоризмді жазушының саналы түрде дамытып, фольклорды жүйелі-құрылымдық,

лексикалық, образдық және идеялық деңгейде түрлендіру процесі деп те анықтауға болады. Бір жағынан, бұл жазушының дүниетанымы, оның азаматтығына сәйкес келетін халық мәдениеті және дүние бейнесін қабылдау ерекшелігі арасындағы бейсаналық байланыс деп түсіну керек. Қалай десек те, фольклор мен әдебиет – өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, сөз өнерінің бір түрі ретінде бір-бірімен тығыз байланыстағы екі бөлек көркемдік жүйе.

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов қолданысындағы фольклоризмдерді саралағанда, ең әуелі, фольклордың төл туындыларын тікелей әдебиеттің жаңа жанрында қайта тірілтуін, тақырыптық ерекшелігін атаймыз. Оның фольклорға бала кезінен іңкәрлігінің, көкейіне халықтың сөз өнерінің қасиетін қондырғандығының бір көрінісі – естіген аңыз-ертегілер мен жыр-дастандарды жадына тоқып, оны қызықты етіп қайта әңгімелеп беруді дағды еткендігі [50, б. 5]. Осылайша, жазушы фольклоризмнің алғышарттары табиғи жүзеге асып жатты. Шығарма жазу – тума қабілеттің, оған қоса ерінбей ізденіп, дағды қалыптастырудың нәтижесінде іске асатын қиын еңбек. Ол бірер таңның, бір мезгілдік қызбалықтың жемісі емес, жалықпай жаттығуды, көп еңбектенуді талап ететін жұмыс. Жұртқа аян, қандай шығарма болса да халыққа қызмет етуі қажет. Бұл мақсатқа жету үшін, ең алдымен дүниеге өзіндік көзқарас орнату керек. Жазудың негізгі бағыты жөнінен алғанда, дүниеге көзқарас шешуші роль атқарады. Қандай шығарма болсын автордың дүниеге көзқарасының жетекшілігінде жазылады. Анығырақ айтқанда, сол туындыда қалам иесінің дүниетанымы, көзқарасы, сезімі, ұстанымы көрініс табады [56, б. 5]. Ғабит Мүсірепов – шығармашылық жанкештіліктің нәтижесінде шеберліктің шыңына шыққан қаламгер. Оның жоғарыда айтқан жазушы болу тарихындағы ұзақ жолы таланты мен қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асты. Бейімбет Майлиннің оң бағасымен әдебиетке жол салған алғашқы әңгімесінен-ақ қаламы шыңдалған оның нағыз таланты драматургия жанрында жарқырай түсті.

Жазушы шығармашылығының зерттелуі әдебиеттану ғылымында өз алдына бір арна құрағанын, жеке ғабиттану саласының тарихнамасын жасауға болатынын байқадық. Көрнекті ғалым Н. Ғабдуллин өз диссертациясында Ғабит Мүсіреповтің ең алғашқы драмалық туындыларынан бастап, ең ақырғы «Болашаққа аманатына» дейінгі бүкіл пьесаларына кең талдау жасады [49]. Жазушының драматургиялық шеберлігінің сырын анықтауға күш салды және драматургия мәселесіне қатысты келелі ойларын зерделеді. Профессор Темірғали Нұртазин қазақ прозасының даму тарихын зерттеу барысында Ғ. Мүсірепов шығармаларын бір бөлек қарастырып, оның негізгі ерекшеліктеріне тоқталады [57]. Қ. Құттыбаев «Оянған өлке» романы бойынша диссертация қорғады, М. Бекбергеновтің ғылыми жұмысының негізінде «Ғ. Мүсіреповтің прозасы» атты зерттеу еңбегі жарық көрді [58]. Еңбекте жиырмасыншы жылдары жарыққа шыққан жазушының алғашқы әңгіме-повестерінен бастап, кеңес әдебиетінің алтын қорына қосылған соңғы ірі туындылары «Оянған өлке», «Жат қолында» романдарына дейінгі шығармашылық жолына талдау жасайды. Жазушының суреткер ретіндегі өсу жолы, оның ізденіс мектептері, идеялық-эстетикалық дүниетанымының кеңеюі,

шеберлік жолындағы тынымсыз hareket ерекшелігі М. Бекбергенов еңбегінде қарастырылады. Белгілі ғалым-сыншылар Е. Лизунова [59], З. Кедриналардың қазақ прозасы туралы зерттеулерінде Ғабит Мүсірепов романдарына талдау жасалды [60]. Профессор Ә. Нарымбетовтың Ғ. Мүсірепов библиографиясын жасаудағы ғылыми еңбегі өлшеусіз [61]. Ол жазушының 1972-76 жылдары бес томдық және 1980 жылы жарық көрген академиялық үш томдық шығармалар жинағын баспаға дайындап, ғылыми түсініктер жазды. Ғабиттануда профессор Ж. Ысмағұловқа соқпай кетуге болмайды. Ғалым бұл салаға да көп уақытын арнады. Ғ. Мүсірепов шығармаларын кеңінен талдап, зор баға берді, жазушы туралы жаңа деректер жариялады [62]. М. Тілеужановтың Ғабит Мүсірепов көркем шығармаларындағы сатира мен юмордың әлеуметтік мәнін талдаған «Астарлы әзіл» еңбегі 1978 жылы жарық көрді [63].

Асқан дарындылығының, ізденімпаздығының арқасында қазақ әдебиетінің алдыңғы шебіндегі қаламгерлер легіне ерте қосылған Ғабит Мүсіреповтің қозғамаған тақырыбы кемде-кем. Көркем сөздің хас шебері, әрі драматург, қарымды публицист Ғ. Мүсіреповтің ұлттық әдебиетіміздің деңгейін арттыруда еңбегі қаншалықты ұшан-теңіз болса, соғұрлым ұлттық ғылым да Ғабиттану саласы арқылы кемелдене түсті. Оның шығармашылығы туралы сын-пікір арнап, қалам тербеменген қаламгер жоқтың қасы. Қазақ халқының рухани дүниесіне мол үлес қосқан өз замандастарынан бастап, М. Қаратаев, Х. Әдібаев, Ә. Нарымбетов, М. Базарбаев, Ж. Ысмағұлов, Р. Бердібаев, С. Қирабаев, З. Қабдолов, М. Тілеужанов, З. Бисенғали, Б. Майтанов сияқты әдебиеттанушы ғалымдар да жазушы шығармашылығын әр түрлі қырынан талдап, зерттеу мақалалар, ғылыми жұмыстар арнады. А. Жаназарова «Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясының негізі – халықтық әлеуметтік-тұрмыстық эпос» тақырыбында 1974 жылы кандидаттық диссертация жұмысын қорғап, онда жазушының фольклорлық мұраға тікелей қалам тербеуінің заңдылығы мен осы мұраның трагедияда терең идеялық жаңа мағынаға ие болуының тарихи-әдеби шарттылығын көрсетеді. Р. Нұртазина «Публицистика Г. Мусрепова» атты кандидаттық диссертация қорғап, осы негізде жеке кітап басып шығарды [64]. Еңбекте жазушының журналистика саласындағы бай тәжірибесі мен публицистикалық қызметінің жалпы принциптері жан-жақты талданды. М. Бақбергенов 1973 жылы Ғ. Мүсірепов прозасының негізінде «Эстетические особенности творчества Г. Мусрепова» тақырыбында ғылыми жұмыс қорғады. Жазушының аудармашылық шығармашылығы А. Альмуратованың «Ғабит Мусрепов – переводчик русской драматургии» атты диссертациясында арнайы сөз болды [65]. 1975 жылы Ж. Молдағалиевтің «Ғабит Мүсірепов новеллаларындағы лирикалық дәстүрлер» деген еңбегінде де жазушы шеберлігінің тағы бір қыры зерттеледі. Р. Мейрамғалиеваның «Образные системы в романе Г. Мусрепова в переводе на русский язык» атты кандидаттық жұмысында жазушы романдарының орыс тіліне аударылу проблемасы, ондағы образдар жүйесінің берілу ерекшелігі қарастырылады [66]. Ғабиттану саласына қосылған маңызды еңбектердің қатарында Ж. Құлыбекованың «Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Жат қолында» романдары: аударылуы, әдеби сында бағалануы»



[67] және А. Ибраеваның «Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Жат қолында» роман-дилогиясының шығармашылық тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстарын да атаймыз [68]. А. Оспанов «Қазақ солдаты» романының творчестволық тарихын зерделеп кандидаттық диссертация қорғады [69]. А. Жұмағұлованың «Ғ. Мүсірепов әңгімелерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері», Б. Мұратбектің «Қазақ әдеби тілін дамытудағы Ғ. Мүсірепов рөлі (көзқарасы мен ұстанымдары)» [70] атты ғылыми жұмыстарында жазушы еңбектері тілдік жағынан зерттелді.

Жазушы шығармашылығын түрлі қырынан талдап, арнайы қарастырған еңбектердің қатары соңғы жылдары артып, сүбелі зерттеулермен толықты. С. Әшімханованың «Поэтика прозы Г. Мусрепова» атты докторлық диссертациясы Ғабиттану ғылымына қосылған қомақты еңбек [71]. Ғ. Мүсірепов прозасының поэтикасын мәтіннің творчестволық тарихымен байланыстыра отырып, оның композициялық поэтикасын, архетиптік сарындар мен образдар жүйесінің поэтикалық тарихын негіздейді. Сонау 1970 жылы «Ғ. Мүсірепов шеберлігі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған Х. Әдібаев еңбегінен кейінгі сүбелі еңбектердің қатарынан саналады. Міне, Ғабит Мүсірепов шығармашылығы жарты ғасыр бойы әдебиеттану ғылымының мінберінен түспей, жан-жақты қырынан зерттеліп, зерттелген сайын тот баспайтын алтындай одан сайын жарқырай, жаңа бір қыры анықталып, өз алдына бір арнайы ғылыми арна құрап келеді. Соның бірі бүгінгі біз сөз қозғап отырған тақырып – фольклорлық мотивтерді пайдалану ерекшелігі. Жазушы шығармашылығы осылайша жан-жақты қырынан зерттелгенімен, оның туындыларындағы фольклорлық мотивтерді қолдану ерекшелігі мәселесі бүгінге дейін қарастырылмаған. Біз зерттеуімізде Ғабиттанудың осы арнасын талдадық.

Диссертациямыздың теориялық негізін проза жанрын зерттеген және жеке қаламгерлердің шығармашылығындағы фольклорлық дәстүрлерді зерттеуге арналған ғылыми жұмыстардағы тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар құрайды. Біз зерттеу еңбегімізде әлемдік және отандық фольклортанушы ғалымдардың фольклор мен әдебиеттің байланысын, фольклорлық жанрлар мен фольклорлық сарындар, сюжеттер мен образдар проблемасына қатысты маңызды зерттеу жұмыстарын басшылыққа алдық. Фольклор мен әдебиеттің байланысы тарихи өзектіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Ұлт призмасы арқылы Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы стиль мен жазу шеберлігінің кейбір ерекшеліктерін біз өз мақаламызда талдасақ [72, б. 794-808], З.С. Сұлтанова жаһандық фольклор мен шетел классиктерінің кейіпкерлерінің ұқсастығын көрсетіп, В. Шекспир мен қазақ жазушылары М. Әуезов пен Ғ. Мүсіреповтің шығармаларына салыстырмалы талдау жасайды [73, б. 187-200]. Сонымен бірге З. Құндақбаева мен Қ. Рүстемнің еңбегінде де Ғ. Мүсіреповтің шығармаларына әдеби талдау жүргізілді [74, б. 29-44]. Осылайша, теориялық тұрғыда зерделей келе, Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің алғышарттарын және оның ішінде драмалық туындыларда көрініс табуын қарастыруды жөн санадық.

### 1.3 Ғ. Мүсіреповтің эпикалық драматургиясындағы фольклорлық мотивтер

Фольклор халықтың өмірімен, өткен тарихымен, өмірлік дағдысымен, сана-сезімімен, ой-өрісімен біте қайнасып жатқаны бәрімізге аян. Дүние жүзіндегі барлық халықтардың фольклорлық мұрасы ғасырлар бойы сақталып, әр халықтың ерекшеліктеріне сай өзінше қалыптасады. Дегенмен бір халықтың фольклорлық мұраларында жиі кездесетін тұрақты мотивтер мен сюжеттер генетикалық туыстас немесе ұқсас тарихи, әлеуметтік, экономикалық және басқа да жақындығы бар халықтардың аңыздарында да кездеседі. Мұның себебі түсінікті. Мысалы, туыстас түркі-моңғол халықтарының географиялық кеңістігі, тарихи шығу тегі, этнопсихологиялық, әлеуметтік, экономикалық ұқсастықтары көп жағдайда бірдей. Алайда ортақ белгілер тек аралас ортада өмір сүретін бір текті халықтар арасында ғана емес, шалғай құрлықтарда орналасқан екі елдің фольклорында да көрініс табады.

Жалпы, «мотив» әдеби терминінің тамыры өте тереңде жатыр. Ол тіпті музыкалық термин ретінде қолданысқа еңбестен бұрын пайда болды. Алғаш әдебиетте Аристотель, Платон сияқты ежелгі философтар мен жазушылардың еңбектерінде қолданылған. Әдебиетте мотив, әдетте, маңыздылығы бар және белгілі бір идеяларды немесе сезімдерді жеткізу үшін қолданылатын қайталанатын тақырыптық элементті немесе символды білдіреді. Ортағасырлық және қайта өрлеу дәуірі әдебиетінде мотивтер мәтінді безендіру және жүйелеу үшін кеңінен қолданылып, шығарманың әртүрлі бөліктері арасында байланыс жасап, оның мағыналық тереңдігін байытқан. Ал оның сөз өнерінің термині ретіндегі зерттелу тарихына көз жіберсек, өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап орыс ғалымдары В.Я. Пропп, А. Веселовскийлердің еңбектерінде қарастырыла бастаған. Олар дәуірден дәуірге, бір халықтан екінші халықтың фольклорында көшпелі сюжеттер сарыны бар деп қарайды. Ал XX ғасырдың озыншы жылдарында американдық ғалым С. Томпсон дүние жүзі фольклорында көп кездесетін мотивтерді жинақтап, олардың индексін жасап, «Халық әдебиетінің мотив-көрсеткіші» атты кітап шығарады. Мотивтерді бір әңгіменің бірнеше ғасырларға дейін жалғасып жететін ең кіші бөлшегі деп анықтайды. С. Томпсон бұл еңбегінде әртүрлі фольклорлық шығармаларда қайталанатын негізгі мотивтерді анықтауға және жіктеуге көңіл бөледі. Ол мотивтерді нөмірлеу және санаттау жүйесін ұсынады, оның көрсеткішін әлемдік фольклорлық дәстүрді зерттеу мен салыстырудың құнды құралына айналдырады [75]. Стиг Томпсонның еңбегі фольклор мен әдебиеттану ғылымына қосылған маңызды үлес болды және салыстырмалы фольклор саласындағы кейінгі зерттеулерге айтарлықтай әсер етті.

Әдебиеттегі фольклорлық мотивтерді зерттеу қазіргі әдебиеттану ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Фольклор өзінің мол мотивтерімен, рәміздерімен, бейнелерімен зерттеушілердің назарын үнемі аударып отырады, оның көркем шығармашылыққа ықпалы даусыз шындық. Фольклорлық мотивтерді өз шығармашылығында белсенді пайдаланатын

әдебиет әлемінің жарқын өкілдерінің бірі – қазақтың көрнекті жазушысы, драматургі Ғабит Мүсірепов. Жазушының фольклорды игеруінің басы фольклорлық тақырыптарды жазба әдебиеттің игілігіне жаратуынан басталады.

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақтың жазба әдебиетінің даму үдерісінде драматургия жанры маңызды орын алады. Драматургтің осы саладағы фольклорды пайдалану ерекшелігін зерттеу үшін контент талдау әдісіне жүгініп, Ғ. Мүсірепов шығармаларында арнайы фольклорлық мотивтердің қолданылу жиілігін және әртүрлі шығармаларда қолдану деңгейін сараладық. Драмалық туындыларындағы жасырын мағыналар мен символдық элементтерді анықтау мақсатында интерпретациялық әдіске жүгіндік. Осы әдістерді біріктіру Ғ. Мүсірепов драмаларындағы фольклорлық мотивтерді жан-жақты зерттеуге, олардың ерекшеліктерін, фольклорлық дәстүрмен байланысын және автор енгізген өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақ драматургиясының алғашқы шымылдығын ашқан Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы алғаш рет 1917 жылдың мамыр айында Абайдың сүйікті жары Әйгерімнің сегіз қанат үйінде қойылды. Дүниежүзілік драматургияны жетік білетін талантты жас халық жырын алғаш рет пьесаға айналдырады. Болашақ ұлы жазушы қазақ драматургиясының алтын құндағы халық әдебиеті екенін дөп танып, ел аузында кең тараған аңыз-әңгімелер мен эпостарға сүйене отырып, драматургияға қажетті фольклордың барлық ерекшеліктерін шебер пайдаланады. Драматургияның табысы қоғамның тұрмыс-тіршілік деректерін сахнаға толықтай не бөлшектеп тура көшіруінде емес, белгілі бір ұлттың мәдени құбылысының парадигмасын жаңғыртуда. М. Әуезовтің «Еңлік-Кебекі» – ұлттық драманың алғашқы қарлығашы, драма жанрын қалыптастырудағы осы үрдістің анық көрсеткіші, кейінгі шығармашылық жетістіктердің бастауы. М. Әуезовтің көркем және әдеби-сыни мұрасы барлық ізденіс, жетістік пен кемшілік қисынының өзіндік феномені, ол ұлттық әдебиеттің бой көтеруін сипаттайды. Оның ойынша, драмаға негіз болған қаһарманның ғұмыр дерегін тұтастай зерделеп, ұсыну өнер туындысының табысты болуының негізі. М. Әуезов драматургиясының тарихи тақырыптарды эстетикалық тұрғыда түсінуде жаңалықтардың жаршысы болуы осы ерекшелігімен байланысты [76, б. 38]. Қазақ драматургиясындағы эпикалық дәстүр жалғастығы туралы пайымдаған зерттеу мақаламызда біз М. Әуезовтің осы трагедия арқылы фольклордағы асыл сөз байлығын, ой тереңдігін шығармашылықпен кәдеге жаратудың жарқын үлгісін көрсеткенін, өзіне дейін қазақ әдебиетінде драматургия жанры болмағанына қарамастан, әлемдік әдебиеттегі жанр үлгілерін зерттеп, жанр шарттарына толық жауап бере алатын туынды жасағанын зерделедік [77, б. 489]. Бұл ойымызға Н. Нұрғалидың пікірі қазық болды. Ғалым осы трагедияның сюжеттік желісінің, композициясының сауатты құрылуының өзі өзіне дейінгі тәжірибенің жоқтығына қарамастан, драматургтің әлемдік драматургияны әбден зерттеп, жанрлық заңдылықтарын жақсы білгендігінің көрінісі екенін айтады [78, б. 29].

Фольклорды жазба әдебиеттің қазанында қайта айналымнан өткізу арқылы ұлттық құндылықтарды ілгеріге жалғастырудың бастамашысы болған ұлы

жазушы қаламдастарын да осы үрдісті қолдауға шақырды. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің барлық жанрларында түрен сала отырып, нағыз қазына ауыз әдебиетінде екенін, ескіні жаңашылдықпен жаңартпай, жаңаның жол таба алмайтынын қадап айтты. Қай заманда болсын драматургияның қалыптасуы мен дамуында фольклордың маңызы зор болды. Ол – таусылмайтын кеніш қана емес, драмалық жанрдағы жаңашылдықтың көзі. Драматургияның өзі – күрделі, шарттылығы басым жанр. Сондықтан да арнайы жазылған туынды емес, бұрыннан ел жадында сақталып, ауызша жеткен эпостардан драма жасау одан да қиын. Халық тілін сахна тіліне аудару, кейіпкерлерді нақты әрекет үстінде сөйлету үлкен тәжірибені ғана емес, білім-білікті қажет етеді. Кез келген көркем шығарманың өзегі – тартыс, мейлі ол фольклор туындысы болса да, яғни олардың құрылымында драмалық элементтер болады. Бұған қарап кез келген эпикалық шығарма оп-оңай драмалық шығармаға айнала алады деген ой тұмау керек. Оған үлкен шеберлік, арнайы дайындық, бастысы биік өре мен талант қажет. Эпос пен драманың айырмашылығы – эпостың көлемі үлкен, уақыт шеңбері мен оқиғадағы кейіпкерлер санына шектеу қойылмайды. Сонымен қатар бір оқиға екінші оқиғаға тез ауысып отырады. Ал драмалық шығармаларда уақыт пен кеңістік шектеулі болғандықтан жоғарыдағы әдістер қолданылмайды. Десе де драмалық шығармалар идеялық, композициялық сипаттарымен ерекшеленеді. Уақыт пен кеңістік әр уақытта да шығарма сюжетінің құрылымдық бөлігінде маңызды рөлге ие болады, сюжеттің дамуында, баяндау тәсілінде, сөз құрауда да ықпалы зор, сондай-ақ көркемдік қуаты да айрықша [79, б. 40]. Драманың осындай өзіне ғана тән жанрлық ерекшеліктері материалды іріктеу мен талдауға аса ұқыптылықпен қарауды талап етеді. Осы жауапкершілік жүгін арқалаған М. Әуезов әдебиеттегі тәжірибесі аз болса да, даралығын танытып үлгерген қаламгер Ғабит Мүсіреповке жақсы үлгі болды. Драматургияға дейінгі жазылған прозалық шағын шығармаларындағы эп дегеннен байқалған тартысты оқиғалар, терең сезімге құрылған адам жанының сыртқы және ішкі келбетінің айрықша көрінісі, әр кейіпкердің сөз саптау болмысы болашақ драмалық шығармаларына тікелей әсер етті [80, б. 13].

Жалпы, қазақтың эпикалық жырларының драма жанрының талаптарына үйлесіп, бүгінгі күнге дейін сахнадан түспеуінің бір сыры оның өміршеңдігінде екенін айта кету керек. Халық эпостары әр уақытта да тек ескінің көзі ретіндегі тарихи маңызды дүние деңгейінде қалып көрген жоқ. Ғасырдан ғасырға ауызша жеткен бұл мұралар әр дәуірдің тарихи шындығымен қоса, әлеуметтік шындығын, көркемдік құндылығын да жеткізуші әдеби құрал міндетін атқарып келді. Оларда еркіндік, ғашықтық, отаншылдық, адалдық, достық сияқты ешқашан да құндылығын жоймайтын адамгершілік асыл қасиеттер желі тартып жатады. Көркем шығарманың өміршеңдігінің бір сыры оның халықтың көкейіндегі әлеуметтік тақырыптарды қозғауында ғана емес, сонымен қатар эстетикалық талап-талғамына жауап бере алғанымен де байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, халық эпостарының жазба әдебиеттің өзгеше жанрына ерекше үйлесім тауып жаңаша өмір бастауы заңды.

Ғабит Мүсіреповтің алғашқы әңгімесінен (1925) басталған жазушылық жолындағы ізденістер 1934 жылы жазылған «Қыз Жібек» либреттосы арқылы драматургияға ұласты. Осы уақыт аралығында ол өзінің алдындағы М. Әуезов салған соқпақпен жанрдың табиғатын, ішкі заңдылығын әбден саралап алды деп ойлаймыз. Әдебиет қана емес, жаңа тәй-тәй басып келе жатқан қазақ мәдениеті үшін де Ғ. Мүсірепов драмаларының маңызы зор болды. 1926 жылы түндігі түрілген қазақ театрының репертуарына 1939 жылы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасы қосылды. Классикалық халық эпосы жаңа деңгейдегі трагедияға ұласып, классикалық драма ретіндегі ғұмыры ғасырға жуық жалғасып келе жатыр. Ширыққан оқиғаларымен, өзекті тақырыбымен ғана емес, әсерлі тілімен драматургияның заңдылығына жауап беретін мәңгілік дүниелер жасаған драматургтің отызыншы жылдары белең алған халықтың ауызша мұраларына деген солақай көзқарасқа қарамастан, әдейілеп фольклор жанрына барғанын байқаймыз. Мұны жазушының 1959 жылы әдебиет мәселесіне қатысты айтқан пікірінен аңғаруға болады. Отызыншы жылдары ескі мен жаңаның арасында қазіргідей үлкен алшақтық болған жоқ. Онда жазушы халықтың бүтін тұрған бай рухани қазынасын ескінің көзі деп жаңаның бәрінен алшақтатып, тіпті қарсы жұмсай бастағанда, сол асыл қаруды сүртіп, тазалап, жаңартып, халықтың өзіне қайта ұсынуға тырыстық дейді [81, б. 464]. Өзінен бұрынғы М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясынан бастау алған фольклорлық сюжеттерді драматургияның табиғатына сай әдіптеп қайта ұсынуының, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған интеллектуалдық жемісін жаңа дәуірдегі әдеби дәстүрге сай жаңғыртуының себептері мақсатты әрекеттен туындағанын түсінеміз.

Жазушы бүкіл халықтың сүйіктісіне айналған, тіпті әлемдік әдебиетте классикалық эпос болып саналатын «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сынды інжу-маржандарымызды эпикалық дәстүрін сақтай отырып, талғаммен таңдап алып, оларды жаңа әдебиеттің мәңгілік қазынасына қосты, классикалық драма ретіндегі мәңгілік екінші өмірін бастады. Кеңес дәуірінде жазушыларымыздың шығармаларындағы фольклорға қатысты деректерді зерттеу оңай болған жоқ. Осындай талпыныс жасағандардың алдынан талай кедергілер шығып жататын. Мұның бәрі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің бірлігін жете түсінбеу салдарынан туған сорақылық қана емес, ұлттық негізін жадыдан өшіру үшін кеңестік идеологияның мақсатты әрекеті деп баға беруге болады. Яғни, сонау сталинизм заманынан қадау болып қалған «ауыз әдебиеті феодалдық заманның көшірмесі» деген түсінік. Осы түсінік елдің ертеңін ойлап, рухани қазынасын түгендемек болғандардың аяғына тұсау болды. Алысқа бармай-ақ елуінші жылдардағы қазақ эпосына жағылған жала, санадағы жара кетпестей таңба болып қалғаны кұпия емес. Сондай көзқарастардың бел ортасынан М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов сияқты жазушылар шеберліктің нағыз үлгісін жасады. Шынында да, олар жасаған драмалық шығармалардың қалыптасып келе жатқан кәсіби мәдениет үшін маңызы зор болды. Авторларға сол кездегі цензураның талабы аясында жырдың сюжетіне ғана емес, оның идеясына, кейіпкерлерінің іс-әрекетіне, мінез-құлқына да көптеген өзгерістер енгізуге тура келді. Әсіресе, таптық-әлеуметтік мәселені алғашқы планға

шығаруы соның нәтижесі еді. Осы орайда, образдар ғана емес, тұтас шығарманың идеялық түсіндірмесі қазақ ұғымында сан ғасырлар бойы қалыптасқан интерпретациядан мүлде бөлек, тіпті қарама-қайшы болып шыққанын, соған қарамастан жазушылар халық мұрасын аса көркемдік шеберлікпен жаңаша баяндағанын, сөйтіп кәсіби мәдениетке зор үлес қосқанын айтқан академик С. Қасқабасов пікірі алғашқы эпикалық драматургия үлгілерінің баға жетпес маңызын анықтай түседі [52].

«Қыз Жібек» музыкалық драмасы жазушының алғашқы үйрену мектебі және реалистік шығарма жасаудағы алғашқы қадамы болды. Бұл пьеса әуелі музыкалық драма ретінде туып, кейін опера либреттосына айналды. Сол кезде халық комиссариатын басқарған алаш азаматы Темірбек Жүргеновтің тікелей тапсырмасымен жазылады. Өзі де іскер, өте жігерлі, ұлтшыл тұлға қазақтың ақын-жазушыларын жинап алып, әрқайсысына нақты тапсырмалар береді. Ғабитке бір жылдың ішінде музыкалық театр ашуды міндеттейді. Театрдың репертуары үшін жазылатын шығармаларды да нақтылайды. М. Әуезов «Айман-Шолпан» жырын, Б. Майлин «Жалбыр», «Шұғаның белгісі» әңгімелерін, ал Ғ. Мүсірепов «Қыз Жібек» жырын либреттоға айналдыруға уәде етеді. Жырдың халыққа кең тараған нұсқасының ішінен әменгерлік сарынды алып тастап, адамгершілік құндылықтарды ардақтайтын, сүйіспеншілік бостандығын насихаттайтын сарынын тереңдетіп жазып шығады. Бұл драма жанрындағы алғашқы тәжірибесі болатын. Үздіксіз өсу, шығармашылық даму жолындағы оның көркемдік шеберлігінің жетілгенін айқын танытқан шығармасы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмасы болатын. Бұл жыр көп нұсқалы, туысқан халықтар фольклорында да кең таралған, кезінде орыс ақыны А.С. Пушкиннің де назарын аударған даңқты эпостардың бірі.

Ғ. Мүсірепов жырдың сюжетін драмаға тұтастай арқау етуді мақсат етпейді, негізгі оқиға желісін алады да, оны өзінше шешеді. Дастандағы кейіпкерлердің әлеуметтік-таптық кейпін терең бейнелейді (бұл енді кеңестік идеологияның талабына сәйкес) де, зұлымдық пен адами құндылықтар арасындағы мәңгілік тартысты жаңа деңгейге көтереді. Драмаға эпоста жоқ жаңа кейіпкерлерді енгізіп, сюжет желісіндегі тартысты одан сайын тереңдетеді. Жазушының драматургия жанрындағы алғашқы туындыларының фольклордың төл туындыларынан басталуы оның кейінгі тұтас шығармашылығының қуатты негізінің кепілі болды.

Фольклордың төл мұрасын жаңа жанрға айналдыру барысында жазушы оның арқауын бұзбай, халықтық сарынын сақтап жеткізгені сөзсіз, олсыз шынайылығы кемшін болар еді. Бүгінгі заманға дейін сахна төрінен түспеген пьесаның фольклорлық арқауын жазушының қалай өргенін талдау үшін, алдымен, әдебиеттің үш тегінен бастау алатын ерекшеліктерінен бастадық, олар – эпикалық аңыздау, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс. Әдеби тектің әрқайсысына тән мотивтер фольклордан бастау алады. Өзегінде оқиға жататын көркем әдебиеттің эпостық тегінің эпикалық баяндау мотиві фольклорлық эпостан арна тартады. Фольклорда баяндаушы субъект – халық, ауыз әдебиетінде – жырау, ақын, ал жазба әдебиетте – жазушы. Өмір шындығын

мейлінше кең қамтып, молынан бейнелейтін эпостық шығармалардың арқауы жекелеген образдардан гөрі тұтас халықтың болмысын бейнелейтін объективті шындық боп келеді. Эпос – бұл бүтіндей бір дәуірге, қоғамға, халыққа тән қатынастарды көркем жинақтай алатын эпикалық құлашы кең жанр. Оларда өмір шындығы көркем бейнелер бойында жинақталып, солардың басынан өткізіп жатқан оқиғалар арқылы ашылады. Ғашықтық жырдың оқиғалық арнасын негізгі желі етіп алып, драматург эпостық баяндау сарынын жаңа жанрдың ішкі заңдылықтарына сай береді. Пьесадағы драмалық тартыстың күші жырда кездеспейтін Жантық, Жарқын сияқты кейіпкерлер арқылы тереңдей түскен. Драманың басты кейіпкерлері Қозы мен Баянның өмір жолы, тағдыры эпостағыдай тұтас баяндалып, адамдар арасындағы қарым-қатынас жан-жақты суреттеледі. Пьесаның мазмұны фольклорлық эпостың сюжеттік желісіне құрылғанмен, оны тұтастай қайталамаған. Жанр табиғаты да оны талап етпейді. Ең бастысы, талай ғасырлардан өтіп, қаншама ұрпақтың рухани қажетіне жараған жауһар жырдың идеялық арқауын, басты оқиғалық желісін алып, ішкі драмалық тартыс штрихтарын жырда жоқ кейіпкерлермен толықтырып, ширықтыра түскен. Халық эпосын класикалық драмаға айналдыру барысында жаңадан енгізілген оқиғалар сол дәуірдің шындығына сай жасалып, сол заманның рухын дөп жеткізген. Осындай ерекшеліктерімен елең еткізіп, театр сахнасынан ғасыр бойы түспей келе жатқан драманың сыры неде деген сұрақтың жауабы, оның тек фольклорлық тақырыпты арқау етуінде емес, дәл осы әдеби жанрда фольклорлық мотивтерді пайдалану ерекшелігімен байланысты. Енді драмадағы мотивтерге тоқталайық:

а) *Түс көру мотиві*: Пьесаның алғашқы актісі Қарабайдың түсінен басталады. Осы алғашқы картинадан-ақ болашақ тартыстың беталысы байқалып қалады. Сұм Жантық образы осы эпизодта танылады. Қарабайдың көрген түсін жорығанда одан сайын қара аспанды төндіре түседі. Жантық – жырдың түпнұсқасында жоқ, драмаға жаңадан енгізілген бейне. Фольклордағы Қарабай, Шығайбай, Қодар, Ұлтан құл сияқты Жантық образы да аярлық, арамзалық пен жәдігөйліктің символы боп, әдебиеттегі типтік бейнеге айналды. Тек өзінің ғана емес, дүйім жұрттың бәрінің өңінде ғана емес, түсінде де оның жылқысын аңдып жүргендей көріп, өзінен-өзі апшысы қуырылған Қарабайдың сөзінен оның қара ниеті, өзге түгілі өзіне қимайтын тас сарандығы, жауыздығы аңғарылады. Бас кейіпкердің болмысы оның осы сөздері арқылы шебер берілген. Фольклордың төл туындысында оқиға жыршының өз атынан баяндалса, драмалық шығармада драматург кейіпкерлердің өздерін сөйлетеді. Тіл – драмалық шығармалардың басты нысаны. Жанрдың осы ерекшелігі Ғ. Мүсірепов драмасында аса ұқыптылықпен сақталған. «Қарабайдікі дегенге бұл жұрттың қызықпайтыны болсайшы! Тек талап алайын деп отыр... Түс көрсе, менің жылқымнан басқаны көруді қойыпты бұл ел!» [82, б. 10]. Драмалық шығармаларда кейіпкерлердің әрқайсысының репликасы тұтастай сол образды танытады. Осы қағида аталған драмада жақсы сақталған. Осы бірінші пердедегі Қарабайдың аузынан шыққан сөздері осыған дәлел. Қазақ көрген түсіне ежелден мән берген. Түсті кез келген адамға болжатпаған, оның астарында болашақ бір хабардың сырын тануға

ұмтылған. Егер жақсылыққа емес, жайсыздау сипаты болса, оны түлкінің боғына балап, көңілге алмаудың да жолын көрсеткен. Көне фольклор үлгілерінің өзінде жиі кездесетін түс көру мотивінің сюжетте атқаратын қызметі бар. Қазақ эпостарында түстің болжамдық сипаты басым. Қарабайдың берілген мысалдағы репликасы арқылы автор, бір жағынан, оның бар болмысын танытса, екіншіден, болашақ тартыстың шешімінен де хабар бергізеді. Пьесаның тұтас өзегіндегі тартыстың осы екеуінен тарайтынын Қарабай мен Жантықтың диалогы арқылы берілетін түс мотиві аңғартады. Осындағы Қарабайдың көрген түсі оның өңіндегі болмысынан алшақ емес, өңіндегі жасаған іс-әрекеттерінің, ойлаған ойларының түсіндегі сәулесі. Түстің осы сипатын ғалым Г. Пірәлиева ішкі монологтың бір элементі деп көрсетіп, оны көркем шығарма кейіпкерінің көңіл-күйі мен ой-санасында боп жатқан психологиялық әрекеттердің бір сәтін бейнелейтін көркемдік тәсіл деп анықтайды [83, б. 194-195]. Фольклордағы бас қаһарманды идеализациялау тәсілдерінің бірі түстің осындай көркемдік қызметі драмада шебер қиюластырылған.

Профессор Ш. Ыбыраев түс көру мотивінің жалпы әлем халықтарының фольклорында бар екенін және оның функциясы сан түрлі екенін айтады [84, б. 151]. Мәселен, болжамдық, сол арқылы болашақ қиындықтардан сақтандыру, сондай-ақ көмектесу, белгілі бір шешімді әрекеттер жасауға сенімін арттыру сияқты қызметтер де атқарады. Эпостық жырлардағы түс көру мысалдарына шолу жасағанда байқағанымыз, бұл мотивтің халық сенімінде алатын орны ерекше екендігі. Жалпы, түс болашақты, соның ішінде адам тағдырын болжайды деген сенім мифтік танымнан бастау алады. Соның бір көрінісі «Қыз Жібек» эпосындағы Төлегеннің еліне қайтатын уақытында Жібектің жайсыз түс көріп, шошып оянатын эпизоды. Жырда Жібектің көрген түсінің тектен-тек еместігі, ақырында расталғанын баяндайтын тұстары осы пікірімізге дәлел. Оқырман Жібекті алып келу үшін әкенің теріс батасына да қарамай елінен асығыс аттанған Төлегеннің Сансызбаймен қоштасуынан да секем алып, түстің әсерінен арыла алмайды, автор жыр сюжетінің өзегіндегі көрген түстің желісін өте нәзік шеберлікпен аңғартқан. Төлегеннің Бекежан бастаған қарақшылардың қолынан қаза табуы Қыз Жібектің түсі арқылы алдын ала аңғартылады [85, б. 118].

Фольклордың эпикалық жанрында, яғни жырларда, ертегілерде түс көру мотиві сюжеттің басты катализаторы болады, әдетте. «Қобыланды батыр» жырында түс көру сюжеті бірнеше жерде көрінеді. Жырдың басында Сарыбайдың өлімін өзінің түсі арқылы естіртсе, Көбіктіні шауып алғаннан кейінгі олжаны көрген Қараман ашкөзденіп, Қарлығамен бірге бар жылқыны иеленіп, Қобыландыны жалғыз тастап кетеді. Жаралы атын тастап кете алмай қалған Қобыланды түс көреді. Түсінде Қарлыға қалмақтың ханы Алшағырдың елін шауып кеткенін айтады. Тіпті сонау ежелгі түркі тайпаларының шежіресін баяндайтын «Алып Ер Тоңа» дастанында да түс көру сюжеті орын алған. Жырда батыр шешуші шайқасқа шығарда алдын ала жайсыз түс көретіні айтылады:

*Қалшылдап, айғай сап, оянып кетті,  
...Долы дауыл жұрт зәресін ұшырды,  
Байрағымды жұлып жерге түсірді.*



*Иран қолы қарақұрым қаптаған,  
Жерімізді аямай-ақ таптаған.  
Әр найзаға бір-бір басы ілінті,  
Бір-бір басты қолтықтап та жүріпті.  
Жарқ еткізіп алмас қылыш жасқады,*

*Қақ ортамнан екі бөліп тастады* [86, б. 29]. «Алпамыс батыр» жырын алсақ, мәселен, Тайшық ханның түс көру сюжеті бар, түсінде Алпамысты көреді де, түбінде өзінің ажалы осы баладан келетінін болжап, қалайда одан құтылудың амалын ойластырады.

*Мен бір бүгін түс көрдім,  
Түсімде жаман іс көрдім,  
Заманым менің қағынды,*

*Қағынбаса не қылды?... [87, б. 18]* деп, түсінде құрсаулы көп қара бураның өзіне қарай шапқанын, қаланы шауып алып, халқын құл қылып, қорлағанын айтып, секем алады. Берілген мысалдардан түс көру мотивінің сонау көне түркі әдебиетінен бері көркемдік дәстүр арқылы жалғастық тауып келе жатқанына көз жеткіземіз. Драматург Ғ. Мүсіреповтің эпикалық драматургиясында да осы эпостық дәстүр сол контексте ұғынылады. Фольклорды жазба әдебиет туындысына айналдыру барысында драматург көркемдік деталь ретінде ұтымды енгізеді.

Фольклорлық поэтика әдеби шығарма секілді бір ғана автордың көзқарасын білдіретін құрылым емес. Ол – жекелік қолтаңба көрінбейтін, тұтас бір халықтың дәстүрлі шығармашылық заңдылықтарынан тұратын көркемдік жүйе, өзіндік қатаң талаптары бар және әрдайым даму үстіндегі жанды үдеріс, поэтикалық әлем. Сол дәстүрлі поэтикалық арна аясында үнемі жаңа сипаттар туындап жатады [88, б. 231]. Ғ. Мүсірепов драмасының поэтикасы фольклорлық дәстүрлер аясында жаңа сипаттармен толыққан деп айта аламыз.

ә) *Лирикалық мотивтер.* Фольклорға тән мотивтердің бірі – лирикалық толғаныс. Дәл осы мотив «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» драмасында маңызды көркемдік қызмет атқарады. Лирика адамның жан дүниесіндегі нәзік сезім мен көңіл-күйдің тебіреністі халі болғандықтан, көркем шығармадағы қаһарманның ішкі жан дүниесін ашуға, рухани әлемін тануға зор мүмкіндік береді. Сол сияқты драмадағы Қозы мен Баянның ең алғаш бір-бірі туралы естіген сәттерінен бастап, әрі қарай өрбитін сюжеттеріндегі бір-біріне деген ынтық сезімдері нәзік лиризммен өрілген.

Академик С. Қасқабасов қазақ фольклорының жанрлық құрамын жүйелеген еңбегінде лирикалық өлең жанрының халық арасында өте танымал екендігін, басты тақырыбы екі жастың бір-біріне деген сағынышы, сүйіспеншілігі, зарыға күтуі екендігін анықтайды. Лирикалық өлеңнің әрқайсысына тән өзіндік әуені бар, үнемі әнмен орындалады. Мазмұнында адамның көңіл-күйінен бастап, отбасы, мәселелері, достық, табиғат, жан-жануарларға т.б. байланысты қарым-қатынас мәселелері айтылады. Қазақтың табиғатына тән серіліктің белгісі жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт сияқты атрибуттар да лирикалық өлеңдерде толғана жырланады [52, б. 43]. Яғни

лирикалық толғаныс – фольклордан келе жатқан мотив. Осы мотив «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасында Жарқын образының енгізілуімен қаныға түскен. Эпоста Жарқын деген кейіпкер жоқ, драмада өзіндік характерімен дараланған кейіпкерлердің бірі. Эпостарда кездесетін бас кейіпкерлердің қасынан табылатын *көмекиі дос* мотивінің де белгісі осы Жарқынның бойынан табылады. Ол – қыз Баянның үнемі жанынан табылатын сенімді серігі, ақын досы. Жарқын образы драмадағы лирикалық мотивті тереңдете түскен. Баянның сырттай даңқын естіп, оған қол жеткізуге дәмеленіп келген тоқсан сері, араларында Қодар да бар, өзара таласып, қызыл кеңірдек боп жатқанда Жарқынның қыз сәлемін жеткізетін эпизоды бар. Жарқынның аузына драматург мынадай сөз салады:

*...Құзғын болса, қайтер еді?  
Өлімтікке үймелер еді,  
Жапалақ болса, қайтер еді?  
Жарбаңдап түнде ұшар еді.  
Ал жігіт болса, қайтер еді?  
Оны жігіттердің өзі шешсін [82, б. 15].*

Берілген мысалдан Жарқын бейнесін танытуда драматург сөз саптаудың айрықша түрін пайдаланған, ақ өлең үлгісіндегі поэтикалық стиль суреткер шеберлігінің айғағы. Әдетте, қазақ фольклорының көптеген үлгілері өлең түрінде боп келеді. Ал драма жанрында проза тілі әлдеқайда тиімді. Ғ. Мүсірепов сол фольклордың дәстүрімен, әсіресе лиризмге сұранып тұратын сүйіспеншілік туралы сценаларда кейіпкерлерінің сөзін ақ өлең үлгісімен береді. Ақ өлеңнің құрылымында ұйқас, шумақ сияқты өлеңге тән шарттылықтар болмайды, бірақ ерекше ырғаққа құрылып, поэтикалық бірліктер арқылы өлең сөз сияқты оқылып, әсер береді. Және бұл ақ өлең үлгілері прозадан гөрі, драмада ерекше сезіледі. Жазылғаннан гөрі, кейіпкердің аузынан сахнада естілгенде, әсерлі бола түседі. Сол сияқты Жарқынның осы сөзі ерекше ырғаққа құрылып, оның экспрессивті-эмоционалдық реңін күшейтіп тұр. Баянның жауабын поэтикалық салыстырулар арқылы тұспалмен жеткізуі фольклордағы лирикалық толғаныс сарынының күшін одан сайын тереңдеткен. Дана да сырбаз Баян сұлудың жауабын ер азаматтардың ар-намысына тимейтіндей, түйсігі барлар түсінетіндей етіп тұспалмен жеткізген Жарқынның сөздің соңын жұмбаққа құрып, шешімді серілердің өзіне қалдыруы да – драматургтің шеберлігі. Тұспалдап, жұмбақтап сөйлеу – шешендік сөз дәстүрінің басты белгісі, халқымызды өзгелерден даралап тұратын айрықша қасиеті. Осы екі мотив берілген мысалда сәтті қиюласып, бір-бірін толықтырған.

Драмадағы Жарқынның бейнесі үнемі лирикалық толғаныс мотивімен байланысып жатады. Қозының Баян туралы естіп қалып, іштей іздеп, қалай іздеудің сәтін таба алмай жүрген күндерінде Жарқынмен жолығысып, оның аузынан Баян деген сөзді естіген кездегі ынтық халін көргенін қызға баяндаған сәті де лирикалық тебіреніспен берілген. Қозыны көргенін Баянға әңгімелеп беретін пердеде Жарқынның сөзі былай беріледі: *«Қарағым-ай, самал жел Баян жақтан соқпағанда, жарық жұлдыз Баян жақтан шықпағанда» дей*

*бергенімде, баланың екі қолы мойныма оралып та қалған екен... Баян дедің бе, Баян дедің бе, жарқыным! Тағы бір айтшы! Ай мен Күн! Көк аспан, жасыл дүние, куә болыңдар! Мына жігіт «Баян» деді, «Баян» деді. О, Жасаған, алдай көрме, Баян деген басқа біреудің аты болып шыға көрмесін! - деп екі қолын көкке көтерді».* Осы үзіндіде Жарқынның Қозының ғашық халін көргендегі әрекетін, айтқан сөздерін баяндаған тұсы да – Ғ. Мүсіреповтің сөз тамырын дөп басатын шеберлігін танытатын, фольклордың асыл қойнауынан желі тартқан қасиет. Қозының сүйгенін бір көруге асыққан ынтызарлығы Жантықтың аузынан шыққан Баян деген сөзді естігендегі халі, сөз саптауы тағы да сол ақ өлең үлгісімен өріліп, монологтың лиризмін арттырып тұр. Мұндай лирикалық толғаныс фольклорлық туындыларға тән. Драматург фольклордан реалистік туынды жасау барысында фольклорлық мотивтерді сәтті пайдаланған.

*Психологиялық параллелизм* – фольклорлық шығармаларға тән айшықтау тәсілі. Фольклорлық эпостарда кейіпкердің жан-дүниесін табиғат құбылыстарымен астастырып суреттеу тұрақты мотивтердің бірі. Жоғарыда мысалда келтірілген Қозының сөзіне назар аударсақ, Баян туралы естігендегі қуанышты халінде ай, күн, көк аспан, жасыл дүниемен сырласып, соларға жар салып, қуанышын бөлісетін сәті шынайы, оқырман көңілінде күмән тудырмайды. Себебі халық тудырған лиро-эпикалық жырларда ғашықтық халі осындай тәсілдермен беріліп, құлаққа сіңісті болған. Көшпенді өмір тұрмысы қазақты табиғатқа етене жақын етті. Сайын далада табиғатпен сырласа жүріп шығарған ата-бабамыздың небір ғажайып жырлары лирикалық толғаныстар мен сезімдік тебіреністерге толы. Сол дәстүрлі лирикалық мотивтер драмада кейіпкерлердің сөзі арқылы беріліп, шығарманың халықтық рухы үзілмеуіне қызмет етеді. Сөзімізге дәлел болатын мысалдар драмада тұнып тұр. Драмада Қозының анасы Мақпалдың тағдырына налып, күңіреніп отыратын тұсы бар. Қос құлынының қосылуына осыншама қарсылықтың кездесуі ғазиз ананың жанын аяусыз тілгілейді. Осы халінің үстінен түскен Қозы анасын айналшықтап, өзінен шындықты жасырмауын өтініп, жалынады. Осы жердегі Қозының сөзі тағы да табиғат құбылыстарымен астастырыла беріледі. Жел де, көл де, өзен де, тау да Баян деп күңіреніп, күрсініп, ызындап, ағып жатқанын, жер бетінде Баян деген жалғыз ауыз сөз жүргенін айтып, жөн сілтеуін, жасырмауын, батасын беруін сұраған жалғызының толғанысы қабырғасын одан сайын қайыстырады [82, б. 21]. Талай ғасырлардан аңыз боп жеткен махаббат тақырыбы бүгінгі әдебиетке де жанашылдықпен жалғасын тапты. Оның алдында небір дүлей құпия күштердің өзі дәрменсіз екені сол халықтың асыл мұралары арқылы таралған идея.

Драмадағы кейіпкерлердің сезім күйі арқылы берілетін лирикалық толғаныс осылайша табиғат құбылыстарымен қатар беріледі, бұл өте көнеден бастау алған мифтік дүниетанымның да көрінісі. Мифтік дүниетаным біздің ұлттық ойлау жүйемізді айқындайды. Адамзат баласының сәби санасы тудырған мифтік ойлау жүйесі кейін көркемдік тәсіл боп қалыптасып, түрлі бейнелеу тәсілдері арқылы жалғасын тапқаны туралы фольклоранушы ғалым

Ж. Аймұханбеттің пікірі Ғ. Мүсіреповтің көркемдік әлеміндегі мифологиялық сарындарды анықтауға негіз болды [89, б. 5].

б) *мифо-поэтикалық сарындар*. Мифтік сана – ертедегі адамдардың өздерін қоршаған орта туралы көзқарастары мен түсініктерінің жиынтығы. Адамзат ежелден табиғатпен бетпе-бет өмір сүрді, өзін қоршаған дүниенің сырын түсінуге ұмтылды, айналасындағы әр құбылыстың жаны бар деп есептеп, оған деген кәміл сенімі түрлі мифологиялық сюжеттер туғызды. Алғашқы қауым адамдары өздерін табиғаттың түрлі стихиялық күштерімен күресте дәрменсіз санағандықтан, олар туралы небір наным-сенімдерді дүниеге әкелген. Табиғаттың әр құбылысында, әр бөлшегінде жан бар, олар да адам сияқты өмір сүреді деп сенген. Ғылымда табиғат туралы наным-сенімдерді жинақтайтын мұндай көне фольклор үлгілерін анимизм деп атайды. Осы анимизм екі драмада да жиі көрініс табады. Мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасында Баянның Қозы Көрпешті алғаш көргеннен кейінгі айтатын монологы бар:

*...Қияда көрсең, қыран дерсің,  
қалыңда көрсең жолбарыс дерсің,  
асқар көрсең, биігі дерсің,  
өз қасыңда бала дерсің,  
жібек жал арғымақ –*

*Қозы Көрпешті тауып қайттым!* - деп толғанады [82, б. 30]. Осы монологында Қозының сымбаты, батырлығы, бар болмысы табиғаттың жанды-жансыз төл перзенттеріне метафоралық тіркестер арқылы балама жасалып, суреттеледі. Баянның көзқарасында қыран – қанаттының мықтысы, жолбарыс – аңдардың азулысы. Табиғаттан сұлу, одан шынайы дүние жоқ екені қазақ дүниетанымында ежелден қалыптасқан. Баянның Қозыны көргендегі сезімін осылайша табиғатпен егіздеп суреттеуі Ғ. Мүсіреповтің фольклордың лирикалық дәстүрін пайдаланудағы шеберлігін танытады. Егіздеу – фольклорда жиі кездесетін тәсіл. Эпос кейіпкерінің ішкі толғаныс сезімдері эпостық жырларда осы тәсіл арқылы суреттеледі. Мәселен, «Ер Тарғын» жырында батырдың ен далада мертігіп жатқанда айтатын монологы бар. Сонда асыл туған Ақжүніске шерткен мұңды сырында күн мен түннің құбылысындағы өзгерістер мен батырдың мертігіп жатқандағы мүшкіл халі егіздеу арқылы беріледі. Ай мен күнді бұлттың қоршауы, күннің жауатынға ұқсауы батырға төнген қауіпті меңзейді [87, б. 115].

Жалпы, көркем шығармадағы психологизмнің бастауы осы фольклорлық шығармаларда жатыр. Табиғат пен адам көңіл-күйін бір-бірімен жарыстырып, егіздеп суреттеу тәсілі ұлттық дәстүрді бойына сіңірген қаламгерлердің бәрінің шығармашылығында терең орын алады. Мысалы, кейіпкердің жан-дүниесін, терең ішкі сырын табиғатпен жарыстыра бейнелеу М. Әуезовтің көркем шығармаларында мол кездеседі. Бір ғана мысал, «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы тарауында Абайдың оқудан қайтып келе жатқандағы сағынышқа толы күйі. Жазушы жас шәкірттің туған жерін сағынған ынтық күйін, оның кең далаға, туған өлкесінің әр бедеріне сондай ыстық сезіммен қараған сәтін тамаша суреттейді. Сол сияқты мұндай мысалдар біз нысанға алып отырған

Ғабит Мүсірепов драмаларында молынан кездеседі. Драманың көркем де тұнық тілі халық тілінің құнарымен астасып жатыр. Артық бір сөз жоқ. Драма шартына сай әр сөз үлкен жүк атқарып тұр. Қозы мен Баянның әр репликасы тұңғыш сезімге құрылып, ондағы күшті лиризм өткен мен бүгіннің арасын жалғастырушы желі боп тұр.

*...Кешіре гөр, Баянжан!* - деп басталатын Қозының монологында:

*«...Шынар ағаш, мөлдір бұлақ, жарық жұлдыз, сұлу тау көрсем, бәріне сенің атыңды қойып жүр едім...»*

*Көлінен айрылған шөл көрдім, сәнінен айрылған ел көрдім»,* - деген мысалда да табиғаттың сұлулығы Баянмен теңестіріледі. Бұл, бір жағынан, фольклордағы егіздеудің дәстүрлі жалғасы болса, екінші жағынан қазақ халқының анимистік түсінігі сарындарының көрінісі. Табиғаттың бел баласы боп көшпенді ғұмыр кешкен ата-бабамыздың өмір тіршілігін онсыз елестету мүмкін емес. Қозының қабірі басындағы көріністегі Баянның монологының стильдік құрылымы да, бейнелеу тәсілдері де фольклорлық сарындарды еске түсіреді: *«Әр жапырақты аймалап...», «Күн нұрын еркін төккендей...», т.б.*

в) *драмалық тартыс.* Көркем шығарманың мәңгілік өмір сүруі, оқырман жүрегінен нық орын тебуі ондағы терең тартысқа тікелей байланысты. Драманың өзегі – тартыс, соның негізінде келесі шешуші әрекет жүзеге асады. Сахнадағы қимыл-әрекет, кейіпкерлер тілі мен тартыс – драманың ғұмырын мәңгі ететін негізгі көрсеткіштер.

Ғ. Мүсірепов драмаларында оқиғаның барлық композициялық сатылары шебер жалғасып, оқиғаның өрбу кезеңдері қатаң сақталған. Осылайша, драманың жанрлық шарттылықтарын өз орнымен жүйелі пайдалануы драматургтің фольклордағы драмалық дәстүрді шығармашылықпен меңгергендігінің нәтижесі. Драмадағы тартыс сөз тартысы арқылы көрініс табады. Сөздің қасиеті, қадірінің қазақ үшін орны бөлек. Сөздің культін ерекше ұстанатын халқымыздың ой маржандарында да оған куә қанатты сөздер сақталған. *«Сөз қадірім – өз қадірім», «Жақсы сөз – жарым ырыс», т.б.* деген сияқты. Драманың өн бойында жойқын қимылмен емес, сөздің күшімен айызыңды қандырып, рухыңды қозғайтын көріністер көп. Драмалық тартыс бірнеше линияда тартылған. Қозы мен Қарабай, Қодар мен Баян, Қарабай-Баян, Қарабай-Күнікей арасында пьесаның өн бойында өрбитін, оқиғаны шырықтырып, шиеленістіретін драмалық тартыс сөз құдыретімен өрбиді. Соның бір көрінісіне Қодар бастаған тоқсан серінің өзіне сырттай таласып, өзара тон пішіп жатқанда орталарына келген Баянның сөзі дәлел болады. *«Ардақты ағалар, құрбылар, замандастар»* деп өзін сырттай иемденіп тартысып жатқан ұр да жық серілерді «әу» дегеннен сөзбен матап, жақын тартқандай жылы сөзбен, сыпайы қаратпа сөзбен бастаған сөзін былайша жалғастырады:

*...Көп қалады дегесін алдарыңа келдім...*

*Әлсізді жақтар, әділдікті арашалар деп келдім..*

*Заманы бір, тілеуі бір тең құрбы зорлық етпес,*

*Көкпарға түс деп қолқаламас деп келдім...*

*Өз басын өзіне билетер деп келдім*, - дейді [82, б. 16]. Осы үзіндідегі Баянның лебізі – сөздің қадірін білетін әр адамның жетесіне жететіндей-ақ сөз. Фольклордан келе жатқан генетикалық түйсік арқылы әр қазақтың қанына сіңген нәрсе ол – сөзге тоқтау. Сол мотивті драматург шебер байланыстырған. Мынадан кейін зорлыққа орын жоқ, Баянның сөзі түйсігі барлардың санасына жетті. Қыздың сөзінде дос көріп, құшағына тарта отырып ұялту, әрі салмақ салу, әрі өтіну, әрі тұқырту бар. Айдар, Таңқы сияқты сөз түсінетін есті ерлер райынан қайтып, сөзге жығылады. Бұдан әрі босқа теке тіресіп, күшке салудың еш пайдасы жоқ екенін драматург осы арқылы ұтымды берген. Ғабит Мүсірепов – сөздің асылы мен жасығын дөп басып танитын сұңғыла суреткер. Оның ауызекі сөйлеу тілінде ойды әсерлі етіп жеткізу үшін қайталама тәсілін жиі қолданатын шеберлігі осы жоғарыда берілген үзіндіде байқалады. Қайталама тәсілі, әдетте, жекелеген сөздердің, сөздік тұлғалардың контексте бірнеше рет қайталанып, әсерін күшейту үшін қолданылатын көріктеу тәсілдерінің бірі. Осы тәсілдің көрінісі жоғарыдағы үзіндіде *деп келдім* деген тіркес бірнеше рет қайталанып, Баянның осы келудегі мақсатын нығыздап, сөзінің салмағы мен логикалық түйінін күшейтуге қызмет етіп тұр.

Драмалық мотив Қозы мен Қодар сценаларында да сөз тартысы арқылы көрінеді. Ең алғашқы таныстық кездейсоқ болады. Бұл кезде Қозы Қодарды да, Баянды да танымайды. Қарабайдың малын шауып келе жатып Қодар тобы Қозының ауылы маңынан өтеді. Осы жерде Қодардан жөн сұраған Қозы екеуінің арасында диалог бар. Қозының сұрағына бір байдың қызына көңілі ауғанын, алайда оның ер қадірін білмегенін, сол себепті елін шауып, босағасын түріп келе жатқанын айтады. Осылай жалғасқан диалогта әлі ештеңенің байыбына бара қоймаған Қозы сотқар батырдан қызды әкеле жатқан болсаң жеңгемізді көрейік деп өтінгенде оның берген жауабынан мән-жайды түсінеді. Сондағы Қодардың берген жауабына назар аударайық:

*...Қызын өзі әкеліп, аяғыма өзі келіп жығылып, жалынып-жалбарынғаны қандай қызық! Солай болмаса, ердің намысы қайтатын ба, кегі алынатын ба еді?* - дейді [82, б. 23]. Әуелі намысын таптатпаймын деген бейтаныс ердің ісіне желпініп қалғанмен, сөйлесе келе мән-жайды бағамдаған Қозы мен Қодардың осы алғашқы кездесуіндегі сөз саптаулары арқылы драматург көп нәрсені аңғартады. Қодардың даңғойлығы, Қозының сұңғылалығы диалогтар арқылы білінеді. Қодардың сөзі мен іс-әрекеті батырлар жырындағы Қараман, Ұлтан құл, Қорен, Келмембет, Көтібар сияқты күні өткен батырларды еріксіз еске салады. Өткеннің даңқымен дандайсып, күлкіге қалуымен ел есінде қалып, фольклорлық шығармалар арқылы бүгінге дейін жеткен олар қазақ әдебиетінде әлдеқашан типтік бейнеге айналды. Қодар жырдың түпнұсқасындағы негізгі образдардың бірі болғанмен, реалистік шығарманың кейіпкеріне айналғанда оның фольклорлық негізін сақтай отырып жасау жазушы шеберлігіне байланысты. Драмалық тартыс мотиві басты кейіпкерлердің алғашқы кездесуіндегі диалогтардан-ақ сезіліп, оқырманды еріксіз ширықтырып, болашақ тартысты оқиғаларға даярлайды. Бұл фольклордың эпостық жанрындағы шығармалардан жалғасқан мотив.

Драмалық тартыстың келесі арнасы Қарабай мен оның әйелі Күнікей арқылы көрінеді. Қарабайдың қара ниетінің шарықтау шегі – өз қызын малының жолында құрбандыққа шалудан аямайтынын байқататын диалог. Малың барымталап кеткен Қодардың ізінен сұм Жантықты жұмсап тұрып, «*Баянды апарып, малымды түгел алып кел*» дейтін жері оның шектен тыс мейірімсіздігінің көрінісі. Осыны естіп қалған Баянның анасы шалына айбат шегіп, жолына қарсы тұрады. «*Уа, мен анасы болам Баянның!*» дегенде баласы үшін неден болса да тайынбайтын ананың, Ғ. Мүсірепов шығармашылығында кейін үлкен орын алған аналар галереясының ізашарын көреміз. Қырық жыл таяғын жеп, көріп келе жатқаны қорлық болса да жалғызының тағдырын саудаға салған қатыгез әкеден қаймықпай үн қатады. Жалғызының орнына малы қайтатын болса, қара пышақтың қайраулы тұратынын айтып, сес көрсетеді [82, б. 29]. Әшейіндегі әлсіз әйелдің балапанын қорғаштағандағы өктем рухы Қарабайдың еріксіз мысын басады. Ашынған ананың әр сөзімен қосыла үндескен ширығу оқырманның жан дүниесін төңкерердей. Драматург сөздің құдыретін айрықша сезіндіреді. Драмада әр сөз өзінің орнында қолданылуымен әсерлі. Эпостың құрылымына тән семантикалық тұтастықтар өзара жалғасқан сөз кесектері арқылы көркем шығарманың фольклорлық негізін айғақтайды. Фольклорлық дәстүр заңдылығы, *эпостық баян, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс* сияқты екі шығармашылыққа да (фольклор және жазба әдебиет) тән мотивтер Ғ. Мүсірепов драмаларының негізгі өзегі.

Кейіпкерлердің мінезін даралауда да драматург фольклордағы бейнелерден алыс кетпейді. Жырдағы типтік образ драмада одан әрі даралана түседі. Пьесаның алғашқы пердесіндегі: «*О, құдай, қыз бермедің, пәле берген екенсің зой! Жетпіс жыл бағып, жеті жапырағына тісім тимеген қайран мал жатқа бұйыратын болғаны да!...*» [82, б. 25] - деген Қарабайдың сөзінен оның бар болмысы, томырық мінез аярлығы, өмір бойы баққан малының бір жапырағын өзіне де қимайтын тас сараңдығы танылады. Жырдағы Қарабайдың образы драмада оның сөз саптаулары арқылы тереңдей түскен. Халық ауыз әдебиетіндегі Шық бермес Шығайбай, Қарынбайлар сараңдығымен әжуаға айналған бейнелер. Халық ондайларды күлкіге айналдырып, мәңгілік образға айналдырды, ащы тілмен түйреді. Сол мотивті Ғ. Мүсірепов Қарабайдың аузына салған сөзі арқылы жалғастырады.

Трагедиядағы драмалық тартыстың екінші желісі Жантық образы арқылы тереңдейді. Қозы-Қодар-Қарабай үштігінің арасындағы тартыстың қоюлана түсуінде Жантық образын енгізу арқылы Ғ. Мүсірепов реалистік шығармаға тән трагедиялық шешім жасаудың кілтін тапқан. Жантық – аярлықтың, арамдықтың, шексіз қаныпезерліктің жиынтығына айналған образ. Ол баю жолында ештеңеден тайынбайды. Қарабай мен Қодардың осал тұсын әбден меңгеріп алған ол керек жерінде айласы арқылы құрығына түсіреді. Қарабайдың сараңдығын қоздырып, Қодардың о жарлығын, ақымақтығы басым намысқойлығын пайдаланып, одан сайын отқа май құя түседі. Пьесаның басында өзара дабырласып, Баянды сыртынан иемденіп таласып келе жатқан Қодар, Айдар, Таңқылардың даусын естіген Жантықтың алақанын ысқылап, «*Қожыр, қожыр,*

*тәйкем соқ»* дейтін бір ауыз сөзінен одан бар бәлені күтуге болатыны аңғарылып қалады. Бір ауыз сөз оның болмысынан хабар береді. Бірді бірге айдап салып, өзара шағыстырып, өзі содан сырттай ләззат алып, бүлдіріп жүретін Жантық бейнесі – Ғ. Мүсірепов туындыларындағы фольклорға тән типтік бейнелермен негізделген дара кейіпкер. Әдеби образ ғана емес, фольклорда да кейіпкер өзіне тән мінезбен ерекшеленеді. Басты қаһармандардың мінезін даралауда драматург осы шартты жүзеге асырып, эпостан орныққан Қарабайдың антономазиялық бейнесінің қатарына аярлықтың символы Жантықты қосты.

2) *тектілік мотиві*. Қазақтың ұлттық танымында тектілік деген ұғым бар. Жалпы адамзатқа ортақ құндылық десек те, біздің мәдени танымымызда оның орны бөлек, ұрпақтан ұрпаққа рухани сабақтастықпен жалғасатын адамгершілік асыл қасиеттердің үлгісі ретінде ол фольклордан желі тартады. Сөздің қадірін білу, астарлы ой арқылы жеткізу, адамды өресіне қарап тану, түптеп келгенде, тектілікке барып тіреледі. Осы мотив аталған драмада Айдар деген кейіпкердің сөзі арқылы байқалады. Айдар – Баянға сөз салып келген көп серінің бірі, эпизодтық кейіпкер. Солай болса да оның бір ауыз сөзі болмысынан хабар береді. *«Тал түсте адаспас: төбені көрмей, төменге көзі түсетін болса, Айдардың көңілі де суып сала беруге дап-дайын»* [82, б. 32], - деген оның бір ауыз сөзінде Баянның өзін басқалардан ерек екенін тани алатын білігіне сенім артқан Айдар сөзінің бір ұшы осы тектілікті мегзейді. Адам бойындағы кісіні тани алатын тектілікті басқа қасиеттерінен жоғары қою арқылы Айдардың да осал адам емес екенін байқатады. Баянды өзінің өлшеміндегі кісі тани білу қасиетіне қарап таңдап, ол өреден шықпаса оның сұлулығының құны түкке тұрмайтынын, ал Баянның ізетті жауабы қыздың құнын ол ойлағаннан да асырып, райынан қайтуына себепкер болады [82, б. 16]. Баянның характер ретіндегі даралығы оның бойындағы ана сүтімен дарыған осы қасиетімен окшаулана түседі. Өресі бар адам өрге шаппайтындай, ер азаматтардың насырын шұқып, намысына тимей, байыппен сөз түсінетіндердің бетін қайтарған Баянның биіктігі осы тектілікке саяды.

д) *шешендік сөз мотиві*. Шаршы топ алдында айтылар ойлы сөз шешендік оралымдармен, ұйқаспен келіп, сөздің әсерін күшейтеді. Даналығы мен кемеңгерлігін, көсемдігі мен көрегендігін сөзбен әдіптеген халқымыздың сөз өнерінде шешендік сөз дәстүрінің орны бөлек. Ғ. Мүсірепов драмаларында бұл фольклорлық өрнек орнымен қолданылған және белгілі бір шешімді әрекеттер жасауға қызмет етіп тұр. Жәй ғана қызылсөз емес, сөздің күші сол кейіпкердің тағдырының тартысты тұсында көмекке келеді. Мысалы, драманың екінші пердесінің үшінші суретінде Қодардың: *«Батырлар салған із қайда?/ Әділ би салған жол қайда?»* - деп жалғасатын сөзі бар [82, б. 33].

Дау бітіп, сөзге тоқтағаннан кейін білектің шешілуін талап еткен Қодардың репликасы шешендік оралымдарды еске түсіреді және оның байлаудан босауына себеп болады. Билер сөзіндегі әділ төрелік, батырлық дәстүрдегі мәрттік, бір сөзділік, сөзге тоқтаудың қасиетін білетін Қодар сөзі осылайша иесін табады. Ғ. Мүсірепов фольклордың ұтымды уәж бен ұшқыр ойға, шешен тілге құрылған ерекше мотивін драманың өне бойында қолданады. Мұндай мысалды Қозының



үшінші пердедегі Жантықпен диалогында да бар: «*Ат орға соқса, қара нар жолға шөксе, көрген көз де айыпты, сөйленбеген сөз де айыпты емес пе? Жақсы аға, жақсы сөзіңді аяма, бар болса. Қыл арқаным мойнымда болсын, шірімес қашанда!*» [82, б. 37]. Риторикалық сұрақпен берілген Қозы сөзі сұм Жантықтың аяр тірлігінен хабары жоқ аңғал ғашықтың ынтызар сезімін дөп берген. Риторикалық сұрау – жауабы өзінде тұратын сұрақ, тыңдаушыға тура бағытталып, бұлтартпайтын шындық критерийі болатын шешендік сөз өнерінде жиі кездесетін троптың түрі [90, б. 54]. Қозының асыға күткен сұрағының жауабын шешендік сөздегі осы тәсілмен бастырмалатып сөйлету арқылы нанымды беріліп, көркемдік құнын арттыра түскен.

Шешендік сөздің фольклорда көп кездесетін айрықша түрі – шешендік тұспал. Жұмбақтап сөйлеу тұспалмен өрнектеліп, сөздің әсерлілігін күшейтеді, сөз иесінің өресін танытады. Баян мен Қодар арасындағы сөз қағысуда шешендік жұмбақ арқылы тұспалданған ой драманың фольклорлық негізін бекітіп, бүгінгі оқырманын да ұшқыр ойлылыққа жетелейді. Даудың нүктесін қоймақ болған Баянға Қодар даудың әлі бітпегенін, «алтын жамбыны» әлі ешкімнің атып түсірмегенін айтып қоразданады. Алтын жамбы деп отырғаны – Баян сұлу. Сұлудан әлі де дәмелі о жардың сөзіне қарай Баян да солай тіл қатады: «*Жамбысы бар ел айыпты ма?.. Оғың тимесе – жамбы айыпты ма? Аттың – оғың дарымады, ендігі дауың не?..*» [82, б. 38].

Осы жауаптағы тұспалдау шешендік сөздегі халқымыздың ой-таным биіктігін танытатын тәсіл. Сөзді орнымен жұмсап, талай дауды сөздің күшімен шешкен қазақ танымындағы ұлттық дінгек эстетикалық талғамын да танытады. Осы үлгіні Ғ. Мүсірепов аталған драмада шебер қолданған. «Шешендік тұспалдау – шешендік жұмбақтау тәсілімен төркіндес келетін, ойды астарлап, оспақтап, ишаралап айтудан туған тәсіл. Шешендік тұспалдау тәсілі шешендік жұмбақтау тәсілі сияқты оның ой астарын, шешімін табуды қажет етпейді» деген С. Қасеновтың сөзіне сүйенсек, осы үзіндідегі Баян сөзі тұспалдың үлгісі [91, б. 56].

Шешендік жұмбақ үлгілері драмада фольклорда орныққан тұрақты поэтикалық көркемдік тәсілдер арқылы беріледі. Жоғарыдағы мысалдағы «Алтын жамбы» – Баянды сипаттайтын күрделі метафоралық тіркес. Мұндай ауыстырулар фольклорлық мұралардың көркемдік құрылымына тән негізгі ерекшеліктер. Сондықтан да драмадағы кейіпкерлер сөзінде қолданылатын мұндай оралымдар бүгінгі заман оқырмандарына жаттық етпейді. Осыған дейін келтіргеніміздей, Жарқынның Баяннан дәмелі топқа келіп, қыран мен құзғынды салыстырып қыздың сәлемін жеткізген сөзінде шешендік жұмбақ орын алған, ол шендестіру тәсілі арқылы айшықталған [82, б.15].

Драмада Қозы Баянды іздеуге аттанар алдында анасының оң батасын сұрайтын эпизод бар. Жалғызының қиынға бет алып, қиянға шапқан сапарының сәтті боларына күмәнданған бейбақ анасына жігер бере сөйлеген Қозы өзін жалғыз жолбарысқа, айға шабар арыстанға балайды [82, б. 27]. Эпостағы батырларды еске түсіретін метафоралық құрылым Қозының да сол батырлар салған ізбен жолындағы кедергілерді жеңіп, дегеніне жететініне сенім туғызады.

Арыстан, жолбарыс, қыран – фольклордағы тұрақты метафоралық бейнелер. Жоғарыдағы мысалда Қозының өзіне қатысты өз аузынан айтылса, келесі бір мысалда қоқан-лоққы көрсетіп, күшпен көндірмек болған Қодарға Баян Қозыны есімін көлденең тартып, оны бірде арыстанға, бірде жолбарысқа, енді бірде қыранға балап, астында қалмауын, жолында тұрмауын, өз басын қорғағаны дұрыс екенін жеткізіп, өр дауыспен, нық сеніммен тіл қатады [82, б. 47]. Қозыны аңның, құстың азулыларына балап, метафоралауы, *көзіне түскенің ілінгенің, ілінгенің жұлынғаның* деп қысқа контрастық құрылымдармен жұмбақтауы ақ өлең формасымен келіп, стильдік жағынан шешендік сөз дәстүрін жаңғыртады. Баянның бойындағы батырлық пен өршіл рух метафоралық троптар арқылы күшейе түскен. Бұл қазақтың шешендік өнерінде көп кездесетін, ойды мәнерлі, образды түрде жеткізудің ерекше үлгісі.

Шешендік сөз үлгілері фольклорлық шығармаларда ойдың ұтымдылығын, логикалық қисындылығын айқындайды. Сөздің әсер-ықпалы туралы халық небір құнарлы ойларын мақал-мәтелдер арқылы тобықтай түйіндеп жеткізді. Айтушыға да, тыңдаушыға да биік талап қойған. *«Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Алмас қылыш майданда серік, асыл сөз майданда да, сайранда да серік», «Әсері жоқ сөз – өлі сөз», «Аталы сөзге арсыз тоқтамайды»,* деген халық мақалдарының айтайын дегені де сөздің құдыретін таныту. Баянның аузынан шыққан сөздің күші фольклордағы шешендік сөздің әсері сияқты Қодардың мысын басып, көңілінде алаң туғызады.

Әдетте, батырлар жырларында жігіттің айбатын арыстанға, қайратын жолбарысқа балайтын тұрақты теңеу жиі кездеседі. Халық жырларының құнарлы тілінен еркін сусындаған жазушы Ғабит Мүсірепов сол баламаларды әр кейіпкерінің сөзінде тағдырын шешуге ықпал ететіндей қолданады. *«Қыз Жібек»* пьесасында да жігіттің жүректілігі мен қыздың сымбатын небір аң-құстың төрелеріне балау, әсірелеу, теңеу, ауыстыру т.б. мысалдар көп. Жырдағы Қаршығаның бейнесі драмада Шеге образы арқылы беріледі. Сол Шегенің көштің өн бойындағы сұлуларды бейнелейтін толғауында қыздарды таранған тотыға, сыланған сұңқарға балайтын тұсы бар [82, б. 239]. Бұл да фольклордан келе жатқан әбден тұрақтанған теңеу. *«Сұмбіл шаш, қиылған қас, құралай көз, шынымен іздегенім болдың ба кез?», «Айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын соңыңнан»* [82, б. 240] сияқты тұрақты поэтикалық құрылымдар Төлегеннің де, Шегенің де сөздерінде көп кездеседі. Мұндай фольклорлық мотивтер шығарманың құндылығын арттырмаса, түсірмейді.

Фольклор жанрларының ішінде мақал-мәтелдер – шешендікке құрылған ойлы сөздің құрамында да маңызды орын алатын жанр. Қаламгердің көркем туындыда мақал-мәтелдерді қолдануы шығармашылық деңгейдің айқын көрінісі саналады. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан, тілдік матрица нәтижесі саналатын мақал-мәтелдер туындының көркемдік әлемін кеңейте түседі. Жазба әдебиеттің фольклормен байланысы анық аңғарылатын осы жанр ешқашан маңызын жоймайды. Ғ. Мүсірепов фольклорды шеберлікпен пайдаланудың үлгісін екі драмасында да көрсетеді. Халықтың құнарлы қазынасы мақал-мәтелдердің беретін түйінін драманың шешуші тұстарында орнымен ұсынған.

Кез келген тұрақтанған фольклорлық мотивтер жазба әдебиеттің көрігінде қайнағанда, өзінің түпнұсқасындағы семантикалық мәнін, эстетикалық қызметін белгілі бір дәрежеде сақтайды. «Қыз Жібек» пьесасында:

«...Деген бар аталы сөзге арсыз тоқтар» [82, б. 240], «Сыйға сый қайда, жеңеше...» [82, б. 242], «Айтылған сөз – атқан оқ / Кетер, кейін қайырылмас!» [82, б. 243], «... Көңілдің кірі кететін / Қосылып қыздар билесе...» [82, б. 236] «Ер серігі – тәуекел // Жалғыз да болсам аттанам!» [82, б. 252], «Өзеннің көркі тал болар // Жігіттің көркі жар болар» [82, б. 253].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасында:

«Бәріңе айтар бір қолқам: отыз тістен сөз өріп, желдей есіп кете көрмесін, балалар!» [82, б. 30], «Асау сұлу ақ Баян, атың әйел – шашың ұзын, ақылың қысқа, өкпем жоқ саған» [82, б. 33], «Аш өзегі жалғанар... , қоңы толса – құнан да ат» [82, б. 35], «..басы байлы болса, аяғы сайлы болады деген» [82, б. 38], «Қыл арқыным мойнымда болсын, шірімес қашанда!» [82, б. 37], «..Сабыр үбі салмаққа апарып соқса, өзің боласың да көтеретін» [82, б. 44], «Адасып үйірін тапсаң, өкінбессің кейін» [82, б. 52], «Әділет бар болса, өзі қазған орға, әлгі Қодар құлау керек еді» [82, б. 58]. Біз бөліп алып отырған кейбір мақал-мәтел мән-дес үлгілерге мұқият назар аударсақ, олар фольклордағы дайын форматта көше салмаған. Мақалдар тұжырымды құрылымымен, ойды қорытуда, аз сөзге көп мағына сыйғызуымен мәнді. Ғ. Мүсірепов кейіпкерлер аузына салған жоғарыдағы сөйлемдерде олар бірде негізгі ойды бекіту үшін қолданылса, енді бірде көңіл-күйін, мінезін айқындап тұрады. Халық жадында сақталған тұрақты мақалдарды еске түсіретін, құрылымы жағынан ықшамдалған үлгілер де бар. Кейде мақалдың бір сыңарын өзгертпей алып, оны өлеңді сөздің буынына, ұйқасына бағындырып, өзгеше түр береді. Солай болса да сөйлемнің жалпы құрылымынан тұжырымды ойдың мотиві аңғарылып, драманың поэтикасына шебер үйлестірілген. Драмалық шығармаларда қолданылған мақал-мәтел үлгісіндегі қолданыстар кейіпкерлер ойын айшықты жеткізуге қызмет етіп тұр. Сөзді өз орнымен ұтымды қолданып, ойды анық жеткізу ең асыл өнер саналған. Халқымыздың қат-қабат тұрмыс-тіршілігінің, әлеуметтік, философиялық, моральдық-эстетикалық, этикалық көзқарастары мен дүниетанымын жинақтап ғасырлар қойнауынан жеткен даналық ойлары мақал-мәтелге айналған. Жазушы осындай асыл қазынаны көркем шығармасының қажетіне жаратып, бүгінгі күнге дейін жалғады.

е) фольклорлық кейіпкерлер мотиві. Драмалық қос туындысын зерделей отырып, ондағы образдар жүйесіндегі фольклорлық сарындарға шолу жасап көрейік. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясындағы Қозы бейнесі эпостық жырлардағы ел қорғаған батырлар бейнесіне жақын бейнеленген. Қозының бүкіл іс-әрекетін бақылағанда, оның бойынан көрінетін бір қасиет – ержүректілігі мен батылдығы. Егер эпостық жырларда батыр елдік мүдде үшін басын сынға салса, лиро-эпостық жырларда олай емес, мұнда бірінші кезекте – сүйіспеншілік жолындағы күрес. Сол сияқты Қозы да Баянға жету жолында ешбір сыннан бас тартпайды, яғни оның батырлығын көрсететін – сүйгеніне қосылу тілегі. Осы арқылы драматург сол эпостық жырлардағы мотивті енгізеді. Эпостық

батырларға тән қасиет драмада Қозының да, Қодардың да басынан табылады. Былай қарағанда, Қодарда да батырлық сапа бар. Ол – қызбалық, намысшылдық. Тек Қодардың намысшылдығы, қызбалығы, батырлығының жұмсалар көзі – жамандық, аярлық, зорлық. Осыған қоса, ол әрі ерме, әрі аңғал. Себебі бір уақыт бүкіл пендешілігінен арылмақ болып, Қозы мен Баянның қосылуына кедергі болмауға ниет еткен сәтінде, осынысын дөп басып таныған Жантық сұм оны қайта қайрап, айдап салып қоя береді. Түпнұсқа жырдағы Қодардан драмадағы Қодардың бір айырмасы – осы толқымалы мінез-құлқында. Халық жырында басынан аяғына дейін жексұрындығымен жирендіретін Қодар образын Ғ. Мүсірепов драмада күрделендіре түседі. Ол бір сәт адамшылыққа бет бұрса, енді бірде азғырудың құрбаны болады. Осылайша драманың трагедиялық шешім табуында фольклордағы батырлық мінез штрихтарын енгізеді, яғни ауыз әдебиетінің дәстүрін терең меңгерген жазушы батырлық эпоста көп кездесетін аңғалдық, қызбалық мінезді Қодар бойына сыйғыза алған. Бірақ бәрібір өресі таяз, надан, ұр да жық Қодардың шынайы бет пердесі аяусыз ашылады. Драмада Қозы мен Баян бойындағы аңғалдық та олардың түбіне жетеді. Ойларында арамдықтың ұрығы жоқ олар жауының өзін достыққа шақырып, адамшылық жолға шақырады. Мысалы: «Алды-артым тұлдыр – жалғызбын: аға орнына аға болам деп бер! Достық іздесем де, дос жия алған жоқ ем, досың боламын деп бер!» деген сұлу Баянның сөзін «*Менде жаттық болмас, өткенді ішке сақтамайық, Қодар аға!*» деп Қозы да қоштайды. Бір мезгіл кінәсін түсініп, адамгершілігі ояна бастағандай болады: «*Талай асқақтығың болып едім, ұмыттым бәрін де!*» [82, б. 53]. Осылайша, Қозы мен Баян достық жолында қас жауларының да бүкіл күнәсін кешіреді. Кіршіксіз махаббат пен шынайы адалдық дарыған Қозы мен Баян бойындағы бұл қасиеттер фольклорлық образдарға бірден-бір тән қасиеттер.

*ж) фольклорлық-лирикалық жыр мотиві.* Драманың бесінші суретінде Қозыны алдап жіберіп, көшіп кеткен әкесінің жауыздығына налып, Қозыны таба алмай келген Жарқынның сапарынан кейін Баян мен Таңсықтың торығып ән айтып отыратыны бар:

*Баянның енді аман бол, қалған елі,*

*Ақ қайраң, құмың – меруерт, шалқар көлі..*

*Жататын қаз қаңқылдап, қу сыңқылдап –*

*Ақ қайраң, құмың – меруерт, шалқар көлі...* [82, б. 43] Қара өлең ұйқасына құрылған екі шумақ өлең торыққан жандардың арман-тілегімен ұштас. Ән – қазақ халқының рухани өмірінің ажырамас бір бөлігі. Қазақ фольклоры әнімен ажарлы, қуанышын да, қайғысын да әнге арқау еткен халқының осы дәстүрін драматург ұмытпайды. Баян мен Таңсық салған ән фольклордағы қоштасу жырымен сарындас. Кіндік қаны тамған туған жерінен ажырау, қыз баланың елімен, жерімен қоштасуы фольклордың үлкен арнасын құрайды. Ал драмадағы Баянның осы әні сол қоштасу жырымен сарындас, тек қана жерден ажыраудың себебі ғана өзге. Сөйтіп драматург тұрмыс-салт жырының мотивін де сабақтастырады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмасындағы фольклор үлгілерін біз мақала барысында арнайы сөз еттік [92, б. 299-308].

Фольклор мен әдебиеттің байланысы жайлы көптеген зерттеу еңбектерді, көзқарастарды негізге ала отырып, зерттеушілердің бір жақты келісімге келмегенін көреміз. Фольклордың әдебиетте қолданыс табуына байланысты зерттеуші Қ. Байтанасова, Г. Нұрлыбек мынадай сұрақтар қойылу керек екенін айтады: «Қаламгердің фольклорға қызығушылығы бар ма?», «өз шығармасына не үшін қолданды?» [93, б. 38]. Мұндағы берілген сұрақтардың негізінде фольклорлық мотивтердің әдебиетте қолданыс табуы авторлық позициямен анықталады. Нақтырақ айтатын болсақ, фольклор мен әдебиеттің байланысында «қаламгердің фольклорға қатынасы» маңызды аспект саналады. Зерттеушілер шеберлікпен қолданылған фольклорлық мотивтердің ұлттық таным құралы екенін жеткізеді [93, б. 40].

Шығарма сюжетіне ауыз әдебиеті үлгісінің қосылуы әдеби кеңістік шекарасын кеңейіп, мазмұнды әрі көп мағыналы көркемдік потенциалдың қалыптасуына әсер етеді. Қазіргі әдеби үдерісте фольклор көптеп қолданылуда. Бұл өз кезегінде ұлттық таныммен қатар, идеялық, эстетикалық колоритті дамытады. Зерттеуші Г. Гамзатов пікірінше, фольклор халықтың құндылықтық, эстетикалық тәжірибесі ғана емес, тарихи, этнографиялық, психологиялық, көркемдік фактурасы екенін айтады [94, б. 22]. Ұлттық бейнелер, символдар сынды халық ауыз әдебиеті құралдары арқылы ұлттық мінез ерекшеліктері айқындалады. Әдебиет пен фольклордың тығыз байланысы даму тенденциясына және өзгерістерге бейім. Соның ішінде драмалық шығармаларда фольклорлық мотивтердің қолданыс табуы бүгінгі күні өзекті. Бұл жөнінде зерттеуші А. Сарбашева құнды пікір білдіреді. Зерттеушінің пікірінше, драмалық шығармаларда тарих, тұрмыс, дәуір болмысын суреттеуде фольклорлық-этнографиялық жайттар қолданылатынын айтады [95, б. 577].

з) *қалыңдық іздеу мотиві*. Ғ. Мүсірепов «Қыз Жібек» пьесасында әйел теңсіздігі, махаббат мәселелерін әлеуметтік, қоғамдық аспектіде суреттейді. Сонымен қатар қаламгер фольклорлық мотивтерді тиімді пайдаланып, ұлттық таным деңгейінде маңызын көрсетеді. Туындыда фольклорлық шығармаларда жиі кездесетін «жар іздеу» мотиві бар. Батырлар жырын тереңдете зерттеген Р. Бердібай батырлар жыры мен ертегілерді өзара салыстыра келіп, мынадай ұқсастықтарын барын айтады:

1. Ата-ананың перзентсіз болуы;
2. Жыр кейіпкерінің ғажайып туылуы;
3. Тотемдік, анимистік сенім. Әруақтардың, әулие-пірлердің қолдауы;
4. Баланың жылдам әрі батыр тұлғасында өсуі;
5. Қалыңдық, жар іздеу;
6. Іздеген өмірлік жарына қосылуы, сынақтардан сүрінбей өтуі, қарсыластарын жеңуі;
7. Батырдың елі үшін кек қайтаруы, шапқыншылармен ұрыс жүргізіп, той жасауы [96, б. 85].

Мұндағы берілген ортақ мотивтер батырлар жырына, ертегілерге тән. Дегенмен ғашықтық жырда да «жар, қалыңдық іздеу» мотивтері көп кездеседі. «Қыз Жібек» жырында да Төлеген өзіне тең, лайық қызды іздейді. Драмалық

шығармада да «қалыңдық іздеу» мотиві жалғастық тапқан. Төлегеннің Жібекке кездескенге дейін сексен бес аруды өзіне тең көрмегені нанымды суреттеледі. Шығармада «қазақ әйелінің» жайы былайша суреттелген:

*Бұл дәурен ескен желдей әлі-ақ өтер,  
Жібегің сілем-сілем тозып бітер.*

*Бір жаман мал бердім деп қоқаңдаса,*

*Ойланышы, қайран Жібек, күнің не етер* [82, б. 89], - дейді. Халқымызда айттыру, қалың беру ісінде «ғашықтық» мәселесі ескерілмейді. Өзара шешілген бұндай келісімдерге әйелдер қарсы шыға алмайды. Келесі кезекте:

*Еркі бар ма қыздардың өз басында,  
Жаралған ата-ананың саудасына,  
Жібек-Жібек деген мен ел әлпеіштер,*

*Билесің, менің де атым ұрғашы да* [82, б. 91], - деп қазақ қызының қиын тағдыры суреттеледі. Драмалық шығармада «жар іздеу» мотивінің негізінде: атастыру, қалың беру сынды салт-дәстүрлер көрініс тапқан. Тіпті «*Қалың берер малы жоқ, қатын алар жайы жоқ*» деген мақал да орынды қолданылған. Қалыңдық іздеген адамның міндетті түрде қалың төлеуі тиіс. Шығармада Жібектің қалыңы бес жүз жорға тұрғаны айтылады:

*Қалың малы Жібектің,  
Бес жүз жорға өңкей көк,  
Қалың болмас бұдан көп,*

*Қалыңға өңкей жорға боп* [82, б. 101]. Қалың төлеу, қалың мал беру фольклорлық шығарманың этнографиялық деңгейде ұлттық таным бейнесі екенін көреміз.

*и) ғажайып қолдаушы мотиві.* Туындыда көрініс табатын келесі мотив – «ғажайып қолдаушы» мотиві. Батырлар жырында қолдаушы, қорғаушы Баба түкті Шашты Әзіз сынды әулие-әнбиелер бейнесі сомдалады. Осы орайда «Алпамыс», «Қобыланды» фольклорлық шығармаларымен «Қыз Жібек» драмалық шығармасын салыстыру 1-кестеде берілген. Мұндағы берілген үзінділерден батырлық шығармаларда айқын кездесетін «ғажайып қолдаушы» әулие-әнбиелердің драмалық шығармаға мифологиялық сипат беретінін көреміз.

Кесте 1 – «Ғажайып қолдаушы» мотиві

«Алпамыс» батыр жыры	«Қобыланды» батыр жыры	«Қыз Жібек» драмалық шығармасы
1	2	3
<i>1. Менің атым <u>Шашты Әзіз</u> Қыламын десең ықылас, Жарылқады жаратқан Ей, бишара, көзіңді аш! Ұлыңның аты Алпамыс, Қызыңның аты Қарлығаш.</i>	<i>Тоқтар менен Аналық, <u>Әулиеге</u> ат айтып, <u>Қорасанға</u> қой айтып, Шыбын жанын және айтып, Безіп дүние малынан,</i>	<i>1. Ей, андан соң <u>Ғайып ерен</u> <u>қырық шілтен көктен ұшты</u>, Құданың құдіретімен жерге түсті. Қарап тұрсақ құдайдың ісі күшті, Ханзада тойыңның тамағынан ішкіз.</i>

1-кестенің жалғасы

1	2	3
<p>2. Қалмақтар атқан қалың оқ, Жаңбырдай болып тиеді. Еті түгіл баланың Терісіне кірмелі. <u>Ғайып ерен қырық шілтен</u> Баланы қолдап демеді</p>	<p>Тірідей безіп жанынан Тілеп алған баламын</p>	<p>2. Жылқы иесі <u>Қамбар-ай,</u> Қарағыма көз сал-ай. Адасса жолға салып жүр, Сүрінсе қолдан алып жүр, <u>Баба түкті шашты әзіз,</u> Рұқсатымды мен бердім.</p>

Екінші пердеде Базарбайдың Төлегенге ашуланған себебі өзіне лайық құда мен құдағайды өзінің таңдамағаны болып отыр. «Анасын көр де қызын ал, атасын көр де қызың бер» ұстанымын берік сақтанбағаны себеп болғанын көреміз. Жырда әкесі Базарбай «теріс бата» берсе, пьесада айқын суреттелмеген. Керісінше, авторлық позицияны қолдана отырып, Базарбайдың қарсылығын орынды жеткізген. Фольклорлық шығармада кездеспейтін бұл деталь – драмалық шығарманың көркі.

к) *этнографиялық-фольклорлық мотивтер*. Пьесада «күйеу аттандыру», «шашу», «көкпар», «табақ тарту», «ат үстінен күміс алу», «жамбы ату» сынды ұлттық дәстүрлер көрініс тапқан. Сонымен бірге «әмеңгерлік салты да» ұмыт қалмаған. Төлегеннің соңғы тілегіндегі:

*Өле қалсам оқ тиіп,  
Тимесін Жібек өзгеге,  
Артымда қалған қанатым,  
Сансызбайдай көзім бар,*

*Іздеп барып алатын* [82, б. 103], - деген сөзінен өз жесірін тастамаған халқымыздың ұлттық ұстанымын көреміз.

Екінші кезекте авторлық ұстанымның көрініс тапқаны – өзін құздан лақтырып жіберген Жібек әрекеті. Фольклорлық шығармада Сансызбайға қосылуымен аяқталған Қыз Жібек жыры халықтың сана-сезімнің көрінісін бейнелейді. Драмалық шығарманың трагедиямен бітуі авторлық ұстанымның өзгерісін көрсетеді. Фольклорлық шығарма бақытты болумен бітсе, драмалық туындыда трагедиямен аяқталады. Осылайша авторлық ұстаным айқын көрінетін әдеби шығармаларда фольклорлық мотив қаламгердің фольклорды терең түсініп, драмалық тартысқа негіздей алуын көрсетеді. Сонымен бірге жазушы өз шығармасының этнографиялық жайттар негізінде оқырманға салт-сана, тарих, тұрмысты нанымды жеткізуді көздейді.

Кейіпкерлер арасындағы тартысқа құрылған «Ақан сері – Ақтоқты» шығармасындағы басты кейіпкер – тарихта болған Ақан серінің нақ өзі. Ақынның басынан кешкен оқиғаларына ғана емес, шығармада азаматтық тұлғасын таныту көзделген. Ақан серінің қиындыққа толы өмірі драмалық шығарманың басынан аяғына дейінгі оқиғаларға арқау болады. Ақан сері жайлы І. Жансүгіров, М. Жұмабаев, С. Жүнісов сынды авторлар қалам тербеп, ақын жайын тереңірек ұғындыруға тырысады. Дегенмен Ғ. Мүсірепов трагедиясында Ақанның азаматтық болмысы, азаматтық ұстанымы алдыңғы қатарға шығады.

Шығармада фольклорлық шығармаларда жиі көрініс беретін «атастыру» салты кездеседі. Науан молданың Ақанның сүйгені Ақтоқтыны бөтен адамға атастыруды көздейді. Шығармада:

*«Төре тұқымы ұсақтап барасың,*

*Қарабайырман сүйек жаңғырт...*

*Қоңқайға күйеу боласың,*

*Ақ патшаның баласына лайық қызы бар».* [82, б. 123], - деген мысалдан өз ұпайын түгендеген Науанның пасық пиғылын көреміз. Фольклорлық шығармаларда «атастыру» салты қалай бейнеленген? «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырында Қарабай мен Сарыбайдың бесік құда атануымен «атастыру» мотиві беріледі. «Ер Төстік» ертегісінде Ерназардың тоғыз ұлын бір үйдің тоғыз қызына атастырады. Халқымыздың ертеден келе жатқан салт-дәстүрлері фольклорлық шығармалардың негізіне айналған. Ескілік салттың жырда, ертегіде көрініс беруі рушылдық, феодалдық қоғамның жемісі саналады. Кейіннен қалыптасқан фольклорлық шығармаларда «атастыру» салты жиі кездеспейді. Бұл өз кезегінде қоғамдық қатынастардың өзгерісі фольклорлық шығармаларда айқын берілетінін көрсетеді.

Драма тартысқа, шиелініске құрылады. Ондағы образдар легі, сюжеттік тартыстар бүкіл оқиғаның негізіне айналады. Драмалық шығармада Ақан мен Науан арасындағы қақтығысы дін мәселесі аясында айқын ашылады. Бұл жөнінде зерттеуші-әдебиеттанушылардың пікірлері екіге жарылып, Ақанның көзқарастарын кереғар деп дәлелдеуге тырысты. Науан хазіреттің дүмше молдалығын айқын түсінген Ақанның азаматтық ұстанымдары қарама-қайшы келеді. Драмалық шығарманың өзегіне айналған екі тұлғаның тартысы қоғамдық, феодалдық тартысы фонында қазақ әйелінің теңсіздігі, бостандығы мәселелері де қарастырылады. Науан молданың Ақан сері қуғынға ұшыратып, Ақтоқтыны өлімге қиған әрекеттері қазақ қоғамындағы бұрынғы феодалдық тартыстың қалдығын әшкерелейді. Трагедиямен аяқталған шығармада фольклорлық шығармаларға тән салт-дәстүр элементтері орнымен қолданылды. Этнографиялық деректер сынды элементтерді қолдану арқылы әдеби кеңістікті кеңейте түсті. Авторлық позиция негізінде Ақан бейнесінің сюжетті оқиғаларға негіздей отырып, ұлттық танымда, руханияттағы маңызын көрсетеді.

Ақтоқты мен Ақан арасындағы сезім кіршіксіз, адал махаббатқа құрылған. Ғашықтық жырларға ортақ сюжет «қоғамның қарсылығы», «рушыл қоғамның қалауы» кесірінен екі ғашық бір-бірінен айырылып, түбінде трагедиямен бітті. Жан жарасы енді жазылып келе жатқан Ақанның Ақтоқтыдан айырылуы дертін асқындырып жіберді. Атастыру, қазақ әйелінің рушыл қоғамның тұтқыны екені драмалық шығармада айқын бейнеленген. Феодалдық қоғамның кемшілігін нақты көрсетіп, Ақан образының дамуы әлеуметтік, қоғамдық мәселелер жөніндегі пікірлерінен айқын аңғарылады.

Ғабит Мүсірепов «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесаларында қазақ халқының танымында, мәдениетінде сақталған салт-дәстүрлерді, фольклорлық мотивтерді қолдана отырып қоғамның өзекті



мәселелерін айқындауға тырысқанын көреміз. Қазақ әйелінің жайы, әсіресе феодалдық құрылыстағы жағдайы қаламгерді бейжай қалдырмаған.

Қорыта айтқанда, жазушы-драматург Ғабит Мүсіреповтің драмалары – ел әдебиетінің ең бай қазынасын танытатын, әрбір талғампаз оқырман үшін тағылымға, тәлімге толы классикалық туындылар. Драмада бірде-бір басы артық, қара дүрсін сөз кездеспейді. Тартысқа құрылған драмалық шығармаларда фольклорлық мотивтерді қолдану арқылы өткен мен бүгінгінің байланысы айқын көрінеді. Ғасырлардың қойнауынан сыны бұзылмай, идеялық арқауы сетінемей жеткен, дүние жүзінің жауһары санатына қосылған екі лиро-эпостық жырды классикалық драмаға айналдырған Ғ. Мүсірепов суреткерлік таланты халықтық дүниетаныммен жарқырай түсті. Ізгілік пен жауыздық арасындағы бітіспес тартыстың арқауын қосыла алмаған ғашықтар тағдыры арқылы суреттей алды. Осылайша, М. Әуезов салған ізбен өткен ғасырдың отызыншы жылдары Ғ. Мүсірепов рухани қазынамызға алтын қор әкеліп қосты. Драмалардың бүгінгі күнге дейін сахнадан түспей келе жатқандығының негізгі кілті фольклорда деп нық айтамыз.

Бұрын лиро-эпостық жыр арқылы ғана танылып келген эпос кейіпкерлерін жаңа жанрдың аясында бейнелеп, характерлерін әлеуметтік мәселелер ауқымында терең ашты. Ғ. Мүсіреповтің эпикалық драматургиядағы қолтаңбасы М. Әуезовті қайталамайды. Жиырмасыншы ғасырдың басында енді дамып келе жатқан қазақ әдебиетінің драматургиядағы тәжірибесі тіпті аз еді. Соған қарамастан, терең ізденіс, әлемдік әдебиеттен үйрену оны фольклорлық тақырыпқа алып келді. Фольклорлық эпостардағы тақырып, ішкі тартыс драмаға сұранып тұр еді, фольклордың өзі драмаға дайын фон болды. Халық эпостарының ғұмыры драмалық жанрда ұзара түсті. Фольклордың төл туындысының жазба әдебиеттің табысына айналуында Ғ. Мүсіреповтің еңбегі ұшан-теңіз. Оның халық әдебиетінен терең сусындауы шығармаларында фольклорлық мотивтерді шебер пайдалануына әсерін тигізді.

### Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Қазіргі әдебиеттану ғылымы әлемдік мәдениет дамуының бір бөлігі ретінде әдебиет пен фольклордың өзара байланысы мәселесіне қатысты өзекті сұрақтарға жауап табуы керек. Әр дәуірдегі әдебиеттің фольклорға сүйенуінің күрделі тарихи заңдылықтарын анықтау – қазіргі ғылымның алдына қойған міндеттерінің бірі. Осы байланыстың эволюциялық динамикасын анықтау, жазушылар фольклористикасының әр кезеңдегі өзекті мазмұнын зерделеу бірінші тарауда басты негізге алынды.

Бірінші тарауда фольклоризм ұғымына шетел және орыс әдебиеттану ғылымындағы берілген ғылыми пікірлер, анықтамалар салыстырыла талданды. Қазақ әдебиеттану ғылымында фольклорлық мотивтер, сарындар, фольклорлық элементтер, фольклорлық дәстүрлер деген ұғымдар синонимдес қолданылып, фольклоризм концептісін толықтырады. Бөлім аясында жазба әдебиеттің дамуы мен қалыптасуындағы фольклордың рөліне сипаттама берілді. Екі көркемдік

жүйенің өзара байланысы мен ықпалы, олардың өзіндік ерекшелігі айқындалды. Фольклоризм мәселесінің зерттелу тарихнамасы жүйеленді. Ұғымның өзінің мазмұнына қатысты әлемдік зерттеулер сараланды. Жазушының өзіне ғана тән стильдік ерекшелігінің, шеберлігінің сыры оның фольклорда екендігі белгіленіп, алғышарттары айқындалды. Ғ. Мүсірепов шығармашылығының осыған дейінгі зерттелуіне шолу жасалды. Халықтың классикалық эпосын классикалық драмаға айналдырудағы шеберлік сыры анықталды. Қаламгердің драмалық туындыларындағы түс көру, мифопоэтикалық, тектілік, шешендік сөз, жар іздеу, ғажайып қолдаушы секілді фольклорлық мотивтер мен кейіпкерлер әлеміндегі фольклорлық дәстүр мәселесі жүйеленді.

## 2 Ғ. МҮСІРЕПОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### 2.1 Фольклорлық-этнографиялық сюжеттер мен дәстүрлі мотивтер

Фольклортану саласы қазіргі ғылыми парадигмада генезистік, стадиялық, типологиялық, этнографиялық, көркемдік әдіс-тәсіл, дәстүрлілік негізінде зерделеудің алғышарттары бір арнаға қойылған. Тап осы теориялық негіздерді басшылыққа алу, тану жазба әдебиеттің болмысын түйсінуге жағдай жасайды. Әсіресе, фольклордағы дәстүр мен жалғастық, яғни фольклорлық мотивтер мәселесі қазіргі таңда әдебиеттанудың ұлттық астарын зерделеп, бүтіндігін негіздеуде аса қажет. Фольклор – барлық ұлт пен ұлыстың халықтық мәдениетінің, танымы мен нанымының бастау бұлағы, мәдени-тарихи сананың, ұлттық жадының, дәстүрлі дүниетанымының мызғымас тірегі, рухани дүниесінің айнасы. Кез келген халықтың түпкі дүниетанымын зерделеуде, өмір сүру салты мен бай рухани болмысын бағамдауда одан асқан қазына, құнды да бағалы дерекқоры жоқ. «Фольклор қай халықтың болмасын этникалық тек тамырын танып, ұлттық келбетін айқындап, келешекке бағдар түзуде ұстанатын темір қазығы болып табылады», - дейді ғалым К. Матыжанов [88, б. 5]. Ал осы фольклорды негіз еткен жазба әдебиеттің әр халықтың ұлттық болмысын айқындауда маңызы тіпті ерекше. Фольклор, алдыңғы тарауда атап өткеніміздей, жазба әдебиетіміздің бастау арнасынан қазіргі күнге дейін барлық көркем шығарма, көркем дүниемізге тірек болып келді және әлі де бола бермек. Ауыз әдебиетіміздің қайнар бұлақтары – классикалық эпостарды драма, авторлық шығарма, сценарий секілді жанрларға айналдыру негізінде қазақ әдебиетінің алтын қорына «Еңлік-Кебек», «Қара қыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді драмаларды қосты. Сондай-ақ «Сұлушаш», «Көкшетау», «Күйші», «Құлагер», «Құралай сұлу», «Ақбөпе», «Абыл», «Ақсақ құлан» секілді көркем дүниелер халық санасында, ел аузында талай ғасырлар сақталған аңыз сарынына негізделіп жасалған шығармалар еді.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап фольклорға жаңаша көзқарас қалыптасты. Осы ретте көркем туындылардағы фольклорлық сарындар мен дәстүрлердің қолданысын зерттеу нысанына айналдырған зерттеулер легі ғылыми айналымға ене бастады. Әсіресе, рухани, ұлттық сананы жаңғыртып, мәдени құндылықтарды ұлықтап жатқан уақытта әдебиеттің ұлттық негізін саралау, фольклорлық түпкі сананы қайта жаңғырту мәніндегі соны зерттеулердің бағасы арта түсті. Қаламгерлердің ұлттық әдебиеттің қайнарын пайдаланудағы тәжірибесі әдеби үдерістің генезистік, типологиялық негізін айқындауға да септігін тигізеді, соның ішінде суреткердің көркемдік-стильдік лабораториясының кемелдігін, шеберлік шыңының тереңдігін анықтаудағы маңызы ерекше.

Қазіргі қазақ әдебиетінде қаламгерлер өз туындыларының мазмұнына қоғам мен ғұрып, жаңа заман мен салт, жаңашылдық пен дәстүрдің ара-жігіндегі тұтастық, бірізділік, біркелкілік, жүйелілік секілді сипат беру үшін фольклорлық

мотивтерді мол пайдаланады. Халық ауыз әдебиеті мен жазбаша әдебиеттің қайсысын алатын болсақ та, алдымен ұлттық тіл байлық, қазақы ойлау мен сөйлеудің негізінде туып, дамыды. Оның ұстанған өмір құбылыстары қазақ ұлтының тарихи, саяси-әлеуметтік ғұмырымен, ұстанған өмірлік салт-сана, дәстүр-тұрмысы, еңбек қатынастарымен тікелей байланысты. Осылайша олардың шығармашылықтарында ұлттық сөз өнеріндегі қалыптасқан негізі қайта түледі, жанданды. Фольклор мен әдебиетте өзара ұқсас, аралық негізден туған поэтикалық, прозалық жанрлар дүниеге келіп, дамып отырды. Сол себепті ұлттық сөз өнері мен әдебиет арасындағы өзара байланыс, өз арасындағы идеялық-көркемдік арналардың бір-біріне әсері заңдылық деуге болады. Бірақ фольклорлық дәстүрлерді, оның бастапқы идеялық мазмұнын пайдалану үнемі әдеби процесс бола бермейтінін ескергеніміз жөн. «Архетипы проявляются в сказках, мифах, притчах в форме устойчивых мотивов, выражая собой определенный морально-нравственный код или знаковость. В этой связи казахский фольклор, являясь основной частью свода национального культурного архетипа, представляется активно действующим фактором в жанровой памяти современной казахской прозы» [97, б. 240]. Осы пікірде айтылғандай, әдебиет – жай сөздердің тіркесі емес, ол терең ойды, сезімді, ойды таңбалар мен архетиптер арқылы жеткізу өнері. Архетиптер – ұжымдық бейсаналықта болатын және белгілі бір мағыналар мен эмоционалдық жүктемені арқалайтын әмбебап символдық бейнелер. Ал символдар, өз кезегінде, терең астарлы мәнді қамтитын нақты заттар, әрекеттер немесе оқиғалар. Жазушы шығармасында бұл екі ұғым да маңызды рөл атқарады. Жазушы оқырманға таныс түйсік деңгейінде кейіпкерлер немесе сюжеттер жасау үшін архетиптерді пайдалана алады. Символдар шығарманың өзегінде жасырылған мағыналарды, тақырыптарды ашуға көмектесіп, оны әлдеқайда тереңірек және жан-жақты етеді.

Көбіне суреткер өз туындысында белгілі бір фольклорлық үлгіні бейсаналы түрде, яғни қанында бар генетикалық түйсік арқылы пайдалануы мүмкін. Осы ретте де академик С. Қасқабасовтың пікірін негізге аламыз. Ғалым әдебиет пен фольклордың байланысын зерделеп, бұл байланыстың төрт типін көрсетеді. Олар: генетикалық байланыс, қайшылықты байланыс (оппозиция), үйлесімді байланыс және кері байланыс. Әдебиет пен фольклор негізіндегі генетикалық байланыс жазба әдебиеттің туып, қалыптасу мезетіне тән, яки фольклордан тікелей туындап, өсіп-өніп, оның жанрларын, сюжеттерін, мотивтерін, кейіпкерлерін, тілін мол қолданады. Генетикалық байланыс болса, фольклордың әдебиеттің тініне сіңісіп кетуі көбірек байқалады. Әдебиеттің фольклормен генетикалық байланысы әсіресе драма жанрында айқын ашылады. ...Генетикалық байланыс кезеңінде фольклор негізінен поэзия мен драматургияда белсенді қолданылады. Прозаға келетін болсақ, ол өзінің алғашқы даму кезеңінде фольклорды тек бейнеленген нәрсеге қажетті реңк беретін фон ретінде пайдаланады. «Проза, за исключением отдельных рассказов, никогда не основывается на фольклорных сюжетах, а лишь вкрапливает эти сюжеты в повествование» [98, б. 344-346.] деп, академик байланыстың әрқайсысына тоқталып, жіктейді. Аталған пікір негізінде пайымдайтынымыз, әдебиетіміздің

«алтын ғасыры» атанған жиырмамыншы ғасырдың басында осы байланыстың айрықша орын алғанын көреміз. Оған дейінгі дәуірде де жазба әдебиеттің негізін қалаушы Абай шығармашылығынан да фольклорлық сюжеттерді көреміз. Жаңа дәуір, жаңа ғасыр айрығында да, қоғамдық құрылыстың, саяси-әлеуметтік, тарихи серпілістердің қайнаған шағында да әдебиет пен фольклордың арасындағы байланыстың ерекше әрі қарқынды дамығанын байқаймыз. Әсіресе, драматургия саласында фольклорды басшылыққа алу тиімді болды. Халық ауыз әдебиетінің сан ғасырлық мұрасындағы эпостық туындыларды жаңа жанрда трансформациялап, халықтың өзіне қайтадан жаңғырта жырлау әдебиетіміздің бір міндеті болғанға саяды. Қазақ мәдениетінде 1926 жылы тұңғыш рет ұлттық драматургиямыздың есігін қаққан М. Әуезовтің «Еңлік-Кебегінен» негіз алған аталған жанрдағы туындылар одан кейін де фольклордың өзіне тікелей төтесінен жол салу арқылы өрістеді. Артынша «Айман-Шолпан», «Қобыланды», «Бекет батыр», «Қалқаман-Мамыр» пьесалары дүниеге келді. Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр», Сағыр Қамаловтың «Ер Тарғын», Ә. Тәжібаевтың «Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез», Ш. Құсайыновтың «Алдар Көсе», Әлжәппар Әбішевтің «Қамбар», Қапан Сатыбалдиннің «Аягөз ару», М. Ақынжановтың «Алтын сақа» сияқты пьесалары қазақ кеңес әдебиетінің заманында драматургияның маңызды жобалары ретінде театр арқылы халыққа бағытталды. Осылардың барлығы да халық ауыз әдебиетінің асыл маржандарының негізінде туған пьесалар еді. Соның ішінде осы топтан айрықша бөліп қарап, жіті бағамдайтынымыз, әрине, Ғабит Мүсірепов драмалары. Оның «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмаларындағы негізгі тірек фольклордан алынып, одан кейін де жазушының эпикалық, реалистік туынды жасау жолындағы алғашқы баспалдақтары болатын. Академик С. Қасқабасовтың пікірін алға тартып, Ғ. Мүсірепов драмалары фольклор мен әдебиет арақатынасының генетикалық типіне жататын шығармалар дедік. Халық жадында, ел санасында сақталған оқиға, түйін, сюжеттерді арқау етіп, оны ерекше сипатта өрістетіп, соны сапада бағамдаған туындылары қаламгер шеберлігінің шыңы еді. Драматургиямен қатар прозаны теңдей игерген қаламгердің эпикалық шығармаларында да фольклорлық сарындар өзгеше сипатта өріледі.

Тәуелсіздіктен кейінгі әдебиеттану ғылымында фольклорлық сарындардың көркем туындыда уақыт өткен сайын қоюланып, кеңірек араласып, көркемдік арнамызға жаңа серпіліс, жаңа сапа, жаңа бағыт пен арна қалыптастырып келе жатқанын зерделеу жеке алдына тенденция ретінде қалыптасқанын айтуымызға болады.

Фольклордың жанрлық теориясында этнографияның рөлі өте зор. Этнографиялық материалдар фольклор жанрларының шығу тегін анықтау үшін ғана емес, олардың көнелік сипатын айқындауда да қажет. Өйткені жалпы фольклорлық сюжеттер мен мотивтердің, жанрлардың пайда болуы, дамуы, қалыптасуы, олардың өмір сүру формалары болмыспен, тұрмыс барысымен тығыз байланысты. Алдымен, сюжет мәніне тоқталып өтейік. Сюжет жайында ғылымда айтылған сан қилы пікірлер бар. Академик С.А. Қасқабасов бұл пікірлерді жүйелей келіп, былай дейді: «Фольклордағы сюжет дегеніміз –

фольклорлық шығарманың негізгі оқиғалық қаңқасы, өзегі. Ол шығармадан бұрын пайда болып, одан тыс өмір сүре алады. Көркем шығармада, әсіресе, фольклорда, сюжет көбінесе болмыстың өзінен пайда болады, ойдан да шығарылады. Сюжет – бір ізге түсіп, тұрақталған оқиға десе де болады. Кез келген оқиға сюжет бола бермейді. Сюжет болу үшін оқиға бірден-бірге тарап, фольклорлық сипат алуы керек» [52, б. 59]. Фольклорлық сюжет, мотив өз сәулесін жазба әдебиетке түсірген кезде, көркем туынды одан әрі ұлттық кодты бойына сіңіре отырып, оның реалистік сипаты тереңдетіп, ұлттық ерекшелігін таныта түсері белгілі, себебі кез келген ұғымның түп тамыры тереңде жататыны хақ. Сол себепті әр реалистік туындының оқиғасына оқырманды сендіру, реалийлермен жұртшылықты тарта білу ондағы қанымызға сіңген салт-санамызға, наным-сенім, танымымызға, жалпы фольклорлық негізге байланысты туындайды.

Жазушы Ғабит Мүсірепов туындыларындағы фольклорлық-этнографиялық мотивтер мен сюжеттердің пайдаланылу аясы көп қырлы. Сонау тарихтың тарам кездерінен бастап көшпелі күн кешіп, елдігін қас қақпай қорғаған ұлтымыздың дала заңы ретінде қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары тек тұрмыс-тіршілігінде ғана емес, жалпы өн бойы болмысында маңызды қызмет атқарды және қазіргі күнге дейін жетіп, ұлттық символиканың белгісіндей сақталған құрал боп саналады. Нағыз фольклорлық тақырыпқа жазған классикалық драмаларына дейін де, кейін де жазған туындыларында жазушы фольклорға сүйенбей кеткен жоқ. Тіпті «әлем әдебиетіндегі классиктердің қай-қайсысы да фольклордан аттап өтпеген, одан үйренген, оған арқа сүйеген, оны шығармашылықпен пайдаланып, өз өнерлеріне арқау еткен» [52, б. 62]. Мүсірепов те солай. Ол ілкі фольклорлық мотивтерді де, поэтикалық ерекшеліктерді, аңыздық, ертегілік, этнографиялық сюжеттерді де жаратып, асқан шеберлікпен пайдалана білген.

Фольклорлық сюжеттерді пайдалану, ұлттық-әдеби дәстүрлерге сүйену қаламгердің шығармашылық өсу жолына көп әсерін тигізді әрі кемел қаламгер ретінде қалыптасуына жол ашты. Жоғарыда қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселенің зерттелуінде өзіндік жүйе қалыптасқанын айттық. Р. Бердібай, С.А. Қасқабасов, Ә. Молдаханов, Б. Қанарбаева, Ж. Әскербекқызы. Қ. Байтанасова секілді ғалымдар еңбектерінде жекелеген қаламгерлердің шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлердің қолданылу ерекшелігі қарастырылуы арқылы фольклордың жазба әдебиетке ықпалының түрлі формалары айқындалды. Академик С. Қасқабасов әдебиет пен фольклордың байланысын зерделей келіп, бұл үдерістің сонау ХХ ғасырдың бас кезінде әдебиетте әрқилы көрініс бергенін айтады. Шындығында, ХХ ғасыр басындағы тарихи жағдаяттар, әлеуметтік қақтығыстар әдебиетке өз әсерін тигізбей қоймады. Бұрынғы қалыптасқан қалыптан бөлек жаңа идея, жаңа көзқарас, тың жанрлар, соны бағыттар әсерінен әдебиет рухани қажеттілікке бет бұрғанын байқаймыз. Ескінің жанып, жаңаның гүлдеп жатқан мезетіндегі жаңалықтар, сөз жоқ, әдебиетте де орын алды. Сол себепті ол бір жағынан көркемдік ізденістерге қол созса, екінші жағынан қайнар бұлағы болып саналатын фольклорға да табан

тіреді. Қаламгер үшін онсыз болмайтын да еді. Бірақ екі арнаның өзара сабақтасуы, ықпалдасуындағы кереғарлықтар, әр қилылық жалпы әдеби-мәдени даму бағытындағы ережелер екендігі Д.Н. Медриштің: «В каждой национальной культуре между фольклором и литературой устанавливается своя система отношения, в которой общие закономерности получают своеобразное развитие» [3, б. 245], - деген пікірінде айтылады.

Жалпы, фольклортану ғылымы көпке дейін этнографияға қатысты жете қаралмай келгені аян. Осы мәселені қозғай келіп, профессор Р. Бердібаев: «...Әсіресе, фольклордың көне кезеңін зерттеуде этнографияның берерлік көмегі мол. Біз көп жағдайда қайсы бір фольклорлық тексттің көркемдік-эстетикалық әсерінің аздығына қарап, олардың көркемдік ойлаудың төменгі сатысы ретінде санап, менсінбей қарайтынымыз бар. Бірақ олардың қандай жағдайда туғанын және қаншалықты қызмет атқарғанын ажыратуға қолымызда кілтіміз жоқ. Ол кілт – этнография. Егер архаикалық мәдениеттің синкретті болғандығын мойындасақ, көне замандарда туған фольклорлық шығармалардың тек қана эстетикалық қызмет атқармай, ең алдымен, тұрмыс-салт қажетін өтегенін түсінер едік» [1, б. 127], - дейді. Осылайша, фольклор мен этнографияның өзекті байланысын анықтайды. Этнография дегеніміздің өзі көне грек тілінде «халық туралы жазу» дегенді білдіреді екен. Ендеше, әр халықтың басқалардан ерекшелеп көрсететін салт-санасы, әдет-тұрмысы, ғұрпы, мінез-бітімі болатыны сияқты, қазақ халқының да сонау ерте заманнан өріліп келе жатқан тұрмыс-тіршілігінің барлық саласына қатысты әдет-ғұрып, салт-санасы, дәстүрі, мінез-кұлқы сараланған. Бұларды біз фольклорлық-этнографиялық өмір көріністері деп жинақтап айтамыз. Бұлар қазақ халқының бағзы замандардан жалғасып келе жатқан өмір-салтына, қуаныш-қайғыларына, күйбең тіршілігіне, сөйлеуі мен сөйлесуіне, жүріс-тұрысы мен өмір сүру принципіне, асқа қатысты әрекеттеріне, киім тігіп, бой түзеуіне, руластары мен отбасына қатысты т.б. қалыптасқан. Фольклор ес білмейтін ескі заманда туып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұра болса, ал этнография ғылымы фольклормен жымдаса, кіріге жүретін, ұлттың тарихи жадынан тегеурінді орын алып, сол халықтың барлық тыныс-тіршілігінен хабардар ететін синкретті құбылыс. Профессор А.Ш. Пангереев өзінің топонимиялық фольклорға арналған еңбегінде фольклордың синкреттілігі туралы айта келіп, оның фольклормен байланысы туралы былайша ой түйеді: «Этнография халықтың салты, дәстүрі, жөн-жоралғысы сияқты өзіндік ерекшеліктерін сипаттап көрсетуі арқылы фольклорға мейілінше жақын тұрған ғылымның бірі. Белгілі бір халықтың екінші бір халықтан тілі мен сенімі, мекен-тұрағы ғана бөлек емес, сонымен бірге мінез-бітімі де, салт-дәстүрі де өз ерекшеліктерімен дараланады. Ондай ерекшелікті елемей тұрып этнос туралы, олардың мәдени-рухани әлемі туралы белгілі бір тұжырым жасау мүмкін емес» [99, б. 12].

Әдебиеттің даму тарихы және фольклор мен этнография дамуын бір-бірінен бөлек қарауға болмайды. Әдебиет қай уақытта да заман, қоғам дамуынан бөлек болмайды. Әдеби заңдылықтар аясында дамыған әдебиет сюжеттік,

образдық шешімдер табуда өзінің түп негізі фольклормен біте қайнасып, этнографияға да сүйеніп, әр уақытта өзара байланыста болады.

XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдерінің шығармаларында фольклорлық-этнографиялық дәстүрлер ерекше дархан көрінеді. Әдебиет фольклорға арқа сүйей отырып, өзінің жаңа көркемдік бетін айқындады. Фольклор мен этнография осы процесте әдебиет дамуына үлкен көмекші болды. «Фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Этнографиялық материалдарды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана қажет емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуде өте пайдалы. Себебі жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы ғана емес, сондай-ақ олардың өмір сүруі мен өзгеру, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты» еді [100, б. 12]. «Жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек» [101, б. 240] деген Мұхтар Әуезов сөзі ғасыр басындағы алаш қайраткерлеріне берілген тапсырмадай болды, сондықтан олардың шығармаларында небір ұлттық бояуы айқын типтер мен сюжеттер жасалды. Көркем шығармада фольклорға тән айшықтау тәсілдері, көркемдік тәсілдер, образдық бейнелеу ерекшеліктері бейсаналы түрде жүзеге асып жатады. Мұндай фольклорлық кірігулер көркем шығармада әртүрлі дәрежеде көрініс табады. Кейде шығармада фольклор белгілері ап-анық көрінсе, кейде білінер-білінбес нәзік таңбалар арқылы жасырын жатады, ал кейде типологиялық сәйкестіктер арқылы ғана анықталады.

Сөз құрылысының негізгі өзегі, сөз жасаудың басты формалары, заңдылықтары фольклордан бастау алады. Дегенмен көркем шығармаға кірігу мен фольклоризм ұғымдары екі түрлі мәнде анықталады. Фольклорға кірігу тілдік факті ретінде орын алады. Көркем шығармада фольклорлық кірігу көркемдік жүйесін таныта түседі. Фольклоризм болса әдебиетсіз, фольклорсыз қарастырылмайды. Дегенмен интермәтінділік аясында өмір сүріп, жаңа идеялық мағынаның пайда болуымен қатысты ұғым. Жазба әдебиет заман ағымына сай қалыптасып, дамып, түрленуімен көркем шығарманың идеялық, көркемдік, стильдік негізі нығайып, фольклорлық дәстүрлер қалыптасты. Фольклорлық дәстүрлерді көркемдік тұрғыдан қайта қарау уақыт өткен сайын күшейіп, байыды, сөйтіп фольклорлық-әдеби қарым-қатынасты тудырды [102, с. 9].

Уақыттың өтуімен, тарихи жағдайлар мен адамзат құндылықтарының өзгеруімен байланысты көркем әдебиет фольклорлық мотивтерді қолдану қажеттілігін сезінді. XX ғасырдың басында алаш зиялылары осы үрдістен нәр алып, оны әдеби-ғылыми еңбектеріне енгізді. Кеңес әдебиеті кезеңінде бұл дәстүр көмескіленгенімен, жойылмады. Ғ. Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімесі» – осы үрдістің жарқын мысалы. Шығармасында әрбір образ киім-кешек, тұрмыс-салт, кескін-келбеті арқылы этнографиялық символикалармен толықтырылып, персонаждардың жан дүниесін терең ашады. Мысалы, «Талпақ танаудағы» сары атанның тіл бітуі, «Ер Қаптағай» әңгімесіндегі ұлттық-этникалық ерекшеліктер, «Өмір жорығындағы» көкқасқа балықтың адамдық қасиеттерге ие болуы – дәстүр мен жаңашылдықтың байланысын көрсетеді.



Сонымен қатар, қаламгердің «Оянған өлке», «Жат қолында», «Ұлпан», «Тұтқын қыз» шығармаларында да этнопсихологиялық детальдар молынан кездеседі [103, б. 15].

Ғ. Мүсіреповтің қаламынан шыққан әрбір шығарманың қай-қайсысының да идеялық-көркемдік тұтастығы олардың поэтикалық композициялық болмысында мол өмірлік материалдардың, этнографиялық деректі оқиғалардың алатын орнымен, атқаратын қызметімен де тығыз байланысты. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мейлінше терең, мол көрініс тапқан шығарма ретінде жазушының «Ұлпан» романын айрықша атаймыз. Романда халқымыздың салт-дәстүр көріністері сан қырлы әдіспен көрініс тапқан. Сонымен қатар жазушы драмаларын да осы мәселе аясында тыс қалдыра алмадық. Себебі жазушы шеберлігінің түрлі қыры дәл осы классикалық эпостан классикалық драмаға айналдыру барысында тіпті айқындала түседі. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек» сынды драмалық шығармаларында да халқымыздың сан қырлы тіршілік тынысы кең көрініс беріп, өткен жүріп өткен жолымызды, ата-дәстүрімізді саралауға, қадыр-қасиетін ұғынуға көмектеседі.

Көшпенділік салты – қазақ халқының ұлт болып қалыптасып басу арнасының ең алғашқы сатысындағы өмір сүру формасы. Түркі халықтарының көпшілігі, тіпті адамзаттың үштен бірі көшпенділік мәдениетін ұзақ уақыт бойы ұстанып келгені белгілі. Оған табиғаттың өзі себепкер көрінеді. Субтропикалық және тропикалық белдеулерді мекендеген халықтардың басым көпшілігі көшіп-қонып өмір сүрген. Қазақ ұлты да алғашқы танымдық, нанымдық түсінікке сай табиғатпен сырласып, оған бағынған, тұмса табиғаттың ыңғайына қарай өмір сүріп, ырқына көніп, онымен санасып, біртұтастық негізде өмір кешкен. Осыған сәйкес, адам мен табиғат дихотомиялық байланысы нәтижесінде өздеріне қайталанбас ұлттық мәдени шеңбер қалыптастырған. Көшпелілердің халықтық шығармашылығы айрықша өркен жайып, ауызекі таралуының өзі табиғат талабынан туған. Сондықтан да болар көшпелілер қауымында сөздің бағасы мейлінше қадірлі болып, бір ауыз сөзбен адам тағдыры шешілген, қауымдық тілек-мақсаттар орындалған. Сөз арқасында талай тарихи шындықтар халық санасында сақталып, талай мәнді ескерткіштер соғылған. Жазғытұрым жайлауына, күз аяқтала қыстауды мекендеп, жаны мен малының қамын жасаған ата-бабасының өмір салтын терең меңгерген жазушы «Ұлпан» романын да осы көріністен бастап кетеді: *«Еснейдің төрт қос жылқысы «Қаршығалы» шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді... Қазақ байлығы жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар қара отты шұбарға жақын ұстамасаң – «байлық бір жұттық, батыр бір оқтық» – кейде тақыр таза, жаяу да қаласың. Жаяу қалған адам несімен адам?.. Несімен қазақ»* [104, б. 3]. Қазақ халқы үшін төрт түлік малдың ең қасиеттісі – жылқы малы. Жесе тамағы, ішсе сүті, көшсе көлігі болған жылқыны балаша баптап, бәйгеге қосып, абыройын аспандатып шалқып тасыған да – біздің бабаларымыз. Сал-серілердің сәні, талантты ақындарының үніне де айналған – осы жылқы. Ең әрісі, мыңғыртып мал айдаған бағландарымыздың ең байлығы да осы Қамбар баба тұқымымен өлшенгені белгілі. Жылқыны барлық тұрмыс-тіршілігінің мәні еткен

халықтары үшін, арысы көшпелілердің, берісі қазақ халқының да жылқы малы туралы сонау ғасырлар бедерінен өткен өзіндік танымдық мәні бар. Қаламгер қазақ халқының тұрмыстық санасындағы жылқының осы орнын бүге-шүгесіне дейін жақсы білгендіктен, өз шығармасының әу басынан-ақ жоғарыдағы этнографиялық деректі тұғырлы дәлелмен шегелей баяндайды. Роман басталғаннан-ақ оқырманның көз алдына өткен уақыттағы қазақ тіршілігі бүкіл болмысымен шынайы қалпында елестей қалады. Қызығы мен тіршілігінің көзі болған жылқыны әспеттей баптаған бабаларымыздың білгір, көкірек көзі ояу, көкжиегі кең ой-санасы бүгінгі күні де соншалықты маңыздылығымен өзекті.

Келесі бір қазақ тірлігінің бір көрінісі мына бір эпизодтан көрінеді: *«Ертеңіне бүкіл Сибан ауылдары Ұлпанның көшіне ілесе, жайлауға тұтас көшті. Бұлары Ұлпанға көрсеткен қошемет еді. Жазғытұры жайлауға бет алған бірінші көш, мал ұстаған елдің жыл сайын болып тұратын табиғи көрмесі. Әр ауыл қыстан қалай шықты, жұрттың айдаған малы былтырғыдан көбейген бе, азайған ба? Жастар жағы қалай ажарлы ма, жас балаларға құннан тиген бе, жоқ па? Осының бәрі төрт-бес күнге созылатын көш-жөнекей түгел көзге түседі»* [104, б. 211]. Жазушы мұнда көштің суретін бір ауыз сөзбен бере салмайды. Қаһарлы қыстан жан-есен шығып, көңілі көкке жеткен халықтың жаз-жайлауға сән-салтанатпен бет бұруы мерекеден кем болмағанын білеміз. Ал сол қуаныштың өзін сыни көзбен барлаған сырт көздің ішкі ойын жазушы дөп баса суреттейді. Қыстан шыққан елдің көңіл-күйін барлап, тіпті жастар мен балалардың ажарына дейін мән бере суреттеген жазушы алғашқы көштің қазақ үшін қаншалықты маңыздылығынан нақты хабар береді. Расымен де, бұрын «халқымыз көшпенді ғұмыр кешкен» деп қана, оның түп-маңызына онша терең бойламайтын оқушы болса, соның өзіне терең ой салады, мән-мазмұнын түсінуге түрткі салады. *«Биыл Сибанның көңілі көтеріңкі еді. Көш тізбектері де үзілмей-бұзылмай ағылып кетіп барады. ...Балалар бей-берекет жарысып, қай көштің тұсында қай бала озып келе жатса, сол көштен «бәйге» сұрайды. Жүкті арбаның үстінде келе жатқан әйел бір уыс құрт, бауырсақ шашып қалады. ...Бұл басы да, аяғы да жоқ бәйге. Жұрт жайлауға жетіп жүгін түсіргенше созыла береді. Көшпелі өмірдің аты бар балаларға деген бір қызығы осы. Аты жоқ балаларға бұдан ауыр қайғы да жоқ»* [104, б. 212]. Осылайша берілген көш суреті оқырманға көп жайдан хабар беріп қалады. Кетіп бара жатқан көштен «бәйге» алу дәстүрі туралы да қанық болып қалады. Осы суреттегі көш салтанаты, балалардың арқа-жарқа көңіл-күйі қосалқы жол-жоралғылармен қабат жүріп, қазақ халқының осы салтындағы ерекшелікті бейнелейді. Жазушы өзі бала кезінен қанық халқымыздың өмір салтының көрінісін шығармасында шебер қолданған.

Осылайша, «Ұлпан» романында жазушы жайлауға бет алған бірінші көштің маңызын зерделетсе, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмасында да көшу салтынан хабардар етеді. Мұндағы көш қатігездіктің құралы болуымен оқырманды ширықтыра түседі. Драмалық шығарманың суреттеу аясы прозаға қарағанда тар, мұнда кейіпкер сөзі басты рөл атқарады. «Баянды қосам» деп Қозыны алдап-сулап еліне қайтарған Қарабай іле-шала айналасын дүрліктіре

көшуге жиналады: « ...Енді ішін тартып, шыным келе жатыр! ...Қуыршақ өртенді, бақсы кетті, жын тарады, базар тарқады!.. Жық үйді, арт жүкті, тарт көшті! Айдат жылқыны!» [82, б. 41] дейді. Бұл көштің жөні бөлек. Өз сәнімен, салтанатымен мерзімінде жүрген көш емес. Мерзімге, жағдайға қарамастан, барар межені белгілеместен бет-алды тартқан сұрлы көш. Қарабайдың ниеті сияқты қаралы жолға бастаған сүреңсіз көш. Драма барысында әрі қарай өрбитін оқиға да осы көш-жөнекей болады. Жазушы осы арқылы көш салтының олқы тұстарын да көрсетеді. Көшпенділіктің кейде жамандық үшін қолайлы болып кететінін қоштамайды. Қарабайдың қара ниетіне орай көші-қон дәстүрі осы суретте өзгеше стильмен беріледі. Қазақта «орнын сипап қалу» деген қалыптасқан тұрақты тіркес дәл осындай сипатынан қалыптасса керек. Аяқ астынан елін мезгілсіз кезеңде дүрліктірген Қарабайдың бұйрығының өзін жазушының жеткізу тәсілі сол көштің кім-кімге де қолайсыз болатынын танытады. «Қыз Жібек» пьесасы да сағым далада барар межеге бет түзеп бара жатқан көштің суретінен басталады. Мұндағы көш – әшекейлі, салтанатты көш. Бұл көш Жібектей аруымен ажарлы. Драматург оны былай бастайды:

*Жазғы көш, құлпырады сайын дала  
Жарасқан қатар түзеп қыз-бозбала...*

*Оянар жас көңілде жаңа армандар,*

*Алыстан елес беріп сағымдана...* [82, б. 235]. Мұнда көштің суреті егжей-тегжейлі берілмегенмен, оқиға барысы осы көш кезеңінде өрбиді. Шырқалған ән, ерсілі-қарсылы ұшқан құстар, қыздардың жалтылдаған биі, Жібектің серік қыздары, жеңгелерімен салтанат құрған Жібектің сәні бұл көштің көңілді де маңызды көш екеніне көз жеткізеді.

Мінекей, үш түрлі көш үш түрлі көңіл-күйге, ойға жетелейді. Алғашқысы салиқалы саяси маңызды ойға жетелесе, екіншісі қаталдықтың құралы болғандығымен көңілді пәс тартқызады, ал үшіншісі көңілге қанат, ойға қуаныш сыйлайтын суреттен басталады. Халқымыздың тіршілігінің әр тынысын қалт жібермей танитын жазушы осылайша фольклорлық-этнографиялық деректемелерді әр шығармасында түрліше қырынан келіп, шеберлік шегесімен сыналап қаққан. Халқымыздың өмір салтының тарихи көрінісі болып есептелетін көшу салты тек бұл романында ғана кездеспейді. Жазушының барлық туындыларында көші-қонның қазақ үшін қандай маңызы болғанын, оның түрлі мағыналық-тұрмыстық реңктерін осы туындыларды оқу арқылы бағдарлай аламыз. Көркем шығарманың атқаратын басты қызметінің өзі де сол, оқырманын өз ұлтының тамырымен байланыстыру. Ғ. Мүсірепов шығармалары бұл межеден көріне білді. «Оянған өлке» романын бастап оқыған сәттен-ақ қазақы байлықтың, сонау ата-бабамыздың мыңғырған мал бағып, сайын далада еркін көше жүріп, бабына келген ұлттық исі аңқыған сурет келе қалады. «Оң бүйірден шұбар ала жыландай шұбатылып Игіліктің кілем жапқан түйелі көші құлай бергенде, батыс жақ бетті тұтас торлап келе жатқан Жұман байдың он жеті мың жылқысы да көрінді. Ұзын түйелі көштің өзіне ұқсаған өркеш-өркеш шаңы шұбалып келіп, көп жылқының тұтаса қарауытқан шаңына осы бір

*бұлақтың басында түйісті де тоғысып кетті» [105, б. 8]. Осындағы көш суреті қазақтың мыңғырған малының көптігімен ерекше көз тартады. Жұманның он жеті мың жылқысы бар қалың көші Игіліктің түйелі көшімен араласып кеткендегі сурет, қазақтың шексіз байлығына өлшем болатын төрт түліктің саны ғана емес, осыншама малды өсірудегі халқымыздың шаруашылық кәсібінің өз алдына бір жүйесі бар құрылым екендігі туралы да ой түйгізеді.*

Енді «Ұлпан» романындағы Мүсірептің Ұлпанды қасқыр аулауға ертіп шығу кезіндегі келесі бір суретке көз жүгіртейік: *«...Ал, Ұлпанжан, иттер бірдемені сезінді. Қазір бір жерден қасқырды айдап шығады. Сен қасқырды қуа жөнелген иттің соңынан ере бер. Жарты шақырымнан артық жақындама! Қасқыр ағашқа, не көлге қарай оралса алдынан шығып, итін бұрам деп әуреленбе. Иттің соңында бол. Қасқыр он шақырымдай қашып барып ағашқа бұрылады. Сол кезде бір жағыңнан мен де шыға келермін» [104, б. 53] немесе «қасқыр мен ит қарсы келіп айқасып қалғанда да ит жағында тұрмай, қасқырдың ту сыртына шыға берген дұрыс, қасқыр алаңдайтын болсын» [90, б. 56].* Осылайша жалғасатын қасқыр алу суреті мен аңшының әңгімесі еріксіз осы кәсіптің құпиясын білуге қызықтыра түседі. Мүсірептің иттердің қасқыр алу процесін, психологиясын терең меңгергенін байқаймыз. Аңшылық та – халқымыздың ата кәсібі. Құс салып, тазы ертіп аң аулаудың, қару ұстап мергендігін сынға салып аң аулаудың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болса, соның біреуімен Ғ. Мүсіреповтің осы шығармасы арқылы мағлұмат аламыз. Аңшылықты ата-бабамыз тек кәсіп қана емес, үлкен өнер деп те білген. Оның элементтері боп саналатын ит пен мылтықты жеті қазынаның қатарына қосқан. Көрнекті ғалым А. Сейдімбек: *«Аңшылық – кімді болса да салқын сабырға, жан семіртер көңілділікке баулып, ерік күші мен дене күшінің үндестік табуына ықпал етеді» [106, б. 303] дейді.* Аңшылық-саятшылық салтының көшпенділер үшін күнкөріс тіршілігінің көзі, әрі дене шынықтырудың, мергендік пен алғырлықты сынаудың үлгісі, әрі көңілді демалыстың кепілі екендігін баяндайды. Аңшылық – көшпелі халық үшін қанға сіңген салт. Аңшылықты тіршілік, табыс көзі ретінде ұстанатындар бар. Алайда аңшылық – тек тіршілік көзі ғана емес, сауық-сайран, әдемі көңіл көтеру, ішкі қалауды орындау, шынығу, серілік, ептілік, жүйріктік, сергектік, спорт, білімпаздық, сезімталдық секілді көптеген қасиеттерді бойына жинақтаған, осы қасиеттерді шыңдайтын дала мектебі, өнер мектебі. Кез келген ер жігіт деген атқа лайық азаматтың сенімді тұлпар аты, жүйрік тазысы, қыран бүркіті сайма-сай келіп, тамылжыған табиғат аясындағы адам мен иен табиғаттың байланысы үндестікте сабақтасады. Аңшылықтың ең жемісті сәті – қасқыр соғып, түлкі, қарсақ секілді аң аулау. Қанжығасы майланған азаматтың ауыл ағаларына олжа байлауы – ерлік пен қажырлықтың символына айналса керек, тіпті дәстүр жалғастығы ретінде салтқа айналса керек. *«Құсы да иесі де қоразданар, Алтыс екі айла түлкі алғанда»* дегендей, аңшының масаттануы да, оны мақтау да орынды. Халық арасында аңшылық қасиетті, киелі, құрметті өнер әрі салт саналып, аңшының өзі беделді, сыйлы, танымал адамдар қатарына жатқан. Осыдан-ақ біз аңшылық кәсіптің бағасының қаншалықты екенін бағамдаймыз. Аңшылық өнері Ақан сері, Сегіз

сері, Абай секілді қазақтың сөз шеберлері тарапынан жоғары бағаланған. С. Мұқанов, М. Әуезов, С. Жүнісов, Қ. Тәуекенов сияқты жазушылардың шығармаларында аңшылықтың елге белгісіз құпиялары мен ерекшеліктері жан-жақты көрсетілген. Аңшылық өнерге жастарды тарту, үйрету дәстүрі де ел арасында кең насихатталды, бұл – ата кәсіп пен асыл салттың қатар үйлескен тұсы дей аламыз. Ал жоғарыдағы үзіндідегі аңшылық Ұлпанның өтініші бойынша демалыс, қызықшылық мақсатында ұйымдастырылады. Одан әрі жазушы алғаш аң аулап шыққан адамға жасалатын ырымды да өте шебер байланыстырған. Мысалы:

- *Бері кел, байлан мынаны!*

- *Жоқ, Мүсіреп аға...*

- *Жоқты қоя тұр. Бірінші соғылған аңды аңға бірінші рет шыққан адамның қанжығасына байлап алып қайтады. Ырымы сол. Әйтпесе қыз балаға қасқыр байламайды [104, б. 55].*

Мұнда аңшылыққа қатысты маңызды ырым көрініс тапқан. Біріне-бірі қарама-қарсы екі ырым бірін-бірі жауып тұр. Қыз балаға қасқыр байламайды. Алайда ол аңға бірінші рет шығып тұрған аңшы, ал қасқыр – алғаш соғылған аң. Осы екі деталь бірігіп, алғашқы ырымның күшін жойып тұр. Мұнан біз үлкен даналықтың ізін байқаймыз. Алғаш аңға шыққан аңшы әлі де тәжірибесіз, аңшылықтың қыр-сырына қанық емес. Ал алғаш соғылған аң – қызықтың басы, алдағы жолдың жақсы болатынына нұсқайтын нышан, сәттілікке сілтейтін себеп. Ендеше сол ниеттің түзу болуына алғаш шыққан аңшының көңілі пәс тартып жатса керегер құбылыс емес пе? Мінекей, пәс көңілді жадыратар ырым болашақ аңшылықтың сәтті болуына жол бастайды. Алғашқы аң, осылайша, бірінші рет аңға шыққан адамның қанжығасына байланды деп ой түйеміз. Романдағы осы сияқты аң аулау суреттері, аңшылық туралы әңгімелер үлкен ғылыми дерек көзі десек те болады. Аңшылықтың әр түрінің қыр-сырына терең дендегісі келген адам үшін тамаша мәліметтер суреттелген.

«Оянған өлке» романында: *«Әр үйдің алдында аңға шығып қайтқан жарау аттар қаңтарулы тұр. Әр үйдің төбесінде кергіштеп тізген қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян терілері ата-бабадан қалған ескі тудай бұлғалаңдайды. Біреу аңға серілікпен шығады, біреу оны күн-көрісіне жамау-жасқау етеді. Ашағырда осының екі жағы да бар еді»* немесе *«Ашағыр бүгін итіне бес қоян, бір түлкі алғызып, үй ішінің шала байып, ақ жарқын көңілді отырған күні еді» [105, б. 129],* - деген үзінділерден де аңшылық кәсіптің жайларынан сыр аңғарып қаламыз.

«Боранды түнде» әңгімесінен: *«Қайсар өзінен басқа туысқаны жоқ жалқы жігіт болатын. Жалғыз Күреңтөбел аты бар. Көкдауыл атанған, тайыншадай ірі, сұрғылт көк иті бар. Күреңтөбел мен Көкдауыл ауылымыздың аруағы. Таң ала көлеңкеде ауылды айнала шауып жүріп қасқырдың ізін көрсе, иісін сезінсе, Көкдауыл қораға кіре бере бір «ауп» деп қалады. Қайсар Күреңтөбелді ерттей бастайды. Ол күні Күреңтөбелдің беліне көлденең түсіп, азу тістері ырсиып, мұрнына жұдырықтай болып қанды көбік қатқан бір қасқыр келе жатады» [50, б. 351],* - деп жалғасатын үзіндіде жазушы аңды кесе жібермейтін құмай тазысы

мен жүйрік аты бар адамның кедей болса да аруағы аспандап тұратынын көрсетеді. Жазушы әр шығармасында осындай этнографиялық деректерді келтіре отырып, қазақ халқының тұрмысындағы маңызды жайттардан әдеби құнды дерек береді.

Фольклорлық-этнографиялық мотивтерді көркем шығармасына арқау етіп, шебер пайдаланған суреткер-жазушы қалың оқырманына ұлттық ерекшелікті, тарихи тағылымды танымдық деңгейде ұялатты. Фольклор мен этнографияның өзара байланыстылығы мен бірлігінің маңыздылығының астары да осы жерде жатыр. Фольклорлық санадағы философиялық пайымның негізгі өзегі бойынша адам өмірінің басты үш кезеңі салт-дәстүрмен өріліп жатқаны белгілі. Өмірге келу, үйлену (тұрмыс құру), о дүниелік болуға қатысты жөн-жосық, ырым-жоралғы, салт-дәстүр «Ұлпан» романында кеңінен көрініс тапқан. Соның бірі – өлген адамның артын күтуге байланысты жол-жоралғылар. Осы салт турасында Ш. Уәлиханов: «өлген адамның о дүниедегі хал-ахуалы жерленгеннен соңғы ырым-жоралғыларының салт-санаға тән, бұзылмай орындалуына байланысты. Егер өлгеннен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, онда өлген адамның рухы жайбарақат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағат тигізіп, желеп-жебеп жүреді, ал олай болмаған жағдайда жауығып әруағы қарғап-сілейді» [107, б. 13], - деп жазады. Шоқан келтірген дерек әлі күнге дейін елдің дәстүрінде дәл осы мазмұнда сақталып келе жатыр. Өліктің артын күту – қазақ халқының ең қастерлі ырымдарының бірі. Мұндай күн туғанда орындалатын салттың негізі әйелдердің еншісінде. Олар өліктің жылы өткенше дауыс шығарып, жоқтау айтқан, үйден шықпаған. Жазушы романда Есеней өлімінен кейінгі Ұлпан әрекетін осындай жолмен береді: *«Ұлпан бұл кезде қара жамылған әйел. Үйден шыға алмайды»* [104, б. 186].

Қазақта о дүниеге аттанған елге сыйлы, қадірлі адамға күмбез орнатылған. Бұл – оның рухын биіктететін, елдің есінде мәңгі қалдыру үшін қойылатын ескерткіш. Романда осы өліге көрсетілетін құрмет те қалыс қалмайды. Есеней бүкіл Сибан еліне, қала берді дүйім қазаққа сыйлы азамат, аузы дуалы биі болды. Соның куәсіндей: *«Қарағайдан қиған жеті қанатты, мұнардай биік көк күмбез Есенейдің ескерткіші орнатылып болған. Әзір тұр. Алты қанатты ақ үйдей кең болып шықты. Төбесін шатырлап, жаппа қаңылтырын көкке бояған соң «көк күмбез» атана ма деген үміт те жоқ емес. Есеней сияқты ардақты адамның аты өлгеннен кейін атала бермеуге де тиіс»* [104, б. 190]. Міне, осылайша күмбезді ескерткіш орнатудың соңында жазушы тағы да бір үлкен тәрбиелі ырымның шетін байқатады. Ол – өлген ардақты адамның есімін тоқпақтай қып атай берудің (Есеней күмбезі) жөнсіздігі. Халқымызда әйел адам ешқашан үлкен-кіші ер адамның атын атамай, оны өзге мағыналас атаумен ауыстырып айтатын ғұрып бар. Сол ғұрыптың ауқымын жазушы одан әрі кеңейтіп, Есенейдей сыйлы адамның есімін тек әйелдер ғана емес бүкіл ел болып тікелей атамағаны дұрыс болатынын ұғындырады.

Дүниеден озған адамға көрсетілетін құрметтің бірі – ас беру. Бұл – өлімнен кейін бір жыл өткен соң берілетін жоралғы. Бақилық жанның жетісін, қырқын, жүзін беріп, үнемі еске түсіріп отыратын құрмет жыл толғаннан кейін үлкен асқа

ұласқан. Асты бір жағынан той деп те есептеген. Бүкіл ел-жұртқа сауын айтып, хабар жібертіп, алыс-жақынның бәрін жинап, ат шаптырып, бәйге тіккен, түрлі ұлттық ойындар, жарыстар ұйымдастырылған. Асты өткізу қазақ үшін үлкен сын. Егер абыроймен өтсе, мақтаныш болған. Бұл дәстүр шығармада өзіндік стильмен көрінген. Астың ат шаптырып, бәйге беру, балуан жарыс бөлімі туралы айта келіп, жазушы былай деп аяқтайды: «...Қожабай көлінің айналасында ағараңдап қалған бас сүйектерін санай алсақ Сибанның жарым-жарты малына тең еді. Осымен Еснейдің асы да аман-есен өтіп кетті» [104, б. 204]. Астың суреті бүге-шүгесіне дейін берілмейді. Жалпы, Ғ. Мүсіреповтің стилінен байқайтынымыз, оның шағын ғана көрініс немесе кішкене детальмен-ақ көп нәрсені бейнелі жеткізе білуі. Жазушы ас барысын жекелеп баяндап жатпай-ақ, авторлық баяндау арқылы бұл істің маңызын сенімді көрсете алған. Астың дайындығына ерте кіріскен Ұлпанның да, елдің де оны аман-есен өткізіп, абыроймен аяқтағанын аңғартады. Жазушы ас беру дәстүрін шағын сипатта суреттеуі арқылы қазақ халқының ас беру рәсімінен тағылымды мағлұмат бере алған. Бұл рәсімнің қашаннан бері қалыптасқандағы туралы айта келіп, Құрбанғали Халид «Хамса» еңбегінде былай деп жалғастырады: «Осы көне дәстүр 1783 жылынан ілгері һәм күшейіп, көп жылға дейін даму сатысында болды. Тіпті бір ат бәйгесін 100 жылқы, оған жүздеп ақша мен жамбы, күміс қосып, бір-бірінен асып, байлықты көрсетуге ұмтылатын [104, б.184]. Әрине, мұндай дәстүр атақты адамдардың сый-құрметіне жасалған. Осыны жақсы білетін жазушы Есней-сынды елге тұлға болған адамның асындағы бәйге, балуан жарыстарды беруде және астан кейінгі сойылған малдың есебін көрсетуде орынды пайдаланған. Жалпы, осы өліктің артын күтуге қатысты дәстүрлердің түп-төркіні туралы Әлкей Марғұлан: «патриархалды қауымның әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері - қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп, той жасау, сойыс қылу – бәрі бұрынғы көшпелі сақ, ғұн, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар» дейді [109, б. 36]. Сонау ертеден бастау алған аталған дәстүрдің бәрі де романда қалыс қалмаған.

«Қос Шалқар» әңгімесінде: «Қарақас бәйбішеге ас бергенде қара қасқа аттың бәйгесіне Қанікей деген жетім берілген. Сондықтан «Қанікей шалқары» деп те аталады» [50, б. 58], - деп келетін үзіндіні алатын болсақ, мұнда жазушы жер атына байланысты сюжетті қолдануда, нақты этнографиялық дерек арқылы береді. Үзіндіде жер-су атауына байланысты топонимдік дерек беріледі. Топонимдік фольклордың ерекшелігі белгілі бір жердің атауы әлдебір деректерден хабар беретіні. Этнографиялық белгілер осылайша халықтық топонимдерде айқын көрінеді. «Әлемдегі қандай ұлттың болса да озық мәдениетінің бір айғағы оның фольклорынан орын алған жер-су атаулары болмақ. Өйткені, жер-суға ат қою арқылы халықтың қоршаған ортаға қатынасы, эстетикалық ой-танымы, зердесі, ұлттық болмысы аңғарылып отырады» деп профессор А.Пангереев фольклордағы топонимдердің маңызын айқындай түседі [99, б. 19]. Аталған «Қос Шалқар» көліне шомылуға да құқы болмаған кешегі

кедейлердің бүгінгі коллектив болғаннан кейінгі, сол көл аймағы басыбайлы өздеріне бұйырған кезеңдегі асқан қуанышын жазушы аса шеберлікпен, психологиялық иірімдермен астастырып бейнелеген. Осындағы көлдің атына байланысты есте қалған ас беру кезіндегі бәйгеге қосылған жетім бала тағдыры арқылы, мұндай астың кейде халықтың жадында әлеуметтік астарындағы кірбін шалатын оқиғаларымен де есте қалғанын байқатып кетеді. Аталған ырым-жоралғылардың бүгінге дейін қаймағы бұзылмай келеді. Бүгінде ат шаптырып, бәйге беру дәстүрі де ел арасында жиі кездеседі. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, жоғымызды түгелдей бастаған тұста кеңес заманында атын атауға тыйым салынған талай батырларымызды, билерімізді ардақтап, құрметіне ұлан-асыр той, яғни ас беру ісі жаппай қолға алынды. Осы ас беру дәстүрі арқылы халық өткенімен табысты, елдігін таныды, рухын биіктетті, яғни дәстүр жаңашылдықпен жалғасын тапты. Кейінгі кезде оң-солын танып, өзінше жағдайларын дұрыстап, жан-жағына қарай бастаған бүгінгі жаңа ұрпақ өкілдерінің арасында да әкелеріне, аталарына арнап ас беріп, бәйге шаптырып жатқандары да бар. Мұның бәрі сол көне дәстүрдің тірілуі, өліге құрметтің күшеюі деп түсінеміз.

Біз сәл алға кетіп, өліге құрмет рәсімдеріне тоқталдық. Ал қазақ халқының неше мың жылдық тарихынан бері қалыптасқан салт-дәстүр, жөн-жосықтарының бірі – қалыңдық таңдап, келін түсіру, үйлену тойын өткізу, құда түсу, қыз ұзату және дүниеге бала келгенде жасалатын салт-дәстүрлер. Осы дәстүрлердің өз ішінде толып жатқан ырым-жоралар қаншама. Жазушы шығармаларында фольклорлық-этнографиялық суреттер көптеп кездеседі. Еснейдің Ұлпанға түсу үшін құдаларды жіберуінің, Мүсірептің Шынарға құда түсуінің, Ұлпанның Біжікенді тұрмысқа беруінің әрқайсысының әдеттегі салттан өзгешелеу болып келетін тұстарымен жазушы шеберлігін жаңа қырынан тани түсеміз. Жазушының жоғарыда айтылған шығармаларының бірі – «Қыз Жібек». Халық аузындағы лиро-эпостық жырды драмалық туындыға айналдырған жазушы мұнда да жырдағы әменгерлікпен өрілетін сюжетті өзгеше аяқтайды. Төлеген өлімін естіген Жібек жардан суға құлап өледі. Шығармадағы әдет-ғұрыпқа байланысты сюжеттердің ішінен бір эпизодқа тоқталайық. Ол – Жібекке құда түсу сюжеті. Жібектің даңқын естіп, серігі Шегемен жолға шыққан Төлеген қызбен кездесіп, уәде байласады. Осыдан кейін Шеге:

*Құдаларға барайық, барып бедел салайық,*

*Батсайыдай жеңгені оң қолтыққа алайық,*

*Береннен шапан жабайық, жолын істеп лайық,*

*Жас баладай сыйлайық,* - дейді [82, б. 243]. Мұнда құда түсу өзгеше.

Төлеген әлі әке батасын алған жоқ. Шеге екеуінің алғашқы сапары. Алайда екі жас түсініскен соң-ақ жолдасы Шеге думандатып, қыз ата-анасының алдынан өтуді өз қолына алады және құда түсудің жөн-жоралғыларының бірі қыз жеңгесін құрметтеуді ұмытпайды. Қазақта қыз бала үшін жеңгенің орны бөлек. Жеңге – қызға барар қасиетті жолдың кілті іспетті. Қыз бен жеңге сырлас. Оның сүйгенімен ортасында дәнекер болушы да сол. Қазақ құда түсіп, киіт кигізгенде жеңгесіне арнайы сый жасаған. Аталған салттың осы уақытқа дейін сақталып



келе жатқаны мәлім. Қазір де қызды ұзатып алып кетерде сый-сыяпаттардың ішіндегі ерекше күтетіні – жеңге сақинасы. Қайын сіңлісінен сақина таққан жеңгелер де осы құрметке марқайып жатады. Жеңгелердің қайын сіңлілерін «алтын сақинам» деп атайтыны да бар. Мінекей, қыз әке-шешесінің келісімін алардан бұрын әуелі жеңгесінің тілін тауып, жас баладай сыйлауы ниеттес, серік жігіттердің бәріне тән. Шегенің әрекеті арқылы халқымыздың этнографиялық тарихының әрбір қалтарысында кездесетін дәстүрді көреміз. Көркем шығармада этнографиялық деректердің қолданылуы жаңа бір штрихтармен толықтырыла түсіп, қаламгердің өзіне тән мәнермен суреттегенін байқаймыз.

Мұндай деректер шығарма оқиғасы өткен белгілі бір уақыттың тарихи шындығын, сол мезетте өмір кешкен адамдардың психологиясын дұрыс түсінуге, наным-сенімдерін, салт-сана, ұғымдарын жете тануға көмектеседі. Осылайша, этнографиялық деректер әдеби туындыдағы өткен күн тынысына, сол кезеңде өмір сүрген жандардың мінез-әрекеттеріне, құлықтарына ұлттық-тарихи шынайы сипат дарытады. Өз шығармашылығының тұғырлы негізін іздеген және халқының тағдырына алаңдаған жазушылар дәл осы халықтық негізді бағдар ете, бар күші мен шабытын сарп ете отырып, халық ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиет тәжірибесіне сүйенеді. Және бұл процесс тек ескіні еске алу үшін ғана емес, сонымен бірге көркем мәдениеттің халықтық негізін күшейту тілегінен туып жатты. Әдеби дамудың әр сәтінде фольклор біртұтас өнерді негіздеуде ең өміршең құрал ретінде қаралды. Сол асыл мұраны өз кезегінде екшелей, таным таразысынан өткізіп қабылдаған әдебиет фольклорлық дәстүр арқылы бүгінгі күннің ғана емес, өткен шақтың тамаша бейнесін аша білді.

Сонымен, фольклорлық-этнографиялық деректер замана шындығын, қаламгер жырлап отырған дәуір адамдарының наным-сенімі, таным көкжиектері, ұғым-түсініктері, сезіну мен бағамдау, тану мен білу факторларын бағамдауға, түйсінуге ықпалын тигізеді. Осыған сәйкес этнографиялық сюжеттер, деректер базасы көркем туындыдағы өткен заман тынысына, сол замандағы адамдардың мінез-құлық психологиясына реалистік сипат береді. Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық-этнографиялық сюжеттерді қарастыру барысында мына мәселелерге қол жеткіздік: халықтық дүниетаным тудырған ұлттық мұраны, құндылықтарды пайдалануда жазушы әр дәуірдің өзіндік келбетіне, өмір сүру формасына, замана сазына орай түрлі көзқарас ұстанған. Оны қазақ жазба профессионал әдебиетіміздің негізін қалаушы қаламгерлеріміз (мысалы, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, т.б.) көне сарын мен архаикалық танымды ежелгі түркілік, ұлттық идеяны ашық насихаттау үшін қолданса, кеңестік империяның социалистік реализмінің аясында шығармашылықпен айналысуға мәжбүр болған колониалды әдебиеттегі қазақ жазушылары бұл сюжеттер мен мотивтерді, дәстүрлерді жанамалап енгізіп, символдап бернелеп, ашық айта алмаған шындықты танытудың құралы есебінде қолданған. Ал тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің өкілдері бұл үрдісті еш қысымсыз пайдаланып, емін-еркін көсіліп, тіпті ұлттық құндылықты постмодернистік, метамодернистік ағыммен өрді.

жазушы прозасында этнографиялық сюжеттермен қоса мифтік, аңыздық, ертегілік сюжеттердің де мотивтері өзіндік қолданыспен, Ғ. Мүсірепов стилін айқындайтын ерекшелікпен берілген.

## **2.2 Жазушы прозасындағы аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттердің көрінісі**

Әдебиет өзінің өркендеу жолында әбден дамып, стильдік-эстетикалық, көркемдік категория арнасынан тасыған кезде фольклорға бет бұрады, оны бұрынғыдан айрықша, яки өз деңгейіне сай қорытып негіздейді. Бұл жағдайда көркем әдебиет фольклорды әсіресе символ, берне, астарлы мән, постмодернистік ирония секілді түрлі интермәтінділік тәсілдер ретінде қолданады. Көркем шығармада фольклор айқын көріне бермейді. Дегенмен адам танымының қатпарында, сана түкпірінің тереңінде анықталатын мифтік сюжеттер көркем шығармамен астаса байланысады. Бұндай байланыс, әдеби үндестік ықпалдастық негізіндегі әдебиет биік деңгейге көтерілгеннен кейін фольклорды бай рухани құндылық ретінде бағамдап, осы құнардан өзіне қажетті ойды, сюжетті, мотивті, тақырыпты іздеп, терең түпкі тамырларын тауып, шығармасымен үндестіреді. Мұндай үндестік – қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов шығармашылығының басты ерекшелігі. Зерттеушілердің бірқатары фольклордың көптеген ұрпақ жазушыларының сілтемесіне негіз болып, әдебиетте көркемдік қайта ойлаудың және пайдаланудың объектісіне айналатынын, соның нәтижесінде сюжет пен әдеби шығарманың мотиві арасындағы интертекстуалды байланыс қалыптасатынын баса айтады [110, б. 183].

Тумысынан бір ұлттың жетегінде өсіп, сол ортадан жетіліп, өз халқының бай фольклорлық мұрасына, тарихына қаныққан әрбір өнер иесі халық мұрасының бай поэтикалық байлығын өз шығармашылығынан бөліп тастай алмайды. Зергер сөздің майталманы Ғабит Мүсіреповті де осы қатарға қоса аламыз. Туған халқының рухани мұрасынан, тағдырлы тарихынан бір сәт те бөлінбейтін қаламгердің бай әдеби мұрасы соған дәлел. Қаламгер шығармаларында фольклорлық дәстүрлерді, сюжеттер мен мотивтерді, ауыз әдебиеті кейіпкерлерін аса шеберлікпен пайдалана білген. Бұл үрдіс кез келген дамыған әдебиетке тән нәрсе. Фольклортанушы-ғалым У.Б. Далгаттың: «...Имеют место индивидуально-творческой обработки, переработки, переложения фольклорных образцов, стилизация под народно-поэтические формы, когда писатель или поэт решает от себя заговорить на языке фольклора, создавая свои произведения в духе фольклорной традиции. При всем этом доминирующей формой системных отношении остается идейно-эстетическое, сюжетно-композиционное, эмоционально-семантическая трансформация фольклорных средств и явлений», - деген фольклоризм ұғымына қатысты пікірінде жазушылардың фольклор бағытына рационалды түрде баруының әдеби-эстетикалық мәні түсіндіріледі [41, б. 15]. Қаламгерлер шығармашылығында фольклорлық мұраның маңызды орын алуы көбіне

олардың өсіп-өнген, тәрбиеленген ортасына байланысты. Қазақ халқының рухани байлығының бастау бұлағынан қанып ішкен әр қаламгер бейсаналы түрде фольклорға сүйенетіні белгілі. Міне, Ғ. Мүсіреповтің фольклоризмі де сонау бала кездегі қисса-дастан, өлең-жырға құштарлығынан басталды, оның өмірбаяндық әңгімелерінен байқайтынымыз анық. Қаламгер өз шығармасының архитектурасын кұруда, яки сюжеттік-композициялық желі жасауда, образдар әлемін жасақтауда, жанрлар жүйесін тарамдатып мен көркемдегіш құралдарды қолдануда фольклорға иек артты. Көркем шығарманың сюжеті – күрделі категория, яки көркем шығарманың басты ядросы, бүтіндігі, тұтастығының өзегі. Ал фольклорлық дәстүр сол өмірлік шындықты көрсетудегі маңызды тәсіл десек қателеспейміз.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің аңыздық, ертегілік, мифтік, қаһармандық мотивтері, арнайы фольклорлық сюжеттер мен мотивтер, ұлттық сарындар Ғ. Мүсіреповтің келелі прозасында көрініс тапқан. Қазіргі қазақ әдебиетінің өн бойында тізіліп жатқан фольклорлық сарындар мен образдық қолданыстар прозаның поэтикалық проблематикасына ғана емес, көркемдік шешім мүмкіндігінің эстетикалық болмысын байытатын тәсіл болып тұр. Фольклорлық мұраны терең қабылдаған қаламгер шығармашылығында бұл тәсіл бірден көзге айқын көрінсе, кейде поэтикалық жіктің аясында астасып, аңғарылмай, деталь, штрих түрінде немесе астарлы мәнде беріліп жатады. Бұндай тәсілдік қолданулар әрине қаламгердің шеберлік шеберханасына тікелей байланысты. Жазушы Ғ. Мүсіреповтің фольклорлық мұрадан тек сусындап қоймай, одан өзіне есепсіз олжа тапқанын, осылайша сол олжаның оның көркемдік-эстетикалық, стильдік талғамын одан сайын өсіргенін айта кетуіміз қажет.

Ұлт әдебиеті – халықтық мәдениеттің қайнар көзі. Өз арнасында небір қазыналы қойнауды сақтаушы сиқырлы сандық десек те болғандай. Сол сиқырлы сандықтың ішінде ертегінің жанр ретінде орны маңызды. Жанр ретінде ертегі ел арасында қалыптасып, ауызша ұрпақтан-ұрпаққа тараған. ХХ ғасырдан бастап, яки жазба әдебиеттің туу мезетінен бері ертегі жанр ретінде зиялы ортаның жемісіне айналып, әдебиеттану ғылымында «әдеби ертегі» деген атпен жаңа жанрлық бағытта ғұмырын бастады. Қара халық қолымен дүниеге келді дейтініміз ұлттық ертегілердің қайсысын алсақ та, кедей мен бай, өгей шеше мен өгей бала, күшті мен әлсіз, жомарт пен сараң, жалқау мен еңбекқор секілді бинарлық оппозициядағы құрылымдар сюжеттік желі құрып, соңында қара халықтың өкілі жеңіске жететін болады. Одан кейін туындаған жазба әдебиет бөліміндегі әдеби ертегінің басты кредосы да – әділдік, жақсылық, жеңіс. Алғашында әдеби ертегі орыс әдебиетінде қалыптасты. Орыс фольклорының бұл түрімен байланысты талас XVIII ғасырдың соңында және XIX ғасырдың басында басталды. Сол дәуірдегі орыстың ұлы жазушылары ғасырдан ғасырға осы дәстүрді жалғастырып келді. Ертегі – ұлттық сөз өнерінің ең көне жанрларының бірі. Бастау арнасы тереңде жатыр, тіптен таптық бөлініске дейінгі дәуірлерге дейін барады. Ертегілердің поэтикалық ерекшелігі ғасырлар бойы жинақталған халықтың ойы мен сезімін бейнелейтіндігінде. Әр кезеңде, әр қоғамда өмірдің қажетті функцияларын орындап, халық шығармашылығы қарапайымдықтан

көркемдікке қарай дамыды. Нәтижесінде, бастапқыда таза утилитарлық міндет атқарған бұл туындылар көркемдік сапасы жоғары, эстетикалық функцияға ие фольклорға, яғни ертегілерге айналды. Жалпы халық ертегілеріне ең алдымен басты назар салған Батыс Еуропа ғалымдары еді. Олар көбіне ертегінің тамырын ежелгі мифтерге негіздейді. Сөйтіп, Батыс Еуропадағы ағайынды Гриммдер негізін қалаған мифологиялық мектеп әдебиеттану ғылымында орныға бастады. Ең алдымен ертегілерді жинап-бастыру ісін алға тартып, алғаш компаративистикалық әдісінің тиімділігін де көрсеткен де солар болды. Ағайынды Гриммдер мектебі басқа халықтар әдебиеттануына, фольклортануына да әсер етті. Осылайша орыс әдебиетінен жанданған бұл мектептің ықпалы қазақ фольклортануына да ықпал етті. XIX ғасырда халық мұрасын жинап-бастыру науқанында ең алдымен ертегі жанры алғы шепте болды. Академик А.Н.Веселовский «Тарихи поэтика» зерттеу еңбегінде ертегілік эпосты қарастырып, жанр ретінде зерделеудің түрлі әдістерін сарапқа салады [111].

Халық ауыз әдебиеті мұраларын пайдалану Ғ. Мүсірепов мұрасында бірнеше сипатта көрінеді. Кей сәттерде фольклорды құлпыртып, түрлендіріп, әрлендіріп, кеңейтіп көрсетсе, кейде бастапқы мәнінде ғана шектейді. Осы жерде мына пікір ойымызға дәлел болады: «Фольклорлық элемент қашан да болсын ақынның шығармашылық мақсатына лайық алынады. Егер автор фольклорлық материалды, фольклорлық форманы шығармашылық електен өткізіп, жаңа шығармасының бойына біте қайнастырып пайдаланбаса, шығарма биік, идеялық көркемдік дәрежеге жете алмайды» [112, б. 80]. Шынында да, фольклорлық сарындар қаламгер шығармашылығында тұтастанып, бір жүйеден табылмаса, оның көркемдік арнасы да кем-кетікті болар еді.

Жазушының тырнақалды «Тулаған толқында» атты ұзақ әңгімесінің қысқаша мазмұнына шолу жасайық: ауылдың Оспан, Итемген секілді ақырған байларынан босап шығуға ниеттенген Шәйза мен Біржанның көптеген қиыншылықтардан кейін барып бас бостандық алып, қосылуы, одан кейін жаңа күнге, жаңа өмірге қатар аяқ басып, күрес жолына аттанғаны баяндалады. Бұл шығармадағы басты түйін – ертегідегідей түрлі қиындықтардан, өмірдің сан түрлі кезеңдерінен қиналып өтіп, соңындағы *“мұратқа жету”* мотивімен ұштасқаны. Осы арқылы жаңа заман көрінісін сипаттауда қаламгер ертегілік сарынды қолданған. Бір-бірімен сүйіскен жастардың қосылуы шығарма жазылу процесінде бастапқы абсолюттік идеяға иек арта қоймағаны сезіледі. Көне дәуірдің камалын бұзып, өз заманының бақытты жандарына айналған қос жастың форматын беруде фольклорлық дәстүрді негізге алған. Соған сәйкес А.Н. Веселовскийдің пікірі ойымызға дәлел бола алады: «...старые образы, отголоски образов, вдруг возникают, когда на них явится народно-поэтический спрос, требование времени. Так повторяются народные легенды, так объясняется в литературе обновление некоторых сюжетов, тогда как другие видимо забыты» [111, б. 71]. Халық жадында көмескіленіп, кенжелеп бастаған оқиғалар мен фактілер өз қажеттілігінде жаңаша бағытта халық есінде қайта жанданады. Сол жаңғырулар көркем шығармада көрінеді. Халықтың ұлттық санасындағы барлық этюдтер көркем шығарма поэтикасында пісіп-жетіліп, халықтың тарихи жадын

одан әрі жандандыратыны белгілі. Әдебиетте қалыптасқан тұрақты мотивтер мен сюжеттер жиі кездеседі. Олар әртүрлі шығармаларда қайталанып, әдебиетке ерекше реңк береді. Бұл элементтер жазушыларға өз туындыларында таныс тақырыптарды пайдалану мүмкіндігін ұсынады. «Мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында, әртүрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып келеді» [113, б. 23]. Мотив – фольклордың өн бойындағы белгілі бір идеяның бірнеше шығармада, жанрда, идеяда қайталануы. Мотивтің икемділігі сондай, ол тек фольклорда ғана емес, жаңа дәуір әдебиетіне де оңай көше алады, осылайша фольклор мен әдебиет арасындағы көпір, бір-бірін байланыстырушы құрылғы қызметін атқарады. «Фольклорлық мотивтердің бір ерекшелігі шығарманың жанрлық тегі мен дүниеге келген дәуіріне қарамастан «еркін кезіп» жүретіндігі. Бұған қарап мотивтер жаңа жаңа дәуірге лайықты мазмұн игеруде «икемсіз деуге болмайды. Мотивтер жаңа тарихи мазмұнды дәстүрлі машықтармен игеруде айрықша қызмет атқарады», деген пікір білдіреді фольклортанушы-ғалым Ш. Ыбыраев [84, б. 276].

Көркем шығарманың құрамындағы фольклорлық сарындардың эстетикалық қызметі Ғ. Мүсірепов шығармаларының мәнін одан әрі арттыра түседі. Ертегілік мотивтер мен сюжеттік желілер қаламгер прозасында әртүрлі дәрежеде көрініс тапқан. Соның ішінде, мазмұндық-идеялық композициялық құрылымның бөлшегі ретінде, кейде ертегілік қаһарман кейпінде, нарраторлық процестегі көркемдік құралдар негізінде көрініс береді. Прозаиктың фольклорға табан тіреуі, әдетте, ерекше жүзеге асады. Бастысы, қаламгер фольклорды басты сюжеттік негіз ретінде алмайды, керісінше, өзі суреттеп отырған реалийлерге, шындық болмысқа, тақырыптық аяға фольклорлық мотивтер арқылы енеді. Сол себепті көркем әдебиетті бір оқығанда фольклоризмді бірден байқай бермейміз, тамыры тереңде жатыр. Соның айқын дәлелі – Ғ. Мүсірепов прозасы. Өзі де шебер стильдің иесі ретінде танылған қаламгердің шығармашылығында фольклор төгіліп, алдында жайнап көріне қоймайды. Қаламгердің алғашқы шығармасы «Тулаған толқында» әңгімесінен мысал келтірелік: «...Қалиша Шәйзаны өлді деп жүрді. Шашын жайып жоқтап жылап жүр. ...Ботасы өлген інгендей боздайды. Екі көзі парлап, ыстық жасты ағызада да тұрады» [50, б. 46]. Қалишаның психологиясын беру үшін қаламгер халыққа бұрыннан таныс бозінген зары туралы мотивті еске салады. Аңдап қарағанда ғана байқалатын «Бозінген» ертегісінің қазақ санасындағы терең орнын білетін қаламгер теңеу тәсілімен образдың жан-күйзелісін дөп ашып береді. «Ананың зары» мен «Бозінгеннің зары» ұғымдары қазақ санасында бір-бірімен байланысып, ұштасып жатыр. Ал қаламгердің іргелі шығармаларының бірі «Оянған өлке» романында мынадай картина көрінеді: «Қаз-қатар шөктірілген Игіліктің түйелері ұзақ бір ертегіні бастап кетіп, аяқтай алмай жатқандай, ауыздарын кере-кере күйсеп, екі ауылдың арасында жатыр» [105, б. 26] немесе «Қырық мыңға жаңа толған халқы бар Омбы қаласы ең әрісі жиырма үйден отыратын қыр қазақтарына ертегіде айтылатын Бағдат шаһарындай ұшы-қиыры жоқ үлкен көрінеді» [105, б. 107], «Ел ішінде ертегідей тарап кеткен бір

*әңгіме – қысқы үйі біткеннен кейін, Игіліктің бала-шағасы далаға шықпайды екен деген бір қауесет еді» [105, б. 223].* Ертегі жанрын қазақтың көркем тарихының негізі десек, қазақтың ертегі айту дәстүрінің де үлкен мектеп екенін аңғарамыз. Бұл дәстүрдің тереңдігі мен байлығы, шынында, ерекше көңіл күй сыйлайды. Мысалы, жоғарыда сипатталған кербез түйелердің «ұзақ ертегіні бастап кетіп, аяқтай алмай жатқандай» әрекеті – бұл тек бір деталь, бірақ ол үлкен философиялық ойларға жетелейді. Ертегі айту – бұл тек шығармашылық акт емес, ол қазақ халқының ұлттық болмысын, мәдениетін, және өмір сүру тәсілдерін білдіреді. Әрбір ертегі арқылы халықтың дүниетанымы, моральдық-этикалық құндылықтары, және әлеуметтік құрылымы ашылады. Осылайша, ертегі айту дәстүрі қазақ қоғамының рухани әлеміне терең үңілуге мүмкіндік береді. Кішкентай детальдар үлкен мағынаға ие болып, тыңдаушыны ойланып, сезінуге мәжбүр етеді. Көркем әдебиет арқылы қазақтың ұлттық мәдениетіне, тіліне, және рухына деген сүйіспеншілікті ұлғайту – осы дәстүрдің мәні мен маңызы.

Қаламгердің «Автобиографиялық әңгімесінен» мына үзіндіні алайық: *«Асау тай, тентек жиын, қызыл жон қырғын, батырлық, ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді» [50, б. 297].* Бұл жерде халық өміріндегі ертегіге тән құбылыс берілген. Нақтырақ айтатын болсақ, ертегі тыңдау, талқылау дәстүрі, оның халық өміріндегі, қолданысындағы орны көрсетілген. *«Ананың анасы»* әңгімесіндегі мына көрініске қаралық: *«Іркіт сабасындай іркілдеген молда мен саудагер Рамазанға соқыр Әйтiлес ескi күндердiң әңгiмесiн шертiп отыр. Тот басқан әңгiменi жаньп-жаньп жаңартып, жалт-жұлт еткiзедi. Көзден айырылған соң барлық жарықты көңiлi мен құлағына жинаған қарт, ескi күндердi тымақтай бұлғап, төңкерiп-төңкерiп алады» [50, б. 157],* - деген мәтін жолдарынан туындыдағы әңгімеші қарт Әйтiлес бейнесі арқылы автор тыңдаушыларға оның есінде қалған, куәгер болған оқиғалар жайлы әсерлі әңгіме ұсынады. Бұл әңгіменің өз ішіндегі әңгімелері оқырманды қызықтырып, бірден баурап алады. Шығармада қазақ халқының жаугершілік заманда бастан өткерген қилы оқиғалары баяндалады. Оқырманға ұсынылған сюжет арқылы сол кезеңнің тарихи жағдайлары, адамдардың тағдыры мен өмір сүру қиындықтары туралы терең түсінік қалыптасады. Әңгімеде қазақтың дәстүрлері мен мәдениеті, мысалы, билер институты, барымталау, қыз алып қашу, жалшылық, атастыру сияқты салт-дәстүрлері көрініс табады. Сонымен қатар, жазушының баяндау стиліндегі шешендік сөз орамдары да оқырманды сол заманға жетелеп, фольклорлық сарындардың айқын көрінісін береді. Бұл шығарма арқылы автор өткен заманның шынайы өмірін, халықтың рухын және салт-дәстүрлерін шеберлікпен жеткізеді, нәтижесінде оқырманға ұлттық мәдениетіміздің байлығын танытуға мүмкіндік береді. Алайда, бұл жердегі біздің басты назар қоятын тұсымыз – әңгіме айту дәстүрі. Соның ішінде әңгімеші қарттар қазақтарда қызыл тілдің майын тамызатын қазыналы байлығы саналды. Олардың әңгіме қанарынан небір тарихтың тағылымды парақтары, ұлттық әрі рухани өмірдің жарқын суреттері, халық жадының барлық құнары ақтарылып, ұрпақтан-ұрпаққа жететін болған.

Сол себепті қазақ халқы үшін көнекөз қариялардың жөні ерекше болған. Осы сюжеттен байқағанымыздай, Әйтілес қарт та айналасына жұртшылықты иіріп әкеліп, оларды баурап-үйіріп, ертегіге бергісіз тұшымды әңгіме айтады. Бір ғана образ фольклорлық-ертегілік дискурстың басты символына айналып тұр. Осылайша ол белгілі бір дәуірдегі оқиғаны айта отырып, бәрі сол кезеңде отырғандай күй кештіріп, тыңдарманын тәтті ләззатқа бөлеп, ерекше әлемге тартып алады, әрі керемет ой салады.

Ал «*Ашынған ана*» шығармасында баласы үшін барлығына көніп, тұрмыстың барлық тақсіретін кешкен ана бейнесі суреттеледі. Шығарманың соңы «*Әйел түні бойы өмірінің қараңғы түкпірлерін қазып, көп әңгіме айтты...*» [50, б. 168], - деп аяқталады. Мұнда әйелдің түн бойы айтып отырған әңгімесінің әсері, тіпті үй ішіндегі кішкентай балаларды да еліктіріп әкеткені ерекше атап өтіледі. Бұл әйелдің өз басынан кешкен оқиғасы болғанымен, оның әңгімесі тыңдаушыларға терең әсер етеді, оларды еліктіріп, қызықтырады. Әңгімедегі осындай нәзік фольклорлық мотивтер автордың шеберлігімен тығыз байланысты. Әйелдің баяндау стилі, қолданған сөз орамдары, эмоциясы бұның бәрі шығарманың ықпалына әсер етеді. Жазушы оқырманды әлдебір сиқырлы әлемге енгізе отырып, олардың көңіл-күйін, сезіміне терең әсер етеді. Бұл тәсіл арқылы автор фольклорлық дәстүрлердің байлығын көрсетіп, халықтың тарихын, мәдениетін, және күнделікті өмірін баяндаудың маңыздылығын аңғартады. Осындай фольклорлық элементтер шығармада тек оқиға желісін байытумен шектелмей, сонымен қатар ұлттық мәдениетіміздің тереңдігін, әйелдер рөлінің маңыздылығын, және дәстүрлердің сақталуын да аңғартады. Жазушының шығармашылығында осындай нәзік шеберлікпен астасқан фольклорлық сарындардың болуы, оқырманға тек ақпарат емес, эмоция, сезім, және рухани азық беретін ерекше тәжірибе ұсынады. Әйелдің басынан кешкен оқиғалар, фольклорлық сарын негізінде астасқан осындай сюжеттік желілер қаламгер туындысында молынан кездеседі.

Фольклорлық жанр ретінде әңгіменің маңызы ерекше. Әңгімешінің шеберлігі, айтылу жағдайы көркемдікпен астасып отырады. Осылайша әңгіме фольклорлық жанр ретінде тұрмыстық сөйлеу дағдысы, эстетикалық-көркемдік талап негізінде айқындалады [114, б. 24]. Сонымен қатар әңгіме нарративтің ерекше типіне жатады. Бұлайша анықталуы әңгіменің фольклорлық жанр ретінде танылуы себеп болып отыр. Алғашқы шығарушысы ұмыт болып, ерекше сөз мәнері қалыптасқан әңгімешінің көркемдік талаптарына құрылады. Әңгіме – өмірде болған бір оқиғаны немесе шынайы фактіні бернелейтін категория. Көбіне, әңгімені сол жайтқа қатысқан, сол жағдаятты көзімен көрген адам айтып, басқаларға таратады. Біз білетін тарих пен ұлт тағдыры таразыға түскен сәтте ащы шындық бейнеленген. Елдің мұңын, арманын, қалауын, байларға деген кегі, өмір үшін күресін бейнелейтін әңгімелер өмір сүруін тоқтатпады, керісінше дамып отырды. Ел оны жадында ұстап, ұзақ уақыт бойы естеріне сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа таратты. Сол әңгімелерден заман белдеуін, ұлттық дүниетанымды бағамдауға болады. Әңгімелер арқылы қоғамдық өзгерістер, уақыт шегіндегі дүниетаным айқындалады. Ғ. Мүсірепов өз прозаларында

рационалды түрде фольклорлық үлгілерді негіз ретінде пайдаланғанын айта аламыз. Өйткені қаламгердің өзі 1998 жылы «Жұлдыз» журналында шыққан мақаласында фольклортану ғылымында әңгіме жанрының бар екендігі туралы айтады. Соның ішінде ауызша әңгіме бұған дейін назар аударылмаған фольклор жанры екенін жеткізеді. Осылайша ол фольклорлық әңгіме жанрының мәнін ашуға тырысады. Сонда ауызша әңгіме халық ауыз әдебиетінің сипатында келіп, фольклорлық негіз шеңберінде өзгеше тип екендігін алға тартады. Бұндай әңгіменің де сапасы мен жанрлық жүйесінің өміршең екендігін әңгімешіге де байланысты екендігін баса айтады. Сол себепті Ғ. Мүсірепов фольклорлық әңгіменің өзіндік ерекшелігін атап көрсетеді. Қаламгердің новеллаларындағы ерекшелік те оның осы фольклор саласымен иық тіресе жұмыс жасап, шығармашылығына арқау ететіндігінде. Жоғарыдағы екі әңгімеде образдардың көпшілік арасында есте ұзақ сақталуы фольклорлық сарындардың өн бойына дарығандығымен байланысты.

Фольклорлық прозада аңыз жанрының мәні зор. Көркем әдебиетте аңыздық сюжеттер белгілі бір қаламгердің көркем өнері арқылы жанданып, прозада ерекше қызмет атқарады. Колониалды дәуірдегі кеңестік қатаң жүйенің бақылауынан емін-еркін ұлттық идеяны жеткізіп, құлашын кеңге жая алмаған жазушылар өз ойларын, идеяларын символдап, бернелеп, түрлі аңыздар арқылы астарлап меңзеген. Әңгіме жанры шағын эпикалық түрге жатқандықтан, оның сюжетіне қосалқы бір мотивті енгізу қаламгерден үлкен шеберлікті қажет етеді. Сол себепті әдебиетімізді 60-80 жылдардағы әдебиетке дейінгі уақытта миф-аңыздарды қолдану сирек кездеседі. Сол сиректердің қатарында Ғ. Мүсірепов те бар. Қаламгер шығармашылығында көп кездесетін желілік мотивтерге – аңыздық сарындарды жатқызуға болады, өйткені жазушы оларды тікелей де, жанама да қолданған. Мәселен, «Ер Қаптағай» әңгімесі солайымен аңызға құрылған. Оған дейін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді романдық эпостардың негізінде драма жазып, халық ауыз әдебиетінің бай мұраларына деген ыстық ықыласын байқатқан жазушы бұл әңгімеде ұлттың батырлық, мәрттік, батылдық секілді мінездерін насихаттайды. Шығармада батыр Қаптағайдың аңғал әрі жойқын мінезі Әзірет Әлі образы арқылы танылады. Басынан талай жаугершілік заманды өткерген халқымыздың ерлік болмыстары өздерімен теңбе-тең, мықты қарсыластары арқасында көп көрініп отырды. Яки батыл, батыр ерлер мен рухты халықтың жаулары да осал емес. Шығармадағы Әсірет Әлі де осы типтес образ. Әзірет Әлі – с.ғ.с. Мұхаммед пайғамбардың айнымас серігі, күйеу баласы, мұсылман әлемінде аты аңызға айналған батыр, дін тарихында әділдігімен танылған төрт халифаның бірі. Әзірет Әлі дүниемен қош айтысқаннан кейін, ол туралы көптеген аңыз-әңгімелер тарап, жылдар өте аңыз-әпсанаға айналды. Осыған сәйкес Әзірет Әлінің аңыздық және тарихи бейнесі негізіндегі өнердегі образы тұрақтанды. Бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан туындыларында Әзірет Әлі, әдетте, ерекше қасиетке ие. Сондықтан оның ерекшелігін көрсететін батырлық атрибуттары да өнерде кестеленген. Олар: басының айналасын жалын қоршап тұрады, қолында Мұхамбет пайғамбардан қалған айыр ұшты Зұлпықар қылышы бар, астында



тұлпар аты Дүлдүлі суреттеледі. Әйгілі ерліктері аңызға айналғандықтан, ол бірте-бірте мифтік кейіпкерге айналған. Қазақтардың мұсылмандықты қабылдауымен байланысты ол ел арасында жасампаз қаһарман ретінде танылып, батырлардың піріне айналды. Осылайша батырлар жекпе-жекке аттанғанда, жауына қарсы оталғанда, майдан даласында басқа аруақтармен бірге Өзірет Әлінің де есімін атап, медет сұрап, осы пірлермен атандайтын болған. Ал ел арасында Зұлпықар асыл қылыштың бейнесіне айналды. Ал Дүлдүл батырдың тұлпарының эпитеті ретінде тараған. Халық ауыз әдебиетінде Өзірет Әлі Арыстан, Әлі Шер, Алланың Шері, Шер Әлі деген секілді лақап аттары кең көрініс береді. Әсіресе еліміздің Шығысында Өзірет Әлі туралы аңыздар мен әпсаналар көп ұшырасады. Сол аңыздағы Өзірет Әлі туралы сюжет жазушының әңгімесіне арқау болса керек. Шығарма соңындағы автордың *«Тек ірілік қана аңыз бола алады. Мен аңыз қалғанына қуандым. ... Сол жартас Сарқанд ауданында әлі бар, оны тұрғын ел «Дүлдүлтас» дейді»* [50, б. 138], - деген шығарма шешімі тарихи шындық пен ел арасындағы аңыздың қатынасын терең меңгерген жазушының ірілік туралы аңыздың адамдық жағын бейнелеудегі өзіндік шығарған пайымы секілді. Халық танымындағы аңыздық сюжет қаламгердің туындысына ойысып, жазба әдебиеттің нысанына айналды. Әдебиеттануда Өзірет Әлі туралы сюжеттер – көшпелі сюжеттер, қазақ әдебиетіне бұл сюжеттер нәзира дәстүрі арқылы жетіп отырды. Әсіресе ел арасына кең тараған «Зарқұм», «Сал-сал» секілді қиссаларда, діни дастандарда бейнеленеді. Жырлардағы Өзірет Әлінің айрықша болмысы «бойының биіктігі қырық кез және ұзыны мен көлденеңі бірдей төртпақ, ақырған дауысы жер жарады, жаудышөптей отайды» деп бейнеленеді. «Зарқұмда» Әлінің күш-қайраты:

*Күн көзі жер сілкініп көрінбейді,*

*Арыстан (Ғали) ақырудан ерінбеді.*

*Әлінің (Ғали) айқай салған дауысынан*

*Солқылдап жер менен көк дүрілдеді,* - деп көрсетіледі. Міне, аңыздарда осылай тұлғаланған алып Әлі батыр Ғ. Мүсірепов әңгімесінде қарапайым ғана қазақтың батыры Қаптағайдың ірілігіне тәнті болады, оның алыптығы қазақ батырының қасында далада қалады. Қаптағайдың қаһарынан ығып, Әлінің әйгілі Дүлдүлінің белі шойырылып қайтады. Әңгіменің аңыздық сарыны көп нәрселерге жетелейді. Халықтың ірілігі турасындағы танымды әңгіме жанрына айналдыра отырып, қаламгер осы аңыздың сюжетін оңтайлы пайдалана білген.

Халық ауыз әдебиетінің сарындары – көркем прозадағы шындық өмірді суреттеудің, реалды әлемді көрсетудің амалы. Генетикалық байланыстан бөлек, әдебиет пен фольклордың байланысы тарихи, әлеуметтік аспектіде қарастыралуы қажет. Сол кезде ғана біз оның көркем шығармамен біртұтас қасиеттерін, көркемдік арнасын терең ұғамыз. «Ер Қаптағай» шығармасын жазушы 1942 жылы жарыққа шығарған. Халық ішінде кең таныс Қаптағай батыр туралы аңызды алып, шағын әңгімені дүниеге әкелген. Жазушы мұнда Қаптағай мен оның ұрпақтарының ел қорғаудағы ерлік, күрескерлік әрекеттерін көрсетуді мақсат етпеген секілді, олардың тұлғалық болмысын, рухани қасиеттерін ашуға

ұмтылыс жасағаны байқалады. Орта ғасырда өмір сүрген қазақ батырының сыртқы келбеті, батылдығы мен мәрттігі, сонымен қатар аңғал мінезі айқын сипатталады. Дархан дала төсіндегі өмірлері жаугершілікпен өткен ата-бабамыздың мінездеріндегі ақ көңілдік, аңғалдық, ірілікті зиялылыққа қарсы қояды. Қос түрлі таным-түсінік, қос түрлі мінез, алайда ара-қатынастарында жақындық, сыйлылық бар. Әзірет Әлі жасандықты жаны сүймей, кеңдікті қадір тұтса, Қаптағай батыр кісілік, адамдыққа тәнті болады. Осы арқылы олардың жеке қасиеттері мен рухани құндылықтарының байланысы айқын көрінеді. Жазушы екі түрлі мінез-құлықты қатар қойып, олардың арасындағы сабақтастықты көрсетеді, сондай-ақ, қоғамдағы моральдық құндылықтар мен мәміле туралы түсінікті алға шығарады. Қаламгер әңгімесін: *«Әр ел өз ерлігін көтере айтқанда жеңген жауының осал еместігін қоса айтады. Бұл да соның бірі болар. Тек ірілік қана аңыз бола алады»* [50, б. 138], - деп аяқтайды. Әңгіме көлемі – үш бет, бірақ оның мәні терең. Мұнда аңыз қосалқы тақырып немесе кезекті сюжет желісі ретінде пайдаланылмаған. Керісінше, әңгіменің барша сюжеті аңызға негізделген. Бұл қаламгердің ертеде жазылған шығармаларының бірі және аңыздық құрылымдарды қолданудағы алғашқы қадамдарының бірі десек те болады.

Халық арасына кең тараған нәзира дәстүріндегі сюжеттердің бірі – Ескендір Зұлқарнайын туралы аңыздар. Осындай сюжеттік желі Ғ. Мүсіреповте де бар. Мысалы, *«Есікті ақырын ашып Батыраш кірді. Омар мен Батыраш, Ыбырай мен Жұмабектер Игіліктің не істеп отырғанын көрмеуге, ұғынбауға тиіс еді. Әсіресе, ауыздарына берік болуға тиісті, Ескендірдің екі мүйізі барын айтқан адамның басы алынатынын бұлар да естіген. Сондықтан Батыраш есепшотқа қараған жоқ, Игіліктің көзіне қарауға да бата алмады...»* [105, б. 106]. Бұл жердегі аңыздың мотив туындының мазмұндық-идеялық арнасына орай ойды бекіту мәнінде қолданылып тұр, яки осы бір сюжеттік желінің халық арасындағы әсер-ықпалы мол екендігін образдар арқылы жеткізген. «Оянған өлке» романынан алынған осы мысалда реминисценциялық кірігу бар. Реминисценция латын тілінен аударылғанда, «еске алу» деген мәнді білдіреді. «Көркем тексте, көбінесе өлеңде кездесетін басқа бір шығарманы еске түсіретін нышан. Реминисценция - негізінен, автордың еркінен тыс болатын жайт. Яғни автор әдейілеп қайталамайды, поэтикалық зерде түбіне шөккен әлдебір таныс-бейтаныс сурет, ырғақ тынысы, ұйқас үйлесімі шығармашылық процесс үстінде сана түкпірінен бедерленіп шығып, жаңа туынды құрылымынан орын тебеді» [113, б. 282]. Ескендір турасындағы аңыздық желі туындының идеялық қажетіне байланысты ойды бекіту үшін пайдаланылған, яғни сол мотивтің халық санасында кең сақталғандығының ықпалы екендігі образдар ойымен танылады. Осындай реминисценциялық кірігулердің көптеген әдістерін жазушы көркем туындыларында шебер пайдаланған. Ескендір Зұлқарнайын жайлы мотивтер академик С.А. Қасқабасовтың зерттеулерінде кеңінен тарқатылған. Ғалым қазақ арасында Ескендір турасындағы шығармалар негізінен екі сюжеттен тұратынын зерделейді [98, б. 14]. Олардың біріншісі – Ескендірдің мүйізі туралы сюжет және бұл сюжет нәзира дәстүрі арқылы таралған (Низамидің «Ескендірнамасы»).

Е.Э. Бертельс Ескендір жөніндегі аңыз-әңгімелерді таратушылар өз әскерлері деп айтады. Одан кейін бұл аңыздар «Александрия» жинағына айналып, шығыс халықтарының арасына кеңінен тараған, сондай-ақ көптеген тілдерге аударылып әлемге таралды. Ескендірнама аңыздары шығыс елдерінде ауыздан-ауызға таралып, бірнеше бөліктерге бөлініп, әр елдің жылнамаларына, ауыз әдебиетіне еніп көшпелі сюжетке, тұрақты мотивке айналды. Ескендірнама тақырыбы қазақ арасына сол шығыстан келген деуге негіз бар. Ескендірдің өзінің бейнесі де осындай көшпелі сюжеттің арқасында бірталай өзгерістерге ұшыраған. Айталық, гректерден келген сюжеттерде Ескендір қос мүйізді боп бейнеленіп, «Зұлқарнайын» деген атқа ие болған. Осы ерекшелігі оның бейнесіне ерекше күш, қасиет дарытқан. Әрі *лақап есім* де фольклордағы *тұрақты мотивтердің* бірі. Шығыс халықтары арасында тараған түсінік бойынша, мүйіздің болуы ол ерекше қасиеттің, бақыттылықтың белгісі болған. Қазақ арасында қолданылатын «шыққан мүйізің қайсы?» деген тіркес бар. Мағынасы «артықшылығың қайсы» дегенді білдіреді. Бұл аңыздық сюжеттің мотиві жазушы шығармаларында маңызды деталь ретінде көрініс береді. Қаламгер тарапынан аңызды түсіндіру немесе қолдану себебін көрсетпейді. Өйткені бұндағы берілген аңыз желілері оқырманға түсінікті әрі жақсы таныс. Оқырманның ой елегінен өткен аңыз сюжеті бұрыннан өзіне таныс ақпараттарды қамтиды. Көркем туындыда фольклорлық сарынды қолданудың басты мақсаты оқырманға жақсы таныс аңыздық сюжетті қолдану арқылы шығарманың көркемдігін көрсету. Осы негізде фольклорлық сарын туындының көркемдігін арттыра түседі. Қаламгер өз кезегінде фольклорлық сарында көркем проза өлшеміне сыйғызып, байланыстырады.

Халық санасында сақталған аңыздың шындықпен астасуы – фольклорлық жанрға тән ерекшелік. Аңыздық мотивтер қаламгер шығармаларында көптеп кездеседі. «Ұлпан» романынан мысалдар қарастырсақ. 1. «*Ұлпан*» романындағы Шынардың Есеней туралы ойлары: «*А, Құдай, Есенейдің қолына түсіре көрме*» деп дұға қылады екен деген аңыз да құлағында болатын» [104, б. 85]. 2. «*Осы аз күннің ішінде Ұлпанның атағы кең жайлауға түгел тарап кетті. ...Ұлпанның аз ғана істеген істерін аңызға айналдырып әкетті*» [104, б. 135]. Мұндағы берілген мысалдардан байқайтынымыз қаламгер көпке белгілі аңыздың сюжетін қолданбайды. Керісінше аңыздың пайда болуына әсер еткен жағдайларды, құбылыстарды суреттейді. Осылайша сілтеме беру арқылы қаламгер аңыздың сюжеттерді жақсы білетінін, орынды қолдана алатынын көреміз. «Ұлпан» романында аңыздық сюжеттерді қолдану арқылы Есеней мен Ұлпанның болмыстары жоғары көркемдік деңгейге көтеріледі.

«Жиырма төрт сағатта» деген туындысын қарастырсақ: «*Балықшылар түн бойы той жасап, Лениннің хатын әнге қосып, аңызға айналдырып жіберді. Қазақ даласын кезіп аңыз да кете барды. Аңызға еріп, Томаршаның аты да кете барды*» [50, б. 223]. Шығарманың атауына «Арал аңызы» деген қосымша ат берген. Осылайша жазушының фольклорлық сарынды қолдана отырып, кейіпкерлердің болмысын сомдауды мақсат еткенін көреміз. Кейіпкерлердің ісі

мен әрекеті, мінезі мен болмысы шығарманың идеялық аясын кеңейтіп, аңыздық сарынның қуатын күшейте түседі.

Қаламгер шығармаларында кездесетін фольклорлық мотивтердің бірі – *батырлық мотиві*. Аталған батырлық мотив арқылы көркем туындының халықтық негізі күшейіп, әдебиет пен фольклор байланысы анықталады. Жазушы фольклор элементтерін пайдаланып қоймай, негізгі ұстанымдарын да алдыңғы қатарға шығарады. Фольклорда сомдалатын «адам» тақырыбы туындылардағы кейіпкерлердің болмысын күрделендіре түседі. Негізге алар болсақ, *«Тулаған толқында»* шығармасындағы Шәйза мен Біржанның іс-әрекеті, *«Ер Қантағайдағы»* батырлық болмыс, *«Ананың анасы»* әңгімесіндегі Ананың қайратты болмысы, *«Ақлимадағы»* мүгедек солдаттың рухты болмысы батырлық мотивтің айқын көріністері саналады. Қаламгер шығармаларындағы батырлық мотивтің негізі эпикалық дәстүрлен алыстамайды. Эпикалық шығармалардағы батырлық мотив прозада үндестік тапқанын анықтаймыз.

Фольклор мен әдебиет байланысында мифологияның да үлесі бар. Үш жақты байланыс сюжетке әсер етіп қана қоймай, мәтін деңгейдегі элементтерді қалыптастырады. Атап айтар болсақ, цитата (дәйектеме), реминисценция, перифраз. «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде цитатаға қатысты анықтама былайша берілген: «баспасөз материалдарында, ғылыми еңбектерде, кітаптар мен түрлі қолжазбаларда, баяндамалар мен сөйлеген сөздерде келтірілетін, белгілі бір мәселе жөнінде айтылған немесе жазылған ой-тұжырымдардан сөзбе-сөз алынған үзінділер» [113, б. 124]. Көркем шығармада дәйектеменің қолданылуы логикалық байланысқа негізделеді. Яғни шығармада айтылған оймен дәйектеме логикалық байланыста болады. Осы негізде диссертациялық жұмыста *«фольклорлық дәйектемелер»* деген қолданысты қарастырамыз. «Фольклорлық дәйектемелер» дегеніміз – фольклор шығармаларының тура сол қалпында көркем прозада қолданылуы. Дәйектеменің шығармада қолданыс табуы екі негізде жүзеге асады: фабулалық, фабуладан тыс. Мысалы, Ғ. Мүсіреповтің *«Ұлпан»* романында *«Сұлушаш»* жыры, *«Қалқажан»* әні қолданылып, фабуланың ажырамас бөлігі ретінде беріледі. *«Сұлушаш»* жырын орындаған Есенейдің атқосшысы Кенжетай жырдың шығу тарихын да айтады. Жырдан келтірілген үзінді мен фабулалық мазмұн кейіпкерді ішкі арманын көрсетеді. Берілген ән мен жырдың қолданылуы кейіпкердің ішкі арманын, мұңын, хал-жағдайын бейнелеуден көрінеді. сонымен бірге оқиға фабуласының құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқарады. Мысалы:

*«...Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай,  
Тұман жоқ ер жігітке адасқандай.  
Саласын Сартоғайдың мекен еткен  
Бар екен Қантай атты бір асқан бай.  
Сұлушаш Қантай байдың жалғыз қызы  
Сипаты хор қызымен таласқандай...».*

Осы негізде жырдың мазмұны қысқаша беріліп, әрі қарай жалғасады:  
*Қайтады күз болғанда қараша қаз,  
Айттырған Сұлушашты сұр қасқа таз.*

*Қайғысы қара нарға жүк болғандай,  
Мал алған қызын сатып әкесі мәз!*

*«Осы тұста Артықбай батыр өз басындағы қайғысынан хабар бергендей болып: Қыз баланы қор қылатын мал зой, - деді. Ауыр күрсініп қалды»* [104, б. 40]. «Ұлпан» шығармасында қолданылған жыр үзіндісі сол күйінде берілген. Енді бір жағынан жырда баяндалған қыз тағдыры Ұлпанның өз тағдырымен егізделе суреттелген. Осылайша, фольклорлық дәйектеме сол күйінде қолданылады, сонымен қатар кейіпкердің тағдырымен байланыса беріледі.

Ғ. Мүсірепов шығармашылығында халықтық тақырыпты кеңінен суреттейді. Автордың фольклорға қызығушылығы халық өмірін, болмысын терең түсінуден қалыптасқанын көреміз. Оның фольклорға деген қызығушылығы халық өмірінің, мәдениетінің, тілінің байлығы мен тереңдігін түсінуге деген ұмтылысынан туындаған. Бұл жазушының туындыларында халықтың рухани әлемін, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық психологиясын шебер көрсете білетіндігімен ерекшеленеді. Жазушы шығармаларына талдау жасағанда, оның ерекше стилі мен терең шеберлігі анық байқалады. Ол шығармаларын жазғанда әрбір детальға мән беріп, орнымен қолданады. Нәтижесінде, оның туындыларында фольклорлық сарындардың айқын ағысы байқалады. Бұл ағыстар тек сюжеттің ғана емес, кейіпкерлердің дүниетанымының, мінез-құлқының, ұлттық салт-дәстүрінің де көрінісін береді. Сондықтан, Ғ. Мүсіреповтің шығармалары – халықтың рухани мәдениетінің байлығын паш ететін, терең идеялармен өрілген ерекше туындылар.

Қаламгердің шығармашылық ізденісі әңгімелерінен бөлек, новеллаларынан да көрінеді. Әдебиет майданында өзгеге ұқсамайтын сара жолды сала білген жазушы туындыларында таңдаулы тақырыптар көтеріледі. Әсіресе «Ана туралы әңгімелерінен» анық байқалады. Ғабит Мүсірепов қазақ кеңес әдебиетіне терең идеялық және көркемдік жағынан маңызды жаңалықтар әкелді. Оның шығармаларындағы аналар образы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды көрінбеген жаңашылдықтың бірі болып табылады, тіпті әлем әдебиетінде де мұндай образдар енді жасалып жатқан кез болатын. Жазушы новеллаларында бейнеленген аналар – тұрмыстағы қиыншылықтарға мойынсұнбай, бақытын күрес арқылы іздеген тұлғалар. Қазақ әйелінің ішкі дүниесін, отбасындағы рөлін, ұлттық салт-дәстүрлермен байланысын терең көрсете отырып, жазушы оқырманның сана-сезіміне, моральдық-құндылықтары мен адамгершілік ұстанымдарына әсер етеді. Рухы мықты аналар тақырыбын қазақ әдебиетіне алып келген жазушы екенін, өзіне ғана тән қолтаңбасы, стильдік келбеті, қайталанбас даралығы екенін айрықша атау керек.

Жазушының ана циклындағы әңгімелері кейіпкерлер жүйесіндегі бейнелену ерекшелігімен, фольклорлық жанрлар мен тілдік қолданыстағы даралығынан есіп тұратын фольклорлық сарындардың молдығымен тұғырлана түскен. Ана тақырыбындағы әңгімелеріндегі басты идея – әйел-ананың қажыр-қайраты, әйел-ана бейнесіндегі рух мықтылығы. Халық ауыз әдебиетінде қайратты, рухы биік әйел-аналардың үлгісі көп. Фольклордан бастау алған әйелдер болмысы әдебиет пен фольклордың тығыз байланысын көрсетеді. Атап

айтар болсақ, ертегілерде, батырлық және ғашықтық жырларда әйел бейнелері мықтылықпен, қайсарлықпен астасып жатыр. Фольклорлық шығармалардың негізінде қалыптасқан «*күшті адам*» *мотиви* ертегілердегі қиындықты өткеріп, «мұратына жету» сюжеттеріне негізделген. Мәселен «Ер Төстік» ертегісінде «батырлық мотив» мынадай сюжеттік оқиғалардан тұрады: Ер Төстіктің туылуы, тез ержетуі, жерастына аттануы, жер үстінде көрген бейнеттері, жауларын жеңуі, Кенжекемен қауышуы. Сонымен қатар бұндағы батырлық мотив жауыздықтың жеңіліп, қайсарлық жеңіске жетуінің көрнісімен анықталады.

Эпостық шығармаларда сомдалатын батырлар бейнесі – халық арманының көрінісі. Халқымыз үшін ел қорғаны болар батырлар маңызды. Батырлардың қайсар, рухты болмысы эпикалық шығармаларда аңсау сарынымен берілген. Эпикалық шығармалардағы батырлар бейнесі ажырамас серігі тұлпарымен, қиын кезде қасынан табыла білген адал достарымен, қолдаушы өмірлік жарымен тұлғалана түседі. «Ер Төстіктегі» Кенжекей, «Қобыланды батырдағы» Құртқа, «Ер Тарғындағы» Ақжүніс, «Алпамыс батырдағы» Гүлбаршын және т.б. образдары батырдың адал серігі болуымен бірге, қиын уақыттарда ақылшы, қолдаушы ретінде көрінеді. «Күшті адам» мотиві батырлар болмысымен қатар, әйелдердің образы арқылы толығады. Қазақ қоғамындағы әйелге деген құрмет жайлы белгілі ғалым М. Тілеужанов тіпті әріден қозғайды: «Халқымызда әрқашанда әйелдерді – халық анасы, адам анасы, батыр анасы, ер анасы деген ұғым басым болған. ...Әйелдерді аса зор құрметтеу өте ерте кездегі, нәрестенің дүниеге келуінен бастап айтылатын шілдехана, бесік жырларынан, бертін келе үйлену-салт өлеңдерінен, қала берді, жыр маржаны деп аталатын ән өлеңдерінен көрініс тапты. Семьядағы қыз балаға байланысты ұғымдар тәрбие басы болып есептелінеді» [115, б. 74].

Фольклорлық шығармаларда әйелдердің бейнесі ерлермен тең деңгейде сомдалады. Осы негізде қаламгер Ғ. Мүсіреповтің ана туралы әңгімелеріне негіз болған «әйел» бейнесінің бастауы фольклорда жатқанын анықтаймыз. Жазушының өзі бұл жөнінде мынадай пікірін білдіреді: «Горькийдің тақырыбын, жазу әдісін ұғынам деп талаптанғанымда ұшы-қиыры жоқ кең байлықтың ішіндегі ең бір негізгі саласы – күшті адам екен деген қорытындыға келдім... Құлақта ертеден бір әңгімелер жүретін еді. Горькийдің «Аналарын» қайта бір оқығанда, сол әңгімелерім тіріле бастады. Көп ойланбастан-ақ Горькийдің аналарында да, өзімде де бар әңгімелерді қағазға түсірдім» [16, б. 58]. Қаламгердің өзі меңзеп отырған «құлақта ертеден сақталған бір әңгімелері» фольклордан бастау алған сарындар екенін түсінеміз.

Әдебиетімізде соны жаңалық болған, жаңа көркемдік-идеялық өзгерістердің бастауы болған шығармасы – «*Ананың анасы*» әңгімесі. Шығарма Әйтiлес қарттың әңгімесінен бастау алады. Көп жылдар бұрын Әйтiлес қарт Жанай балуанның айтқан әңгімесін есіне алады. Баяндау сипатында берілген шығарманың басты кейіпкері – әйел. Жаугершілік заманда әйел-ана құдіретін танытатын оқиға әңгіменің көркемдік жүгінің ауыр екенін көрсетеді. Шығарма барысында аңыздық сарын белгілері бар. Жалпақ балуанның мысын басып, тұтқыннан босатылуы әйелдің қайсарлығын, батылдығын көрсетеді. Әйелдің:

«...Білектің күшін, найзаның ұшын не күші теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсыңдар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес не еді, оның құнын қалай өтейсіңдер?.. Құлыңға қосақтап қызымды әкетіп барасыңдар, бұларың да не ерлікке, не әділдікке жанаспайды. Ең мықтағанда еліңе бір күң апарып қосасыңдар. Қызым сендерге барса күң болады, өзіммен қалса тым болмағанда өз етегімде еркін еркелейді. Сондықтан қызымды алып қайтам!» [50, б. 74], - деген сөздерде аналық махаббаттың өлшеусіз көрінісін, қайтпас батырлықтың үлгісін аңғарамыз. Жалпақ батырдың, әйелді тұтқынға ұстаған жігіттердің мысын басқан өрлігі фольклорлық шығармалардағы батырлықтан бастау алған. Эпостық шығармаларда қайталау кездеспейді, кездескен жағдайда тек сарынын ғана атап өтеді. Фольклорлық мотив деп отырғанамыз – белгілі бір құбылысты жай қайталау емес, көңілге қонымды, құлаққа сіңісті түйсік қазығы. Қаламгердің суреткерлік шеберлігін прозада көрсететін тұсы халық жадында сақталған фольклорлық мұралардың қолданылуы. Айқын көзге көрінбесе де, жазушының шеберлігін фольклорлық айшықтар таныта түседі. Берілген үзіндіде: *«Бишараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара! Ерні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті»* [50, б. 167]. Бұндағы қырық жігітті сөйлетпей, тоқтатып тастаған құдіретті күш әйелдің өткір сөзі емес, қайтпас қайсар мінезінде, рухында жатыр. Баласына деген шексіз махаббаты қорқыныш пен үрейді елемей, баласы үшін жанын құрбан қылуға дайын екенін көрсетеді. Осынау мақсат жолында жанын құрбан етуден тайынбаған ананың мықтылығын қаламгер жоғары деңгейде суреттейді.

Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы аналар бейнесі – ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де соны құбылыс, айрықша образдардың жүйесі. Аналар бейнесінің батыл, қиындықтан қорықпайтын болмысы шығарманы көркемдік негізде танудың тенденциясы екенін көреміз. *«Ананың анасы»* шығармасында ананың баласы үшін жанын құрбан етуге дайын болса, *«Ашынған ана»* туындысындағы Қапия ана – намысына берік, қайсар мінезді. Қапия ана майданның қара жұмысына жасы жетпесе де баласын алып кетпек болған болыстың озбырлығына шыдамай, араша түседі. Шығармадағы әділетсіздік жас баланы, жесір ананы шырылдатқан қоғамның айқын көрінісі еді. Болысты өлтіріп, жазасын тартқан ана болмысынан сонау фольклорлық шығармалардан бастау алған қайсарлық рух сезіледі. Қапия ананың мықтылығын, рухының биіктігін қаламгер Ғабит Мүсірепов іс-қимылы, қозғалысы арқылы шебер суреттейді. *«Енді, міне, «жүрегім алып-ұшып келеді!» дегенде көзінің қарашығында ойнаған от сәулесі ортада маздап тұрған оттың өзінен де артық жарқырап кетті»* деген сөйлемнен аңғарылатын ана жүрегінің лүпілі әр оқырманға өз жүрегінің соғысынан бетер жақын сезіледі. *Жазушының әңгімені аяқтауының өзі әңгіменің тұтас бір идеялық жүгін көтеріп тұрғандай: «Әйел түні бойы өмірінің қараңғы түкпірлерін қазып, көп әңгіме айтты. Өмір өзін сондай сіліккен. Қазір бұл сондай орасан күйші. Енді өмірді өзі сілкіуге жарап қалған ана еді...»* [50, б. 168].

Фольклор мен көркем әдебиет байланысы негізгі идеялар, сюжеттер, мотивтер, фольклорлық айшықтар негізінде аңғарылады. Фольклорға тән негізгі сипаттардың елеулісі – синкреттілік. Фольклор наным-сенім, ежелгі дүниетаным, түсінік сынды элементтерді бойына жинаған синкретті жанр екенін анықтаймыз. Осыған сәйкес көркем шығармаларда да фольклорға тән синкреттілік элементтері жиі ұшырасады.

Солардың бірі фольклорлық жанрлардың ең көне түрінің бірінен саналатын мифтік танымның бейнеленуінен байқалады. Эпикалық жырлардағы типологиялық ұқсастықтар ең әуелі олардағы сюжеттер мен мотивтерден байқалатындығы белгілі. Фольклор сюжеті тұрақтылығымен ерекшеленеді. Фольклорлық көлемді сюжетті жанрларға тән басты белгілердің бірі тұрақты формула олардың бастамаларынан да көрініс береді. Эпикалық жырлар әдетте оқиғаның өтетін орны мен уақытын, негізгі қаһарманның өмірге келуін бейнелеуінен басталады. Эпикалық шығармалардағы композициялық тәсіл фольклорлық туындылардағы бастамалар болып есептеледі. Қаһармандық эпостардағы бастама, негізінде, қаһарманның өмір сүрген мекені мен іс-әрекетін көрсетуге қызмет етеді. Әдетте эпостардың бастамаларында эпикалық уақыт пен мекенге қатысты қысқаша болса да көркем сипаттама беріледі. Оған мысалдарды қазақтың белгілі «Қобыланды», «Алпамыс» және т.б. қаһармандық жырларынан, түркі халықтарының эпостарынан да көптеп келтіруге болады. Мысалы, жыр басындағы мезгіл мен мекен, ру (тайпа, ата-ана, ата-баба) туралы баян, алғашқы ерлік (балаға ат қою), батырлар мінген аттың сипаты, батырлардың жаумен соғыстарының баяны, т.б. мотивтер ортақ екені байқалады. Бұдан шығатын қорытынды эпикалық сюжеттер мотивтер арқылы анықталады. Нақтырақ айтатын болсақ, эпикалық сюжеттің қалыптасуы, ерекшеліктері, жаңару принциптері мотивтер негізінде сипатталады. Осындай эпикалық жыр мотивтері Ғ. Мүсірепов шығармаларынан да көрініс береді. *«Екі әйел – екі дүние»* әңгімесі: *«Танаиш – ақжарқын, қабағын шытпайтын, қалжыңы таусылмайтын жігіт. Бір-ақ ауыз өлеңнің бір-ақ жолын біледі. «Жүйрік ат, сұлу қатын ер қайрағы..». Жүйрік ат дегені – өзі мініп жүретін сұлуша келген торы төбел ат. Аты тіпті жүйрік емес... Жалғыз сұлулығы қаз-қатар меруерттей тізіліп тегіс біткен тістерінде ғана»* [50, б. 197]. Фольклордағы ер жігіттің серігі – жүйрік аты, сұлу әйелі болатын тұрақты мотив қолданылған. Тістері маржандай тізілген – фольклордағы сұлу қыздың тұрақты портреті. Жазушы берегіректе жазылған әңгімесінде кейіпкердің портретін беруде фольклорлық бейнелерге тән тұрақты суреттеу тәсілін алған. Осы әңгімедегі *«Қазақ халқы қазақ атанудан алдақашан бұрын мал баққан ел. Төрт түлік малына Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Шопан ата деп ат қойғалы қаша? Бабаларымыздың бабаларынан да арғы замандарда! Мал жайындағы аңыз-әңгімелері де көп. Ауыр қысқа кездесіп отырғаны биыл ғана емес... Жылқы бар жерде қой өле ме екен?»* [50, б. 200], - деген үзіндіде халқымыздың төрт түлік малға қатысты атаулары, олардың әрқайсысының иелеріне қатысты аңыздардың бар екенін жазушы ескерте кетеді. Сондай-ақ қазақтың сонау түркі халықтары боп ортақ өмір сүрген кезеңдерден бастап-ақ малдың жайын білетін халық екенін де танытып кетеді. Көркем



шығармада көрініс беретін ұлттық дүниетанымнан хабар беретін пікірлердің, көзқарастардың қолданылуы маңызды. Өйткені фольклорлық, ұлттық болмыс көркем шығармада аталған пікірлер, көзқарастар негізінде таныта түседі.

Қаламгер фольклорлық мұраларды философиялық, поэтикалық негізде саралап, тандап қолданады. Жазушы үшін фольклор өз кезеңіндегі идеяны жетізудің, тақырыпты түсіндірудің, образдар мен мифологиялық сюжеттерді сомдаудың құралы ретінде көрінеді. Анығырақ айтатын болсақ, фольклор – жазушы жаңа ізденістің бастауы. Өз дәуіріне сай келетін идея, образ, сюжеттерді фольклордан іздестіреді. Жазушының ұлттық мифология элементтерін белсенді түрде қолдануы шығарманың ұлттық бояуын тереңдетіп, халықтығын күшейте түседі. Әр халықтың, ұлттың танымы, дүниетанымы, санасы әртүрлі деңгейде көрінеді. Мыңдаған жылдар бойы таным мен түйсікте жинақталған көркемдік ойлау мифология деп анықталады. Мифология негізінде адамзаттың рухани ізденісі, адамгершілік идеялары, даналық ойлары көрініс береді. Осындай ерекшеліктер көркем шығармада символдық образдарға айналады. Мифологияны прозада қолдану жаңа әдеби әдістердің пайда болуына әсер етті. Мифтік мифтердің көркемдік қызметі түрліше анықталады. Қазақ фольклортану саласында мифология өз алдына зерттеу саласы боп қалыптасты. Мифтің фольклорда ішінара кездесетіні туралы Р. Бердібайдың [46, б. 26], Ш. Ыбыраевтың [84, б. 98], Ш. Елеукеңовтың [116, б. 31] зерттеулерінде алғаш рет қарастырылды. Десе де жан-жақты зерделеп, терең қарастырған, жанрлық тұрғыдан жүйелеп, ғылыми айналымға түсірген – С. Қасқабасов. Мифтік фольклор жанрын теориялық тұрғыда негіздеп, қазақ мифологиясының фольклорда зерттелуін негіздеді [117].

Қаламгерлер мифологиялық мотивтерді қолдану барысында адамгершілік, философиялық негіздерді басшылыққа алады. Олардың шығармаларында адамгершілік концепциясы басты орынға шыққан сайын, авторлар көркемдік әдістерді ғана емес, сонымен қатар өздерінің философиялық ойларын жеткізетін символдық образдарға да көп көңіл бөледі. Аңыз тудыру, яғни мифтік шығармашылық бүгінгі қазақ прозасына өзіндік өрнек пен стильдік ерекшелік енгізе бастады. Мәселен, Мүсіреповтің «Ана жыры» әңгімесі Хауа ана жайлы мифтік сюжетке негізделген. Адам ата мен Хауа ана тақырыбы әлемдік мифологияда кең таралған және қазақ халқында да орын алған. Автор осы мифтік аңыздың мотивін алып, одан жаңа көзқарасқа негізделген аңыз-әңгіме жасаған.

Жазушы әңгіменің сюжетін тұтастай Адам Ата мен Хауа ананың жаралуы, жер бетінде ең алғаш адамның пайда болуы туралы аңызды ала отырып, тосын мазмұндағы, романтикалық пафосы мен реализмі ұштасқан өзгеше стильдегі әңгімені дүниеге әкелген. «Ең алғашқы адам баласының бірінші бесігі қазақ жері» деген түйінге аңыздық желі арқылы келіп, соңында жалпы адам баласының бірлігі, ынтымақтастығы туралы идеямен аяқтайды. Шығармада бесік жырының қалыптасуы, алғаш рет айтылуы, қазақы тәрбие жайы, бала бойында әнге деген жақындығының қалыптасуы жайлы эпсана, хикаяттар кездеседі. Мәселен: *«...Балалар анда-санда ыңырсып қояды. Ана екі баласын құшақтай отырып, балаларының ыңырсуына өзінің ыңылдауын қосады. Осылай-осылай өңдене келе,*

кейін бесік жыры деп аталатын бірінші ән аяқтана бастады... Өмірді ой тугызады, ән көркейтеді емес пе! Адам өмірі орнығып, ақырын-ақырын көркейе берді» [118, б. 138], «Судың тазалығын үйретейік. Күннің жылылығын үйретейік. Ата-ананың достығын үйретейік. Біздің салауатымыз осы болсын, ән болсын! Өйткені осы жаңа дүниеміздің өзі маған ән салып тұрғандай, мейірім төгіп тұрғандай сезіледі» [118, б. 137]. Бұндағы аңызға құрылған оқиға жазушының шеберлігінің көрінісі саналады. Діни-аңыздық сюжетті түрлендіру арқылы Хауа ана мен Адам ата жайлы мифтік сюжет өзгеріске түскен. Жаңа көзқарастарға негізделген шығармада аңыз негізгі элемент саналады. У.Б. Далгат фольклордың көркем прозада пайдаланылуы жайлы: «У современных писателей, обращающихся к фольклору, отношения с сюжетом значительно усложняются. Уже давно преодолена та ранняя ступень, когда писатель открыто ориентировался на тот или иной фольклорный сюжет, когда еще оставался в силе традиционно устойчивый механизм фольклорного повествования, обусловленный определенной сеткой логических возможностей» [119, б. 42], - деген пікірін білдіреді. Осы негізде фольклорды көркем шығармада қолдану сюжетті күрделендірудің тәсілі екенін айқындаймыз. Ғ. Мүсіреповке тән айырмашылықты анықтайтын болсақ, аңыздық сюжеттерді авторлық ұстаным негізінде жаңа дәуірге тән аңыздық желі мен кейіпкерлер әлемін қалыптастырады. Осылайша қаламгер авторлық ұстаным негізінде идеялық, көркемдік тұрғыдан фольклорлық сюжеттер жаңа қоғамдық құрылыс пен заман келбетіне сай өзгереді.

Жазушылар мифтік сюжеттерді қолдануының негізгі мақсаты тереңде жатқан ойларын жеткізумен байланысты. Мифтер ұлттық санада берік қалыптасқан рухани байлықтарымыздың бір қайнар көзі деп есептеледі. Осы себептен де көркем прозада мифтер қолданыла бастады. Қазақ прозасында мифтің қолданыс табуы таңғажайып құбылыс саналады. Мифтер жанрларда, көркем мәтіндерде, көркемдік бағыттарда көрініс тапты. Мыңдаған ғасырлық тәжірибеде жинақталған ойлау мен таным нәтижелері ұрпақтан ұрпаққа генетикалық жүйеде жалғасты. Жазушылардың шығармашылық әлемінде символдық тәсілге айналды. Барлық өнер түрінде мифопоэтикалық ойлау жүйесі тән. Алғашқы дүниетаным саналатын анимизм, тотемизм, магизм қазақ дүниетанымының терең қатпарында қалыптасқан арналар саналады. Осыған сәйкес халқымызда әлі күнге дейін әруаққа табыну, кие тұту дәстүрі сақталған.

Халқымыз аспан әлеміндегі барлық құбылыстарды киелі санап, табынған. Осылардың ішінде Күн мен Айға қатысты ұғымдардың қолданысы поэтикалық ойлау деңгейіне жеткен. Күн мен Айды қасиетті санап, табыну барша түркі халықтарына тән. Қоршаған ортадағы құбылыстардың адам танымына әсер етуі жайлы А. Байтұрсынов: «Күркіреген күннің, дүрілдеген желдің, бұрқыраған дауылдың, зырқыраған құйынның әрқайсысының істеуші иесі бар, құдайы бар деп ойлаған. Күлімдеп күнде көз салып, күйін, жайын көріп, жарық беріп жарқыратып, жылылық беріп, маужыратып, мәз қылып отыратын «Күн құдайы» қара әбілет басып, қараңғыласа – қауіптенген, қайғырған, бір дүрбелеңге ұшырады деп білген. Қыс қара су, қарлы су, қасқа су, жер суы және т.б», - дейді

[106, б. 288]. Ақын судың тіршілік қозғалысындағы маңызды тағылымына кең толғап баға береді:

*Суменен қатар жүрген жердің аты,  
Жер-суменен байланысып елдің аты.  
Түрлі кен, түрлі халық аттары бар,  
Қалмайды халық сүйген ердің аты* [120, б. 288].

Берілген пікірге сүйене отырып, халқымыздың мифтік ойлау жүйесінде аспан денелеріне байланысты түсініктер бөлек арна болып қалыптасқан. Көркем шығармада аспан денелеріне қатысты мифтік түсініктер көркемдік деңгейін арттыра түсетінін анықтаймыз. Осы негізде Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романынан мысал келтірсек: *«Орталап қалған жарық ай ақ үйдің еңсесін көтере түсейін дегендей, көгілдір нұрын себелеп төгіп, көтеріле бастады. Қара көк аспанға шимандай болып шыға келген жұлдыздар да осы үйге тағылған тана-моншақтай жарқырап, ерекше бір көрік беріп тұр»* [105, б. 17], *«...Заман бұзылғалы келеді. Былтыр күн тұтылды. Алдыңғы жылы ай тұтылып еді. Құйрықты жұлдыз болса мынау, әр түнде төбеге шығып алады да, бір қозғалмайды..»* [105, б. 88], *«... Батар күн бар жарығын сол орманға гана төгіп, өзге дүние қараңғыда қалғандай»* [105, б. 160]. Бұндай мысалдардың қатары шығармаларда көптеп кездеседі. Қаламгер көркем туындыларында мифтік танымдарға негізделген түсініктерді шығарма сюжетімен байланыстыра қолданады. Анимистік түсініктер қаламгердің әр шығармасында кездеседі. Бұлайша қолдану автор тарапынан әдейілеп қолдануды білдірмейді. Керісінше мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан мифтік түсініктерді, аспан әлемі жайлы, қоршаған орта туралы көзқарастарды қолдану арқылы шығарманың көркемдігін, идеялық-тақырыптық ерекшеліктерін арттыра түседі. Ерте замандарда анимистік түсініктердің бастау алғаны Ш. Уәлихановтың зерттеу еңбектерінде кездеседі. Табиғат пен адам байланысы жайлы өзінің құнды пікірін білдіреді: *«...табиғат пен адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылысболып келеді. Табиғат пен дала! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Әлемнің таңғажайыптығын тану, ұғу қажеттілігі, адамға қатысты өмір мен өлім мәселесі және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды. Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Ертедегі адамдардың нәресте-пәк көңіл-санасы күнді, айды, жұлдыздарды, мәңгілік өзгерістегі бүкіл жарық дүниені құрмет тұтты, осыларды біз табиғат, немесе элем дүниесі деп атадық»* [121, б. 87]. Осы негізде халық арасында әлі күнге дейін сақталған шамандық түсініктер халқымыздың рухани әлемін таныта түсетін элемент екенін көреміз. Қаламгер Ғ. Мүсірепов мифтік түсініктерді шығармаларына арқау ете отырып, шығарманың көркемдік деңгейін, фольклорлық негізін нығайта түседі. Фольклорлық сарын эстетикалық, идеялық мәнін жоғалтпай, шығарманың бай рухани қазына ретінде көрінеді. Жазушы мифтік, аңыздық, ертегілік мотивтерді терең және өзгелерге ұқсамайтын ерекше стильмен таныта білді. Шығармаларында ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтар үйлесімді түрде ықшамдалып, оқырманға беймәлім

әлемдер мен таңғажайып оқиғалар арқылы ұсынылады және бұл мотивтер тек баяндау тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар идеологиялық және философиялық мағынада да терең. Ол аңыздар мен мифтерді өз заманының әлеуметтік, мәдени мәселелерімен байланыстыра отырып, халықтың рухани әлемін, оның арман-аңсарын, өмір сүру тәсілдерін көрсетуді мақсат етеді. Әңгімелеріндегі кейіпкерлер көбінесе ерлік, адалдық, махаббат сияқты мәңгілік құндылықтарды бейнелеп, оларды әртүрлі контексте ашып береді. Ғабит Мүсіреповтің бұл тәсілі шығармаларына ерекше үн мен мән беріп, оқырманның көңіл-күйіне, ой-санасына әсер етеді. Сондықтан да, мифтік, аңыздық, ертегілік мотивтерді үйлесімді қолдануы жазушының шығармашылық ерекшелігінің айқын көрінісі, әрі әдебиет әлемінде өзіндік орны бар автор екенін көрсетеді. Жазушының көркем шығармаларында фольклорлық жанрлардың және фольклорлық кейіпкерлердің кеңінен берілуі де ерекше мәнге ие. Бұл элементтер автордың дүниетанымын, ұлттық мәдениеттің тереңінен алынған дәстүрлердің, аңыздардың және халықтың тарихи тәжірибесінің біртұтастығын көрсетеді.

### **2.3 Фольклорлық мотивтерді қолданудың жанрлық және образдық алуандығы**

Фольклорға сыңаржақ көзқарастардың көп жылдар бойы орын алуы зерттеушілердің қолын байлады да, жаңа зерттеулер мен ізденістердің дамуын тежеді. Міне, осылайша біраз уақыт бойына ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің қосалқы пәні ретінде қарастырылып келсе де, айырмашылықтары мен ерекшеліктері бар әдебиетіміздің алтын қоры, теңіз түбіндегі маржаны екендігін Мүсірепов шығармалары да дәлелдеді. Қазақ фольклорының асылдарын шығармаларының биік кәдесіне жаратып, қазақ әдебиетінің алтын қорына құнды мұралар қосқан Ғабит Мүсірепов шеберлігінің бір қыры осыдан көрінеді. Әр жазушының эстетикалық, идеялық, мазмұндық талаптарына сай фольклорлық мотивтерді шығармаларында қолданады. Әлем әдебиетінде де фольклорлық мотивтерді негізге алған, жаңа сипаттағы шығармалар жарыққа шықты. Мәселен Дж. Роулинг «Хэрри Поттер», Дж.Р. Толкин «Сақина әміршісі» сынды шығармалар фольклор негізінде қалыптасты. Фэнтези жанрындағы шығармалардың қалыптасуына фольклордағы кейіпкерлердің үлесі бар. Қазақ фольклоры жөнінде М. Жұмабаевтың құнды пікірі бар. Жазба әдебиеттің негізінде ауыз әдебиеті тұрғанын, әдебиеттің дамуы фольклорлық шығармалармен байланысты екенін айтады [37, б. 340]. Сол сияқты Ғ. Мүсірепов те шығармаларында фольклорлық мотивтерді асқан шеберлікпен қолданған. Атап айтар болсақ, көркем шығарманың эстетикалық және идеялық талаптарын орындауда, әсіресе айшықты тіркестерді жасауда мақал-мәтелдер ерекше рөл атқарады. Олар автордың ой-өрісін, дүниетанымын, сондай-ақ ұлттық мәдениеттің терең түптамырларын жеткізу үшін маңызды құрал болып табылады. Ғабит Мүсіреповтің шығармалары – көнеден қалған бай фольклорлық мұраны шығармашылықпен меңгерудің үлгісі деуге болады. Оның туындылары фольклорлық элементтерді шебер қолдана отырып, халықтың мәдениеті мен

тәрбиесіне қызмет етуімен бағаланады. Мұнда мақал-мәтелдердің мәртебесі жоғары, өйткені олар халықтың тұрмысы, философиясы, өміріндегі маңызды құндылықтарды шебер бейнелеуге мүмкіндік береді. Жазушы қолданысындағы шығармалардағы мақал-мәтелдердің құндылығы да осында. Ғ. Мүсірепов туындыларында мақал-мәтелдер түрлі тақырыптар аясында қолданылып, шығарманың мазмұнын тереңдетуді, кейіпкерлердің психологиясын және оқиға желісін айқындауды мақсат етеді. Мақал-мәтелдер жазушы қолданысында үнемі еш өзгеріссіз, фольклордағы нұсқаларындай дайын күйінде ұсыныла бермейді. Кейде шығармадағы кейіпкерлердің сөз саптауына қарай икемделіп, өзгеріске түссе, кейде авторлық қолданыста стильдік айналымға түсіп беріледі. Осының нәтижесінде, мақал-мәтелдер шығарманы тек мәліметтермен толықтырып қана қоймай, стильдік және концептуалдық ерекшелігін тереңдетіп, таным үдерісін қызықты әрі мәнді етеді. Ғ. Мүсіреповтің шығармалары, осылайша, мақал-мәтелдердің көмегімен ұлттық рух пен мәдени құндылықтарды насихаттап, халықтың болмысын, сезімдерін және армандарын айқын көз алдымызға әкеледі.

«Ұлпан» романында туыстық қатынастарға қатысты мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. *«Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды»* деген мақал ағайын арасындағы күндестікті, қызғанышты білдіреді. *«Бүгін өкпелетіп қайтарған ағайын ертең керек болып қалатын кезі бола береді»* деп берілген сөйлем *«Қайта кірер есіңді қатты жаппа»*, *«Ағайын бір өліде, бір тіріде»* деген мақал-мәтелдермен мағыналас екенін көреміз. Ағайын арасындағы татулық, ауызбіршілік сынды тәрбиелік мағынада өрілген. Сонымен бірге *«Өзі болған жігіттің ата тегін сұрама»*, *«Жақыныңды жаттай күт, жат жанынан түңілсін»* деген мақал-мәтелдер шығармада тиімді қолданылған. Ғ. Мүсірепов мақал-мәтелдерді орнымен қолдана отырып, ескі салт-сана түсініктерін де жеткізеді. *«Еркектің көркі ақылында, әйелдің ақылы көркінде»* [104, б. 73], *«Бүлдірішін көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді»* [104, б. 102], *«Қазақ ұлым қамал бұзса – қалмақ ұлым садаға, қалмақ ұлым қамал бұзса – қазақ ұлым садаға»*, *«Жүйрік ат, сұлу қатын – ер қайрағы»*, *«Іні өлсе – аға мұрасы, аға өлсе – іні мұрасы»* [104, б. 151], *«Қатын ерден кетсе де елден кетпейді»* [104, б. 173], *«Ханыша айтса болды, хан бұйрығы өлді»*, т.б. Бұндағы берілген мақал-мәтелдердің легі отбасылық қарым-қатынасты ғана емес, сол кезеңдегі халықтың дүниетанымынан да хабар береді. *«Еркектің көркі ақылында, әйелдің ақылы – көркінде»* деген ескі мақал Түрікпен Мүсірептен әйелі Шынар туралы сұрап жатқан Есенейдің аузынан шығады. Ал Мүсіреп оған қарсы: *«Ол ескі нақыл ғой. Шынардың ақылы көркінде ғана емес әйтеуір»* [104, б. 73], - деп дау айтады. Бұндағы Есеней айтқан мақалдың астарында сол кезеңдердегі әйел теңсіздігі мәселесі аңғарылады. Түрікпен айтқан қарсы жауап арқылы жазушының сол түсінікке қарсы екенін байқаймыз. Шынар мен Ұлпанның көркіне сай ақылын, олардың бүкіл бітім-болмысы, іс-әрекеті арқылы шығарма сюжетінде дәлелдей түседі. Сонымен қатар қазақтың әмеңгерлік салтына байланысты *«Іні өлсе, аға мұрасы, аға өлсе – іні мұрасы»*, *«Қатын ерден кетсе де, елден кетпейді»* деген мақалдар арқылы осынау салтқа деген қарсылық айтылады.

Жазушы қолданысындағы әр мақалдың қолданылу шеберлігі, әр сөйлемдегі байқалатын халық фольклорының құнарлы қазынасы оның өз шығармаларында фольклорлық дәстүрлерді терең игергендігінің нәтижесі. Мәселен, «Қыздың көркі – шүберек» деп қолданылған мәтелдің түпкі негізі «Ағаш көркі – жапырақ, қыздың көркі – шүберек» екені анық. Қаламгер тарапынан ұтымды қолданылған мақал туындының шырайын келтіріп отыр. Оны сөйлем арасына кірістіруі де өте ұтымды шыққан: «*Kиініп болған соң – қыздың көркі шүберек – Шынардың бойы өсіп, белі қыналып, көзі жарқырап кетті*» [104, б. 95]. Былай қарағанда бұл мәтел кіріспесе де сөйлем түсінікті, алайда қарабайырлау, хабарлы сөйлем боп қана шығар еді. Жазушының көркем сөз қолданысы арқылы осындай құрылысы бөлек құнды сөйлем пайда болды. Сол секілді халық даналығындағы «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады» деген мақал сөзді жазушы: «*Жақсы еркек жаман әйелді адам қыла алмайды, жақсы әйел жаман еркекті адам қылады*» [104, б. 155], - деп айқындай түседі. Ондағы берер мағынасы да түсінікті, яғни отбасының, шаңырақтың түзеліп, тік тұрып кетуі әйелге байланысты екендігін, әйелі нашар еркектің қанша жақсы болғанымен азатынын, шаңырақтан береке кететінін түсіндіре баяндайды. Бұл мақалды жазушы Есенейдей адамның арыстанын билеп алған, елде кетіп бара жатқан күйеуінің сыйын лезде қайта басына қондырып, үйін думан мен мейірімге бөлеген Ұлпанды суреттеуде әңгіме арасында Есеней аузымен айтқызады.

*Атақ, даңқ, байлық, кедейлік* турасында да біршама мақал-мәтелдер шығармадан орын алған. Мысалы, «*Кедейдің кербезінен сақта*» [104, б. 77], «*Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық*», «*Байдың малы қымбат, кедейдің жаны қымбат*» [104, б. 89], «*Біреудің қаңсығы біреуге таңсық*» [104, б. 148], т.б.

*Еңбек, ақыл-парасат, адамгершілік* секілді асыл қасиеттерді көрсететін мақал-мәтелдер: «*Түсі игіден түңілме*» [104, б. 10], «*Құдыққа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар*» [104, б. 126], «*Шала істеген іс жаман, шала піскен ас жаман*», «*Қыс азығын жинамай, жарлы қайдан байысын*» [104, б. 134], «*Нар көтермес жүк болмайды*» [104, б. 134], «*Өрттің өзінен бұрын түтіні көзге көрінеді*» [104, б. 197], «*Күн артында түн бар, жазға ілесе қыс келеді*» [104, б. 201], «*Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы* [104, б. 7], т.б.

Романда «*Қазақ айласының құйрығы бір-ақ тұтам*» деген сөйлем бар. Бұл сөйлем халқымызда бұрыннан бар «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген мақалға ұқсас шығарылған жазушының өз қолданысы. Өтірік пен айла – бір-біріне туыс ұғымдар. Әсіресе, ол романда анық көрінеді. Ұлпанды соқыр мақсатпен ауру інісіне алып беріп, ол өлген соң әменгерлік салтымен өзіне жесір қылуды ойлаған Мырзагелдінің есебі болатын. «*Былжырап сөйлегенімен, жігіттің арам ойын Есеней оңай түсінді. Қазақ айласының құйрығы бір-ақ тұтам. Інісі өлім алдында екен. Қалыңдықты бір әкеліп алса, ол сорлы қыз «інісі өлсе – аға мұрасы» болады да қалады емес пе?*» [104, б. 41]. Ендеше сол «өтірік» сөзінің осы тұста ойдың мағынасына қарай «айлаға» жақындау қолданылғанын

көреміз. Сөз қадірін түсініп, салмағын айқындай білетін халқымыз мақал-мәтелдерді орнымен, ретімен қолданып отырған. Шығармада берілген үзіндіде сөз өнерінің қасиеті айқын көрінеді. Түрікпен Мүсіреп арыз айтқалы келген Ұлпанға: *«Ашынғандықтан болса да азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Ауылыңа мұны да айта барарсың»* [104, б. 41] деп ескертеді. Бұған балаң жігіт былай деп жауап қайтарады: *«Арызымды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді. Солай болып шықса, айып өзімде. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген бар ғой. Міне, айыбым! – деп атынан түсе қалып, ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді»* [104, б. 6]. Осындағы *«Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар»* деген мақал жас та болса сөздің төркініне бойлай, байыптаған балаң жігіт кейпінде тұрған Ұлпанның алғырлығын, сөз қадірін жоғары бағалаған халқымыздың қадір-қасиетін түсінген, тіпті салт-дәстүрін де жетік меңгергенін көрсетеді. Сөзді қасиет тұту астындағы тұлпарын айып ретінде бере салудан артық саналады. Халқымызға тән дархан мінез бен сөзге шешендігі даулы мәселеде мәрттік таныта білетін даналығын көрсетеді.

Жазушының келесі бір шоқтығы биік шығармалары – «Ақан Сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» драмалары. «Ақан Сері – Ақтоқты» драмасында ұсынылған мақал-мәтелдер жазушының шығармашылығы мен образдарды терең көрсетуіне, сонымен қатар терең философиялық ойлардың сабақтастығын қамтамасыз етуіне зор мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдер авторлық туындының тек қана мазмұнын емес, оның эмоционалды салмағы мен көркемдік құрылымын да байытады. Мысалы: *«Кіші қатын – кісі қатыны»* [82, б. 78], *«Ұсынған мойынды қылыш кеспес»* [82, б. 81], *«Елу жылда ел жаңа, қырық жылда қазан»* [82, б. 81], *«Қатын би болар, сиыр пұл болар»* [82, б. 84], *«Қалыңсыз қыз болса да күдесіз күйеу болмайды»* [82, б. 97], *«Жаман айтпай жақсы жоқ»* [82, б. 101], *«Тоқсан үйге – тоқсан әруақ»* [82, б. 112], *«Жамандықтың жайлап келер кезі жоқ»* [82, б. 116]. Бұл мақал-мәтелдер драмада әртүрлі кейіпкерлердің сөзі арқылы берілген. Әр кейіпкердің аузына сөз салуда драматург қандай да бір мақсатты көздейтіні анық, енді осы қолданыстардың көркем шығармадағы қызметін саралап көрейік. *«Кіші қатын – кісі қатыны»* сияқты мақал шынайы өмірдің, дәстүрлі қоғамның тамырларына терең үніліп, әйелдердің рөлін, олардың отбасындағы және әлеуметтік өмірдегі орнын ашып көрсетуге ой салады. *«Ұсынған мойынды қылыш кеспес»* мақалы – алдағы уақытта қабылдау мен іс-әрекет арасындағы шекараны анықтайды. Ол біздің әрекеттеріміздің салдарын түсінуді және қоғамдағы жауапкершілікті айқындайды. *«Елу жылда ел жаңа, қырық жылда қазан»* бұл уақыттың және өмір сүру динамикасының мағынасын терең білдіреді. Мұнда жазушы қоғам мен дәстүрлердің уақытпен өзгеруіне қарсыласуға емес, өмірдің өзгерісіне бейімделуге шақырады. Ал *«Қатын би болар, сиыр пұл болар»* деген мақал, әйелдер мен ерлер арасында, сондай-ақ, дәстүрлі қоғамдағы экономикалық аспектілерді көрсетеді. Бұл жерде абырой мен статус, парасаттылық пен материалдық жағдай белгіленеді, және автор әйелдің рөліне қатысты дәстүрлі көзқарасты айқын аңғартады. *«Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды»*

– бұл мақал қыз бен жігіттің арасындағы маңызды символикалық қарым-қатынасты, махаббаттың мәнін және отбасылық құрылымның негізін білдіреді. Ол әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды да ашып көрсетеді. «*Жаман айтпай, жақсы жоқ*» және «*Жамандықтың жайлап келер кезі жоқ*» деген мақалдар адамгершілік пен адамзат қоғамындағы жауаптылықты, қоғамдық моральдің негіздерін насихаттай отырып, теріс әсерлердің алдын алу қажеттілігін білдіреді. «*Тоқсан үйге – тоқсан аруақ*» мақалында халқымыздың рухани дүниетанымы, яғни әр үйдің өзіндік киесі, ар-ұжданы болуы маңызды екені ұғынылады. Бұл жерде туыстық, достық байланыстар мен парыздар да назарға алынып, әлеуметтік шындықты білдіреді. Осылайша, драманың мақал-мәтелдер арқылы бейнеленген даналығы мен өмірлік шындығы – Ғабит Мүсіреповтің қаламгерлік шеберлігі мен халық ауыз әдебиетінің байлығын тиімді түрде пайдалануымен түйінделеді. Драматург мақал-мәтелдерді тек көркемдік құрал ретінде ғана емес, сонымен бірге, әрі мәнерлі мазмұнды білдіретін, кейіпкерлердің ішкі философиясын тереңдететін, психологиялық аспектілерді айқындап көрсететін маңызды элемент ретінде қолданады.

Авторлық өзгеріске ұшыраған мақал-мәтелдердің пьесада кеңінен қолданылуы – Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық шеберлігінің бір көрінісі. Мүсірепов сөз өнерінде фольклорлық элементтерді жаңаша интерпретациялап, өз шығармаларына енгізу арқылы, ұлттық әдебиетіміздің төл мұрасы мен жаңа үрдісті бірлестіре отырып, оқырманға терең интеллектуалды әрі эмоционалды әсер беруге тырысады. Мысалы, «*Мысықтан басқаның ұлығы жатпайды*» [82, б. 80] деген мәтел бастапқы формасынан алыстап, автордың жеке стиліне бет бұрады. Бұл жерде автор халық даналығын өз тұрғысынан, жаңа контексте көрсету арқылы, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастағы ирония мен әлеуметтік сын-пікірді аса тиімді жеткізеді. «*Ашу – алда, ақыл – соңында*» [82, б. 88] деген трактовка да автордың терең түсінігі мен заманауи психологиялық жағдайды қамту қабілетін көрсетеді. Дәстүрлі мақалдағы «*Ашу – дұшпан, ақыл - дос*» формасы Ғ. Мүсіреповтің партитурасына жаңа көзқарас әкеліп, оқырманды әрекет арқылы жазылған кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне жетелейді. Мұндай заманауи реңк, мейлінше өткір әрі актуальды мәселелерді тілге тиек етеді, сонымен қатар, жағдайлардың тереңдігін ашады. Соңында, «*Өзің қазған ор бар алдыңда, құламай өтші, көрейін*» [82, б. 88] деген сөйлемнен де ел аузындағы «*Біреуге ор қазба, өзің түсерсін*» деген белгілі мәтелдің мазмұны авторлық өзгерістермен берілгені де байқалады. Автор тек мақалдың формасын ғана өзгертіп қойған жоқ, сонымен қатар, оның мәні мен идеялық жүгін жаңғырта отырып, бүгінгі қоғамдағы этикалық мәселелерді қарастырады. Сайып келгенде, автордың мақал-мәтелдерді өз контексінде өзгертіп, қайта қолдануы – көпшілікке халықтың даналығын және өмірлік тәжірибесін жаңа қырынан таныту мақсатын көздейтін шеберлік. Бұл тәсіл шығармалардың идеясын тереңдетіп қана қоймай, оқырмандарға таныс әрі сүйікті фольклорлық нақылдарды жаңа, заманауи сипатта ұсынылуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол халықтың мәдени мұрасын сақтап, оны қазіргі әдебиетпен байланыстырады.



Мақал-мәтелдер фольклордағы мағыналық, құндылықтық аспектілері жағынан үлкен сала саналады. Сөз қадірін тиянақты, шағын ойлармен жеткізетін жанр көркем әдебиеттің бір бөлшегі деп анықталады. Жазушының «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» драмасында да осы дәстүр үнемі байқалып отырады. Фольклорлық мұралар «ескіліктің сарқыншағы» деп бағаланған кезеңде де Ғ. Мүсірепов фольклордың классикалық туындыларын қайта жаңғыртуда еркін пайдаланды. Әсіресе, драмада кейіпкерлердің арасындағы диалогтардың, сөз қағысуларының маңызы зор. Жазушы мақал-мәтелдерді тұспал, астарлы мағына мен ойдың ырғақтарына сәйкес шебер пайдаланады. Осының арқасында, шығарманың ішкі мазмұны тереңдей түседі, ал кейіпкерлердің диалогтары шынайы және әсерлі бола түседі. Мәселен, мақал-мәтелдер арқылы тек аталған тақырыптар ғана емес, сонымен бірге кейіпкерлердің психологиясы, дүниетанымы, өмір туралы үлестері мен философиялық көзқарастары да көрініс табады. Ғабит Мүсірепов шығармашылығында мақал-мәтелдердің қолданылуы тек әдебиет бөлшегі емес, сонымен қатар халық даналығының, ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде қызмет етеді. Мысалы, Қозының «*Ел намысын ер жақтамас болар ма? Қызына қол бастатқан неткен ел еді?*» [82, б. 25] деген сөзінде «Ел намысы – ер намысы» деген мақал сөйлем ішіне кірігіп, кейіпкер сөзіне әр беріп тұр. Келесі «*Бәріңе айтар бір қолқам: отыз тістен шыққан сөз өріп, желдей есіп кете көрмесін, балалар*» [82, б. 30] деген қыз анасы Күнікейдің лебізі арқылы «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» деген мақалдың мағынасын сақтап, құрылымын өзгерте қолданып, уәдеге беріктікке, ауыздан шыққан әр сөздің салмағын безбендеуге уағыздайды. Жазушы енді бірде Қозының аузына мынадай сөз салады: «*...Жақсы аға, жақсы сөзді аяма, бар болса. Қыл арқаның мойнымда болсын, шірімес қашанда!*» [82, б. 37]. Осы сөйлемнен біз «Ер мойнында қыл арқан шірімес» деген «жақсылыққа жақсылық» мағынасындағы сөйлеушінің ойын көркемдеп жеткізуде сөйлем арасына етене бірігіп, әрлендіре түскеніне көз жеткіземіз. Немесе «*басы байлы болса, аяғы сайлы болады деген күндердің күнінде Баяннан басқаға көз алартпайсың зой*» [82, б. 38] деген сөйлемдегі ерекше құрылым «басы қатты болса, аяғы тәтті болады» дегеннің бір қолданысы. Енді бір тұста сұм Жантық: «*Ай шыда, жыл шыда! Сабыр түбі – салмаққа апарып соқса, өзің боласың да көтеретін*», - дейді [82, б. 44]. «Сабыр түбі – сары алтын» деген халқымыздың төл мақалы «сабыр түбі салмаққа апарып соқса» нұсқада қолданылып, құрмалас сөйлемнің бір сыңары ретінде кірігіп кеткен. Сөйлем салмақтанып, айтар ойын жеткізіп айтуда тамаша қызмет атқарып тұр. Алтын – салмақтылықтың символы болса, сол салмақ сөзін алтынның орнына алмастырып қолданып, жазушы шебер шешім тапқан. Осы сияқты мысалдар драмада өте көп. Мысалы: «*Адасып үйірін тапсаң өкінбессің кейін*» [82, б. 51], «*Өзі қазған орға, әлгі Қодар түсу керек еді*» [82, б. 58], «*Менде жаттық болмас, өткенді ішке сақтамайық*» [82, б. 53]. Аталған мысалдардан біз «*Адасқанда айып жоқ, қайтып үйірін тапқан соң*», «*Біреуге ор қазба, өзің түсерсің*», «*Жақсыда жаттық болмас*» деген халық мақалдарының ізін байқаймыз.

XX ғасырдың ортасына таман мақал-мәтелдердің қатары әлдеқайда өскен. Мақал-мәтелдер халықтың ақыл қазанында қайнап, өмірден көрген-білгендерінің түйіні, қорытындысы іспетті асыл мұра, ендеше замандар көшінде, уақыт жылжыған сайын жаңа заманға лайық қатары толығатыны сөзсіз. Бұл – әдеби дамудың өзіндік заңдылығы. Және олар халықтың бұрынғы мұраларына еш нұқсан келтірмей, қайта тың мазмұнда қанатын жая түсті. Осы салада негізгі еңбек қаламгерлердікі. Көбіне, осы көркем шығармалар арқылы халық жадында тоқылып, ел арасына жайылып жатады. Жоғарыда келтіргеніміздей, Ғабит Мүсіреповтің көркем шығармалары бұған айқын дәлел. Алғашқы әңгімелерінен бастап кейінгі шығармаларына дейін бұл дәстүр еш бұзылмайды. «Тулаған толқында» әңгімесінен: *«Ет артынан тағыз қымыз, тағыз шай.. Жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарыла берсін..»* [50, б. 24], *«Олар қашан іс болып біткенше, буалдыр үміттен қолдарын айыра ма! Қазір шаруа уақыты, балаларымызды әкетсеңдер қырылып қаламыз деспек.. «Балта көтергенше, дөңбек жал таппақ»»* [50, б. 26], *«Көнбесең ауыл болып, Оспанның арбасына салып береміз. «Иттің басын сары табаққа салсаң, шоршып түседі»* деген осы-ау» [50, б. 32]. *«Ашынған ана»* әңгімесінен: *«Бала – ананың бауыр еті зой, отқа да, суға да сүйреп салады екен. Өзегіңнен үзіліп түскен балаң үшін қалай отқа түспессің?»* [50, б. 164], *«Жұртпен көрген ұлы той, әуелі отыра бердім»* [50, б. 164].

«Оянған өлке» романынан: *«Тең-теңімен деген сияқты, бұл екі үйдің арасында да бір шүңкіл бар еді»* [105, б. 49], *«Әдемі алма көргенде пышақтың да тісі қышып кетеді»* дегендей, Сармантай жағының қызына әр қиядан-ақ ауытқып еді, әттең қыз қолынан шығып кетті» [105, б. 81], *«Жауластыру – жалшыдан, елдестіру – елшіден»* деп атам қазақ айтқандай, ара ағайын екі жағына да адал сөздерді айтып, достық білдіргелі келдік» [105, б. 88], *«Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар»* дегендей, бір тайпа ел, Алтай-Қарпықтың біразы осы момынды жақтан келіп отырмыз» [105, б. 89], т.б. Біз келтірілген мақал-мәтелдерді қолданылған сөйлемдерімен бірге бердік. Байқасақ, жазушы шығармаларында мақалдар түйдек-түйдегімен қолданылған. Біріндегі ойды, екіншісі нақтылап, толықтырып, бекіте түседі. Ал кейде ықшамдай қолданылады, кейде бір сыңары алынып, оның өзі ойдың ағымына бағындырылып, кейбір сөзі өзгеріске ұшырайды, бірақ халық жадындағы сарын сақталады. Қаламгер шығармаларындағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер бұлармен шектелмейді, әрине. Ең бастысы, жазушы қолданысындағы мақалдар ойын айшықты, көркем жеткізуге, айтатын ойын дәлелді жеткізуге негіз болған. Оларды кейде тұп-тура өз мағынасында алса, енді бірде оның қолдану аясын кеңітіп, жана мағына үстейді.

Жазушы әр сөйлемдегі ойды жеткізу мақсатында мақал-мәтелдерді шеберлікпен түрлендіріп, қолданады. Мақал-мәтелдер, жазушының қолдану шеберлігі арқасында, нәзік тәсілдердің бірі ретінде, елдегі даналықтың ерекше бір формасы ретінде оқырманның есінде қалатыны сөзсіз. Сонымен қатар, бұл фольклорлық мұралар мен ұлттық даналықтар көркем шығарманың ішкі әлеміне, автордың идеясына орай түсінікті, әрі танымал образдар арқылы жеткізіледі.

Яғни, мақал-мәтелдер тек әдебиеттің декоративті элементі ғана емес, ол халықтың тұрмыс-тіршілігі мен психологиясын, сенімдері мен өмір сүру философиясын да көрсететін терең қабаттарды ашады. Бұл фольклорлық элементтер шығарманың көркемдік жүйесінде кейде тікелей, кейде астарлы бейнелер мен сарындар арқылы берілген. Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы мақал-мәтелдердің қолданыс табуы халық мәдениетінің, тарихының, дәстүрінің айқын көрінісі болып табылады. Фольклорлық мұралар әдебиетте жана форма, мазмұн, мәнге ие бола отырып, көркем шығарманың идеялық-тақырыптық, эстетикалық ерекшеліктерін айқындай түседі.

Әдебиет пен фольклор байланысы көркемдік деңгейдегі қарапайым байланыс емес, тұтастық пен тоғысудың көрінісі екені анықталады. Әдебиетте қолданыс тапқан фольклорлық мотивтер екі саланы бір арнаға тоғыстырады. Алайда реализмнің қалыптасуы мен дами түсуінде маңызды рөл атқаратын фольклорлық жанр бар. Ол – халық әні немесе дәстүрлі лирикалық ән. Дәл осы лирикалық әннің пайда болуымен байланысты көркемдік қиял күнделікті тұрмыстық өмірге көшті. В.Я. Пропп «халық лирикасына тән боп келетін өзгермелілік, кеңдік және бостандық сияқты қасиеттер әннің ұзақ өмір сүруінің кепілі» дейді. Міне осы қасиеттері халық лирикасының әдебиетті дамытудағы орнын айқындайды. Лирикалық әнде сөз бен оқиға арасындағы сан қырлы қарым-қатынас жанрдың ішкі мүмкіндігі арқылы ашылады. Лирикалық ән өткен мен болашақтың арасындағы шекараны жояды. Автор тарапынан фольклорлық қолданыстан ауытқитын сәттері де болады. Атап айтар болсақ, «Тулаған толқында» шығармасында лирикалық туындының орындалуы. Шығармада былай берілген: «...*Кейбіреулер мұңайып кетіп жатыр, кейбіреулер масайрап кетіп жатыр... Кісі саябырлап, кеңес ыдырағанда өлең айтылды. Ән... домбыра..., «Н...жанға», «Жәмила», «Қаламқас», «Ер түрік ежелден...»* [50, б. 24]. Авторлық баяндау ерекше сипаты ретінде шығармада берілген халық әнінің үзіндісі, шығу тарихы, ән жайлы айтылған әңгіме саналады. Халық әндерін шығармаға өзек ету арқылы фольклорлық үлгілермен бірдей деңгейде қарастыратынын көреміз. Бұған себеп халық әндерінің ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралуы. Жазу мен сызуды білмейтін, жаз жайлау, қыс қыстауға көшіп жүрген халықтың болмысын беру арқылы қаламгер ән десе, өнер десе ішкен асын жерге қоятын қазақ халқының шынайы бейнесін көрсетуді көздеген. «Әу демейтін қазақ жоқ» дегендей көшіп-қонып жүргенінде домбырасын ердің басына іліп қойған. Кез келген уақытта ән шырқап, күй тарта білген. Халықтың ғұрыптық дәстүріне байланысты жиын-тойларда, мысалы, шілдехана, қыз ұзату, келін түсіру т.б., ән айтып, күй тарту – ғасырлар бойы бұзылмай келе жатқан ата салты. Әнді тек көңіл көтеру, сауық-сайран құру үшін емес, халықтың еңсесін көтеріп, қуанышын көбейтуді көздейді. Дәстүрлі халық әні ұрпақтан-ұрпаққа таралып, бүгінге дейін жетті. Дүниеге келгеннен бастап дүниеден өткенге дейін өлеңсіз болмайтынын Абай дөп басып айтқан. Заманнан заман озған сайын өзгеріп отыратын халық өмірімен байланысты ән де дамып, өзгеріп, екшеліп, сұрыпталып бүгінгі күнге дейін жетті. Халық тұрмысын бейнелейтін әндер халқымыздың тарихымен тікелей байланысты. Әннің дәл осы қасиеті

жазушының шығармасынан алған жоғарыдағы үзіндіде айқын көрінеді. Қазақтың көкірегіндегі әрбір сезім қылы әннің әуенімен, сөзімен астасып бірігіп, әлеуметтік маңызын айқындай түседі. Қаламгердің өзі де әннің негізгі қызметі көңіл көтеру еместігін, әлеуметтік жүкті көтеретін шығарма екенін айтады. Осы негізде суреткер Ғ. Мүсірепов лирикалық ән жанрын шығарма сюжетіндегі әлеуметтік бояуды танытуда шебер кіріктірген.

Жазушы Ғабит Мүсірепов шығармашылығындағы фольклордың қолданыс табуы көркемдік әлемнің жүйесімен анықталады. Әр туындысы автордың фольклорлық теориясының тәжірибесі саналады. Қаламгердің көркемдік әлеміне ену үшін тілдік стихиясын, авторлық позициясын, фольклорлық мотивтердің қолданысын саралап, талдау қажет. Жазушы туындыларын Н. Ғабдуллин, Х. Әдібаев, М. Бекбергенов, Ж. Ысмағұлов, С. Жұмабеков және т.б. өзге зерттеушілер арнайы қарастырып, қаламгер дүниетанымын фольклордың бір бөлігі ретінде анықтайды. Осылайша фольклорлық мотивтердің шығармада көрініс табуы қаламгердің дүниетанымы негізінде жүзеге асады.

Ғабит Мүсірепов туындыларында шешендік сөздер жиі кездеседі. Көркем сөздің хас шебері, сөздің салмағын байыптап, қолдана біледі. Әр сөзін мірдің оғындай таңдап, көздеген нысанасына дәл тигізеді. Оқырманның санасына шешендік сөздердің айшықты қолданысы әсер етеді. Жазушы үшін басты талап – тілдің көркемдігі. Өзі қойған талапты жоғары деңгейде орындап шығады. Біз жазушы шығармашылығына қатысты іздену барысында ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында көп ізденістер жүргіздік. Мұрағаттағы жазушы қолжазбаларының арасынан орыс тілінде жазылған өмірбаянының бірінде: «...Если говорить серьезно, наша литература страдает не от того, что мы мало пишем, а от того, что плохо пишем. Особенно непростительно, когда мы неряшливо пишем о нашей современности и спешим опубликовать, рассчитывая на неразборчивого читателя. А он вырос! Мне кажется, - современно и актуально только то произведение, которое духовно обогащает и заражает современника, заставляет его думать, заставляет перечитывать произведение много раз. Именно поэтому я выбрал девиз – «Лучше меньше, да лучше!» [122, б. 30]. Әрбір сөзге ерекше мән беретін жазушы өз шығармаларының қай-қайсысында болса да қазақ сөз өнерінің іргелі бір саласы шешендік дәстүрді жаңғырта, құбылта пайдаланды. Жазушы стилінің қалыптасуына оның жас кезінен аңыз, шешендік сөздер мен қисса-дастандарды құмарта тыңдап, қолына түскен кітапты тауыса оқып, ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа білгені тікелей ықпал еткені даусыз. Шешендік өнердің теориясын алғаш жасаған орыс ғалымы М.В. Ломоносов шешен болу үшін мынадай бес қасиеттің керек екенін айтады: «табиғи талант; білім; үйрену, талпыну, іздену; сөйлеп жаттығу; басқа салаларды түсіне білуі» [123, б. 49], - дейді. Дәл осы қасиеттер Ғабит Мүсірепов бойында бар екенін ескерсек, оның шешендік дарын иесі екенін анық аңғаруға болады. Жазушының ана туралы новеллалар циклы оның шығармашылығында өзгеше орын алатын дүниелер. Соның кейбіріндегі шешендік дәстүрдің қолданылу шеберлігін саралайық.

«Өлімді жеңген ана» әңгімесінің сюжетін жазушы М. Горькийден алған. Осы әңгімені тұтастай алғанда «Ана туралы гимн» деп айтуға болады. Әңгіменің өн бойында «ана» атты қасиетті ұғымның қайсар рухпен астасқан тамаша бейнесі ашылады. Әңгіменің әр сөзі шешендік сөз саптаулармен өрілген. Осындағы қайсар ананың аузынан шыққан мына сөздерге назар аударайық: *«Тыңда! - деді әйел, - Сен не істесің де адам жанасың. Ал, енді мен – ана! Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етемін. Сен өлім шашасың, мен өмір шашамын. Дүниеге адам әкелем, білдің бе? Сондықтан мен сені адамға санамаймын да»* [118, б. 60]. Осындағы ана өзінің қайтпас қайсар рухы мен балаға деген шексіз махаббатының күші арқылы Азияның ақсақ барысы Темірдің өзін баурап алады. Адам баласына жаны ашымаған Темір Ананың алдында тізе бүгіп бас иеді. Сондағы күдірет – ана махаббатының күшімен аспандаған сөздің күдіреті. Дәл осы қасиетті жазушы аса шеберлікпен жеткізе отырып, әрбір оқырманның жүрегінің жиі-жиі соғып, сөздің күдіреті мен махаббаттың күшінің шексіздігіне илантады. Әңгіме *«Мақтасақ – әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел – ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе!»* деп басталады, бұл үзінді кейін автордың қанатты сөзіне ұласып кеткені белгілі [118, б. 61]. Әңгімедегі Ақсақ Темірдің аузына мынадай сөз салады: *«Мен тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам! Міне, менің алдымда әйел отыр. Бұл әйел бүгінге дейін өзім білмеген сезімді қозғап, мені жеңіп барады. Бұл әйел менімен адамша сөйлесіп отыр, өтінбейді – бұйырады. Бұл әйелдің неге мұнша күшті екенін енді түсіндім деп ойлаймын. Бұл өмірдің иесі, бұл ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүюі, ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, мүмкін, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға кететін жалын туар. Мүмкін, жерді жылытып, бақыт себетін адам болар... Мен жерге өлім егіп, қанмен суардым. Жер қазір майы сорғалап тұр, қыртыстанды. Енді семіз жерге бақ екпей, бақыт егетін адам керек шығар...»* [118, б. 62]. Әңгіменің идеялық негізін талдау біздің мақсатымызға кірмейтін болғандықтан, бұл жерде біз тек жазушының сөз саптау ерекшелігіне тоқталайық. Шешендік сөздерде нақты сендіре білу үшін нақты дәлелдерді келтіре білу маңызды. Қалыптасқан бұндай дәстүрді қаламгер тиімді қолданады. Әйелдің Темірге айтқанын жасатудағы құдыреті, ең алдымен, осы шешендік сөз жанрының дәстүрінде сөз саптауында деп білеміз.

«Ананың анасы» әңгімесінде алдыңғы әңгімедегі дәстүр бір кемімейді. Әңгімедегі шешендік сөз үлгілеріне тоқталайық: *«Менің атым әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің де анадан тудыңдар,! Анамен алыспайды да, атыспайды да...»* [118, б. 73], *«...Сені қазақтың қатыны шығар да, өзімді батыры шығар деп ойлаймын...»* т.б мысалдардан байқайтынымыз жазушының сонау қазақтың билер заманындағы бір әңгімесін баяндауда сөз саптауға ерекше мән бергендігі. Әңгіме тұрғанымен билер заманындағы шешендік сөз үлгілеріне мысал бола алады. Шешендік нақылдың тамаша үлгісін жасаған. Шешендік сөз өнері – қазақ мәдениетінің, тарихының маңызды бөлігі, ол адамдардың арасындағы қарым-қатынасты, әлеуметтік нормаларды, моральді, дүниетанымды көрсетеді. Жазушының шығармасында шешендік дәстүрдің

маңызы ерекше, себебі ол көркем шығармаға терең мән, символика мен философиялық ой жүктейді. Берілген мысал – шешендік нақылдардың бірегей үлгісі. Мұнда автор әйелдің қоғамдағы рөлі мен ана болудың қадірін, сондай-ақ, аналық мейірімділікті алға тартады. Сонымен қатар, «Сені қазақтың қатыны шығар да, өзімді батыры шығар деп ойлаймын...» деген фразасы да маңызды шешендік элементтерді қамтиды. Мұнда автор персонажға қатысты өзіндік сана мен идентификация тақырыбын қозғайды. Шешендік сөздер арқылы қазақ тарихындағы билер заманындағы әлеуметтік және гендерлік рөлдерге ерекше назар аударылады. Шешендік сөз өнерінің негізгі ерекшелігі – оның әлеуметтегі маңызды мәселелерге жауап беру қабілеті. Сол сияқты Ғ. Мүсіреповтің шығармасында шешендік нақылдар арқылы оқырманға белгілі бір көзқарастар мен мән-мағыналар ишарамен жеткізіледі. Бұл контексте шешендік сөздер тек ұлттың тарихи мәдениеті мен философиясын айтып қана қоймай, сонымен бірге бүгінгі күннің мәселелерін де қозғайды. Осылайша, жазушы шешендік сөз үлгілерін шебер пайдалану арқылы ата-бабадан келе жатқан даналықты, ананың рөлін, дәстүрді дамытып қана қоймай, оларды қазіргі ұрпаққа жеткізіп отыр. Мұның барлығы – шешендік сөз өнері шеберлігінің, дәстүрлі мәдениеттің, сондай-ақ жазушының шығармашылық қабылетінің дәлелі. Мәселен, *«Білектің күшін, найзаның ұшын не күші теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсыңдар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес не еді, оның құнын қалай төлейсіңдер?..»* [118, б. 74] немесе *«Ендеше, жылқы ал да деме, атыңды да берме, саған ере алмаймын да: сен де еліңе жеткенше ғана ерікті батырсың, еліңе барғасын сен де еркіңнен айрыласың: не байдың, не бидің сойылы болып қаласың. Батыр-балуанды көріп жүрміз ғой. Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды: айырмасы осы-ақ. Бірақ сенің еркің менікінен еркін болмайды»* [118, б. 74]. Әңгімедегі «күшті адам» мотиві, әрине, тағы да әйел бейнесі арқылы танытылады. Әйелдің аналық махаббатының көзсіз батырлыққа жетелейтінін оқырманына тағы да танытады. Әңгіме оқылып болғаннан кейін оқырман таңдайында ерекше «дәм» қалады, ол – әңгіменің идеялық әсері. Осындағы әйелдің «жалынбай-ақ, саспай-ақ қырық жігітті билеп әкетіп», қызын құлдықтың қамытынан алып қалуы сөздің құдіретіне байланысты. Жазушы ескі әңгімені Әйтiлес қарттың аузымен айтқыза отырып, сол кезеңге сай сөз саптау ерекшелігін жасайды. Халқымыздың найза жүретін жерге тілді безейтін тапқырлығы – құнын қылышпен емес, қисынмен алып, алысқан екі елді қантөгiссiз ажыратып, төскейде малын, төсекте басын қосып кеткен мысалдары өте көп. Сондай дәстүрлерден сусындап өскен жазушы аталған әңгімеде сол бір ауыз сөздің қадыр-қасиетіне үңілтеді.

XIX ғасырда қазақ даласына миссионерлікпен келген поляк ғалымы А. Янушкевичті: «Әр минут сайын жаңа шешен суырылып сөйлейді. Бұлардың сөздерінің мазмұндылығы мен жүйелілігіне қарай, Греция мен Римде өмір сүрсе, мына Тоқымбай мен Бисекендердің лаврдан белі бүгілген болар еді-ау!» [124, б. 32], - деп таң қалдырған қазақ шешендігі ғасырлардан бері желісін үзбей, Ғ. Мүсірепов сияқты сөз зергерлерінің көркем шығармалары арқылы бүгінге, болашаққа жалғасып келеді. Жазушының *«Кездеспей кеткен бір бейне»*

повесі қара сөзбен жазылса да, оны поэма деп атаған. Себебі мұнда өмір поэзиясы әңгіме болады. Прозамен жазылса да, лирикалық сезім, поэзияға тән көркемдік элементтер тұнып тұрғандықтан солай атаса керек. Повесть, расымен де, поэзияға тән көтеріңкі леппен, ерекше шабытпен оқылады. Оның сыры, әрине, тағы да шешендік оралымдармен астасқан тілінде. Солардың кейбірін келтірейік: *«Шырағым, артымнан елім айдағандай болған соң, кәрі жігер қайнағандай болып келіп тұрмын. ...Бүрік құлақ емес, түрікқұлақтау ғана жүретін шал едім»* [125, б. 10]. Осындағы елдің атынан сөйлеген қара сұр шалдың мірдің оғындай сөзі Еркебұланды баурап алады. Шешендік толғау дәстүріндегі сөз саптау кейіпкердің назарын аударуда, сөзіне құлақ астыруда шебер қызмет атқарып тұр. Шығармада тек кейіпкердің сөзі ғана емес, жазушының авторлық қолданыстарындағы да сөз саптаулары да шешендік сөз оралымдарымен орағытып келіп, өлең болып құйылып жатады: *«Ақын – қыран, қияға да қонады, ақын – адам, далаға да қонады. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойын да жасыра алмайды. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды. Кек тұрса қақ тұрғаны. Қақ тұрған жүрек – тот басқан асыл, енді одан берекелі үн шықпайды. Ақын – заман, бір күндік те емес, бүгіндік те емес»* [125, б. 26]. Осы үзінділерге көз салсақ, жазушының фольклорлық шешендік сөз дәстүрінде ой толғайды. Өзгеше ұйқаспен өріліп, әр жол сайын алдыңғы ойға дәлел келтіре отырып, ойын одан әрі өрбіту арқылы, шешендік сөздің жасалу дәстүрін қолдану арқылы жазушы тілінің ұлттық бояуы қаныға түскен.

Ал жазушының кесек туындысы «Ұлпан» романы оқиға өрісі жағынан тарихи шындыққа негізделіп құрылған шығарма. Роман қазақ халқының басындағы белгілі бір кезеңнің оқиғасын Ұлпан бейнесі арқылы тамаша ашты. Роман ұлттық колоритінің қанықтығымен, этнографиялық деректерінің молдығымен, құндылығымен ерекшеленеді. Романнан біз фольклорлық жанрлардың, соның ішінде шешендік өнердің небір сарындары мен дәстүрлерінің кең қолданылғанын байқадық. Мәселен: *«Созылар сөздің үзіле бастағанын сезіне қойған Тілеуімбет би сөйлеп кетті. Сөзшең екен. Орағытып, оспақтап, мақалдап, мәтелдеп шырғалап келіп, аяғында шамданып, күш көрсетіп қалды.*

*Қазақ – қазақ болғалы,  
Өз алдына ел болып,  
Оңаша бір қонғалы,  
Хандығынан айырылса,  
Ел болудан қалғаны.  
Қара саба тай жүзген,  
Бұхарадан келген тай қазан,  
Бәрі адыра болғаны.  
Қара нанға құл болып,  
Ханына тіл тигізген,  
Мейлі би, мейлі құл болсын,  
Тартатын бір сазайын*

*Көрген емен оңғанын!»* [104, б. 11]. Үзіндіде шешендік арнаудың тамаша үлгісі келтірілген. Жазушының драмалық шығармаларынан байқалған ақындығы осы бір тұста анық көрінеді. Сол заманға сай шешендік сөз саптау өлеңмен арнау болып төгіледі. Шешендік арнау сөздер көбіне белгілі бір тұлғаға, адамдар арасындағы қатынасқа, көңіл-күйге бағытталады. Шешендік толғау өмір мен табиғат құбылыстары туралы өзіндік көзқарастарды жеткізеді. Шешендік толғауда өмірде түйген-білген, аманат, өсиет көп айтылады [126, б. 99]. Шешендік сөздің бұл үлгісі Есенеи би мен Тілеуімбет би бас болып отырған екі дүйім елдің көзқарастар қайшылығын беруде орынды қолданылып тұр. Ал енді романның осы тұсындағы саяси мәселелердегі көзқарастар қайшылығын Есенеи бидің романдағы образын ашу арқылы саралап кетейік. Романда ежелгі билер кеңесінің әлі көдесі сөгілмеген кезеңі бейнеленеді. Кенесарының елшісі болып келіп отырған Тілеуімбет бидің бұл Есенеиге қарата айтқаны. Романдағы Есенеи – өз заманының аса ірі биі. Ол өз дәуіріне, өз уақытына риза. Өзі өмір сүріп отырған заманмен Есенеиді бірлікте қараған жөн. Анда-санда төре тұқымына, әсіресе, Шыңғысқа көтеріліс ұйымдастырған Кенесарыға деген ашу-ызасы болмаса, осы қоғамға өзгеріс керек-ау деп ойлайтын жан Есенеи емес. Дәл қазіргі тәуелсіздік алған кезімізде Есенеи ұстанған бағыт дұрыс па, Кенесары ұстанған бағыт дұрыс па, өзгеше баға беруге болар. Алайда Есенеидің берік сенімі – қазақ даласын қазақтың өзі билеуі керек. Биге орыс патшалығы, оның зұлымдық, отарлау саясаты бәлендей қауіп тудырып тұрған жоқ. Оның жауы Кенесары хан мен оның төңірегіндегілер. Тілеуімбеттің жоғарыда айтылған сөзін Есенеи жауап бергісі келмей, Мүсірепке иек қаға салуы сондықтан. Өз заманының сұңғыла биі, әрі батыр, әрі өркөкірек Есенеидің өмір-күрестен қажығандай болуы, көп реттерде отбасының ғана емес, өзі билеген елдің тізгінін де Ұлпанға беріп қоюы, күні кешегі өзі басы-қасында болып, жүзеге асырған талай әрекеттеріне бүгіндері басқаша көзбен қарай бастауы – бәрі-бәрі Ұлпан есімімен байланысты. Ел тағдыры сынға түсіп, таразы басында кімнің салмағы ауыр екендігін пайымдар тұста Есенеи бидің қандай көзқараста болғанын, кімді жақтағанын авторлық баяндауында қаламгердің өзі де анық көрсеткен. *«Отаршыл патшалықтың алары да аз емес, орыс қалаларынан сенің де аларың аз емес. Ханның қазанына түсіп кеткеннің сенің аузыңа көбігі де тимейді, сүйегі де тимейді. Осыны ойлаған елдер тыныштығын шайқап Кенесары дүрбелеңіне ермей қасарысып қалды. Осыны ойлаған Есенеи Кенесарыға қарсылық туын көтерді. Керей-Уақ деп аталатын бес болыс ел Есенеидің айналасына жинала берді, жинала берді»* [104, б. 9]. Есенеи би орыс патшалығын да, қазақтың хандық билігін де халық үшін «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман» деп қабылдап тұрған жоқ. Ішкі жан-дүниесі қатпар-қатпар, иірімі мол, жалпыдан гөрі жалқыны ұнататын, жалғыз шауып дабыл қағатын, табиғат пешенесіне жазған шешендігін, би атағын көп реттерде білегіне сүйеніп, кеудеге салып, өжеттікпен, жеке-дара да шешіп жібереді. Біреуге жағып, біреуге жақпай, көп реттерде қазақтың қанына сіңген, ерекше тұлға деп сыйынатын, әрі сүйінетін би атағын Есенеи заманның тұрақсыздау желі соққанда, «өзім білемге», «өзім шешемге» жығып берді. Сондықтан да бүгінгі күн тұрғысынан емес, сол



заманның сәл бір тыныштық тапқан сәтінде осы бір өктемдікті күстаналайтын жан табылар еді, алайда Мүсірепов Есеней бидің шау тартқан шағында оны басқаша қырынан көрсетеді. *«Есеней қазір діндар адам болғанымен бір кезде адуын, озбыр би болатын. Орыс шекарасын паналап отыратын Нұралы деген момын елдің барлық жерін тартып алып, далаңқы жайлауға қарай айдап тастағаны бар-ды. Момын ел қарғап-сілеп кеткен екен – келер жылы Есенейдің екі ұлы қара шешектен бір күнде, бір сәттің ішінде бірге өліп кетті»* [104, б. 27] деген авторлық баяндаудан Есеней сияқты аса адуын жаннның барша қарама-қайшылық, кереғарлық, күрделілік ұғымдарының жиынтығынан жаралғанын көреміз. Ғасырлар бойы сөз қадірін түсінген, сөзді қастерлеген қазақ ұлтының шешендік өнерді жасаушылары би-шешендер де қазіргі күннің биігінен үңілгенде, мінсіз, кемшіліксіз көрінетініне адам жанына шебер зерттеу жүргізген сөз зергері Ғ. Мүсірепов бейне бір қарсы дәлел айтқандай әсер қалдырады. Ия, би-болыс, шешен болсын, хан болсын, қара болсын, ол – бәрінен бұрын, адам. Ал адам – күрделі жаратынды. Оған кемшілік те тән, құштарлық та тән. Өзін қоршаған ортамен, қоғаммен қарым-қатынсында Есеней би өзі ат үстінде, билік басында жүргенде, шалт қимылмен, өркөкірек мінезбен атқарып тастаған ісіне, қауырт қимылына жасы ұлғайған шағында есеп бергендей көрінеді. Дәл осы тұста Есеней бидің ғана емес, қаламгер Ғ. Мүсіреповтің де ұстанған позициясы айқын байқалады. Күні кешегі қоғамға, сол ХІХ ғасырдың орта тұсына қарайғы алмағайып заманда хан тұқымын, ол тұқым қандай игілікті істі мақсат етіп ұстанса да, түсінбеген, дұрысы, түсінгісі келмеген қаламгер өз идея-көзқарасын Есеней бидің көзқарасы, мінезі, бүкіл адамдық болмысын жинақтап, сол образ арқылы оқырманға ұсынған.

Шешендік толғаудың бір түрі – шешендік жұмбақ, ол адамның ақылы мен ой қарымын байқау үшін айтылады. Шешендік жұмбақтың шебер үлгісін романнан кездестіреміз. Мәселен: *«Есенейдің, әсіресе, «Ұлпан арзанға түспейтін қыз» деген жұмбағын шеше алмай қойғаны батып жүр»* [104, б. 27], немесе Ұлпан мен Есенейдің диалогындағы *« – Ол үйде бәйбішеңіз бар емес пе? – Жоқ. Мен Өреліде тұрамын, ол кісі Сөреліде тұрады. Арамыз, құдайға илансаң, жеті жылдық жол»* [104, б. 63] дейді. Есенейдің жұмбағын Ұлпан бірден түсінеді. Одан әрі жазушы осы жұмбақтың шешімін Ұлпанның ойы арқылы өрбітеді: *«Өрелі ат деп бір алдыңғы аяғынан, бір артқы аяғынан шалыс шідерленген атты айтады. Бұл күнде естіп жүрген сөзі. Ондай ат бос та емес, түгел тұсаулы да емес. Сөре деп жаугершілік заманда өлген адамдарды мекеніне апарып жерлегенше қалдыра тұратын жарым үй – жарым жаппаны айтады. Есеней бәйбішесін өле-өлгенше бөлек тұратын жерге айдап тастаған зой... Арамыз жеті жылдық жол дегені – жеті жылдан бері осылай тұрамыз дегені де»* [104, б. 64]. Мінекей, осы мысалдар шығарманың көркемдік тініне ешбір нұқсан келтіріп тұрған жоқ, қайта сол заманның сөз саптау ерекшелігін таныта отырып, бүгінгі жазба әдебиеттің көркемдік, ұлттық құндылығын арттыруда орасан қызмет атқарып тұр.

Фольклор бүгінгі әдебиеттегі бастапқы үлгі саналады. Соның ішінде миф, ертегі, аңыз, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер әдеби шығармаларда молынан

кездеседі. Бүгінгі неомистикалық, мистикалық, постмодернистік бағыттағы шығармаларда фольклорлық мотивтер жиі ұшырасады. Осы романдағы шешендік жұмбақтың тағы бір үлгісі, табудың қолданылуы арқылы беріледі. Бұл да қазақтың атам заманнан бері келе жатқан дәстүрінің бірі. Ұлпан Шынардан алтыбақан құрып жатқан жігіттердің кім екенін сұрағанда *«Төрттен астам ауылының жігіттері зой» деп жауап береді. Бұл «Бесбай ауылы» дегенді жұмбақтағаны.* Немесе «Оянған өлке» романында *« – Үлкен кісі, жүзден жиырмамы кем ауылының жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз жөн сілтеп жіберіңізші!»* [105, б. 252]. Қайнағаларының атын тіке айтуға болмайтын қазақтың тыйымдарының бірін жазушы тағы да орынды қолданады.

Қорыта айтқанда, әдебиет тақыр жерде пайда болған жоқ, ол халықтың терең тамыр мен ұлттық мінез-құлықты суреттеу дәстүрімен тығыз байланысты. Жазба әдебиеттің қайнар көзі фольклордан бөліп алу оны ұлттық тамырынан үзумен тең. Осы орайда Е. Лизунованың мына пікірі ойымызды нығыздай түседі: *«Художественное мышление народа всегда отличалась конкретными образами, связанными с его бытами и сравнение с предметами и явлениями окружающей природы, составляет суть народной поэтики. А не есть ли образное мышление «манера понимать вещи» важнейшая особенность национального характера, проявление национального своеобразия литературы. У каждого народа художественное мышление имело свои краски. Мышление поэтическим образами свидетельствует о внутренней связи казахских романов с родной национальной почвой, с ее традициями»* [60, б. 49], - деп фольклорлық дәстүрлерден нәр алған әдебиеттің тамыры тереңде болатынын әділ бағалайды. Ғабит Мүсірепов фольклорлық жанрдың үлгілерін, ауыз әдебиетіне тән дәстүрлі үлгілерді пайдаланғанда жаңа мән, жаңа мазмұн іздеген, оны өзінің шығармаларында негізгі идеяларын жеткізуде дәнекер ретінде шебер пайдаланған. Жазушы өз творчествосында суреткерлік шеберліктің тамаша үлгісін жасады. Өз шығармалары арқылы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің тамырлас екенін дәлелдеді.

Сонымен қатар Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық кейіпкерлер мотивін де зерделедік, себебі олар ұлттық мәдениеттің, дәстүрдің және халықтың рухани байлығының көрінісі. Фольклорлық жанрлар, атап айтқанда, аңыздар, ертегілер мен халық әндері, әдебиеттегі кейіпкер типтері мен сюжеттерді байытуда маңызды рөл атқарады. Ғабит Мүсірепов осы дәстүрлерді жаңаша өрнектей отырып, ұлттық мұраны заманауи контексте жаңғыртады. Оның шығармаларында фольклорлық кейіпкерлердің мотивтері әлеуметтік мәселелерді, адамның ішкі әлемін және ұлттық сана-сезімді тереңінен танытуда қолданылады. Сөйтіп, автор фольклор мен әдебиеттің арасындағы шекараны жойып, халықтың тарихымен, мәдениетімен байланыс орнатады.

## 2.4 Ғ. Мүсіреповтің көркемдік концепциясындағы фольклорлық кейіпкерлер мотиві

Бүгінгі қазақ прозасының фольклормен байланысы – әдебиеттану ғылымы үшін өзекті мәселе. Ең алдымен халық тілі саналатын фольклорлық шығармаларға қарағанда әдеби шығармаларда авторлық ұстаным, жазушы стилі алдыға шығады. Осылайша әдеби шығарманың жаңа арнада айқындалып, жекелей зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Халық шығармасы саналатын фольклорлық шығармаларға қарағанда әдеби шығармаларда жаңа оралымдар, тіркестер қалыптасып, жанрлық, мазмұндық өзгерістерге ұшырайды. Осылайша фольклор мен әдебиеттің байланысы жаңа даму тенденциясына көтеріледі. Келесі кезекте, фольклорлық мотивтер сол күйінде шығармада қолданылмайды. Көркемдік, эстетикалық, жанрлық талаптар негізінде ғана қаламгер өзгертіп барып, фольклорлық мотивті қолданады. Қаламгердің шеберлігіне байланысты фольклорлық мотив идеялық, мазмұндық өзгеріске түсіп, бастапқы мәнінен айырылып қалуы да мүмкін. Сондай-ақ әдеби шығарма мен фольклордағы уақыт пен кеңістік мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Фольклордағы эпикалық уақыт әдеби шығармада реалды әрі тұрмыстық уақытқа ауысады. Эпикалық шығармаларда, ертегілерде оқиғаның соңы бақытты аяқталса, әдеби шығармада күтпеген жайт, шытырман оқиғалармен аяқталып жатады. Фольклордың негізгі қызметі халық санасында қалыптасқан танымды, образдарды сол күйінде кейінгі ұрпаққа тарату, жеткізу. Әдебиеттің қызметі жаңа образдардың жасалуын, даралау арқылы жүзеге асады. Осы негізде Ғ. Мүсіреповтің туындыларында фольклорлық мотивтердің қолданысын зерттеудің маңызы жоғары.

Жалпы, көркем әдебиеттің негізгі объектісі адам концепциясы десек, адам образын бейнелеуде оның ішкі рухани қажеттіліктерін өтеуде аңыздық прозаның миф, хикая, аңыз, эпсана-хикаят сияқты жанрларының сюжеттік желілері қазақ әдебиетінде өзгеше реңкпен көрініс тауып келеді. Әсіресе, мифологиялық кейіпкерлердің өзгерген түрі: жезтырнақ, дию, албасты, т.с.с. басқа да қорқыныш тудыратын бейнелер фольклорда негізінен хикая жанрында кездеседі. Табиғи ортаны жақсылық пен жамандық деп бір-біріне қарама-қарсы қоюшылық адам баласының санасында жаңа түсініктердің қалыптасуына да өз әсерін тигізді. Бұны мифологиялық дүниетанымда ғалым Ш. Ыбыраев адамзаттық және адамзаттық емес деп түсіндіреді. Адамзаттық емес миф кейіпкерлері: дию, албасты, марту, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу т.б. болып анықталады [127, б. 137]. Хикая жанрындағы бұл кейіпкерлер – бұрынғы мифтік дәуірде өмірге келген бейнелер.

Халықтың танымы, өткені мен болашағы көркем әдебиетте жоғары дәрежеде сомдалады. Осы ретте халықтың тарихи дамуы әдебиеттегі ұлттық ерекшелік, ұлттық мінез, ұлттық құндылықтар тақырыптарымен астасып, ұлттық образдардың жандануына әсер етеді. Ұмыт қалған немесе мифтік астарға ие кейіпкерлер әлемі бейнеленеді. Ғалым Б. Байтанаев фольклорлық образдың әдеби контекске қалай кірігіп, көркемдік құрылымға қалай айналып, эстетикалық мұрат тұрғысынан атқарар функциялық қызметі қалай болатынын өз еңбегінде

жақсы айқындады. Зерттеуші әдеби даму белестерінде қандай да бір әдебиеттегі мәнді құбылыстардың ешқайсысын халықтың тарихи және эстетикалық тәжірибесінсіз елестету мүмкін еместігін, керісінше, әлемдік мәдениеттің тарихы суреткерлердің фольклорға неғұрлым баса назар аудару кезеңінде, әдебиетте жаңашыл, көркем дүниелердің соғұрлым мол туындайтындығы байқалатындығын атап өтеді [128, б. 96].

Фольклорға суреткерлер бірде тікелей барса, бірде тіл байлығын шебер пайдалану арқылы өз шығармашылығын байытып, халық мұраларын жаңғыртып, ондағы қаһармандарды қазіргі бейнелермен бетпе-бет кездестіреді. Ғабит Мүсірепов қаламынан шыққан әр туындыдан есіп тұратын өзгеше стиль, образдар жүйесі, оның ішінде «күшті адам» мотиві, ұлттық мінез, т.б. ерекшеліктер бұған дәлел. Ал фольклорлық шығармаларда кездесетін небір ғажайып бейнелер, мәселен, аса тапқыр тазша бала, бойына күштері сыймай алып тауларды допша қағатын дәулер, жеті қат жер астындағыны естігіш саққұлақ, желаяқтар, сондай-ақ зұлымдығымен, қара ниетімен есте қалған мыстан, жалмауыз кемпірлер, түрлі мифологиялық кейіпкерлер (жын, пері, албасты т.б.) халық қиялының жемісі екені айғақ. Мұндай бейнелер айтушының, тыңдаушының «осындай қасиет иелері болса екен» немесе «зұлымдық атаулының түбіне балта шабылар күн туса екен» деген аңсарына орай жасалған. Фольклорлық кейіпкерлер көбіне бірқалыпты, өзгеріссіз тұлға болып танылса, жазба әдебиетте қаһарманның мінез-құлық, іс-әрекетіне психологиялық дәлелдеме қажет етіледі.

Қаламгер алғашқы әңгімелерінен бастап халық жадында сақталған фольклорлық кейіпкерлерді сомдауды мақсат еткенін көреміз. Кейіпкерлерін қимылы, әрекеті, мінезі арқылы бейнелі суреттесе, авторлық баяндау арқылы оқырманға таныс фольклорлық кейіпкерлерді сомдайды. Осылайша фольклордан әдебиеттің ауқымына көшкен кейіпкерді бейнелеуде қаламгердің шеберлігін атап өтуіміз керек. Сонау «Тулаған толқында» әңгімесінің бастапқы жолдарынан оқырманға кезіндегі әке даңқымен ғана құр дақпырттың қаңқасынан шыға алмай жүрген Итемгеннің бейнесі ежелден таныс бейнедей көкейіңе қона қалады. Бұл адаммен бұрын кездескендей күй кешесің. Бұл, әрине, жазушының сыйқырлы қаламының нәтижесі. Итемгеннің есімі қандай сүйкімсіз болса, қылуасы да соған сай. Ауыз әдебиетінен бізге жақсы таныс топас бай, надан байшыкешті көз алдыңа келтіреді. Ал оған пара-пар Оспан болыс бейнесі. Екеуінің өн бойында адам сүйсінерлік бір қылық жоқ. Яғни фольклордағы ұнамсыз бейнелердің жасалу тәсілін осы екеуінің портретін беруде қолданған: *«...Бұл баққа «лайық», мың үйлі елді билейді! Бұл жұртты жалмауыздай жалмайды. Бұл – Оспан болыс!»* [50, б. 16]. Үзіндідегі Оспан болыс портретінен түйер түйін – оның жұртты жеген обыр, тойымсыз екендігі. Оспанның бүкіл болмысы, қылуасы «жалмауыздай» деген теңеуге сыйып тұр. Жалмауыз бейнесі әдетте ертегілерден таныс «жалмауыз кемпір» ұғымымен астасады. Мифологиялық кейіпкер контексте көркемдік компонентті құрап тұрғанымен, оның бейнесі айналасында қалыптасқан ұғымдар оқырман санасына сілкініс жасайды. Халық жадындағы обырлық мінез-құлықтың

символы жазушы қолданысында жаңғыра түскен. Осы бейненің суреткердің келесі әңгімелеріндегі қолданысына көз жіберіп көрейік. «Шұғыла» әңгімесінде: «Әйелдердің алма-кезек салғыласқандарынан едәуір нәрсені аңғарып қалуға болатын еді. Жалмауыз саудагердің қызы... Жалмауыз сұмырайдың жалмауыз қатыны!» [50, б. 110] - дейді. Әңгімедегі өздеріне тиесілі астықты ала алмай ашынған әйелдердің аузынан шыққан, ашулы бағытталған кейіпкерлер жалмауызға теңеледі.

Фольклорлық шығармалардағы жалмауыз, обыр образдарының ерекшеліктерін жазушы өз кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын суреттеуде тиімді қолданған. Әсіресе жалмауыз бейнесін автор сөзі, бас қаһарманның әрекеті, мінезі, тұрмысы арқылы берілсе, ендігі кезекте қарама-қарсы кейіпкерлердің көзқарастары негізінде бейнелейді. Осылайша қаламгер фольклорлық кейіпкерді шығарманың көркемдік қажетіне сай түрлендіріп қолданғанын көреміз. Жазушы әңгімелерін саралай отырып аталған фольклорлық кейіпкердің түрлі аспектіде аса бір шеберлікпен қолданылғанына куә болдық: «Ақ таудың астында не боп жатқанын біле алмай бұлк еткенді аңдып, сұрапыл тұр ауызда» («Жеңілген Есрафил» әңгімесінен) [50, б. 132], «Антонов аттанғанша сенделген жұрттың есі жиналған емес. Сондықтан Антоновты жұрт «Ақтопалаң» деп атап кетіп еді» («Ананың арашасы») [50, б. 171], «Қасындағы ат қорасы көрінбейді. Одан әрі жетпіс метр жердегі қой қорасы әлдеқайда ұшып кеткендей, орай-орап соққан *жынды боранға жұтылып кетіпті*» («Екі дүние – екі әйел») [50, б. 197]. «Аяғында сол Керейдің болыс билері күндесе күңірене жүріп, Торсан *жалмауыздың* дозағына апарып құлатты ғой» («Ұлпан») [104, б. 232], «Нағыз нағашысы – Игілік, ешкімнің құлағының түріктігіне қарамайтын адам. Ояу отырмысың, қалғып кеттің бе, оған оның бәрібір, *жұтқысы келсе, күндіз демей, түн демей жұтады да қояды*» [105, б. 27], «Жалақы дегенді білмейтін ауылдың ескі дәстүрі жайлаудай кең болса, санаулы ақшасымен, кірімен, кезімен, шотымен келген базар да, завод та *обырдың* өрісін кеңіте түспесе, тарылтқан жоқ, молықтыра түсті» [105, б. 95], «Сайқалданбай-ақ, турасынан көшсе күнә бола ма екен бұл *обырға!* - деді Ушаков. – Жоқ! Жұтқызбасын мектепті! Мені бірге жұта алсаң ғана жұтарсың!» [105, б. 356], «Қарағанды мен Ақбұйрат, Нілді кендері түгіл, жаңа табылған, әлі иесіз жатқан кендерді де жалғыз жұтқысы келетінін өзіне-өзі тағы да қайталаанады. *Обыр, сүлік, сұмырай, сайқал* деген теңеулерін барлық жексұрын түрінде көз алдына әкеліп, жеркене отырып, қоса қайталады» [105, б. 362] («Оянған өлке» романы). Мінекей, әсіресе, «Оянған өлке» романындағы қазақ даласының жер асты байлығын қоса соруға келген орыс отаршыларының обырлық мінезін әшкерелеуде жазушы осы бейненің сарынын көп қолданады. Қай кезде, қандай ситуацияда айтылуына байланысты, тыңдарманға әсер етуіне байланысты мифтік кейіпкердің сыртқы бейнесін, болмыс-бітімін сол кезеңдегі түсінікке сай орынды суреттейді. Шебер суреткердің қаламынан шыққан мұндай фольклорлық бейненің бұлайша түрлі ажардағы қолданысы бірден аңғарыла қоймайды. Қиял дүниесі керемет қазыналы халқымыздың көркемдік

шежіресінде әбден тұрақталған кейіпкерлер жазушының образ жасаудағы бірден-бір үлгісі болғанын аңғару қиын емес.

Осы орайда, М. Әуезов қазақ ертегілеріндегі анимистік түсініктердің көрінісін айта келіп, фольклорлық шығармалардың ішінде ертегілерде жалмауыз кемпір кең даланың, мыңғырған малдың иесі деп суреттеледі. Жалмауызбен сайысып жүрген батыр, әділет іздеген ер жапа шеккен халықтың қамқоршысы атанады [129, б. 20] дейді. Қазақ ертегілерін алғаш жанрлық жағынан жіктеп зерттеген М. Әуезовтің еңбегінен фольклордағы жалмауыз бейнесінің өзіндік орны бар, күрестің екі жағындағы елге тісі батқан зәбірленуші қалпында орныққаны көрінеді.

Жазушының *«Ашынған ана»* әңгімесінде басты кейіпкер Ананың аузынан шығатын мынадай сөз бар: *« – Айтам, шырағым, айтам. Мына үй қожсаңның тауы шағылып, жаны жасып қалды білем. Мені бір мыстан кемпір деп отыр зой, сірә»* [50, б. 164]. Мыстан бейнесі де халықтың мифтік санасында сақталған образ. Өмірдің ащы дәмін татып, қорлығына төзіп, алайда баласы үшін сағы сынбаған әйелдің өзінің сыртқы түріне қатысты айтқан теңеуі. Жазушы әйелдің аузына осы сөзді салу арқылы «мыстан кемпір» образын еске салады. Жазушы тарапынан мыстан кемпірді түсіндіру жоқ. Өйткені қазақ мифологиясында, фольклорында негізгі кейіпкер саналады. Оқырманға жете таныс болғандықтан жекелей түсіндіруді дұрыс деп таппайды. Сонымен бірге оқырманның өзі кейіпкердің фольклорлық тұлғамен қаншалықты ұқсас екенін саралап алады. Фольклорда мыстан кемпір – қу, айлакер, алдау мен арбаудың небір түрлерін білетін кейіпкер. «Алпамыс» батыр жырында да батырға небір айла ойлап тауып, Байшұбарды өлтіруге де оқталады. Ш. Ыбыраев мыстан кемпір бейнесінің мифтік ұғымдардан бастап көне эпостарда сақталғанын айтады. Жауыз, айлакер, болатын жайттарды күні бұрын білетін болжампаз кемпірдің сыртқы кейпі бірде жеті басты, бірде нағыз дүлейдің өзі деп суреттеледі. Осыған байланысты жалмауыз кемпір мен айдаһар бейнесі мифтік негізі бар ұғымдармен байланысты [84, б. 86]. Шығармада мыстан бейнесі жайлы өмірден қорлық көрген әйел айтады. Осы негізде мыстан кемпір, жалмауыз кемпір образы көркем шығармада, оның ішінде Ғ. Мүсірепов прозасында езгі көрген кейіпкер ретінде сомдалады.

Ал көне замандағы мифтік сана мен діни нанымдардан қалыптасқан кейіпкерлердің бірі – албасты бейнесі. С. Қасқабасов қазақ фольклорындағы албасты туралы хикаялар сюжеттерін жүйелей келіп, албастының сонау ерте замандардан зиянкес болғанын, сонымен қатар синкретті образ деп пайымдайды [117, б. 107]. Ал Ш. Уәлиханов халық санасындағы албастының босанған әйелге қастық қылатынын айтады, арасында халық жезтырнақ деп атайтынын жеткізеді [130, б. 115]. Албастының осы Шоқан көрсеткен функциясы айналасындағы мотивті көптеген шығыс халықтарының фольклоры мен діни нанымдарында кездесетінін С. Қасқабасов та көрсетеді. *Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі «албасты» бейнесінің берілуіне мысал келтірейік: «Шәйзаны алатын албастының сәулесі енді мықтап елестей бастады. Үйге әкеліп жиналаған нәрсенің бірі көзіне түссе Шәйза селк ете түседі. Жақындап кетсе, бас салатындай, Шәйза жасау дегеннің маңына жуи алмайды. Сол нәрселердің ішінде Оспан тығылып*

жатқандай көрінді. Шәйзаның түсінігінде, Оспан кеңкіген қара кісі, қара бурыл сақалдарының арасы қатпар-қатпар, өмірінде су тимеген. Сыртына майы шыққан нас, арам денелі бір албасты болып елестеді» [50, б. 32]. Осылайша, Шәйзаның көз алдына Оспан албасты болып елестейді. Жазушы қолданысындағы «албасты» бейнесі халық жадындағы әйелге қатысты айтылатын ұғымнан әлдеқайда кеңейген. Мұндағы «албасты» – ер адам. Яғни суреткер фольклорда тұрақталған «албасты» бейнесінің ішкі мінез-құлқын (қастандық жасаушы) әңгімесіндегі кейіпкерінің қылуасына орайластырып шебер пайдаланған.

Мифтік сана аясында қалыптасып, бірте-бірте фольклорлық кейіпкерге айналған «пері», «дәу» секілді бейнелер де жазушы шығармашылығында түрлі қолданыста кездеседі. Мысалы: «Дәл күн бата үілдей жөнелген қара желге қарлы-жаңбырлы боран қосылып, жер-көк әлем-тапырық болып бұрқырай жөнелді. Оспанмен бірге бүгінгі күні қайнына баратын «дәу, пері» бардай-ақ, жел құтырынып, азынап кетті» [50, б. 37], «Бұл қайсар жау, бұл үлкен дәу, күшің асса-ақ алатын» [50, б. 32], «Әйел төсекке барып жатып еді, дауыл үйдің қабырғасын еңсеріп әкетіп бара жатқандай сезілді. Бір алып дәу өкіріп, ұлып, үйге соғылып өлгелі жатқандай болады» [50, б. 207]. Үш түрлі әңгіме, үш түрлі сурет. Ортақ кейіпкер – дәу. Ертегілердегі алып күштің иесі, ақылдан гөрі адуын мінезге жол беріп алатын дәу бейнесі үш әңгімеде де табиғаттың сұрапыл күшіне телінеді. Ертегідегі дәу оңайлықпен алынбайтын жау болса, табиғаттың адуын мінезді күштері де осал емес. Әдетте, фольклорда адам албасты, пері, дәу сияқты күштерден түптің түбінде басым болып шығады да, өзінің айтқанына жүргізіп, айдағанына көндіреді. Осы мотив аталған үш әңгімеде де сақталған. Бірінші әңгімеде Шәйза мен Біржанның Оспан торынан қашып шыққан түнгі өзен бетіндегі мұзды дауылмен арпалысы ақыры екі жастың жалынды тілегінен жеңіліс тапқандай болса, одан кейінгі әңгімедегі теміржолшылардың екі ай үзбей соққан қарлы борандағы жеңісі, үшінші әңгімеде қойшы Майраның өз отарларын табиғаттың дүлей мінезінен аман алып қалуы – ертегілердегі күштері өздерінен кем түспейтін алып дәулерді жеңген кейіпкерлер ісімен сарындас. Ертегілердегі Төстіктің Шойынқұлақ дәуді жеңуі, Аққоян мергеннің қара дәуді өлтіріп, тұтқындағы үш қызды құтқаруы, жерден шыққан Желім батыр, Қаңбақ шалдардың елден ерек айлаларымен алып дәуді ақымақ етуі сияқты сюжеттердің жазушы ойына жетекші болғанына күмән жоқ. Осылайша, жазушы әңгімелеріндегі «күшті адам» мотиві дәулер бейнесімен астастырылған қарсыластары арқылы одан сайын тереңдей түскен. Мұндағы «дәу» де, «пері» де – ежелден келе жатқан мифологиялық кейіпкерлер.

Жазушы – жеке шығармашылық тұлға. Оның өмірдегі шындықты көркем шығармаға айналдыруы үстінде дүниені қабылдауы, ойлауының бейнелілігі, өзіндік стилі көрінеді. Суреткердің өмірді тануы неғұрлым терең болса, оның шығармашылық дүниетанымы мен мүмкіндігі де соншалық кең болады. Сөйтіп өзіндік бір жаңашылдық, ерекшелігімен танылған қаламгер әдебиетке өзінің «менін» әкеледі. Әрине, «менді» сансыз рет қайталау ақынның өзіндік болмысын үнемі айқындай бермейді. Бұл қасиет оның өнерінің жан-жақтылығынан, өмірге,

қоғамға деген көзқарасының тереңдігінен, шығармасының мән-маңызынан танылады. Мүсірепов те көркемдік биікке көтерілу сапарында халық әдебиетіне сүйеніп, фольклорлық көне бейнелерді кеңінен пайдаланды. Ертегі, аңыздарда жиі кездесетін көне тотемдердің бірі – айдаһар. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісінде: *«Ер Төстік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәлдеп тұрып атып қалды да, айдаһар жерге сылқ ете қалды. Оның құлап түскенін көрген соң, балапандар да шуылын тоқтатады. Төстік жайғасып ұйқыға кетеді»* [131, б. 29] дейді. Яғни қиял-ғажайып ертегілердің сюжеті ерекше, таңғажайып оқиғаға құрылатын болса, оның қорқынышты, үрейлі болуына себепкер болатын да мыстан, жалмауыз, жалғыз көзді дәумен қатар осы айдаһар. Олардың бәрі адам нанғысыз күш-қайраттың да иесі. Мифтер, аңыздар көне дәуірден сақталған наным-сенімдердің айқын көрінісі саналады, дегенмен діни көзқарастардың қақтығысына қарамастан бір-бірімен өзектесіп жатыр. Алғашында жаратылыс жануарлық негіз адам рухымен байланысып, жауыздық, жамандық кейпіне ауысады. Адам баласы толық түйсінбеген оқиғалар үрей туғызып отырған. Тұтқиылдан тиісіп, жан түршігер әрекеттер жасайды. Мәселен, айдаһардың бірнеше басы болады, қаһарланса аузынан от шығады. Міне, осындай құбыжықтармен белдесетін Төстік секілді кейіпкерлер. Айдаһар образының сілемдерін де жазушының көркем шығармаларынан көп кездестіреміз. Айдаһар тотемінің қазақ фольклорында шығыстағыдай аузынан от шашқан қорқынышты бейнеде емес, жағымды жағы да мол болғанын С. Қондыбай еңбектерінен байқаймыз. Ғалым қазақ мифінде кездесетін айдаһардың тотемдік сипатын ашады. Қазақтың мифтік санасында айдаһар даналықтың баламасындай есептеліп, жалпы адамзат баласының арғы бабасы ретінде танылғандығын көрсетеді. Расымен де, қазақтың байырғы ертегілерінде әйелдің айдаһар етіне жерік болуы жиі кездеседі. Бұған қатысты А. Тойшанұлының «Түрік-моңғол мифологиясы» еңбегінде айдаһардың етіне жетік болудың негізінде тотемдік сенімнің жатқанын айтады. Айдаһардың адамды жұтуы есейгендік, алғашқы сынақ салтының көрінісі екенін көреміз [132, б. 132]. Бастапқыда айдаһар екі дүниені жалғастырушы, о дүниеге жеткізуші деген түсінік те кең тараған. «Айдаһар» түркі халықтарында да болғандығы турасында зерттеуші С. Қондыбайұлы былай дейді: «Айдаһар (аждаһа) сөзінің дей-түркілік этимологиясы: мұндағы «ажид» сөзі «жылан» «жылан-баба, әже» дегенді білдірсе, «дах» сөзі (tang праформасынан өрбіген) «бастапқы тіршілік көзі, тіршілік иесі, тірі пенде» немесе «тіршілік, өмір беруші» дегенді білдіреді, яғни Айдаһар – «Барлық жанды жаратушы, тудырушы баба, әже, «жылан-баба» дегенді білдіретін сөз. Бұл тұрғыдан қарағанда, дей-түркілік «Айдаһар» (Аждаһа, Ажи-Даһ, Ажи-Дан) – тіршілікті жаратушы, тәңіриелер мен адамдардың, жалпы тірі мақлұқтардың арғы, түпкі бабасы, «Ұлы Ана» категориясына кіретін мифтік тұрпат» [120, б. 312].

Біз жұмысымызда жазушы шығармаларындағы фольклорлық, мифологиялық кейіпкерлердің қолданылу ерекшелігін айқындай отырып, осы бейнелердің өте көнеден келе жатқанын дәлелдейтін ғылыми негіздерге де сүйенуді мақсат етіп қойдық. Сондықтан жазушы шығармасының тінінде арқау



болып отырған мұндай шығыстық сипаттағы фольклорлық образдардың қазақ даласындағы қолданылу деңгейі қандай деген сұрақтарға да тоқталған артық болмайды. Сонымен, негізінен, шығыс халықтарының қисса-дастандарында көп кездесетін айдаһар бейнесінің қазақтың санасына сіңіп кетуінің себебін іздеуге байланысты ойларымызды өрбіте отырып, жазушының кей шығармаларындағы мысалдар арқылы түйіндейік: «Енді екі зәрлі айдаһар арбасып, көздерін қадасып алып, бедірейісіп, қатып қалды» [105, б. 62], «Қия-қизаш, кесе-кесе жатқан ақ иректердің үстінен ырғып түсіп, оршып-ұшып, ысқырынып келе жатқан ұзын ақ айдаһарлар көрініп кеткендей болады» [105, б. 122], «Жіңішке жол жыландай ирелеңдеген алдарына түсіп алып, еріксіз сүйрелеп... үнсіз өлі сахараға әкеле жатқандай сезілді» [105, б. 128], «Жазагер отрядтың бастығы офицер Антоновтың жүрген жері жылан жайлағандай болып қалатын» [50, б. 170.], т.б. Осы үзінділерден байқағанымыздай, жазушы образды тұтасымен бермейді, сөз арасында соған сай әрекеттерді теңеу барысында қолданады. Жалпы алғанда, Ғ. Мүсіреповтің стильдік, тақырыптық ерекшеліктері басым. Осылайша қаламгер өз шығармаларында фольклорлық мотивтерді орнымен асқан шеберлікпен пайдалана білетініне көз жеткіздік. Жазушы әңгімелеріндегі фольклорлық кейіпкерлер «періште, әруақ, тұлпар, бәйтерек, мыстан, жын», т.б. бейнелермен толыға түседі. Осы кейіпкерлердің әдеби контекстегі қолданысынан қаламгердің фольклорды игеруге аса бір талғампаздықпен кіріскенін байқаймыз. Бұл оның туған халқының құнарлы көркем қазынасынан шексіз олжа тапқанының және сол сиқырлы қазына оның көркемдік талғамын өсіргенінің нәтижесі.

Сонымен, Ғ. Мүсіреповтің фольклорлық кейіпкерлерді өз шығармаларында қолдану ерекшеліктерін жинақтай келе, былайша топшыладық: «Жазушы фольклорда әбден тұрақталған бейнелерді алу арқылы өз қоғамының талап-мүддесіне сай қолданған». Алғашқы қадамынан бастап, әдебиет майданына батыл енген қаламгер үнемі үйрену жолында болды. Ғ. Мүсіреповтің фольклор мұрасына деген көзқарасы, шынында да, халықтың мәдениеті мен тарихын түсінуге терең ықпал етеді. Фольклорлық кейіпкерлердің шығармаларындағы және қоғамдық өмірдегі рөлінің маңыздылығы бүгінгі таңда да өзекті. Жазушының пікірінше, халық поэзиясы – рухани күш, ұлттық бірліктің, мәдениеттің болашағының негізі. Осы ретте жазушы өзінің шығармаларында фольклорлық кейіпкерлерге жүгінген. Бір қарағанда, көне мифологиядағы қаһармандардың жаңа заман келбетін айқындайтын шығармалардан орын алуы қисынсыз секілді. Ал, түптеп келгенде, бұл қолданыстың екі себебі болғандығына көз жеткіземіз: 1) жас кезінен-ақ халық мұрасына жақын болған қаламгер өз шығармаларын көпшілікке арнай отырып, неғұрлым түсінікті, халыққа сіңісті ұғымдардан алған. 2) Жаңа әдебиетті жасай отырып, оның ұлттық бояуын молайту, халықтық стилін тереңдету. Жазушы фольклордан еншілеген қаһармандарын жазба әдебиеттің аясына неғұрлым жетілген, дамыған мәнінде алуға тырысқан. Сондықтан да қаламгер шығармаларындағы бұл кейіпкерлердің фольклорлық бейнелер екенін «естен шығарып та аласыз», яғни жазушы шығармаларына фольклорлық кейіпкерлер

жатсынбай араласып кеткен. Осылайша, халықтың байырғы ұғымдарын әдеби-көркемдік дәрежеге көтерген, көне замандардан тотықпай келе жатқан мұраларды жаңғырта жалғастырған. Ғ. Мүсіреповтың шығармаларындағы фольклорлық кейіпкерлер күрделі әлеуметтік, мәдени және философиялық проблемаларды тереңінен зерттеудің, сонымен қатар халықтың ұлттық мұрасын жаңғыртудың маңызды тәсілі ретінде қызмет етеді. Фольклор – тек әдебиетте ғана емес, қоғамда, мәдениетте де маңызды рөл атқарады, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен тілдесудің, білу мен түсінудің жолы.

### Екінші бөлім бойынша тұжырым

Екінші бөлімде жазушы Ғабит Мүсірепов прозасындағы түрлі фольклорлық элементтердің пайдаланылу ерекшелігі, жазушының өзіндік қолтаңбасы, стилі талданды. Әңгімелері мен көлемді туындыларындағы фольклорлық-этнографиялық сюжеттер жиналып, олардың тарихи шындықты, сол уақыттағы өмір сүрген адамдардың ішкі әлемін, олардың дүниетанымын, салт-дәстүрлерін берудегі ерекшелігі, олардың көркемдік қызметі айқындалды. Фольклор мен этнографияның бірлігі теориялық жағынан негізделді. Көркем шығармада қолданудың маңызы мысалдармен тұжырымдалды. Аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттердің қызметі, пайдаланудағы стильдік даралығы анықталды, жазушы шеберлігін айқындаудағы ерекшеліктері сараланды. Зерттеу нысанына алынған көркем туындыларындағы фольклорлық жанрлардың түрлері жинақталып, оларды пайдаланудағы шеберлігі талданды. Фольклорлық образдардың мотивтік деңгейдегі берілу ерекшелігі, фольклордағы кейіпкерлердің жазба әдебиеттің көркемдік құрылымына көшкен кездегі тарихи маңызы, стильдік даралығы айқындалды.

### 3 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ ПОСТМОДЕРНИСТІК АСПЕКТІЛЕРІ

#### 3.1 Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі интермәтінділік формалары

Фольклорлық шығармалар халқымыздың сан мыңдық жылдық мәдени тәжірибесі ретінде кейінгі қазақ прозасында көрініс береді. Соның ішінде постмодернизм бағытында жазылған туындыларда фольклорлық мұралар кеңінен қолданылуда. Кейінгі кезеңдегі әдебиеттану саласындағы соңғы зерттеулерде постмодернизм бағыты мен фольклордың байланысына ерекше назар аударылып жүр. Осы уақытқа дейін әдебиет пен фольклор байланысы көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылып келді. Аталған тақырып төңірегінде Р. Бердібай, Д.Н. Медриш, А.Х. Голденберг сынды зерттеушілер фольклор мен әдебиеттің байланысын жанрлық ерекшеліктермен айқындауға ұмтылыс жасады. Әдебиеттің көркемдік-эстетикалық талаптарын орындайтын фольклорлық мотив бүгінгі күні постмодернизм бағытында да жалғасын тапты.

Бүгінгі таңда постмодернизм жайлы пікірлердің сан алуандығына қарамастан, жанр ретінде ажырататын белгілер мыналар: интермәтінділік, цитата, ризома, пастиш, пародия, симуляция. Постмодернизм алғашында философияда қалыптасқан. Аталған ұғым «әлемде жаңа нәрсе жоқ» деген түсінікпен анықталады. Бұлай деуімізге себеп постмодернизм бағытында жазылған шығармаларда бұған дейінгі жазылған туындыларға «сілтеме» берілуі немесе «симуляция» әдісінің қолдануы болып отыр. Аталған негізде фольклор мен постмодернизм арасындағы байланысты Ғ. Мүсірепов шығармашылығы негізінде қарастыратын боламыз.

Зерттеуші Дж. Дорст фольклор мен постмодернизмнің байланысын жанрлық аспектіде қарастырады. Нақтырақ айтатын болсақ, постмодернизм бағыты бұған дейінгі барлық формаларды, догмаларды мойындамайды. Фольклор болса бұған дейінгі барлық формалардың, догмалардың, тіптен дүниетанымның мәдени жиынтығы саналады [134, б. 158]. Бұл пікірді негізге алатын болсақ, постмодернизм мен фольклор арасында ешқандай байланыстың жоқтығы аңғарылады. Екі бөлек арна ретінде көркемдік талаптары, формалары, мазмұндары бөтен деп қарастырылады. Осы орайда Р. Барт, М.Н. Эпштейн, Н.Л. Лейдерман, О.В. Богданова, Г. Сәулембек пікірлерін негізге ала отырып, «постмодернизмге» тән белгілер мыналар: тілдік ойын, бұрынғы қалыптасқан құндылықтарды пародиялау, сатиралау, интермәтінділік, халық мәдениетінің код арқылы көрініс табуы. Фольклор болса ұжымдық сананың, дүниетанымның нәтижесінде қалыптасқандықтан ұлттық, мифологиялық ерекшеліктерге ие.

Бұл пікірге қарсы зерттеуші С. Биннэй пікірін келтіреміз. Зерттеуінде ертегілердің постмодернистік бағыттағы қаламгерлердің шығармашылығына әсер еткенін айта келіп, бүгінгі таңда постмодернизм бағыты фольклордың жалғасы екенін жеткізеді [135, б. 10]. Зерттеушінің пікірін негізге ала отырып, фольклор мен постмодернизм байланысы мына әдістер арқылы жүзеге асатынын

көреміз: интермәтінділік, цитата, пастиш, пародия, симуляция, ризома, ризоматикалық құрылым.

Бұл бөлімде Ғ. Мүсіреповтің «Тулаған толқында», «Қос Шалқар», «Алғашқы адымдар», «Шұғыла», «Сұрапыл Есрафил», «Ер Қаптағай», «Жиырма төрт сағатта», «Бірінші фонтан», «Қыран жыры», «Талпақ танау», «Тарғыл қауын», «Тарландар», «Сөз жоқ соның өзі», «Бораны түнде» деген әңгімелеріне постмодернистік-фольклорлық негізде дискурстық талдау жүргізілді, қаламгер шығармаларындағы фольклорлық мотив цитата, аллюзия, реминисценция сынды постмодернизм құралдары арқылы көрініс тапты.

«Тулаған толқында» шығармасында «жесір әйел», «қайқы бас бәйбіше» бейнелері сомдалып, қазақ фольклорындағы «жесір әйел» бейнелеріне сілтеме жасалған. Қайратты Қалишаның бейнесі арқылы халық танымында қалыптасқан «жесір әйелдің» қара жамылып, қайғыға батқан әйелдің болмысын көрсетеді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы мына үзіндіде:

*Қолында бәйбішенің алтын жүзік,*

*Жас бала жетім қалды-ау, көзін сүзіп.*

*Қуанышын жалғызымның көрейін деп,*

*Жығылды жеткен жерде мойны үзіліп* [136, б. 19], - деп бәйбішенің бір мезетте жесірге айналғанын көреміз. Шығармада Мамабикені «жесір» деп Сарыбай уәдесінен тайқып шығады. Қызын жесір әйел мен жетім балаға беруге қимайды. Бұдан өзге жырларда да жесір әйелдің ауыр тағдыры суреттеліп, қазақ қоғамындағы «төмен деңгейде» екені бейнеленеді. Қаламгер Ғ. Мүсірепов «Тулаған толқында» шығармасында жесір әйелдің ауыр тағдырын, сонымен қатар ауыл тұрғындары арасында абыройдан, беделден жұрдай бейнесін сипаттайды. Осылайша қазақ қоғамында жесір әйелдің ауыр тұрмыс кешіп, қиналғаны фольклорлық шығармаларда да, прозалық шығармалар да көрініс тауып, өз қоғамынан аласталғанын көреміз. Интермәтінділік әдісі арқылы прозадағы «жесір әйел» бейнесінің фольклордан бастау алғанын анықтаймыз.

«Қос Шалқар» шығармасында үш кейіпкер арқылы қазақ жерінде кеңес билігінің орнауын жеткізеді. Фольклорда үш саны жайлы түсініктер көп. Соның бірі үш әлем жайлы қалыптасқан дүниетанымды айта аламыз. Ш. Уәлиханов, Ф.Р. Ахметжанова, Қ.С. Дүсіпбаева зерттеулерінде үш саны туралы қазақ халқының дүниетанымында кездесетін ұғым-түсініктер анықталған. Қазақ халқында үш санына қатысты «үш жұрт», «үш байлық», «үш ортақ», «үш даусыз» деген түсініктер бар. Сонымен қатар әлем жайлы «үш әлем» мифтік түсінікте қалыптасқан. Десе де Ғ. Мүсірепов «үш әлем» түсінігін негізге ала отырып, қазақ жерінде орнаған кеңестік биліктің дүниетанымға әсерін жеткізгенін түсінеміз.

Қаламгердің «Ер Қаптағай» шығармасында Әзірет Әлі жайлы айтылған. Біз бұған дейін постмодернизмді жаңа көзқарастардың көрінісі деп анықтап келдік. Бұндай жаңаша бетбұрыс осы әңгімеде көрініс тапқан. Бұған дейінгі фольклорлық шығармаларда Әзірет Әлі өз қоғамына жаңашылдық алып келген тұлға ретінде жағымды сипатта, бейнеде кездесетін. Десе де жазушы аталған шығармасында фольклорлық танымда қалыптасқан ақпараттарды жоққа

шығарып, қарапайым халықтың ислам дінін бірден қабылдай алмағанын суреттейді. Діни аңыздарда дәріптеле суреттелетін Өзірет Әлі болмысын симуляциялау арқылы қазақ халқының түркілік дүниетанымына жат екенін жеткізеді. Симуляция «көшірменің көшірмесі» мағынасын береді. Көбіне постмодернизм бағытындағы шығармаларға тән белгілердің бірі ретінде, симуляцияның маңызы ерекше. Ғ. Мүсірепов қазақ тарихында, әдебиетінде елеулі тұлғаның болмысын симуляциялау арқылы қоғамдық шындықты әшкерелеуге, авторлық көзқарасын жеткізуді көздейді.

«Қыз Жібек» жырында мынадай үзінді бар:

*Адасса, жолға салып жүр,  
Сүрінсе, қолдап алып жүр,  
Пәлекет келсе, қағып жүр,  
Қосақтап қойдай бағып жүр.  
Бір ғашықтың дертінен  
Қарағым менің нағып жүр?  
Хазірет ер Сұлтан –  
Рақым қылып сіз тұрсаңыз,  
Баба түкті шашты Әзиз,*

*Баламды сізге тапсырдым* [85, б. 110], - дегенде Хазірет Сұлтан есімі аталады. Бұдан халық танымында Өзірет Сұлтанның әулие сипатында бейнеленгенін көреміз. Аналық баласы Төлегеннің өзіне жар іздеп сапарға аттанғандағы «аналық тілегіне» Өзірет Сұлтанды қосуы, қолдап-қорғауын тілеуі халық танымындағы жоғары болмысын көрсетеді. Өзірет Сұлтан кейбір шығармаларда Өзірет Әлі деп те аталады. Халық танымында Өзірет Әлі – Баба түкті Шашты Әзиз сынды әулие деңгейіндегі батырларды қорғап, қолдаушы. Қаламгер Ғ. Мүсірепов әулие болмысты Өзірет Әлінің бейнесін симуляциялау арқылы кезіндегі қазақ қоғамындағы өзгерістерді суреттеуде қолданады.

«Тарландар» әңгімесінде постмодернизмнің пародиялау әдісін негізге ала отырып, «көк қырғи», «тас бетеге», «салпы ауыз», «алқа бел» деген теңеулерді қолданған. Фольклорлық шығармаларда теңеулердің бір қатары гипербола деп танылса, қаламгер шығармасында пародиялау әдісі қолданылған. Постмодернизм мен фольклорда кездесетін теңеулерді өзара салыстыру үшін «Тарландар» шығармасын, «Алпамыс» батыр жырын қарастырсақ. *«Талай замандасынан айырылған қарт шахтер кәрі құлжадай жалғыз жайылам ба деп қорқа бастаған кезде, бағына қарай отыз бірінші жылы Донбастан осы Никофор Куцирих келген»* [137, б. 306]. Бұндағы берілген «кәрі құлжадай» теңеуі пародиялау әдісіне негізделген. «Алпамыс» батыр жырында Ұлтанның сомдалуында теңеулердің қызметі зор.

*Кеудесі болды кепедей,  
Мұрны болды төбедей.  
Күрек тісі кетпендей,  
Кеңірдегінің тесігі  
Жүгімен түйе өткендей.  
Құлағы болды қалқандай.*

*Мұрнына қарасаң,  
Сығымдалған талқандай.  
Көзі терең зындандай,  
Басқан ізін қарасаң  
Көрінеді оттың орнындай.  
Аузы үлкен ошақтай,*

*Азу тісі пышақтай* [138, б. 13]. Бұндағы теңеулер ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты. Берілген теңеулер Ұлтанның болмысын сықақтауға негізделген.

Көркем шығармада: *«Үйінде отырғанда кәрі жолдасы әйеліне «пұлан, штрек, марық-шодыр» деп қоятындары болушы еді, енді соны кеңседе отырып айтпақ па?»* [137, б. 310]. *«Келін демек пе, жолдас демек пе, әлде тіпті жолдас келін демек пе, мосқал жұмыскерлерге «алқа бел», «салпы ауыз» деп, жастар жағына «тас бетеге», «көк қырғи» деп үйреніп кеткен Бекең әйелдердің атына тілі келмейтіндей, қорқып тұр»* [137, б. 315].

*Қамысқа түскен құдай боп,  
Біреуді біреу білмеді,  
Біреуді біреу көрмеді.  
Аспаннан түскен нұрдай боп,*

*Есепсіз қалмақ қырылды* [138, б. 78]. «Алпамыс» батыр жырындағы теңеулер шығарманың көркемдік қуатын арттыра түседі. Дегенмен Ұлтанның суреттелуі мысқылға толы болғанына қарамастан, фольклорлық мотив сақталған. Постмодернизмде көрініс беретін теңеулердің негізгі қызметі фольклордағы теңеулердей емес, «пародиялау» деп танылады. Қарттарды «салпы ауыз», «алқа бел» деу арқылы олардың болмысын жеткізеді. Жұмсауға көне қоймайтын жастар жағын «тас бетеге», «көк қырғи» деп атау мысқылға құрылғанмен, басты айырмашылық фольклорда суреттелетін теңеулердегі айқындықтан алыстығы болып отыр. Фольклор мен постмодернизмдегі кездесетін теңеулерге тән ұқсастық мысқылдан, көркемдік бейнелеуден ажыратамыз.

Халық танымында қалыптасқан дәстүрлі түсініктерді жеткізуде «Боранды түнде» әңгімесі қыз алып қашу жайын сөз етеді. Әңгімеде дәстүрдің ескілігін сынай отыра, халық дүниетанымының заманына сай өзгеріп отыру керектігін көрсетеді. Фольклорлық шығармаларда ұлттық дәстүрдің суреттелуі қалыптасқан норма ретінде көрініс табады. Мәселен «Алпамыс» батыр жырында айттырып қою дәстүрі суреттелген:

*Шекті деген елінде  
Сарыбай деген бай еді,  
Жалғыз қызы Гүлбаршын  
Он бесте туған ай еді.*

*Жасыңнан саған айттырған* [138, б. 25], - делінеді. Мұндағы айырмашылық орындаушының авторлық позициясы көрінбейді. Жыршы өз тарапынан қандай да бір өзгеріс енгізбейді, себебі сол кезең үшін бір-бірін көрмеген адамды атастыру, айттыру қалыпты болды. Ұжымдық дүниетанымда

тұрақталған көзқарасты сынау немесе өзгеруі қажеттігі фольклорлық шығармада қозғалмайды. Өз кезегінде постмодернизм бағытында жазылған шығармаларда ұлттық дәстүр «мәдени код» ретінде қолданыла отырып, авторлық позиция тұрғысынан дұрыс/бұрыстығы бағаланады. Ғ. Мүсірепов бұрыннан қалыптасқан «қыз алып қашу» дәстүрінің ескіргенін жеткізеді. Осылайша постмодернизм бағытына тән шығармаларда авторлық позиция алдыға шығып, бұрыннан қалыптасқан құндылықтар жүйесі жайлы пікірлері көрініс табатынын көреміз.

Зерттеуімізде фольклор мен постмодернизм байланысын айқындау барысында постмодернизмге тән құбылыстарды жекелей қарастыру маңызды саналады. Соның ішінде интермәтінділік құбылысы фольклор мен постмодернизмнің байланысын көрсетеді.

Соңғы уақытта постмодернизм феномен ретінде философиялық, эстетикалық жүйе ретінде құрылып, өнердегі әдеби бағыт ретінде ХХ ғасырда қалыптасты. Қазіргі қазақ постмодернизмінің дамуында кеңес мәдениетінің әсері барын көреміз. Әдеби бағыт ретінде постмодернизм кеңестік мәдени ұғымдарды деидеология тұрғысынан қарастырады. Көркем мәтінде әртүрлі мәтіндердің компоненті немесе М. Бахтин анықтағандай «полифоникалық» интермәтінділік кеңістікте алғашқы авторлық мәтін басқа мәтіндермен байланысқа түседі [139, б. 34]. Басқа мәтіндер деп отырғанымыз цитация, аллюзия, реминисценция, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға сілтеме, өлеңдерден үзінді, эпиграф. Ю. Кристева интермәтінділік концепциясында әрбір мәтіннің цитация мозайкасы екенін, әрбір мәтіннің басқа мәтіннің трансформациясы екенін анықтайды [140, б. 55]. Кейіннен Р. Барт әрбір мәтіннің өзіне дейінгі мәдениет негізінде қалыптасатынын, сонымен бірге мәтіннің мәдени кодтар үзіндісі, формула, ритмикалық структура, фрагмент сынды құбылыстар арқылы мәтіннің мағыналық өзгерістерін анықтайды [141, б. 43]. Ж. Деррида ойынша, адамзаттың мәдениеті біртұтас мәтіннен құралады. Интермәтінділік құбылысы автордың «мен» түсінігінен ажыратылуымен, аллюзия, реминисценция, цитата сынды автордың өзі құрған мәтін жүйесімен анықталады [142, б. 78].

Постмодернизмге философиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, «біз барлық сөздер айтылған дәуірде өмір сүреміз». Аталған цитата авторы С. Аверинцевтің пікірі постмодернизм дәуірінде мәтіннің маңыздылығын көрсетеді [143, б. 55]. Бұл пікірге қарсы идея «мәтін – шынайылық». Мәтін шынайылықты виртуальды түрде жеткізеді. Себебі шынайылықтың өзі жоқ. М. Фуко, Ж. Деррида, Ж. Бодрийяр, Ж. Лиотар, Р. Барт философияда постмодернизмнің жатсыну, адамзат өміріндегі символдар әлемінің образдары арқылы қалыптасатынын анықтайды. Орыс философиясында постмодернизм модернизм дәуіріндегі екі дүниежүзілік соғыс, жаһандық мәселелер, экологиялық апаттар алдындағы адамзаттың әлсіздігі негізінде анықталады.

Ғ. Мүсірепов шығармашылығы жайлы жаңаша пікір білдірген А. Тайжанов жазушы өмірдің күн тәртібіндегі көкейтесті мәселелерін қалт жібермей, заман мен адам, тұлға мен ұлттың қырларын, сырларын ақтара көрсетіп, жанды бейнелер галереясын жасағанын айтады [144, б. 209]. Зерттеуші А. Тайжанов автор шығармаларында ұлттық сюжеттердің маңыздылығын атап өткен болатын.

Осылайша жазушы шығармаларында ұлттық дүниетанымға байланысты цитаталар көрініс тапқан. «Тулаған толқында» шығармасында ұлттық құндылықтардан хабар беретін мынадай сілтемелер берілген: «*Насыбайың жоқ па?*», «*Уақытша өкімет*», «*жесір қатын*», «*қайқы бас қара бәйбіше*» ұғымдары берілген.

Заманауи шығармаларда кездесетін прецедентті мәтіндерге сілтеме беру сюжет деңгейінде цитата, реминисценция, аллюзия формасында кездеседі. Осы орайда Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі цитаталарды постмодернизм концепциясы арқылы қарастырудың маңыздылығын көреміз. «Тулаған толқында» шығармасында жесірлік көрген Қалиша, қызы Шәйза, ұлы Қабысан бейнеленген. «*Ауыр тұрмыс бет-аузын айғыздаған. Көп жылау көздерін қызартқан. Мінезінде жесірліктің, кедейшіліктің салған таңбасы бар. Ағайын ішінде әсіресе Итемгеннің тізесі Қалишаға батқан, сол жасытқан. Қайратты Қалиша тұрмыс тепкісінен жасыған*» [137, б. 15]. Шығармадағы Қалишаның тұрмысы, болмысы М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасымен сарындас. Жесірлік, жоқшылық табы әбден сіңген Қалиша, Ғазизаның көзіне ақ түскен анасы арқылы ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әйелінің жағдайы көрінеді. Қара жамылған қазақ әйелінің қоғамнан көрген құқайы, ағайындарының қатыгездігі анық суреттеледі. Ғ. Мүсірепов пен М. Әуезов шығармалары арасында бұл жерде реминисценция құбылысы орын алған. Жазушы әңгімесіндегі жесір әйел Қалишаның көрген бейнеті, шеккен азабы оқырман санасында ассоциация тудырып, таныс образды көрсетеді. Бұл арқылы шығармада Қалиша образы арқылы автор М. Әуезов ізімен алғашқы орынға жоғары идеал, адами қасиеттер емес, адамның қалауы, оны орындау үшін пасық әрекеттері баратын адами болмысы бейнеленген.

Шығармада Алаш орда партиясы, қазақтың автономды мемлекет атануға мүмкіндігі қозғалған. Бұл ретте цитата қаладан келген қонақтың Алаш Орданың негізгі қызметін, алдағы жоспарларын бөлісу кезінде қолданылған. «*Иә, естіп жатқан шығарсыздар... Патшадан құтылып, бұрын ала алмай жүрген автономияны өз қолымызға алып.. Қазақ елін өз алдына, баяғысындай ел қылмақшы болып... Алты Алаштың басын қосып... Алаштың ордасын қайта тігіп алып...*» [137, б. 34]. Шығармадағы саяси ұстаным, қоғам жайлы пікір цитаталау құбылысы арқылы көрініс тапқан. Туындыда «солдат алынады» деген цитата бар. Бұл арқылы қаламгер 1916 жылғы патша жарлығын емес, Алаш Орданың құрамында әскер құрамын жасақтау екенін жеткізіп отыр. Тарихи деректерге сілтеме жасау арқылы сол құбылысқа деген авторлық көзқарастар да көрінеді. Цитатаның тарихи, саяси мәні шығармадағы кезең жайлы пікір қалыптастырып, күрделі кезеңнің болмысын көрсетеді. Қазидың ұсынысына қарсы Сандыбай қарттың мынадай пікірі бар: «*Автономия алдық, ту тіктік дедің, сонының өзі қай жерде, не істеп жатыр? Күні кеше Қалишақтың бес солдаты келіп он бес атымызды тартып әкетті. Жаяу қалдық... Өкімет болсаң сол аттарымызды қайырып әпере аласың ба?*» [137, б. 35]. Авторлық ұстаным екі түрлі өкіметті қарама-қарсы қоюдан емес, сол кезеңдегі қарама-қайшылық, әр тараптың сан түрлі болуымен байланысты. Қарапайым қара халықтың Алаш



партиясына деген сенімсіздігі, оның Қазі сынды шабарманына күдікпен қарауы, алдағы уақытқа деген сенімсіздігін бейнелейді. Шығармада қара халықтың кімге сеніп, кімге сенбеу керегі түсініксіз болып, малы мен шаруасы талан-тартысқа түскен кезең суреттелген.

Цитаталау кейінгі Алаш орданың өкілдері мен қара халықтың жиылысында қолданылған: *«Жақсы ас қалғаниша, жаман қарын жарыла берсін»* [137, б. 39]. Бұл арқылы автор төрелер болмысын, шаруа жайына ыңғайын көрсетуді мақсат еткен. Шығармадағы басты Алаш өкілдерінің слогандары: *«Бостандықты өзің күзетіп алмасаң, ешкім күзетіп қорғап бермейді», «Өз тізгінінің өзіңде, өзіңді өзің қорғап ал, ел бол!»*. Автор позициясы ХХ ғасыр басындағы шиеленісті, қазақ қоғамында қалыптасқан саяси бағыттар жайлы ақпарат берумен байланысты. Шығармада цитата түрінде *«Құрғақ қасық ауыз жыртар»* мәтелі қолданыс тапқан. Осылайша Алаш орданың мүшкіл хәлі суреттеліп, халыққа берген уәделерін орындау қиындығы суреттелген. Мақал-мәтелдердің көркем шығармада қолданылуы ұлттық болмысты, ұлттық дүниетанымды көрсету, айқындау емес. Мақал-мәтелді тура цитаталау арқылы автордың тарихи деректерге баға беруі мен көзқарасы айқындалады. Алаш ордасы жайлы кеңестік кезеңде қалыптасқан көзқарастар екі топқа жіктеледі. Бірі қолдау тапса, енді бірі қолдамайтынын жеткізген. Автордың өзі де қазақ қоғамында сенімсіздіктің орын алғанын көркем түрде цитаталау арқылы суреттейді. Осылайша мақал-мәтелдердің цитаталау арқылы қолданылуы шығарманың бояуын арттырып, авторлық көзқарасты айқындай түседі.

Шығармада қолданыс тапқан *«сірі тақым»*, *«аты бар, заты жоқ бостандықтар»*, *«бұзақылық»* тіркестеріне тарихи, әлеуметтік орта жайлы фактілерге сілтемелер берілген. Интермәтінділіктің үш түрлі формасының бірі аллюзия қолданылған. Ю.Б. Боров, А.Н. Николюкин, А.С. Черняева сынды зерттеушілер аллюзияны белгілі бір оқиғаның белгісі, әдеби, тарихи, қоғамдық факторларға сілтеме, көркем баяндау арқылы көрінетін ойлар жүйесі, семантикалық мағынасы тура мағынада қолданылмайтын ерекшеліктерімен анықтайды. Қазақ әдебиетінде Г. Сәулембек аллюзияны *«тұспал»* деп атайды [145, б. 61]. Бұл арқылы аллюзия автордың саналы түрде оқырманға қысқа әрі нұсқа түрде жеткізілген тұспал екенін көреміз. Зерттеуімізді аллюзия ұғымына «әдеби тұспал» деген баламада қарастырдық. Әдебиеттануда белгілі оқиғаларға, шығармаларға сілтеме беріліп, тұспал ретінде танылатындықтан «әдеби тұспал» деп атауды ұсынамыз.

«Сірі тақым» тілдік бірлігінің тура мағынасы сіңірі шыққан кедей ұғымын білдірсе, аллюзиялық мағынасы Біржанның жоқшылықтан шыққан, кедей екенін аңғартады. «Аты бар, заты жоқ бостандықтар» арқылы қаламгер оқырман санасына қазақ жеріндегі әйел теңсіздігі, әлеуметтік ортаның қысымы сынды тақырыптарды жеткізіп отыр. «Бұзақылық» аллюзиясы байға атастырылған, малына сатылған қазақ қызын алып қашуды білдіреді. Әлді, билігі зор адамның қалыңдығын ұрлап әкету кедей үшін қылмыс саналған. Осылайша автордың көркем баяндауда қолданған аллюзия тәсілі қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігін, қазақ қызының жағдайын сипаттайды. Шығармадағы саяси, тарихи оқиғаларға

баға беруі, қазақ қоғамының өзгерістерді қабылдауы Алашорда әскеріне солдат беру, әйел теңсіздігі сынды тақырыптармен бейнеленген. Қаламгердің «Қос Шалқар» шығармасында мынадай аллюзия көрінеді: *«түбінде қазынаға бәрін алады»* [137, б. 72]. Бұл арқылы авторлық интенция коллектив болу, кеңестік биліктің халық арасына толықтай орнайтынын білдіреді.

Н.А. Фатеева зерттеуінде интермәтінділік құбылысының негізгі функцияларының ішінде мәтінді терең түсінудің қамтамасыз етілуі бірінші орынға қойылған [146, б. 17]. Н.Г. Брагина интермәтінділік құбылысының басты функциясы ретінде әртүрлі мәдени кодтардың қолданылуы әрі кодтардың өз кезегінде «өзім» / «бөтен» түсінігінде танылуы екенін айтады [147, б. 46]. Е.А. Баженова көркем шығарманың мағынасының өсуі деп қарастырады [148, б. 108]. Ал С.Г. Шулежкова интермәтіннің көркем шығармада қолданылуы оқырманды көркем шындыққа сендіру десе, екінші жағынан «коммуникативтік құрдымды» болдырмау дейді [149, б. 40]. Автор интермәтін формаларын қолдану арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамында орын алған тарихи, мәдени, саяси оқиғаларды оқырманға кеңінен жеткізуді көздейді. Осы орайда Н.А. Кузьминнің «Интертекст и его роль в процессах в качестве энергетического языка» еңбегіндегі мына пікіріне назар салатын болсақ: «интермәтін энергия бастауы ретінде көрінеді, олай болуының себебі оқырманды «еңбектенуге», «мағыналарды түсінуге» бағыттайды [150, б. 29]. Қаламгер Ғ. Мүсірепов шығармасында қолданыс тапқан интермәтін құбылысы кең мағынада өзге автор мәтінімен, халық арасында кең тараған мәтелдер, қысқа әрі нұсқа аллюзия арқылы реципиент санасында мағыналық ассоциациялар қалыптасырып, тарихи, мәдени, саяси ақпараттарды бейнелейді. «Жесір қатын», «бостандық», «солдат»-сынды тілдік бірліктер арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамында орын алған оқиғаларды саралап, кейіпкерлердің пікірлерін жеткізеді. Әсіресе Алаш Орда әскері жайлы, халықтың әскер құрамына балаларын беруі, бермеуі жайлы таластардан көрінеді. Бір қарағанда қаламгер Алаш орда саясатын ұнатпайтын, кеңестік билікті жақтаушы сипатында көрінгенмен, халықтың сол кезеңдегі қорқынышын, үрейін бере білген. Аумалы-төкпелі заманның өзгерістерін бағамдаған халықтың болашаққа күдігі басым еді. Оспан мен Итемген бейнелері негізінде қазақ қоғамында қалыптасқан болыс, атқамінер, билікқұмар жандардың болмысы бейнеленген.

Аллюзияға фольклорлық шығармалардан мысал келтіріп көрсек. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында мынадай үзінді бар: *«Құдай қосса біз қостық дескен екен»* [137, б. 15], - делінеді. Мұндағы мағына Сарыбай мен Қарабайдың өзара уәделескенін көрсетеді. Бірінде қыз, бірінде ұл туылғанына қуанған екі байдың бір-біріне берген уәдесінде берік болу керектігін көрсетеді. Сонымен қатар мына үзіндіде аллюзия қолданылған:

*Қолымда жетелеген нарым бар-ды,  
Тимеймін ноғайлыға, арым бар-ды.  
Қодеке, мазамды алмай жайыңа жүр,*

*Алтын айдар, шоқ белбеу жарым бар-ды* [136, б. 31], - дегендегі тұспал Қозыны сипаттайтын «*алтын айдар*», «*шоқ белбеу*» деген тіркестерден көрініс тапқан.

«Қыз Жібек» жырында:

*Тоғыз жасар артымда*

*Жеткіншегім бар еді.*

*Қараша болып жауды қар,*

*Дұшпандардың пейілі тар* [85, б. 117], - деген үзіндіден Төлегеннің артынан ерген інісі барын жеткізеді. Жырда мұндай қолданыстың кездесуі Қыз Жібектің қор болмайтынын түсіндіреді. Қалмақтармен қақтығыс күшейіп тұрған уақытта, жақынның жаттығы кез келген сәтте орын алуы мүмкін сәтте Төлегеннің бұлай деуі кепілдікке ұқсайды. Халқымыздағы «Аға өлсе, іні мұра» деген мәтелдің де мағынасы осы арада ашыла түседі. Жыр соңында Жібек әмеңгерлік заңымен Төлегеннің інісі Сансызбайға қосылуы – ғашықтық жырларда кездеспейтін дәстүр. Өзге жырларда әмеңгерлік салты кездеспейді. Сондай-ақ, жырда:

*Сәлем де Жібек қорықпасын,*

*Өліп кетсем артымда*

*Жібекті еш жаманға қор қылмас,*

*Сансызбай атты інім бар* [85, б. 117], - делінеді. Жырдың басында көрініс беретін аллюзия халқымыздың ұлттық түсінігімен байланысты. Соның ішінде әмеңгерлік дәстүрінің ғашықтық жырларында кездесуі жаңашылдықты көрсетеді.

Осылайша постмодернизм тән белгілердің бірі «аллюзия» тұспал ретінде прозада да, фольклорлық шығармаларда да көрініс табады. Айырмашылығын қалай ажыратамыз? Прозада аллюзия оқырманмен тілдік ойын жүргізу үшін қолданылады. Фольклорда шығарманың көркемдік қуатын, эстетикалық сипатын арттыра түсу үшін аллюзияның қолданылғанын көреміз. Ендігі кезекте постмодернизмге тән белгінің бірі ризматикалық құрылымды қарастыратын боламыз.

### **3.2 Постмодернизмдегі ризматикалық құрылым принципі тұрғысынан жазушы әңгімелеріндегі фольклорлық мотивтерді талдау**

Постмодернизм көркем стиль ретінде мозаикалық, ирониялық, ойын сипаттарымен ерекшеленеді. Постмодернизмнің өзге жанрлардан айрықшалайтын басты белгісі – плюрализм. Бір мезетте бірнеше көзқарастардың болуымен анықталады. Зерттеушілердің анықтауынша постмодернизм бағытын ұстанушылар үшін негізгі тезистер мынадай: «әлем хаос сияқты», «әлем мәтін сияқты», «сана мәтін тәрізді», интермәтінділік, қарама-қарсылық, фрагментті баяндау. Әдебиеттанушы Б. Макхейл модернизмнің постмодернизмге ауысуынан мынадай философиялық негіздері қалыптасатынын айтады: «модернистік әдебиеттің негізі эпистемологиялық проблемадан тұрады, постмодернистер үшін онтологиялық сұрақтар маңызды» [151, б. 42].

Постмодернизмнің айрықша белгілерінің бірі – ризома принципі. Ж. Делез, Ф. Гваттари еңбектерінде 1976 жылы қолданылған. Постмодерн реализациясы нарративті талдау мен дұрыс интерпретациядан тұрады. Аталған бағыт зерттеушілері әрбір мәтіннің әдеби, философиялық, саяси, діни сынды бағытта «код» арқылы танылатынын айтады. Г. Сәулембек зерттеуінде ризома иерархиялық тәртіпке, нақты құрылымдарға қарсы бағытталған постмодернизм философиясының негізгі ұғымы ретінде қарастырылады [150, б. 5]. Зерттеуші ризоматикалық құрылымға тән сипаттардың бірі ретінде шығармада шетелдік сөздердің қолданылуы деп анықтайды. Ризоматикалық құрылым интермәтіндер негізінде қалыптасады, дәлірек айтқанда мәтін негізінде қабылданған ақпараттарды қабылдау мәнмәтінге оралып, бірнеше мәтін түзуінен көрінеді.

Сонымен, постмодернизмдегі ризома принципі желілік, иерархиясыз және диалогтық құрылымдарды сипаттайды. Бұл принцип фольклорда да көрініс табады, өйткені фольклорлық элементтер бір-бірімен байланысты, бірақ белгілі бір құрылымға немесе жүйеге бағынбайды. Фольклорлық аңыздар, ертегілер, жырлар мен мақал-мәтелдер өзара әрекеттесіп, жаңа мағыналар мен интерпретациялар туғызады. Ризоматикалық құрылым көптеген тоғысуларды, қиылысуларды және өзара әрекеттесуді қамтиды. Өз кезегінде фольклор көбінесе ауызша дәстүрге негізделеді, онда сол оқиғалар қайталанып, түрленіп, жаңа мағыналар мен интерпретациялар туады. Бұл фольклорлық мәтіндердің бірнеше рет оқылуын тамырсабақ ретінде қарастыруға болады.

Ризоматикалық құрылымда бір элементтің өзгеруі немесе дамуы басқа элементтерге әсер етеді, осылайша мәдениет ішінде үздіксіз диалог пен жаңару жүзеге асады. Мысалы, әртүрлі өңірлерде бір ертегінің түрлі нұсқалары болуы мүмкін, олар әртүрлі контекстер мен әлеуметтік жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Бұл фольклорлық материалдың динамика мен вариативтікке негізделгендігін көрсетеді. Осылайша, постмодернизм мен фольклор арасындағы байланыс ризома принципі арқылы мәдениеттегі көпқырлылықты, әртүрлілікті және үздіксіз өзгерісті білдіреді. Осы негізге сүйене отырып, біз Ғабит Мүсіреповтің бірқатар әңгімелеріндегі ризомалық құрылымды талдадық.

Ғ. Мүсіреповтің «Қос Шалқар» әңгімесінде ризоматикалық құрылым «түбінде қазынаға бәрін алады» [137, б. 72] аллюзиясын қайта оралу, талдау арқылы көрінеді. Шығармада кеңестік билік жайлы қалыптасқан иллюзияның әсерінен халық арасында барлық меншіктің ортақ болатыны туралы пікірлер қалыптасқан. Әңгімеде «Қос Шалқар» жері жайлы автордың естеліктері беріліп, онда автордың ол жерді үш мәрте көргені баяндалады. Бірінші кезде өзге балалармен бірге жидек теруге барғаны суреттелсе, екінші баруы қазақ жерінде орын алған тарихи, саяси оқиғалармен байланысты бейнеленген. *«Бәрінің де іші ауырған адамдай қабақтары қатыңқы, көңілдері кірбікті. Үмітсіз өкініш барлығы түстерінен-ақ білініп келеді. Жаңа ғана барған жайлаудың қызығы артта қалғаны жігіттерге қатты батып келеді»* [137, б. 70]. Үшінші рет Қос шалқарға Күсен, Болжық, автор үшеуі аттанады. Қосым байдың балалары коллектив боларда көп кедейдің коммунисттер қатарына қосылмауына әсерін тигізген. Шығармада бай мен кедей қарым-қатынасы ризоматикалық құрылым

бойынша өрбіген. Оқиғаның дамуы Қос шалқар өңіріне аттанған үш кейіпкер емес, кеңес билігінің қазақ жерінде орнауы мен көп кедейдің жағдайымен байланысты.

Қаламгердің «Алғашқы адымдар» әңгімесі «Әр үйде», «Басқарма», «Оларда», «Ақбоз ат», «Тұлып», «Молада», «Дүрлігу», «Үшінші жиналыс», «Моладағы сыр», «Сондықтан қаулы» бөлімдерінен тұрады. Шығарма ризоматикалық құрылыммен жазылған. Оқиға бірден колхоз жиналысымен немесе ауылда орын алған оқиғалармен басталмайды. Оқырман үшін колхоз халқымен, тұрмысымен таныстыру мақсатында «Әр үйде» бөлімімен басталады. Бұл арқылы автор кедей тұратын халықтың тұрмысын, тіршілігін бейнелейді. Жантықтың төрт бірдей баласының тоңғаны, олардың бірнәрсеге мазаланғаны суреттеледі. Екінші «Басқарма» бөлімінде Нәжімнің протокол толтырып отырып, жиналысты өзінше қорытынды жасауы берілген. Жаңа асу колхозының есеп-қисабы, протокол қорытындыларын жазу Нәжімнің мойнында. *«Жаңа асу колхозының еңбеккүн есебі деген бір кітап және бар. Ол тіпті «әдемі» жазылған: әуелі колхоз мүшелерінің бәріне де жылдың үш жүз алпыс күні мұрнынан тізіліп бір жазылыпты. Бұған қарағанда колхоз басқармасы, «барлық мүше жыл бойы жұмыс істеу керек» деп ойлаған болу керек»* [137, б. 77]. Колхоз жұмысының, жұмысшыларының «әдемі» есебін Нәжімге дейін де агроном, хатшы, алдыңғы жылғы хатшы жазған. Осы берілген есептің дұрыс еместігі бақташы Қасым, егін еккен бір топ адам, жаз бойына сиыр сауып, картоп еккен бір топ әйелдің дауынан түсінікті. Даудың мәнісі мынадай аллюзиялармен берілген: *«Барлық бәле – егін сала білмейміз», «Көп бірігіп жұмыс істеуші ме еді», «Барлық қылмыс басқармада», «Барлық пәле колхозда», «Колхозымыз құлады», «Басқармаға қосып Есілбай мен Сүгірді жойсақ, сонда көзіміз ашылар еді»* [137, б. 81]. Берілген аллюзиялар негізінде автор колхоз жұмысының жүруі, колхоз тұрғындарының, оның ішінде сексен еркек, елу әйел жұмыс жасаған. Күніне алпыс адам жұмыс шықса да жұмыс күні дұрыс тіркелмеген. «Оларда» бөлімінде екінші бір жиналыс өтіп, Азнабай, Сүгір молданың қатысуымен колхоз жұмысы, жұмысшылар жайы талқыланады. «Ақбоз ат» бөлімінде колхоздың екі момыны, екі ақсағы, екі соқыры, екі жаманы Қиналған мен Ақанның Далабайдың колхозға өткізген ақбоз атын «шолақ белсенділер» мініп жүргенін анықтайды. «Тұлып» бөлімі Жұныс пен Шәкібайдың колхоз жұмысына араласып жүріп, сиыр бағу ісіне кіріседі. Автор сиырдың жайлы мінезін, не берсе де жей беретін жуастығын бейнелей келе, жаңа асу колхозына төрт тайынша мен үш сиыр шығынға ұшыратқан оқиғаны баяндайды. Бұл бөлімде ризоматикалық лабиринт әдісі қолданылған. Зерттеуімізде «ризоматикалық лабиринт» ұғымын «сюжеттік шытырман» деп балама жасадық. Алдымен автор сиыр жайлы айта келіп, Жұныс пен Шәкібайдың болмысын суреттейді. Бір түн ішінде үріккен ту ала сиырдың қора ішін азан-қазанға айналдыруы оқырманды лабиринтке түсіреді. Ризоматикалық лабиринтке, дәлірек айтсақ сюжеттік шытырманға қайталаулар, оқиғаның себебінің түрлі вариациялары деген сипаттары жатады. Жұныс пен Шәкібайдың сиыр бағуға соншама құлшынғаны күні-түні ұйқысы тыныш болуымен түсіндіріледі. Ал автор өз кезегінде сиыр мінезінің

жайлылығын сипаттап кетті. Сиырлардың бұлайша үркуінің себебі қасқырдан не ұрыдан болмай шықты. Солай колхоз басшылығынан тексеріс болып, кінәлі ретінде Жұныс пен Шәкібай танылды. «... Жоқ, жоқ... Біз өзіміз, сиырдың өкіргенінен ояндық. – деп қысылғаннан түн бойы ұйықтайтындарын да айтып қойды» [137, б. 88].

Сюжеттік шытырман Амантай атты кейіпкердің орын алған оқиғаның тұлыппен байланысты екенін түсінгенде анықталады. Ақ бүйрек қара бұзаудың терісінің ішіне азғана шөп салынған әрі сілемдей ала жіпке байланған, ал ту ала сиырдың құйрығында ала жіптің үзігі жүрген. Осылайша автор оқиғаның неден орын алғанын айқындап көрсетпесе де, Амантай бейнесі арқылы жеткізеді. «Молада» бөлімінде Кәрім, Дайыр, Дәйкеш, Шардамбай сынды кейіпкерлер сомдалған. Жаңа асу колхозының тұрғындары колхоз басқармасының «қараңғы қылығын» сөз етісіп, молада ақ киімді адамнан дүрлігіседі. «Дүрлігу» бөлімінде: «Қалқоз-Қалқоз деп ағайын иттей ырылдасып бара жатқаны да сол зой... Сүйтіп жүріп ақыр заманның келгенін бір-ақ біліп қалмақпыз да, ағайын қайта табысуға мұрсаңда келмес әлі» [137, б. 90], - деп колхозға біріккен ағайындар арасындағы қайшылықтар айтылған. Бұл бөлімде ауыл тұрғындарына сиырлардың өкіруі, ақбоз ат жайы жетіп, оқиғаның діни, магиялық сипаттарын әшкерелеуге тырысады. «Кереметтер» деген аллюзия арқылы шығарма кейіпкері Қайыр орын алған оқиғалардың барлығы адам ісі екенін, соның ішінде байлардың жасағаны деген қорытындыға келеді. Бұған дейін де жұмыс сағаты дұрыс есептелмей отырған халық үшін бұндай «керемет» оқиғалар дүмпудің басты себебі саналған. Қарапайым халық Рамазан басқармаға қарсы бірігіп, дәлелдерін жинап аудандық тексерушіге алып кетеді. «Үшінші жиналыс» бөлімінде Рамазан басқарма, Есілбай молда, Сүгір молда, Жанғали, Исақмет сынды шолақ белсенділердің халықтың қоңыр жорғасы, алып жирен, қасқыр күрең, ақ тобық жануарларын алып кеткені анықталды. Үш күн мал араласып кетуінен төрт сиыр, он торпақ, жиырма екі қой шығын болғаны айтылды. Егін шаруашылығының жайы да мәз емес. Жау талағандай күйге түскен егіннің тұрысында, құрал-сайманнан жұрдай жағдайында, оның ішінде ұрланғанында, бүлінгенінде басқарманың жұмысы жоқ. «Колхозымыз мынау ескі шапандай тігісінен сөгіліп бара жатқан. Отыз шақты үй басқа жерге көшіп кетті. Шығамыз деп лобылып жүргендер де аз емес» [137, б. 102]. Бұл бөлімде шығарманың негізгі түйіні ашылады. Колхоздың ыдырап бара жатқан тұрмысы, жағдайы, басқарма басшылығының әрекеттері, оның қарапайым қара халыққа әсері баяндалған. Оқырман үшін шығармада баяндалатын оқиғаның әсерін күшейту мақсатында қарапайым шаруа адамы Жантықтың шаңырағындағы оқиғаны суреттеуден көрінеді. «Моладағы сыр» бөлімі барша билік өкілдерінің сипатын толық көрсетеді. Есілбай, Сүгір, Ескендір, Жұмаш, Рамазан, Жұмаштың балдызы, Рамазанның қайнағасы және екі-үш әйел ауыл бейітіне жасырған бидай, сұлы, ет, шай, қант, кездеме, ішік, кілем сияқты заттарын жасырған болып шығады. «Сондықтан қаулы» бөлімінде мынадай деталь бар, яки Жаңа асу колхозында неше түрлі істер орын алатыны берілген. Әсіресе, аллюзия арқылы жеткізілген: «төрт-бес қой өліп қалыпты», «екі-үш сиыр жарылып қалыпты»,

«екі-үш үй көшіп кетіпті», «пәленше атын сойып алыпты», «басқарма біреуді сабапты», «бүгін астық ұрланыпты». Бұл арқылы қаламгер оқырманға ой тастап, ауыл шетіндегі бейітте жасырылған қазыналардың қайдан шыққанын көрсетеді. Осылайша автор кеңестік билік кезіндегі билік иелерінің былықтарын бейнелеп, «әлем-мәтін» түсінігінде ризоматикалық құрылыммен жеткізген. Егер автор классикалық үлгіде оқиғаның дамуымен жеткізетін болса, бұлай әсерлі шықпайды. Сол кезеңдегі тарихи, саяси жағдайлар көрінбей тасада қалар еді.

«Шұғыла» әңгімесінде де сюжет құрылымы ризоматикалық құрылымға негізделген. Әңгіменің басы Егізек үйіне қонаққа түскен он төрт күн, он төрт күн түн жүрген қонақтардан басталады. Кейіннен әңгіме тақырыбы кеңестік билік, кедейлердің жағдайына алмасып, бұған дейінгі орын алған оқиғалар суреттеледі. Шығармада кеңес билігі өкілінің мынадай сөзі цитата ретінде берілген: «*В Казахстане ни карипов, ни касиров, ни джесиров нет!*» [137, б. 114]. Осылай шығарманың қуатын, негізгі ойын ұранды сөз арқылы түсіндіреді. XX ғасырдың отызыншы жылдары кеңес билігінің орнауы көп жағдайда кедей мен бай арасының алшақтығын тудырды. Байлар үкімет ісіне араласып, жаңадан құрылған колхоз бастығына айналып, қара халыққа құқайды көрсетеді. Бұл арқылы қаламгер қазақ даласында кеңес билігінің орнауы, халық үшін тіптен жат тұрмысты қалай қабылдағаны суреттелген. «*Қызығы енді келе жатыр*» деген аллюзия арқылы қазақ кедейінің көрмеген қиындығы, тартпаған тауқыметі қалмағанын көреміз. Оқиға кедейдің көрген қиындықтарынан басталса, шығарма мұншалықты қуатты, сол кезеңнің саяси сипаты берілмес еді. Автор ризоматикалық құрылымды тиімді пайдаланып, қазақ кедейлерінің тұрмысы, тіршілігі сипаттарын нақты бейнелеген.

«*Сұраныл Есрафил*» шығармасында еңбек адамдарының болмысы бейнеленген. Әңгіме бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімнен-ақ қаламгер ризоматикалық құрылым негізінде оқырманға әңгіменің барысын ойға салады. «*«Қайрақтының» осы жақ беті Жалтыртөбе, ит байласа тұрғысыз бір ызғырық; оң жақ беті аңырайған кең аңғар. Осы аңғарға қар астында қалған жолды аршуға бір топ адам барыпты, Есрафилді солар жеңіп, жолды тартып алыпты*» [137, б. 123]. Бірінші бөлімде келтірілген үзінді арқылы боранды далада теміржол салуға аттанған бір топ кейіпкерлердің ерлігі суреттелген. Қазақ даласын бір шетінен екінші шетіне байланыстыруға үлесін қосқан: бригадир Есім, алпысты алқымдаған Сейтен, Аспазшы Қасен, Петр Семонич Капица, Наталья, Миша, Сережа, Лида. Бұл топтың ерекшелігі адам аздығында, бәрі де теміржол саласының білгірі, бригада үлкен дайындықпен келгенінде. Мәселен бригада мүшесінің бірі жай күрекші ғана емес, шпал төсеп, рельс салып, оны бекіту сынды жұмыстарын атқарады. Қар астында қалған Қасенді өзге жолдастары тауып, қар астының жылы келетінін жұмыста тиімді пайдалануға тырысады. Берілген тапсырма Арқаның құба жонын, Ақмола мен Қарталы аймағын байланыстыру еді. Шығармада еңбек ету жолында тайсалмаған кейіпкерлер арқылы автор еңбектену маңыздылығын жеткізеді. Бұл ретте ризоматикалық құрылысты негізге ала отырып, шығармадағы суреттелетін

табиғат құбылыстарын, сұрпал Есрафилді жеңетін бір топ бригада жайын айтып өтеді.

Қаламгер шығармашылығында фольклорлық бастауларды қолдану арқылы қазақ халқының ежелгі мифологиялық дүниетанымын бейнелейді. Бейнелеп қана қоймай, мифологиялық дүниетанымға өз заманы бойынша баға береді. Көнерген түсініктерді, ықтиярсыз сенімдерді өз заманына лайық емес көреді. Бұрыннан қалыптасқан түсініктердің астарында саяси, тарихи қажеттіліктерін барын көрсетуге тырысады. Сондай әңгімелерінің бірі – «*Ер Қаптағай*».

«Ер Қаптағай» әңгімесінде қазақ арасына ислам дінін таратуды көздеген Әзірет Әлі, батыр Қаптағай жайы айтылған. Шығармада: «*Жорық желісін Ескендір Зұлқарнайыннан гөрі де ұзынырақ тартам деген атақты алып Әзірет-Әлі бүгін осы Найман ішіне келіп қалыпты деген лақап тарап еді*» [137, б. 138], - деген жолдардан Ескендір Зұлқарнайынның Сырдарияға дейін келіп, сақ даласын жаулап ала алмағаны жайлы ақпаратты ойға салады. Бұл жерде Ескендір Зұлқарнайынның образы реминисценция ретінде қолданыс тапқан. Туындының негізінде адам бойындағы ірілік қасиет қана кейінгі буынға аңыз ретінде таралатыны жатыр. Постмодернизм мәтіндерде мәдени, саяси, тарихи жағдайлар, кейіпкерлерге сілтеме беріліп, образы шығармада да қолданыс табады. Дегенмен Әзірет Әлі бейнесі арқылы постмодернизмнің симуляция деген негізгі ұғымы танылады.

Симулякр термині постмодернистік эстетиканың негізгі ұғымдарының бірі ретінде анықталады. Алғаш рет Платон еңбектерінде «көшірменің көшірмесі» деп айқындалып, қолданылған. Кейіннен симулякр ұғымы Ж. Батай, Ж. Делез, Ж. Бодрийяр, П. Клоссовский зерттеулерінде симулякр көшірме ұғымынан алшақтап, сол арқылы әсердің қалыптасуы, идеяның симуляциясы деп анықталады. Солай симулякр сөз реализацияның негізінде қалыптасқан мистикалық сипаттағы «ішкі тәжірибе» ретінде көрінеді. Симулякр сол құбылыспен ұқсастығы жойылған образ, дегенмен соған тән иллюзия қалыптастырады. Симулякр мәдениеттен алыс емес. Оның себебі барлық түсініктер жойылғанмен, оның мәні сақталып қалумен байланысты. Қазіргі медиадағы қолданылатын символдардың өзіндік мәні барынан симулякр бейнесі көрінеді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, симулякрдің қолданылуы постмодернистік бағыттағы жазушыларда ғана кездеспейтінін айтады. Осы себептен симулякрдің әлеуметтік психотехника екенін көреміз. Ж. Деррида еңбектерінде коммунистік идеяны симулякр екенін анықтайды. Солай кейбір зерттеушілер биліктің симуляция құбылысын тудыратынын айтады. Дегенмен симуляция барлық сферада қолданыс тауып, өзіндік мәнге ие болады.

Шығармадағы Әзірет Әлінің батыр Қаптағайға ислам дінінің мәнісін жеткізбек болуы, оны Қабан батырдың, Қаптағай батырдың өзінің қабылдамауы туындыдағы кеңістік, уақыт сипаттарының, әлеуметтік шынайылығымен сәйкес келмейді. Себебі симулякр көркем шығармада екі түрлі қызметті атқарады: осыған дейінгі шындықты жояды да, жаңа шындықты қалыптастырады. Әлеуметтің тұрмысы арқылы симулякрді ерекше типті құбылыс ретінде



анықтап, онтологиялық құбылыс ретінде интерпретациялауға болады. Осылайша шығармада Әзірет Әлі үшін, оның осы кезге дейін мекендеп келген ел-жерлері үшін объективті шындық ислам дінімен байланысты болса, көшпенді тұрмыс кешкен Қаптағай, Қабан батырлар үшін шындық қоғамдық ортасымен анықталады.

Шығармада бейнеленген Әзірет Әлі образы нақ сол образды емес, халық санасында жатталып қалған бейненің көшірмесі ретінде сомдалған. Осы себептен де Әзірет Әлі болмысы симулякр әдісімен бейнеленген. Қазақ жерінде сопылық ілімді таратқан Әзірет Әлінің батырға ислам дінінің маңызын, құндылығын жеткізе алмауы шығармадағы постмодерндік сипатты аңғартады. Симулякр бейне сол образдың нақ өзін сипаттауды мақсат етпейді, керісінше сол бейненің көшірмесін қалыптастырады. Шығармадағы Әзірет Әлі өмірде болған, тарихи тұлға Әзірет Әлінің өзі емес. Автор бұл тәсіл арқылы қазақ жеріндегі ислам дінінің мәселесіне назар аудартады. Кең даланы көсіле шауып, еркін жайлаған халықтың ислам дінін бірден маңыз көрмегенін аңғарамыз.

Арал теңізшілерінің тұрмысы бейнеленген *«Жиырма төрт сағатта»* шығармасында Лениннен келген Еділ қалмақтарына көмек беру жайлы сәлемдемесі деген саяси мәндегі тақырып көтерілген. Кеңес билігінің орныққан кезеңі, Арал теңізі арқылы күн көрген халықтың тұрмысы бейнеленген. Лениннің Арал теңізі балықшыларынан Еділ өңірінде орын алған ашаршылыққа көмек беруін сұраған хаты, оны орындау жиырма төрт сағат ішінде жүзеге асуы, оны сол мерзімде орындауға тырысуы қарапайым халықтың пейілінің кеңдігін көрсетеді. Коммунистік идеяға беріктік, адалдық суреттелген шығармада сюжеттік құрылым ерекше назар аудартады. Ризоматикалық құрылымда жазылған туындыда оқиға Томаршаның хат алуынан басталып, ауыл тұрғындарымен кездесіп жеткізуі, одан кейін өз үйіне келуі, Лениннің екінші хатын алуы, ауыл тұрғындарымен кездесуі бейнеленген. Оқиға арасында Томаршаның неліктен Томарша атанғаны, ауыл тұрғындарының Томаршаға көзқарастары берілген. Лениннен келген арнайы сәлемдемеге қуанған халық қалайда Еділ өңіріндегі халыққа көмектесуге бел буады. Автор еңбек адамдарын суреттеу арқылы қазақ жеріндегі тарихи, мәдени, саяси оқиғаларды нақты жеткізеді.

*«Бірінші фонтан»* шығармасында автор Маңғыстау өңірінде атқылаған мұнай жайын, ондағы мұнай бұрғышылардың, инженерлердің қызметін көркем бейнелеген. Қазақ жерінде алғаш мұнайдың атқылауы Жем өңірінде орын алып, кейіннен Маңғыстау өңірінде де мұнайдың мол қоры бар екенін анықталған. Имплицитті цитата арқылы қаламгер қазақ даласында орын алған өзгерісті жеткізеді: *«Азербайжан, Татария, Башқұрт мұнайшылары қуаныш білдіріпті. Қазақстанға көп ұзамай мұнай бәйгесіне түсер күнді тілепті»* [137, б. 226]. *«Шаң Маңғыстау – май Маңғыстау болғаны»* [137, б. 224], - деп құмды дауыл орнына майлы атқылау орын алғанын көрсетеді. Мұнайдың дариядай атқылап, еңбек адамдарын ғана емес, бүкіл қазақ даласын қуантқаны, осындай қуанышты хабарды алғаш қабылдау сәтін суреттеу арқылы үлкен өзгерістің басталуы екенін қаламгер туынды негізінде жеткізеді.

«Айгүл қойшының бір күні» шығармасы – СССР Жоғарғы Советінің депутаты атанған Айгүл туралы. Жиырма жылдан астам уақыты шопандыққа кеткен Айгүл дала, қой үнсіздігінің мәнісін жазбай танитын күйге жеткен. Шығармада Шыңғыс ханның қолбасшысы болған Сүбітай батырдың Сыр өңіріне келіп, халық тіршілігінде жуа, сәбіз, шалқан жегенін көріп, төрт аяқты малды бағуға әмір бергені жайлы аңыз берілген. Сүбітай батыр образы реминисценциялық сипатта суреттелген. Мистикалық, мифологиялық негізден Сүбітай батырдың болмысын реминисценциялық бағытта көрсету арқылы көшпелі тұрмыстың халық арасына таралу себебі ретінде көрінеді. Су шаруашылығының жайы: *«Көшпелі әдетіміз әлі басым. Ұмыта алмай келеміз. Кейде бүгінгіні ғана ойлауға үймелесіп қаламыз. Ертеңгінің бар мұңы суда ғой. Тыңдардың тыңы су емес пе. Қазақ жеріндегі жеті жарым мың өзеннің бірде-бірі қолбала болған жоқ. Ғалымдарымыз жер астында жатқан он шақты теңіз барын ашты. Білекті сыбанып жіберіп, балақты түріп жіберіп, қолға алар іс емес пе! Құм теңізіне үйренген көз су теңізін іздемей ме екен! Жатсына ма екен!»* [137, б. 229]. Осылай мал шаруашылығын анық-қанығына көз жеткізген Айгүлдің терең түйсігі алдағы болашақтағы негізгі мәселені көтереді. Бүгінгі таңда зерттеушілер Орталық Азияда су тапшылығы орын алатынын болжап отыр. Қаламгердің әлеуметтік, тарихи, мәдени, саяси мәселелермен қатар, экологиялық мәселелерге бейжай қарамайтынын көреміз.

Шығармадағы оқиғалар ризоматикалық құрылымда дамиды. Өткенге оралу арқылы соғыс жылдары тұңғышынан айырылған Айгүлдің өткені бейнеленеді. Жаңа туылған қозыларды қолына алғанда баласынан айырылғаны есіне түсіп, өткеннің елесі жүрегін қозғап өтеді. Мал шаруашылығымен айналысатын халық үшін әр кезде қиындықтар туындап тұрады. Әңгімеде Қасқырсайға Сыр өзенінің арнасы ығысып ағатыны, оның қойларды жайлауға өткізбейтіні бейнеленген. Автор «от пен су – тілсіз жау» деген аллюзияны табиғат тосын мінезі бағамдаудың мүмкін еместігін жеткізеді. Қазақ әдебиетінде табиғаттың тосын мінезі сипатталатын Т. Жармағанбетовтың «Отамалы», Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» шығармаларында да адамзаттың табиғат алдындағы әлсіздігі көрінеді. Сол секілді бұл шығармада да адамзат пен табиғат алдындағы әлсіздігі бейнелі жеткізілген.

Құстың табиғатын терең түсінген қаламгер құстар әлемін көрсету арқылы биіктік, тәкаппарлық сынды мінездерді *«Қыран жыр»* шығармасында жеткізеді. Мифологияда қыран, бүркіт архетипі аспанның, желдің иесі ретінде анықталады. Якут халықтарында қыран архетипі көктем белгісі, күн иесі саналса, Европа халықтарында қыран құс пен желдің құпия байланысы айтылады. Ерте заманда өмір сүрген көшпелілер танымында қыран құс күрестің символы деп айқындалады. Күрес символы күн мен түннің алмасуын, жаз бен қыстың ауысуы, үстіңгі әлем мен жер асты әлемінің байланысын көрсетеді. Туындыда қыран құстар әлемі суреттеліп, табиғатына сай болмысы көрінеді: *«Өз бетімен жүрген шал-қыранға соқтығып несі бар еді? Соқтыққан екенсің, көрсеткен ерлігің қайсы? Тақала бергенде тайқып кеткенің бе?»* [37, б. 246]. Шығарманың қорытындысында қыран құстың табиғи болмысы, биіктікке

құмарлығы жайлы мынадай ой бар: *«Ұшу деген қандай жақсы еді! Негып сонша ұшпай отырғамыз? Дүние деген қандай кең еді! Тар ұяға қалай сыйып отырғамыз? Дауыл деген қандай жақсы еді! Ұша алмасты ұшырып әкетеді екен-ау... Қанша уақыт бөстегін бұлғап отыра берген мешеу едік қой. Дауыл көтеріп аспанға шығарды емес пе! Енді осылай шарықтай беретін шығармыз. Арман деген осы да, қуаныш деген осы да!»* [137, б. 250]. Шығарманың құрылысына назар аударатын болсақ, қаламгер ризоматикалық құрылымды тиімді қолдана білген. Оқиға аңшының бүркітімен түлкі алуымен, қайырлы болсын деген көршілердің жиналуымен басталады. Кейіннен осы оқиғаға дейінгі Сарбалақтың өзгерісі суреттеледі. Бұдан кейін барып қана келесі оқиғалар тізбегі берілген. Сарбалақтың Тасқара мен Ұябасар қатарына қосылып, табиғи тілегін орындауға ниет еткені аңғарылады.

*«Талпақ танау»* әңгімесінде қазақ арасында жиырмасыншы ғасыр басындағы колхоздастыру кезеңінде төрт түлік малмен қатар шошқа бағу да маңызды іс саналғаны жайлы айтылған. Халқымыз ислам дінін негіз етіп, шошқа жануарын бағуды лас жұмыс көрген. Шығармада кеңестік биліктің орнағанынан кейін, колхоз жұмысын тиімді орындау мақсатында шошқа малын өсіру тапсырылады. Бұған үйренбеген қазақ халқы алғашында жиіркенге қарайды. Әңгіме басы түйе жануарын сипаттаудан, мадақтаудан басталады. Түйе жануарының: *«Қаратаудан көшіңді көшірмедім бе? Қарағандының көмірін, Қарсақпайдың сұр тасын тасымадым ба? Түркісібіті салыспадым ба? Бірінші тракторды ауылға сүйреп әкеліспедім бе мен?»* [138, б. 252], - деген аллюзиялар арқылы қазақ руханиятында, мәдениетінде айрықша жануар екені айтылған. Бұл үзіндіде түйе жануарының адамдай сөйлеп, ойлану қабілетін көрсететін бірнеше маңызды аспектілер бар. Осындай антропоморфизм (яғни, жануарларға адам қасиеттерін беру) фольклор мен мифологияда кеңінен таралған. Қазақ фольклорында да жануарларға адам кейпін беру, оларға сөз бен әрекет беріп, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысты етіп көрсету жиі кездеседі.

Постмодернизм тұрғысынан, бұл үзіндідегі түйенің сөйлесуі – антропоцентризмнен (адамшылықтан) бас тартудың белгісі. Жануарлардың адам секілді ойлана алуы, әлеуметтік қауымдастықта өзіндік пікірлері бар кейіпкерлер ретінде көрсетілуі – постструктурализм мен ризоматикалық принциптің бұзылуында көрінеді. Яғни, оқырманға белгілі бір дәстүрлі мәдениет пен идеологияға қарсы қойып, жеке тұжырымдарға жетелейтін қосымша мағына мен динамика ашады.

Көшпелі дүниетаным негізінде халқымыз көші-қонына ұтымды, ислам дінінің аясында таза деп танылған түйе жануарын өсіріп отырған. Кейін замана өзгерісінен соң бұл тірлікке жаңа малды өсіру қажеттігі туындайды. Түйе малының қазақ халқына жақын болуы көнбіс, ерінбейтін еңбекшіл, бейғам болмысымен байланыстырады. Сонымен қатар түйе атауын естігенде мынадай ассоциациялар қалыптасатынын көреміз: Киіз үйдің «шаңырақ» ұғымымен байланысы; Қол жетпейтін сұлу қызын, жел жетіп қуа алмайтын жануарын «Бота көз» деп еркелеткені; сай-сүйекті сырқырататын «Боз інген» күйі де түйе малына қатысты қалыптасқан. Ал болмысы, бітімі, шаруашылық жайы мүлде

бөтен шошқа малын өсіру қазақ үшін жиіркенішті саналды, алайда тез өсіп-өнетін мал ретінде кеңес дәуірінде біртіндеп шаруашылыққа енгізіліп, еріксіз өсіре бастаған. Шошқа жануары туралы: *«Көшпелі елдің шаңырағын арқаламағанымен, мал шаруасында тарихи орын алатындарына талпақ танаулар да сенімді қорсылдайды»* [137, б. 257]. Халық арасына «талпақ танау» деп танылған шошқа жануары «Жаңа жол» колхозына мол өнім беріп, атағын аспанға шығарады. Осылай жаңа заманға сай жаңа шаруа қалыптасып, халық арасына сіңуі, таралуы үлкен өзгерістер арқылы жүретінін көреміз.

Фольклорлық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Әсіресе композициялық, фабулалық өзгешеліктерін ертегі, аңыз, миф, жыр сынды жанрларынан анықтаймыз. Фольклорлық шығармалардағы композициялық құрылым мынадай болып келеді: оқиғаның басталуы (ерте-ертеде, ешкі жүні бөртеде және т.б.), негізгі оқиғаның байланысуы, сюжеттің дамуы, кульминация, оқиғаның шешімі, аяқталуы. Қазақ ертегілерінде, жырларында оқиғаның басталуының өзіндік ерекшеліктері 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – Қазақ эпикалық фольклорындағы композициялық ерекшеліктер

Ертегілер	Батырлар жыры	Ғашықтық жыр	Миф / аңыз
Ғажайыптан туу мотиві: «Ер Төстік», «Жарты Төстік», «Кер құла атты Кендебай» және т.б.	Бір балаға зар болу: «Алпамыс», «Қобыланды», «Мұңлық-Зарлық» және т.б.	Бір-бірімен құда болуға уағдаласудан, бесік құда болудан басталады: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Еңлік-Кебек» және т.б.	Аспан денелері жайлы, діни тұлғалар жайлы, қоршаған орта жайлы және т.б. мифтер бар.
Ғажайыптан туу, ата-анасының балаға зар болуы, тез ержетуі, қалыңдығын іздеуі, өз елін қорғап, әкесін патша етуі.	Перзентсіз ата-ана, батырдың ғажайыптан туылуы, батыр болып өсуі, жарын іздеуі, елін, жерін қорғауы.	Екі байдың бесік құда болуға уәделесуі, кейіннен байдың кенеттен өмірден өтуі, уәдесінен тайған екінші бір байдың көшіп кетуі, қызын басқа біреуге ұзатпақ болуы, қос ғашықтың бір-бірін табуы	Дүниенің жаратылысы жайлы

Ертегілер мен батырлар жырындағы батырлардың айырмашылықтары бар. Ертегілерде батырлар тылсым күштермен күрессе, батырлар жырында басқа тайпаның өкілдерімен тартысқа түседі. Қазақ зерттеушілері түркі халықтарына тән батырлар жырында эпикалық дәстүрдің дүниетанымға, әлеуметтік көзқарастарға сәйкес өзгеріп отыратынын анықтаған. Ертегілер мен батырлар жырындағы сюжеттік, композициялық ұқсастықтар дәріптеумен, әсерлі бояуымен көрінеді. Бұған себеп әлеуметтік ортадағы батырлардың маңызды тұлға болғанын көрсетеді.

Постмодернизмдегі тереңдік мағыналардың үйлесімінен, сюжеттік дамудың ретроспективті, перспективті қабаттарынан көрінеді. Соның ішінде ризома шығармадағы кеңістікке, уақытқа қатысты ұғымдарды жоққа шығарады.

Нақтырақ айтатын болсақ, оқиға бірнеше нұсқада баяндалып, оқиғаға бірнеше тараптан қарайды. Осылайша шығармадағы уақыт, кеңістік ұғымдарының мәні азаяды. Фольклорлық шығармалардағы оқиғалардың реттілігі көбіне мынадай: бір балаға зар болған ата-ана, әулиелердің басына түнеуі, әулиенің жарылқауы, көптен күткен баланың дүниеге келуі, баланың жылдам өсуі, елін-жерін қорғау және т.б. Десе де фольклорлық шығармалардағы баяндау негізгі оқиғаға дейінгі «кіріспе» жайттарды бейнелеуден басталады. Бұл көбіне постмодернизмдегі «ретроспекция» ұғымына сәйкес келеді. Аталған термин «өткенге оралуды» білдіреді, сонымен қатар негізгі оқиғаға дейінгі оқиғалар легін суреттейді. 3-кестеде фольклорлық шығармалардағы «ретроспекция» ұғымының бейнеленуі берілген.

Кесте 3 – Фольклордағы «ретроспекция» құбылысының берілуі

Ертегілер	Батырлар жыры	Ғашықтық жыр
1	2	3
<p><i>Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, заман қиын келтеде, өте дәулетті, байлығы домаланған, жорғасы жорғалаған, абыройы асқақтап бір қауым елді ұйытып билігін жүргізген аса абыройлы Ерназар деген кісі өмір сүріпті («Ер Төстік» 1-нұсқа, «Ер Төстік» 2-нұсқа)</i></p>	<p><i>Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын жерінде. Қоңырат деген елінде Байбөрі деген ел шықты, Тоқсан мың екен қарасы Мұрындық ноқта тимеген, Түйешілер мінбеген... ...Сонша бай болса да, Жоқ еді ердің баласы... «Алпамыс» батыр жыры Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын жерінде. Қоңырат деген елінде Байбөрі деген ел шықты («Алпамыс» батыр жыры)</i></p>	<p><i>Сол байда үш қатын бар, тоғыз ұлды, Есепсіз Тәңірі берген сонша нұлды. Еліне келген бір кеселден Бірі қалмай тоғыз ұл бәрі де өлді. Тоғыз ұлмен ажал жетіп бәрі де өлді, Ашумен алты қатын тағы да алды. Базарбай сексен жасқа келген шақта Тауыпты кіші қатын тағы бір ұлды («Қыз Жібек»)</i></p>
<p><i>Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты. Қазанқап құс атып күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен, осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті («Керқұла атты Кендебай»)</i></p>	<p><i>Бұрынғы өткен заманда, Дін мұсылман аманда, Онсан Ноғай елінде, Шанишар атты ханы бар, Ғадалатты хан екен, Қайыры тиген жаһанға. Бір перзентке зар болып, Алтыс қатын алыпты... («Мұңлық-Зарлық»)</i></p>	<p><i>Екеуіміз де шырағым, жасқа жеттік, Дүниеден перзент сүймей, арманда өттік. Ендеше ит айдаған бай екенбіз, Кел, дос болсақ, қайтеді қияметтік?! Ауыр, дәулет беріпті алла несін, Аузынан уағдамен сер берісіп. Екеуі жапан түзде бек сөйлесіп, Дос болды ақыреттік, құдай десіп («Қозы Көрпеш Баян сұлу»)</i></p>

Бұндағы берілген мысалдарда ретроспекция құбылыстары орын алған. Мәселен «Ер Төстік» ертегісіндегі Ерназар байдың тоғыз ұлының болуы өткенге оралу принципіне сай келеді. «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің өмірге келмес бұрын тоғыз ағасының аурудан ажал табуы да – өткенге оралудың айқын көрінісі. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қарабай мен Сарыбайдың уәделесуі, ақыреттік дос болуға ниет білдіруі де негізгі оқиғаға «кіріспе» саналады. Негізгі оқиғаға дейінгі суреттелген оқиғалардың легі ретроспекция деп анықталып, фольклордан мысалдар келтірілді.

Осылайша фольклорлық мұралардың бүгінгі жалғастығы постмодернизмде айқын көрінетінін анықтай түсеміз. Осы мысалдар қазақ фольклорының динамикасын, өзгеру мен жаңаруын көрсетіп, постмодернистік ризома принципімен тығыз байланысты екенін аңғартады. Фольклорлық шығармалар уақыт өткен сайын өзгеріп, жаңарып, жаңа контексте өмір сүреді, осылайша мәдениетте терең із қалдырады. Бұл тұрғыда фольклорлық дәстүрлерді заманауи тақырыптар мен формалармен астасып жатқан жаңа шығармалар мен әңгімелер тудыратын төл дерек көзі ретінде қарастыруға болады. Сонымен, постмодернизмнің ризоматикалық құрылымы мен фольклор арасындағы байланыс мәдени-әдеби құбылыстардың күрделілігі мен жан-жақтылығын атап көрсетеді, талдау мен түсіндірудің жаңа көзқарастарын ашады. Келесі тараушада жазушы әңгімелеріндегі фольклорлық мотивтер мен постмодернизм арасындағы байланыстарды тереңірек зерттеп, жаңа тұжырымдар жасау үшін өзге де құбылыстарды анықтаймыз.

### **3.3 Постмодернистік тәсілдер (пародия, ремейк, пастиш) арқылы көрінетін авторлық ерекшелік**

Постмодернистік бағыттағы қаламгерлер авторлық ерекшелікті алдыңғы орынға шығарады. Заманауи философтар көбіне постмодернизмді «тілдік ойын» деп анықтайды. Бұдан автордың ерекшелігі мынадай постмодернистік тәсілдер: пародия, пастиш сынды элементтермен ажыратылады. Бұл арқылы әр оқырман мәтіннің негізіндегі уақыт шегімен «кейінге қалған», «мағынасыз көрінген» сөздерді тыңдап, қабылдай білуі керек. Пародия түсінігі күлкі ұғымынан бастау алады. Дегенмен постмодернистік бағытта пародия әдеби күрестің, бақталастықтың, ойынның, иронияның көркем шығармада көрінуімен байланысты анықталады. А.В. Кубасов «пародиялық» терминін қолдана отырып, әдеби күрес орнына мәтін прагматикасы қалыптасқанын айтады [152, б. 24]. Ойынға, пародиялық ерекшелікке сәйкес қазіргі таңда пародия ремейк пен апгрейт ұғымдары арқылы анықталады. Бұл жерде пародия авторлық баяндау стиліне, әрекеттің орын алған уақытына қарамастан анықталады. Е.Н. Шагалова шетелдік сөздер сөздігінде ремейк ұғымының екі түрлі мағынасы барын көрсетеді [153, б. 572]:

1. Өнерде белгілі бір құбылыстың немесе бұрыннан бар құбылыстың жаңа нұсқасы;

2. Бұрынғы кезеңде қолданыста болған элементтердің, оның ішінде салт-дәстүрдің қайтадан қолданысқа ие болуы.

Осылайша, ремейктердің қолданылуы бұрын қолданылған, дайын мәтіндердің оқырмандар арасында сұранысын тудырып, оқырманға канондық мәтінді еске түсіріп, классикалық үлгідегі шығарманы қайта оқуға, еске түсіруге мүмкіндік береді. Ал апгрейд ремейкке қарсы мағынада анықталады. Қандай да бір құбылыстың кейбір бөліктерін өзгерту арқылы толықтыра түсу. Апгрейд үлгісінде жазылған шығармалардың бірі – «Анна Каренина» [154, б. 30]. Осылайша екі ұғымның айырмасы былай көрінеді: апгрейд түпнұсқаның қысқартылуы, ремейк арқылы қалыптасқан классикалық сюжеттің интерпретациясы көрінеді.

Қазіргі кезеңде кең тараған постмодернизм шығармаларына тән белгілердің бірі – пародия. Бұл жерде жай ғана сықақтау ғана емес, сол кезеңнің сипаты, қоғамның бейнесі сомдалады. Ғ. Мүсіреповтің «Тулаған толқында» шығармасында Оспан образы былай суреттелген: *«Бұл ауылдың осы күнгі адамы Оспан болыс. Өткен сайлауларда болыстыққа таласқан мырзалы тұқымын ақшамен ұрып жығып, қансыратып отырып, болыстықты тартып алған. Желкесі жап-жалпақ, кеудесі қаңқайған. Кеудесімен тұтасып кеткен күждей мойында бір қазан етті бас. Екі көздің құйрығы, екі елідей қысылған. Қара табақтай жалпақ бетті. Таңқизған саңырау таңау, таңқы мұрт, бұйра қара сақалды. Арам майы сыртына шығып, киген киімі жып-жылтыр, ала дамбалдың ауы өмір бойы тізесінен кетпейді. Семіз балтыры мәсінің қонышын сөгіп жібереді де, бір жағы қайырылып о да үнемі жалбырап жүреді. Ала дамбалдың кір-кір ала бауы, о да өмір бойы Оспанның тізесінен бір жоғары шықпайды. Екі кісі бас қосса, дыбырлап, ық-жөнді көп елең қылмайтын дарақы адам, бірақ, бұл Шынтемірдің Оспаны! Бұл – баққа «лайық», мың үйлі елді билейді! Бұл жұртты жалмауыздай жалмайды. Бұл – Оспан болыс!.. Мұның үйінде күн-түн салпақтап он бес-жиырма жалшы, сауыншы жүреді, бұларды Оспан қоса-қабаттап сорады. Оспаннан қалғанды жалшылар жейді, есік алдында жатқан төбеттер жейді... Бұл – атақты бай, Шынтемірдің Оспаны...»* [137, б. 16]. Берілген үзіндіде болыс болған Шынтемірдің Оспаны пародияға, иронияға толы болмысы суреттелген. Автор сол кезеңнің болысын жалғыз Шынтемірдің Оспаны арқылы объективті түрде жеткізген. Бүтін болмысын суреттеп, сөйлетіп Оспанның «баққа лайық» болуы да пародиялық тәсіл арқылы көрініс тапқан. Әлем-мәтін түсінігінде кейіпкерлер әлемі болсын, табиғат суреттеулері болсын, жалпы барлық баяндаулар авторлық ерекшеліктері анық көрінеді. Соның ішінде пародия тәсілі арқылы автордың ерекшелігі айқын аңғарылған. Қаламгер жай ғана Оспанның бүтін-болмысын бейнелеп қана қоймай, сол суреттеуді күшейтіп «Шынтемірдің Оспаны» деп қолданған. Баққа, билікке «лайық» адам түрі мынау деп сипаттап, ирониялық астармен болыс, төраға сайланатын адамдардың жиынтық образын жасап шығады.

«Алғашқы адымдар» әңгімесінде Есілбай, Рамазан, Жанғали, Сүгір молда образдарын сомдауда пародия тәсілі қолданылған. Есілбай барлық оқиғаның себепшісі әрі кәрі күшік, кәрі шошқа атанып, көзі тірісінде ауыл арасын

бүлдірмей тұрмайтыны ирониялық түрде жеткізілген. Рамазан да үрген иттей оңбағандығы, төрт аяқты доңыздай болған Сүгір молда, ұры ит сияқтанған, бар пәленің басы атанған Жанғали образдары арқылы кеңес билігі кезеңінде қазақ кедейлерін қанаған бай, басқарма, дүмше молда бейнелері әшкереленген. Пародиялау арқылы автор қазақ жеріндегі орын алған бассыздықтардың, масқара оқиғалардың бастауында доңыз, кәрі ит сипаттағы басқарма, төраға, болыстардың өздері тұрғанын жеткізеді. Пародия жағымсыз сипаттағы жануарға теңеу негізінде көрінеді.

Қаламгер шағын прозаның шебері атанған Б. Майлиннің көзін көріп, бірге қызметтес болған. «Біздің Би-аға», «Екінші Би-аға» әңгімелерінде Бейімбетпен болған қызықты оқиғаларын, жазушының ерекше мінезін реалистік сипатта жазған. Дегенмен екі түрлі әңгіме болғанына қарамастан, «Біздің Би-аға» әңгімесінің ауқымын «Екінші Би-аға» кеңейте түседі. Бірінші әңгімеде Бейімбетпен қызметтес болғаны, газет редакторлығында жүріп С. Сейфуллиннің «Көкшетау» мен М. Әуезовтің «Қилы заман» шығармаларын басып шыққаны айтылады. «Екінші Би-аға» ремейк сипатта жазылып, алғашқы әңгімедегі Бейімбетті басқа қырынан танытады. Ремейк сипатта жазылған шығармалар алдыңғы жазылған әңгіменің мазмұнын, мәнін аша түсетіндіктен ерекше құрылым саналады. Авторлық түпнұсқа сақталып қана қоймай, тақырып деңгейі, әлеуметтік-философиялық, тарихи-мәдени мәселелер көрсетілген. Қазақ жеріндегі кеңес билігінің қазақ жеріне әсері, ол үшін қазақ жазушыларының үлесі салмақталған. Әлбетте ремейк сипаттағы «Екінші Би-аға» әңгімесі бірінші әңгімені сықақтау, пародиялау мақсатында емес қаламгер Бейімбеттің жазушылығын ғана емес, адамгершілігін, адамдығын көрсетуді мақсат еткен. Осылайша автор ремейк тәсілін қолдана отырып, бір әңгімені екінші әңгіменің жалғасы ете отырып, тарихи тұлға Бейімбет Майлиннің болмысын биіктете түседі. Шығарманың идеясында Бейімбет жазушының қарапайым қазаққа жаны ашып тұратын мінезін, болмысын көрсетіп, оның бойында жиналған адамгершілік, адамдық мінездердің жиынтығын, рухани биіктігін бейнелі жеткізеді.

«Тарғыл қауын» әңгімесінде жолға шыққан жолаушының сапардан екі мәрте қалып қойып, қайта пойызына мінуі сынды шытырман оқиғалары суреттелген. Шытырман оқиғаның басты себебі – тарғыл қауын. Орынбор вокзалында сатылған үлкен қауынды «тарғыл» деп атап, соның кесірінен жолынан қалып қоя жаздайды. Шығарманың тақырыбы пародия принципіне сай. Олай дейтініміз қауынның тұрысы, бітімі жолбарыстың түсіндей «тарғыл» болуы мүмкін емес. Үлкендігі бөлек, бірақ тарғылдығы күмән тудырады. Осы себептен тарғыл қауын хикаясы жолаушының аңғалдығын, таза көңілін көрсетеді. Шығармада ирониялау немесе сықақтау жоқ. Дегенмен пародия тәсілі тарғыл қауынға бола көздеген жеріне жете алмауы мүмкін екендігін көрсетеді. Туынды Түрксіб пойыздары жайын айтудан басталады. Бұл арқылы қазақ жерінде индустрияландыру жылдарынан кейінгі жағдайы, халық арасын байланыстырған пойыз жүйесінің орныққанын көреміз.



Жазушы «Тарландар» әңгімесінде соны тақырыпты көтерген. Қарағанды шахтасында алпыс жыл бойы міз қақпай жұмыс жасаған Бекең Жетпісбаев қызметі, басынан өткерген естеліктері берілген. Оқиға Бекеңнің қызметтік демалысқа шығуынан басталады. Одан соң демалысқа Кавказға баруы сөз болады. Әрине үнемі қызметке үйренген ақсақалдың демалысқа баруы мұң болады. Мәселен мынадай аллюзия Бекеңнің Қарағанды шахтасы үшін бар өмірін арнағанын көреміз: «Қарағандының қожасы мен емей, кім еді?» [137, б. 31]. Ендігі де оқиға соғыс жылдарына ауысады. Ризоматикалық құрылыммен осы кезеңдегі оқиғадан кейінгі уақиғаларға ауысады. Сол кезеңде ер адамдардың соғысқа аттанып кетуімен, Қарағанды шахтасына жұмысқа әйелдер, кемпірлер алынады. Бекең жасы үлкендерін, мосқал жұмысшыларын «алқа бел», «салпы ауыз» деп; жастар жағын «тас бетеге», «көк қырғи» [137, б. 315], - деп атаған. Шахта жұмысының өркендеуіне, дамуына барша қазақ әйелдері үлесін қосып, сондай ауыр кезеңде демей білгені туындының негізгі мазмұны саналады. «Барлық күш – майдан үшін» [137, б. 316] цитатасы арқылы Қарағанды шахтасына жұмыс жасаған кәрілер, әйелдер аянбай еңбек еткенін көреміз. Кейіннен осы оқиғаларды Кавказдағы демалыста әңгіме етіп отырған Куцирих пен Бекең ауыр күндердің артта қалғанын, сол кезеңдегі қазақ әйелдерінің батылдығын, ауыр еңбекке шыдап, еңбектегенін асқақтата жеткізеді. «Тарландар» шығармасында сомдалған кейіпкерлер: Жанәділ, Варов, Куцирих (Бекеңнің айтуынша Мекепар), Бекеңнің өзі. Шығарма негізі пародияға немесе иронияға емес, шахта жұмысына атсалысқан әйелдер ерлігін, ел басына қауіп төнгенде ер де, әйел де аянбайтынын көрсетеді. Дегенмен Бекеңнің үлкендер жағын «алқа бел», «салпы ауыз» атауы, жастарды «көк қырғи», «тас бетеге» атауы пародиялау әдісінен туындаған.

Пародиялау үлгісі фольклорда да көрініс табады. Мәселен «Қозы Көрпеш жырында» Сарыбайдың өлімін ханымына естіртуге келген тазшаның түріне қарап:

*Аптығып қотыр таймен келесің тез,*

*Бұл жалғанда ақылсыз адамнан без.*

*Көп шатып, тантырақтап, сөзді ұзайтпа,*

*Қанеки, шошынғаның немене сөз?* [136, б. 185] - деген жолдарда тазшаның ақылсыз деп сынағанын көреміз. Және ханым былай дейді:

*Мінезің, ойлап тұрсам, жаннан қылап,*

*Келдің бе қотыр таймен мені сынап.*

*Қолыңнан жібек баулы сұңқар қаиша,*

*Көрген де қоян аңнан шабыт сұрап!* [136, б. 186] - деп тазшаның ебедейсіздігін, епсіздігін пародия арқылы жеткізеді.

*Мақтауды қазақ аты көтере алмас,*

*Астында бедеуі бар алты құлаш.*

*Қодардың өзі ойланып, бір ниетті,*

*Қамшы басты, бедейін зар еңіретті.*

*Қуып жүріп, әркімнен сұрап жүріп,*

*Шу бойында қамалған байға жетті* [136, б. 197] - деген жолдарда Қодардың пародияға ұшырағанын көреміз. Жырдағы жағымсыз кейіпкер ретінде сомдалатын Қодардың қылығын, жүріс-тұрысын пародиялау фольклорға тән әдіс ретінде көрініс табады.

«Қыз Жібек» жырында жағымсыз кейіпкер саналатын, екі ғашықтың ортасына түскен Бекежан бейнесі де пародияға ұшырайды. Жазықсыз жанды қызғанышпен өлтірген Бекежан жайлы Жібек былай дейді:

*Жоқ екен, әй, Бекедан, ақыл-пайдаң,  
Қанеки, құрбы болып тиген пайдаң?  
Атаңа лағынет, ит қарақшы,*

*Көкжорға астыңдағы алдың қайдан?* [85, б. 132]. Мұндағы Бекежанның болмысы «ит қарақшыға» теңестіріліп, ащы кекесінмен бейнеленген.

Фольклорлық шығармалардың ішінде «Қыз Жібек» жырының бірнеше ерекшеліктері бар. Соның ішінде маңыздылары: өзге ғашықтық жыларға тән «бесік құда болу» мотиві жоқ; Төлегеннен айырылған соң інісі Сансызбаймен қосылып, «әмеңгерлік» дәстүр бейнеленеді. Өз кезегінде халықтың әлеуметтік ұстанымдарының уақыт өте келе өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Қазақ зерттеушілерінің анықтауынша, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырының көне екенін, тіптен Түргеш қағанаты дәуіріне жататынын айтады. Жырдағы Қарабай мен Сарыбай антропимдерін талдау нәтижесінде осындай пікірге келген. Түргеш қағанатында қара мен сары түргештер деп бөліну болған. Осы негізде «Қыз Жібек» жыры кейінірек қалыптасқанын, ұстанымдардың өзгеріске ұшырағанын көреміз. Ғашықтық жырлардың кейіпкерлері Баян да, Еңлік те өз ғашықтары үшін өлуге дайын болса, Жібек «әмеңгерлікке» келіседі. Осылайша фольклорлық шығармаларда кекесін, сынау, пародия құбылыстары көбіне жағымсыз кейіпкерлерге қатысты қолданылған. Сол сияқты жоғарыдағы жазушы әңгімелерінен алған мысалдарда да кейіпкердің жағымсыз мінез-құлқы пародияланған. Осы тараптан фольклордағы бейнелеу тәсілі жазба әдебиетке көшкенін байқаймыз.

«Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесінде үлкен әлеуметтік, саяси, тарихи тақырыптарды көтерген. Ең алдымен басты кейіпкерлерге тоқталсақ: Жангөбек, Нәзікен, Жантас, Айдарбек, Сәулеш. Оқиғаның басталуы Жангөбек пен Нәзікеннің кездейсоқ ұшырасуынан бастау алады. Солай басты кейіпкеріміз Нәзікеннің басындағы екі бірдей қайғыны атап өтеді: алты ай отасқан жары Жантастан айырылғаны, екіншіден Айдарбекпен отасып өз ортасынан алыстап кетуі. Бұл екеуі Нәзікен үшін ескірмеген жаралар болатын. Екінші кезекте бұған дейінгі оқиға фрагмент ретінде беріледі. Ризоматикалық құрылымға, жалпы постмодернистік шығармаларға фрагменттік сипат тән. Дарынды, өз заманының алды саналған Жантас еске алынады. Одан кейін Алтай комбинатына жұмысқа тұрған Жантас «халық жауы» атанып, біржолата Алтайға айдауға кетеді. Осындай үш бірдей фрагмент қатар келіп, Нәзікеннің жайын аңғарта түседі. Автордың пародия тәсілін Жантасты алып кетуге келген екі әскердің болмысын суреттеуде қолданылған. «*«Халық жауы» деген сұмдық сөзбен келіп тұрған екі жігітке қарап тұрып, өз халқының досы қандай болатынын білмей қалуға да*

болатын еді. Сұр киінген, қанын ішке тартып алған сіріңкі сұрдың екеуі де ысқырынып тұр. Бірінің оң жақ бетінің томпағынан бастап миықтығына дейін ығы-жығы безеу – әдейі басылған қара таңба ма дерсің. Екіншісінің бетіне қарап, адам жүзінен ешбір ізгі сана-сезімнің саңылауы байқалмайтынына таңқалғандайсың. Бұл екеуі өз қызметтерінің елдік мәніне біржолата түсіне алмай қойған Шыңғыс хан заманында тамұққа алынып, қазір содан шығып келіп тұрғандай, тым жат еді» [137, б. 319], - деп суреттелген. Шыңғыс ханның заманынан келгендей деп қаламгер тіптен оларды сықақтап, иронияға толы сипаттаумен халық үшін туған ерлердің осындай адамдардан жапа шегетінін көрсетеді. Осындай оқиғаның байыбын, шешуін Жангөбектің әйелі ортақ жолдастары саналатын Айдарбектен көреді. Жантас Алтайға жұмысқа тұрғанын көре алмаған күншілдігі деген ойға келеді. Алайда Жангөбек бұған сеніңкіремейді. Оның ойынша Жантас сияқты таза адамды, өз ісінің шебері, инженерді күншілдік әкетсе, адам санасының өскені қайда деген ойға келеді.

Шығармада «Варфоломей түні» арқылы реминисценция қолданыс тапқан. Бұл арқылы автор Жантастың «халық жауы» ретінде ұсталып кеткен түн отыз мың адамның жанын жалмаған Варфоломей түні сынды қанды оқиғамен байланыстырады. Бұл арқылы автор «халық жауы» атанған тұлғалардың азапқа салынуы қанды қырғыннан кем еместігін жеткізеді. Бұндай ауқымды оқиғамен салыстырыла отырып, қаламгер сол кезеңдегі саясатты емес, адам бойындағы күншілдік қасиетті сынайды. Заман өскен сайын адам баласының пейілі тарылып, өзінен озған адамды жек көретін болмысы суреттелген.

Сонымен бұл оқиғадан кейінгі оқиғалар тізбегіне назар аударсақ: «Халық жауы атануы» - «Айдарбектің Нәзікенді шақыртуы» - «Дәрігерлер институтынан Нәзікеннің жұмыстан шығарылуы» - «екі жылдан соң Айдарбекке қосылуы» - «Достарынан ажырап қалған Нәзікен» - «Біраз жылдан соң Жангөбекпен кездейсоқ кездесуі». Осы тізбек оқиғаның басталуына алып келеді. Оқиғаның басталуына дейін осындай жағдайлардың орын алуын автор ризоматикалық құрылым аясында бейнелі, оқырман санасына әсер ету мақсатында жеткізген. Келесі кезекте Жангөбек пен Нәзікен бүгінгі таңда маскүнемге айналған Айдарбекті бірге іздейді. Осы мезетте Жангөбек Айдарбектің бұндай деңгейге түсетінін сезгенін дәлелдейтін фрагментті кезіктіреміз. Былай берілген: «Айдарбектің маскүнем болып алғанына мен таңданған жоқпын. Оның болашағы сондай бірдемеге апарып соғарына әртүрлі белгілер ертеден бар еді. Шала оқыған кен инженері, бір мекеменің өндірісі бөлімінің басшысы, ішкі істерді басқаратын облыстық мекеменің өндіріс жақтарын бақылайтын адамы, ГАИ-ды басқарып Гаитанин атанған адам, жасы елуге жетпей-ақ пенсионер болса, ол жүріп кеткен бұралаң жолдар да көз алдына келуі мүмкін» [137, б. 321]. Айдарбектің пенсияға ерте шығуы кезінде «көп жұртты жазықсыздан жазықсыз халық жауы» етіп шығаруынан екенін Нәзікен өзі іші сезіп тұрған Жангөбекке айтады. Осылайша Айдарбектің қылмысы әшкереленіп, оқиғаның күрмеуі шешіледі. Кезінде қолындағы билігін асыра пайдаланып, жазықсыз жандардың наласына қалған адамдардың да жер басып тірі жүргенін көреміз.

Жангөбек Нәзікеннің қызы Сәулешке қарап отырып, сеніспеу дәуірінде туған баланың сенімсіз әкеден түңілгенін анық аңғарады. Маскүнем адамның үйіне күнде өтірік айтатыны белгілі. Әке өтірігін жабамын деп анасы да өтірікші болып, бала бүкіл әлемге сенімсіздікпен қарап, өмірден тұрақтылық таппайды. Бұл әсіресе қыз баласы үшін ауыр. Бұны қаламгер астарлап отырып әдемі жеткізген. Және мына фрагментке назар аударуымыз керек: *«Осындай өкініші көп ойлардың үстінде отырғанымда, әлде ғана Нәзікеннің: «мынау соның ізі» дегені есіме түсті. Иә, соның ізі... Теріскей шығып алып ұзақ соққан ызғырық дәуірдің ізі, үрей кірмеген үй қалмаған дәуірдің ізі. Сол ызғырыққа қосылып алып бірге ысқырған, қияға шығып алып ысқырған, аяғында сол қиядан құлаганда батпаққа батып кетіп, содан шыға алмай қойған әкенің іздері»* [137, б. 324]. Бұл арқылы автор жаңа бір тақырыпты ашады. Ұрпақтар сабақтастығы. Осындай қиын кезеңді, әкесінің «халық жауы» атанғанын, әкенің маскүнемдік әлсіздігін көрген баланың болашаққа деген тұрақтылығы, сенімі азаятыны айтылған.

Әңгіменің кездейсоқ ұшырасудан басталуы децентристік шындықты, бұны қабылдау естеліктер фрагменті арқылы жүзеге асып отырады. Авторлық шешім негізінде әртүрлі әлеуметтік тақырыптарды көтеріп, көркемдік әлемнің түрлі компоненттерін қолданған. Шығарманың композициясының естеліктерге, фрагменттерге құрылуы постмодернистік лабиринтке ұқсайды. Дегенмен оқырман үшін түсінікті болуы үшін оқиға тізбегі тиімді құрастырылған. Әлеуметтік, саяси, тарихи, гуманистік тақырыптарды қамтыған шығармада Жантас, Нәзікен, Сәулеш үштігі үлкен байланыспен көрінеді. Қасірет, азап, қорлық Нәзікеннің өз сүйгенінен айырылған соң басталады. Барлығының себепшісі болған Айдарбектің де өз еншісін алып, жұмыссыз атанады. Шығарманың «Сөз жоқ, соның іздері» аталуы шығарманың психологиялық, әлеуметтік сипатына ғана емес, күншілдікке толы ғасырдағы адамзаттың өзі тудырған қасіреттен ұрпақтардың жапа шегуімен байланысты. Шығармада Айдарбектің іздері бүкіл жамандықтың себепшісі болғанын көреміз.

Шығарманы талдай келе, постмодернизмнің тағы бір терминін айқындаймыз. Пастиш ұғымы постмодернизмде түрлі жанрлардың, стильдердің жиынтығы ретінде көрінеді. Әдебиет жайлы зерттеулерде пастиш кең мағынада мына үш сипат бойынша анықталады: сәйкестік, деформация, қайшылық. Сәйкестік арқылы пастиш имитация қалыптастырады. Пастиш әрбір референт детальдарын қалыптастырмайды, дегенмен кейбір бөліктері қолданылуы мүмкін. Пастиш синекдоха ретінде қабылданып, бөліктен бүтін ұғымға айналады. Сонымен қатар пастиш қайшылықтар арқылы қалыптасып, өзге стильдің шығармада айқын көрінуімен айқындалады. Десе де пастиш жайлы М. Кучменко пікірі мүлде өзгеше. Пастиштің анық үлгісі ретінде мысал жанрындағы шығармаларды қарастырады [155, б. 81]. Бұл арқылы автордың мақсаты авторлық стильді өзгерту ғана емес, негізін сақтап қалуды көздейді. Осылайша шығармада берілген үлгі өсиеттер, ұлттық дәстүрлер, мысалдардың қолданылуы пастиш ретінде танылады.

Пастиштің фольклормен өзегін айқындау үшін нақты мысалдармен қарастырып өтсек. Фольклорда пастиштің қолданылуы ұлттық дәстүрлердің бейнеленуімен байланысты көрінеді. Мәселен «Қыз Жібек» жырында:

*Сонда біреу айтады оның жайын:*

*Бақ-дәулет берген артық бір құдайым,*

*Ел-жұрттан қыз жаратпай жүр Төлеген,*

*Малын аяп жүрген жоқ Базарбайың* [85, б. 90], - деп үйленуге лайықты қыз іздеудің жауапты екенін көрсетеді. Сырлыбай Төлегенді сынап, қызына лайық екеніне көзі жеткен соң Жібекті атастыруға рұқсатын береді. Жырда пастиш символдық, астарлы мағыналар арқылы ашыла түседі:

*Төлеген сонда сөйлейді,*

*Сөйлегенде бүй дейді:*

*- Келдің, Жібек, қасыма,*

*Отыра кеттің асыла,*

*Кешегі сәлдең қай жақта*

*Той болады салсаң басыма* [85, б. 117], - деп үйленудің ауылы алыс еместігін жеткізеді.

Шығармада Жібектің түсінен шошуы – жамандық бастауы. Фольклорлық шығармалардың барлығында да түс көру элементі көп кездеседі. Түсінен шошыған Жібек:

*Төлеген мінген Көкжорға ат*

*Ер-тоқымсыз бос көрдім.*

*Ел жайлаған Ақжайық,*

*Жазалай біткен бидайық.*

*Алдымда жанған шырағым,*

*Біреуі үрлеп өшіріп,*

*Көзімнен болды сол ғайып* [85, б. 118], - деп жеңгесіне түсін баяндайды. Үзіндіге назар аударатын болсақ, ер-тоқымның бос қалуы, шырақтың өшуі сынды бейнелер пастиш ретінде анықталады. Символдық мағына арқылы көрініс тапқан пастиш халқымыздың дүниетанымындағы маңызды ұғымдарды көрсетеді.

«Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырында да түс көру мотиві бар. Түсінен шошыған тазша ханымына келіп, Сарыбайдың қазаға ұшырағанын естіртеді:

*- Жаратқан бәрімізді тәңрі күшті,*

*Бұл дүние ойлап тұрса, енді екі ұшты.*

*Мен түсімнен шошымын бүгінгіт үн,*

*Менің сәлдем басымнан жерге түсті* [137, б. 185], - дейді.

Мұндағы пастиш былайша бейнеленеді: «қолымнан жібек баулы сұңқар ұшты», «айырылдым қапияда сұңқарымнан», «бір тұңғиық суға кеттім». Адамның өмірден өтіп, дүние керуенінің тоқтағанын былайша естірту – халқымыздың даналығының асқан көрінісі. Осылайша постмодернизмнің құралы саналатын пастиш өсиет, үлгі, өнеге бейнесін ғана емес, символ арқылы анықтала түсетінін көреміз.

Пастиштің фольклормен байланысы әдебиеттегі жанрлық, стилдік өзгерістер мен дәстүрлердің интерактивтілігін көрсетеді. Фольклорлық элементтер постмодернистік шығармаларда көп жағдайда жаңаша көру, интерпретация жасау арқылы пайдаланылады. Фольклор – халықтың мәдениеті мен тарихының айнасы, онда халық сана-сезімі, дәстүрлері мен мифологиясы жинақталған. Пастиш осы элементтерді қабылдап, оларды жаңа контексте қолдануға мүмкіндік береді.

Ендігі кезекте Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы пастиштің берілуіне назар аударсақ. «*Боранды түнде*» шығармасында қыз алып қашу дәстүрі көрініс тапқан. Бұл туындыда пастиш қыз алып қашу салтының түсінігімен, мағынасымен анықталады. Қайсардың байлығы бұрынғы замандағы серілердің байлығына ұқсас. «*Қайсар өзінен басқа туысқаны жоқ, жалқы жігіт болатын. Жалғыз Күреңтөбел аты бар. Көкдауыл атанған, тайыншадай ірі, сұрғылт көк иті бар. Желкесінен басталып иығына дейін созылған сирек қара қылшық Көкдауылдың атақты бір тұқымынан екенін көрсетеді. Қайсарға осы екеуінен басқа, анау бір қоңыр сиыры, аздаған қой-ешкілері жараспай тұратын сияқты еді*» [137, б. 327]. Қайсардың бары, байлығы да осы жүйрік аты мен иті. Көкдауыл иті былай суреттелген: «*Қыс бойы Көкдауыл жылы үйге тұмсығын сұқпайды. Ауыз қораның бір түкпірінде талдан тоқып, астын тақтайлап, қалың шөп төсеп тастаған үйшігі бар, сонда жатады. Таң алакөлеңкеде ауылды айнала шауып жүріп қасқырдың ізін көрсе, иісін сезінсе, Көкдауыл қораға кіре бере бір «ауп!» деп қалады. Қайсар Күреңтөбелді ерттей бастайды. Ол күні Күреңтөбелдің беліне көлденең түсіп, азу тістері ырсиып, мұрнына жұдырықтай болып қанды көбік қатқан бір қасқыр келе жатады*» [137, б. 328]. Пастиш композициясында мәдени код құндылық деңгейінде емес, қарапайым өмір тәжірибесінде анықталады. Шығармада Қайсардың «қыз алып қаша саламын» деуінен сол кездегі қоғамдық пікірдің көрінісі екенін түсінеміз. Мәдениеттану саласында қыз алып қашу дәрекі сипатта көрінеді. Өйткені қыз алып қашудың соңы үлкен дауға айналып, екі рудың басты адамдары тартысқа түседі.

Қазақ әдебиетінде постмодернизм сипаттарын қарастырудың өзіне тән айрықша сипаты бар. Батыс елдерінде постмодернизм «модернизм» дәуірінен кейін қалыптасса, қазақ әдебиеті «социализм», «социалистік реализмнен» кейін қалыптасты. Осы себептен де кеңестік кезеңде жазылған шығармаларды постмодернистік тұрғыдан қарастыру маңыздылығы көрінеді. Постмодернизмнің негізгі ұғымдары қатарында анықталатын пастиш плагиат қана емес, автордың оқиғаны түсінуінің, оған баға беруінің, өз көзқарасында қалай анықталатынын жеткізеді. Кейбір зерттеушілер плагиат деп санағанымен, авторлық ерекшеліктің айқын көрінетін сипаты ретінде анықталады.

«Боранды түнде» әңгімесінде көрінетін «қыз алып қашу» дәстүрінің басталуындағы абыр-сабырды, жігіттер жағының ауылды торуы сынды фрагменттер арқылы ұлттық дәстүрдің көрінісі бейнеленеді. Шығарманы талдап қарастыратын болсақ, қыз алып қашу дәстүрі жаңа заманның негізінде пастиш тәсілі көрінеді. Ұлттық образдың, мотивтің, діни факторлардың шығармада

көрініс табуы үшін өткен заманның атрибуттары, XX ғасыр ортасындағы қазақ ауылындағы оқиғалар суреттелген.

Татар прозасын зерттеген Л.Н. Юзмухаметова «Постмодернизм в татарской прозе: диалог с западными и восточными художественными традициями» еңбегінде постмодернизмнің татар прозасында дамуы «ұлттық идентификациясын» сақтап қалу мақсатын көздейтінін айтады [156, б. 16]. Постмодернизмнің негізгі ұғымы ретінде пастиш екі түрлі құрылымда анықталады. Біріншіден, мәтіннің, стильдердің, жанрлардың байланысы ретінде айқындалады. Екіншіден, мәтінді семантикалық, жанрлық, стилистикалық, эклектикалық сипаттарының көрінісі деп аталады. Осылайша пастиш пародияның ерекше түрі ретінде, жағымсыз пафосты бейнелеп, иллюзиямен, иммитациямен сәйкес анықталады. Қазақ прозасында постмодернизм ұлттық ерекшелік, ұлттық идентификацияны анықтап қана емес, көркем шығармадағы оқиғалардың бейнелену сипаты, сюжеттік құрылымы, баяндалу ерекшеліктеріне байланысты айқындалады. Қорыта келгенде, пастиш фольклор элементтерінің шексіз мүмкіндіктерін ашады, сонымен қатар оны жаңаша интерпретациялауға, өзара байланыстыруға жол ашады, бұл әдебиеттің дамуына тың серпін береді.

Ғ. Мүсірепов шығармашылығын постмодернистік тұрғыдан қарастыру арқылы авторлық ерекшелікті, даралықты көреміз. Автор әңгімелерінде арнайы постмодернизм әдістерін қолданып, шығармаларын оқырман санасына әсер етуін көздейді. Оқиғаның дамуы өзіне дейінгі болған оқиғалардың нәтижесі екені, сюжеттік құрылымның ризоматикалық құрылымға негізделгенін анықтаймыз. Постмодерн фольклордан алған концепциялары арқылы тарихи контекстті кеңейтуге мүмкіндік береді. Фольклор элементтері, уақыт пен кеңістіктегі шекараларды бұза отырып, постмодерн шығармаларында жаңа шындықты құрастыру үшін қолданылады. Фольклордың әртүрлі мотивтерін жаңа мәндермен байыту арқылы әдебиеттегі постмодернизм тәсілдері дәстүр мен жаңашылдықтың байланысын көрсетеді.

Сонымен, постмодернизм мен фольклор арасында тығыз байланыс бар. Постмодерн авторлары фольклорлық мотивтер мен формаларды түрлі жолдармен интерпретациялап, заманауи әдебиеттегі жаңа мағыналарды жасауға тырысады. Бұл байланыста фольклорлық дәстүр мен постмодерннің жаңаруы бір-бірін толықтырушы болып табылады.

Диссертациялық жұмыста Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы постмодернизм мен фольклордың байланысын анықтау көзделді. Осы мақсатта дискурстық талдау арқылы постмодернизм мен фольклордың байланысын практикалық негізде айқындау жүзеге асырылды. «Қазақ тіл мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» білім бағдарламаларының 2, 3, 4 курстардың студенттерімен әдеби дискурстық талдау жүргізілді. Ең алдымен дискурстық талдау әдістемесіне тоқталып өтсек.

Дискурстық талдау гуманитарлық бағыттағы білімдерді қарастыруда көптеп қолданылады. Ең алдымен талдау түрі антропоэзектік парадигмамен тікелей байланысты. Бұндай бағыттағы зерттеуді жүргізу адамзаттың тілдік тәжірибесіне, біліміне негізделеді. Аталған дискурстық талдау М. Фуко

зерттеулерінен бастау алады. Зерттеушінің пікірінше дискурстық талдау төрт түрлі аспектіден құралады. Бұны арнайы қарастырған зерттеушілер Д.В. Шапочкин, В.В. Жилиякова талдай келе, төрт түрлі аспектіні жекелей анықтап қарастырады. Біріншіден, дискурстың бірнеше ғылым салалар тоғысында қарастырылуы. М. Фуко бұған мынадай мысал келтіреді. Мәселен, психикалық аурулар жайлы білім тек қана психологиядан емес, медицина, психология, физиономиядан қалыптасатынын айтады. Осылайша білім жеке ғылым салалары бойынша құралып, олардың нәтижесінде қалыптасады. Екіншіден, білімнің трансформациясы танылады. Зерттеу барысында жаңа нысандар анықталып, зерттеу аймағы кеңейе бастайды. Үшіншіден, М. Фуко дискурстық талдаудың барысында алынған нәтижелердің шынайы/жалған екендігі анықталады. Төртіншіден, дискурс пен әдебиеттің байланысы әдеби талдаулар арқылы айқындалып, тілдік, мағыналық ерекшеліктер талданады [157, б. 53].

Дискурс және мәтін байланысы С. Харрис, Ю. Хабермас, Т. ван Дейк зерттеулерінде қарастырылған. Оның ішінде көркем мәтін коммуникацияның ерекше түрі ретінде қарастырылады. Кейбір авторлардың пікірінше, көркем мәтін дискурс еместігін алға тартады. Енді бір зерттеушілер көркем мәтіннің жасалуы мен қабылдануы тек бір ғана коммуникативтік актіден тұрмайтынын айтады. Сонымен қатар көркем мәтінде ақпараттық код оқырманға арнайы берілуі де мүмкін. Осылайша әдеби дискурстың эмоционалды, эстетикалық әсерінен бөлек, ең негізгі қызметі прагматикалық қызметі екенін көреміз. Әдеби дискурстың басты құрылымы мынадай: қаламгер – көркем шығарма – оқырман. Зерттеуші Ю. Лотман болса «семиотикалық орта» ұғымын енгізе отырып, әдеби дискурстың әдебиет пен тілдің, әдебиет пен шындықпен байланыстыратын коммуникативті шарты екенін айтады [158, б. 34]. Зерттеуші Т. Есембек көркем шығарманы дискурстық талдауда эксплициттік, имплициттік ақпараттардан құралатынын айтады. Толығырақ тоқталатын болсақ, эксплициттік ақпарат көркем шығарманы оқығанда анықталатын ақпарат деп анықталады. Имплициттік ақпарат – көркем шығарманы қайта-қайта оқудың нәтижесінде айқындалатын жаңа мағыналар. Сонымен қатар әдеби дискурста шығармашылық сана мен қабылдаушы сана арасындағы қарым-қатынас коммуникативтік оқиға ретінде қарастырылады. Әдеби дискурстық талдауда көркем шығармада анықталатын тірек концепт, тірек концепт арқылы айқындалатын оқиға, жағдай, кейіпкерлер, іс-әрекет, уақыт құрылымдары танылады. Сонымен бірге мәтін мен талқылаушы арасында пропозиция, конъюнкция, дизъюнкция құбылыстары орын алатынын айтады.

Ю.С. Степановтың пікірлерін негізге ала отырып, зерттеуші Т. Есембек дискурстық талдау элементтері ретінде: баяндалатын оқиғалар, оларға қатысушылар, перформативтік фон, кейіпкерлерге берілетін бағаларды көрсетеді [159, б. 176]. Оқырманға берілетін арнайы ақпараттық код фольклорлық мотивтерден құралады. Үшінші бөлімде арнайылап постмодернизм мен фольклор байланысын қарастырдық. Қаламгер Ғ. Мүсіреповтің шығармашылығын арнайы постмодернистік бағытта



зерделеудің нәтижесінде фольклорлық мотивтердің аллюзия, реминисценция, интермәтінділік, симулякр сынды құралдары негізінде көрініс тапқанын көреміз. Енді бір жағынан, жазушының соңғы әдеби үдерістен қалыс қалмай, фольклорлық мотивтерді терең құрылымда түсіне білгенін айқындаймыз. Аталған негізде диссертациялық жұмыста фольклорлық мотивтерді анықтауда әдебиет пен фольклор байланысын зерттеу негізгі міндеттердің бірі саналды. Бұл арқылы әдебиеттің қай уақытта да фольклордан қол үзбейтінін, керісінше пішін жағынан өзгеріске түссе де, мазмұны сақталатынын көреміз. Әдеби үдерістің дамуымен фольклорлық мотивтер прозада түрліше көрініс табады. Қаламгер шығармашылығын постмодернизм бағыты аясында қарастыру арқылы жаңа көзқарастар, авторлық ұстанымдар ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар өзі өмір сүрген қоғамның бүтіндей болмысын танытуда постмодернизм құралдарын қолдана отырып, фольклорлық мотивтер арқылы жан бітіре суреттейді. Ендігі кезекте әдебиет пен фольклордың байланысын, фольклорлық мотивтердің постмодернизм бағытында көріну ерекшеліктерін практикалық аспектіде қарастырудың маңыздығы көрінеді. Диссертациялық жұмыста Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің постмодерндік бағытпен ұштасатынын анықтау мақсатында 2,3,4-курс студенттерімен дискурстық талдау әдісі негізінде сауалнама жүргізілді.

Көркем мәтінде саяси, философиялық, психологиялық, мәдени, мифологиялық және т.б. дискурстар көптеп кездеседі. Осындай дискурс түрлерінің көркем шығармада көптеп кездесуі туындының мәнін арттыра түседі. Соның ішінде фольклорлық мотивтер көркем мәтінде тек мифологиялық немесе психологиялық дискурсты тудырып қана қоймай, саяси, философиялық, мәдени дискурстарды қалыптастырады.

Дискурстық талдау әдісі көркем мәтінді түсінудің ментальды құрылымдарды қолдану тәсілдерін талдаумен байланысты. Аталған дискурстық талдау әдісі Ш. Муфф, Э. Лакло сынды зерттеушілердің пікірілеріне негізделген. З. Харрис, М. Пеше, Ю. Хабермас, Ю. Степанов, Т. Есембек сынды зерттеушілердің пікірлерін ескере отырып, дискурстық талдаудың мынадай элементтерді қамтуы қажет екені анықталды: мәтіннің қандай дискурстың негізінде қалыптасқаны, қандай жағдайда қолданылғаны, мәтіннің аудиторияда интерпретациялану ерекшеліктері. Студенттермен жүргізілген дискурстық талдау әдісі мынадай кезеңдерді қамтиды: мәтіндік деңгей, дискурстық практика деңгейі, әлеуметтік практика деңгейі. Мұндағы мәтіндік деңгей көркем шығармадағы мағыналарды анықтаудан, тарихи дәуірді саралаудан, туындының көркемдігін айқындаудан құралады. Осыған сәйкес бірінші кезеңде қалыпты сауалнаманың жазбаша түрі жүргізілді. Ғ. Мүсіреповтің таңдаулы шығармалары («Тулаған толқында», «Қос Шалқар», «Алғашқы адымдар», «Шұғыла», «Сұрапыл Есрафил», «Ер Қаптағай», «Жиырма төрт сағатта», «Бірінші фонтан», «Қыран жыры», «Талпақ танау», «Тарғыл қауын», «Тарландар», «Сөз жоқ соның өзі», «Боранды түнде») алдын ала берілді.

Екінші кезекте, қатысушылармен өзара офлайн форматта бетпе-бет талқыланып, көркем шығармадағы фольклорлық мотивтердің қолданылу мен

кабылдану ерекшеліктері анықталды. Сонымен бірге дискурстық талдау негізгі талдауға қатысқан респонденттердің интерпретациялау ерекшеліктері де негізге алынды. Үшінші кезекте, Ғ. Мүсірепов шығармалары қайтадан оқытылып, алғашқы оқу кезінде байқалмаған эксплициттік, имплициттік ақпараттар анықталды. Осы негізде фольклорлық мотивтердің көркем шығармадағы маңызы, айқын белгілері талданады.

Фольклорлық контекст қаламгер шығармаларында көптеп кездеседі. Осы негізде фольклорлық мотивтердің қолданылуын, постмодернизммен байланысын айқындай аламыз. Диссертациялық жұмыста Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді талдай келе әдебиет пен фольклордың тығыз байланысын көреміз. Қазақ әдебиеттану ғылымында фольклор мен әдебиеттің төрт түрлі байланысы аталады: генетикалық, оппозициялық, үйлесімдік, кері байланыс [160, б. 35]. Зерттеу барысында әдебиет пен фольклор арасындағы байланыстың жоғарыда аталған типтерінің жазушы шығармаларында генетикалық, оппозициялық, үйлесімдік типтері кездесетінін анықтадық. Әдебиет пен фольклордың тығыз байланысын негізге алып, постмодернизм құбылысының фольклордан бастау алатыны талданды. Зерттеуге қатысқан респондент-студенттердің жауаптары дискурстық талдау әдісі арқылы жүйеленді. Эксперименттік зерттеу Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінде жүргізілді. Дискурстық талдауға 2,3,4-курсардан 375 студент (ұлты - қазақ) қатысты. 2 ай уақыт көлемінде жүргізілген талдау үш кезеңде жүзеге асты. Дискурстық талдау әдісін негізге алуымыздың мақсаты – Ғ. Мүсірепов шығармаларынан қазіргі постмодернистік әдебиетке тән әдіс-тәсілдердің бар екенін анықтап, олардың фольклорлық мотивтерден бастау алатынын негіздеу. Осыған сәйкес студенттерге алдын ала Ғ. Мүсірепов әңгімелері оқуға берілді. Арнайы сұрақтар А қосымшасында ұсынылды.

Бірінші кезеңде студенттерге жазбаша сауалнама берілді. Жауаптарын талдай келе, үш негізгі фактор анықталды. Фольклорлық мотивтердің көркем шығармада қолданылуына байланысты қалыптасқан мағыналар қатары мен соған сай жауаптардың сандық көрсеткіші мынадай: *шығарма сюжетінің негізі – 15, көркем туындының тақырыптық аясының кеңеюі – 13, тұспал – 17, фольклорға тән образдардың жаңа мәнде көрініс беруі – 18, фольклорлық мотивтер – интермәтінділік құбылысының негізі – 18, пародия құбылысының постмодернизмде көрініс табуы мәтін теориясымен байланысты – 16, шығармада айқын байқалатыны композициялық сюжеттің ризомаға ауысуы – 14, әдебиет пен фольклор байланысының жаңа деңгейге көтерілуі – 19, ризоматикалық құрылымның шытырман сюжетке құрылуы – 15, Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер туындыны күрделендіре түскен – 20, Ғ. Мүсірепов туындыларында қолданылған фольклорлық мотивтер мазмұны бойынша фольклорлық контексте, пішіні бойынша постмодернизмнің негізгі ұғымдарына негізделген – 18, шығармалардың көркемдік деңгейі фольклорлық мотивпен астасқан – 15, фольклорлық мотивтердің Ғ. Мүсірепов шығармаларында қолданылуы аллюзия, цитата, реминисценция, симулякр*

формаларында берілген – 14, мәтін құрылымы фольклорлық мотивтер негізінде күрделене түскен – 16, ұлттық болмыс пен дүниетаным көріністері астарлы көрініс тапқан – 23, автор фольклорлық мотивтерді жаңа заман көрінісін беруде қолданған – 25, ескілік пен жаңашылдықтың тартысы фольклор мен постмодернизм бағыты негізінде көрінеді – 19, кеңестік билік пен Алаш орда саясаты арасындағы қақтығыс аллюзиялар арқылы берілген – 15, пародиялау, сықақтау фольклорлық мотивке құрылған – 17, ескі түсініктердің жаңаша пайымдалуы – 20, фольклорлық мотивтердің негізгі қолданысы жаңашылдықтың бастауы ретінде қолданыс тапқан – 28.

Студенттерден алынған жауаптарды топтастыра отырып, фольклордың бүгінгі күнгі әдеби үдеріспен байланысы бойынша анықталған пікірлер 1-суретте берілді.



Сурет 1 – Фольклордың бүгінгі әдеби үдеріспен байланысы

Диаграммада берілгендей, респонденттердің берген жауаптарын талдай келе, 54,5% фольклорлық мотивтердің қазіргі жаңа әдеби үдеріс саналатын постмодернизм бағытына әсер еткенін анықтайды.

Тарихи дәуірді саралауда студенттер кеңестік кезеңнің нақты, дәл бейнелеуіне назар аударды. Сонымен қатар «Ер Қаптағай» әңгімесіндегі Өзірет әлі бейнесі талданды. Бұндағы Өзірет Әлі бейнесінің ерекшелігі постмодернизмге тән белгі «симулякр» образында көрінеді. Фольклорлық мотивтің симулякр ретінде қолданыс табуы фольклор мен әдебиет байланысының жаңа арнаға көтерілгенін дәлелдейді. Осы ретте студенттер фольклор мен әдебиет байланысы көркемдік деңгейде жоғары бағаланатынын айтады. Осы ретте фольклорлық мотивтердің F. Мүсірепов шығармаларында көрініс табуы мынадай түсініктер арқылы анықталды: *фольклордың бүгінгі әдебиетте көрініс табуы – 13, фольклорлық мотивтердің қолданылуы F. Мүсірепов шығармашылығындағы жаңашылдықты көрсетеді – 10, қазақ*

әдебиетінің ХХ ғасырда жаңа даму арнасы – 21, постмодернистік тәсілдер фольклорлық мотивтерге негізделген – 17, фольклорлық мотивтер қазақ әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орнын айқындайды – 12, қаламгердің стильдік ерекшелігі фольклорды терең түсінуден көрінеді – 21, фольклорда ұшырасатын образдар жаңа түсінікте танылған – 11, фольклорлық мотивтер авторлық ұстанымның айқын көрінісі – 13, әдебиет пен фольклордың жаңа деңгейдегі байланысы постмодернизмді қалыптастырушы факторлардың бірі фольклорлық мотивке құрылған – 15, фольклорлық мотивтер әдебиеттегі жаңа формаларды қалыптастырды – 10, фольклорлық мотивтердің көркем шығармада қолданыс табуы шығарманың сюжеттің, композициялық құрылымын күрделендіре түсті – 21, фольклорлық мотивтер ұлттық дүниетаным элементтерінің көркем шығармада сол күйінде сақталуын қамтамасыз етеді – 28, фольклор мен әдебиеттің тығыз байланысы бүгінгі әлем әдебиеті үлгісіне құрылған – 31, постмодернизм элементтері Ғ. Мүсірепов шығармаларында фольклорлық мотивтер негізінде көрінеді – 25, фольклорлық мотивтер мәтін теориясының көркемдік деңгейде дамуына әсер етті – 15, кеңес әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысы фольклорлық мотивтер негізінде көрінеді – 21, қаламгердің фольклорлық мотивтерді тиімді пайдалануы шығарманың мазмұны мен пішінін ризоматикалық құрылымға құрылады – 18, фольклор мен әдебиеттің байланысы цитата, аллюзия түрінде жүзеге асып, шығарманың көркемдік деңгейін арттыра түседі – 25, фольклорда сомдалатын образдар шығармада симулякр, реминисценция, цитата түрінде көрініс береді – 17, аллюзия фольклор мен көркем шығармадағы астыртын мағынадан анықталады – 16.

Алынған нәтижелерді талдай келе, Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизммен байланысы үш категорияға топтастырылды. Нәтижелер 2-суретте берілді.



Сурет 2 – Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотив және әлем әдебиеті

Нәтижесінде студенттердің жауаптарын талқылай келе, Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтер әлем әдебиетімен байланыс жасауға мүмкіндік бергенін көреміз. 57% студенттер фольклорлық мотивтердің әлем әдебиетімен байланысын көрсеткенін айтса, 28,8% фольклорлық мотивтердің шығарманың көркемдік құрылымын күшейткенін айтады.

Бірінші кезеңде анықталған мағыналар қатары фольклор мен әдебиет байланысының жаңа деңгейге көтерілгенін айқындайды. Кеңес дәуірінде жазылған шығармалардың қазір тенденцияға ие болған постмодернизммен байланысы фольклорлық мотивтерге құрылғанын көреміз. Осылайша, қазақ әдебиетінің әлем әдебиетіндегі тенденциялардан қалыс қалмағанын бағамдаймыз.

Екінші кезеңде студенттермен аудиторияда талқылау жүргізіліп, Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктері мен қабылдануы басты назарға алынды. Студенттермен талқылау барысында фольклорлық мотивтер жайында, постмодернизм тәсілдерімен байланысы интерпретациялау арқылы жаңа түсініктер мен көзқарастар анықталды. Нәтижесі 4-кестеде берілген.

Кесте 4 – Фольклорлық мотивтер туралы студенттердің интерпретациялау нәтижесінде анықталған мағыналар жиынтығы

Фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктері	Фольклорлық мотивтердің қабылдану ерекшеліктері	Фольклорлық мотивтердің интерпретациялануы
<i>Астыртын мағына – 35, тұспал, меңзеу – 41, образдардың жаңашылдығы – 56, соны көзқарас пен тенденция – 28, идеялық жаңашылдық – 31, сюжеттің шытырман оқиғаға құрылуы – 46, сатираның көркемдік мәнге ие болуы – 57, шығармада мысал, үлгі-өсиет әңгімелерінің қолданыс табуы – 43, жасырын символдық мағына – 38.</i>	<i>Фольклор мен әдебиет байланысының көркемдік дәрежеде жоғарылауы – 67, фольклорда кездесетін образдар жайлы соны көзқарастардың қалыптасуы немесе көшірмесінің жасалуы – 79, фольклорлық мотивтердің әдеби тенденцияларды қалыптастыруы – 101, фольклорда анықталған ұлттық ұғымдардың жаңа мәнге ие болуы – 67, қазақ әдебиетін әлем әдебиетімен байланыстырады – 61.</i>	<i>Фольклорда көрініс табатын образдар постмодернизмде реминисценция, симулякр түрінде көрініс беріп көркемдік мағынаны тереңдете түседі – 89, фольклорлық мотивтер көркем шығарманың идеялық жүзін арттырады – 97, фольклорлық мотивтер бұрынғы түсініктерді жойып, жаңа көзқарастардың қалыптасуына әсер етеді – 65, ұлттық құндылықтардың көркем шығармада берілуі, ұлттық дәстүрлердің жаңа үрдісте көрініс табуы – 77, фольклорлық мотивтердің әлем әдебиеті тенденциясын қалыптастыру – 47.</i>

Үшінші кезекте Ғ. Мүсіреповтің берілген шығармалары қайтадан оқылды. Нәтижесінде эксплициттік, имплициттік ақпараттар анықталып, фольклорлық мотивтердің қазақ әдебиетін жаңа даму арнасына бағыттай түсетінін көреміз.

Зерттеу нәтижесінде студенттер постмодернизм бағытын қазіргі әдебиеттегі қарқынды дамып келе жатқан бағыт ретінде, қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи оқиғаларды қайта бағалаудың құралы ретінде анықтайды. Әлем әдебиетінде қалыптасқан постмодернизм тенденциясы Ғ. Мүсірепов шығармашылығында фольклорлық мотивтер арқылы жүзеге асқанын көреміз. Осылайша постмодернизм өзіне дейінгі қалыптасқан фольклордың заңды жалғасы екені интермәтінділік, цитата, реминисценция құбылыстары арқылы танылады.

Ғ. Мүсіреповтің шығармашылық мұраларында фольклорлық мотивтер көркемдік қабылдауды күшейте түседі. Ұлттық дүниетанымдағы қалыптасқан түсініктерді бейнелеумен қатар, өз кезеңі тұрғысынан бағалау арқылы фольклордың автор дүниетанымына әсері жоғары екенін көреміз. Осылайша Ғ. Мүсірепов шығармаларында қолданыс тапқан фольклорлық мотивтер постмодернизм бағытына тән тәсілдер арқылы жүзеге асқанын көреміз. Практикалық негізде фольклорлық мотивтердің Ғ. Мүсірепов шығармашылығын әлем әдебиетімен байланыстыратынын анықтай түсеміз.

#### Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Постмодернизм мен фольклордың байланысын әдебиеттанудың жаңа талаптарына сай қарастыру интермәтінділік, цитата, реминисценция, ризоматикалық құрылым аясында жүзеге асты. Халықтың ұлттық мәдени өнері, тұрмысы фольклорда көрініс тауып, бүгінгі күні де көркем әдебиетте жалғасын тапты. Әдебиеттің көркем бағыттарының бірі саналатын постмодернизмді Ғ. Мүсірепов шығармашылығы аясында талдау кеңестік реализмдегі автордың соны көзқарастарын, шеберлігін көрсетеді. Ғ. Мүсірепов туындыларында өзі өмір сүрген замандағы қоғам шындығын жеткізуде, бұған дейінгі қалыптасқан ұлттық құндылықтарды талдау постмодернизмнің негізгі әдістерін тиімді қолдана білген.

Ғылыми зерттеу жұмыста постмодернизм мен фольклордың тығыз байланысын көрсетуде ең алдымен мынадай қадамдар жасалды: постмодернизм бағытының негізгі ұғымдары талданды; фольклор мен постмодернизм бағыттарының байланысы жайлы әдебиеттану ғылымындағы қарама-қарсы пікірлер анықталып, салыстырылды; практикалық негізде 2, 3, 4 курстардың студенттері арасында дискурстық талдау жүргізілді.

Диссертациялық жұмыста постмодернизм мен фольклордың байланысы теориялық және практикалық аспектіде қарастырылып, бүгінгі қазақ әдебиеттануының даму тенденциясы анықталды. Қорытындылай келе, постмодернизмнің негізгі әдістері саналатын интермәтінділік, цитата, пастиш, пародия бастауы фольклорлық мотивтер екені айқындалды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу жұмысында фольклорлық мотив, фольклоризм ұғымдары қарастырылып, әдебиет пен фольклор байланысы Ғ. Мүсірепов шығармашылығы аясында талданды. Қаламгер Ғ. Мүсірепов – қазақ әдебиетінде реалистік бағытты дамытқан, өзіндік орны бар драматург, жазушы. Автордың көркемдік әлемін қалыптастырып, идеялық-тақырыптық аясын кеңейткен фольклорлық мотивтер ертегілік, мифтік, аңыздық сюжеттерге негізделді.

Диссертациялық жұмыста қаламгердің 23 әңгімесі, «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, «Ұлпан», «Оянған өлке» романдары, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» драмалары негізге алынды. Аталған шығармалардағы фольклорлық мотивтердің қолданылуы, ондағы фольклорлық контекст, этнографиялық сюжеттер анықталды. Қаламгер шығармаларында фольклорлық мотивтерді қолдану арқылы көркемдік деңгейін арттырып қана қоймай, фольклортану саласына үлкен серпіліс берді.

Әдебиет пен фольклордың өзара байланысы өнер жалғастығының озықтығын дәлелдейді. Фольклор құбылыстарының көп қырлылығын салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеу, көпнұсқалылық, жалпы типологиялық шарттарын жан-жақты қарастыру оның өресін өрістететіні анық. Осындай көкжиегі кең мәнді мәселелердің бірі – фольклордың әдебиетпен өзара байланысын қарастыру.

Фольклор мұраларына жазба әдебиет өкілдерінің түрлі қырынан барғаны белгілі. Сөйтсе де қаламгерлердің алдарына қойған мұрат-мақсаты біреу еді. Ол – фольклордағы сан ғасырлардан жеткен көркемдік-танымдық ерекшеліктерді игеру, таңдалып-сұрыпталған дәстүрлерді жеткізу, сөйтіп, оның бүгінгі әдебиетпен, мәдениетпен табиғи ұласуын дәлелдеу. Қоғамның ілгерілеуіне сәйкес, әдебиеттің фольклорға назар аударуы күрделі тарихи-әдеби заңдылықтардың ашылуына, олардағы дәстүр жалғастығының, көркемдік-эстетикалық мұрат-мақсаттардың тереңдеуіне ықпал жасады.

Ежелден қалыптасқан фольклорлық мұралар әр кезеңнің сипаты мен құбылысына сай түрленіп, өрістеп, бүгінге дейін рухани байлыққа айналып отыр. Жазба әдебиет өкілдері халық жадында сақталған мол мұраның тәлімді, өнегелі, көркемдік қырларын жетілдіре, дамыта өз шығармаларына арқау етті.

Қазақ әдебиетінің классигі Ғ. Мүсіреповтің фольклормен тығыз байланысы болуының өзіндік заңдылықтары болды. Әдебиетке «ес жиған» саналы шағында араласқан жазушы үйренудің кілті фольклорда екенін айқын түсінді. Сондықтан да бұрынғы бала кезінен сіңісті болған, жадында тоқыған ескі жыр, ертегі-әңгімелердегі сарындар оның көкірегінде қатталып, жазуға деген талабын оятты. Сондай-ақ, алғашқы адымдарын аңғартқан шағын әңгімелерден кейін бірден эпикалық драматургияға қадам тартуы оның сол фольклорға деген ыстық сүйіспеншілігінен туған талап екенін көреміз. Халықтың классикалық эпостарын жазба әдебиеттің классикалық алтын қорына әкеліп қосты. Бұл қадамы өте сәтте болды, әлі күнге шейін Ғ. Мүсіреповтің драмалары театр сахнасынан түскен емес.

Біздің ғылыми зерттеу еңбегіміздің мақсаты – жазушы көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді анықтау. Жұмысты орындау барысында салыстырмалы-типологиялық талдау, контент талдау, интерпретациялық талдау, дискурстық әдістерін қолдана отырып, Ғ. Мүсіреповтің туындыларындағы фольклорлық мұра дәстүрін игерудегі ерекшеліктері мен фольклорлық мотивтердің қолданыс аясының ерекшелігін ашу көзделді.

Ғ. Мүсіреповтің фольклорлық дәстүрлерін қарастырғанда өз кезеңіндегі басқа да ақын-жазушылардың шығармашылығымен қатар зерттелді. Оның ішінде, әсіресе М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, т.б. мұраларымен салыстырылды. Нәтижесінде Ғ. Мүсірепов шығармаларында фольклорлық мотивтер жасырын, астыртын мағынада қолданыс тапқанын көреміз. Фольклорлық мотивтерді қарастырғанда этнографиялық деректер, фольклорлық контекст ұғымдары қатар қолданылды. Бұл ұғымдар фольклорлық мотивке негіз болар салт пен дәстүр, ырым мен тыйым, мифтік санада сақталған кейіпкерлер әлемі сынды негізгі ақпараттардың жиынтығын құрайды. Көркем шығармада сол күйінде берілгенде фольклорлық контекст ретінде анықталады.

Диссертациялық жұмыста фольклор мен әдебиет байланысын анықтау, фольклорлық мотивтердің көркем шығармада берілуін қарастыру, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмысының мақсат-міндеттерін айқындау контент талдау, интерпретациялық талдау, дискурстық талдау әдістері негізінде зерделеніп, жүзеге асты. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында негізгі фольклорлық мотивтер анықталып, фольклорлық мұралармен салыстырыла талданды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Халықтың мол рухани мұрасы, халықтық таным фольклордың құндылығын танытады. Осы ретте фольклордың феномендік құбылыс деп танылуы заңды. «Фольклор» ұғымымен қатар «фольклоризм» атауы қатар қолданылып, ғылыми зерттеу жұмыста арнайылап қарастырылды. Нәтижесінде «фольклоризм» фольклордың көркем шығармада қолданыс табуы екенін анықтаймыз. Осылайша диссертациялық жұмыста «фольклоризм» ұғымы аясында фольклорлық мотив ұғымы басшылыққа алынып, талданды. Фольклорлік мотив дегеніміз – көркемдік қабылдауды күшейтіп, туындыда бір идеяның немесе образдың жеткізілуі.

2. Фольклор мен әдебиет байланысы көркемдік жүйеге негізделген. Көркем әдебиетте фольклорлық мотивтердің қолданылуы ұлттық дүниетанымның, халықтық ерекшеліктің айқын көрінісі екені анықталды. Сонымен қатар туындыда қолданылған мифтер, аңыздар ұлттық таным жайында эстетикалық көзқарастарды қалыптастырады. Қаламгер драмалық, прозалық шығармаларында фольклорлық мотивтерді авторлық ұстаным негізінде орнымен дәл қолданған.

3. Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы анықталып, талданған фольклорлық мотивтер: *түс көру мотиві, мифо-поэтикалық сарын, драмалық*



*тартыс, тектілік мотиві, шешендік сөз мотиві, фольклорлық кейіпкерлер мотиві, жар таңдау мотиві, гажайып қолдаушы мотиві, батырлық мотиві, күшті адам мотиві.* Автор фольклорлық мотивтер ретінде фольклорда кездесетін кейіпкерлерді, образдар жүйесін, фольклор сюжетін қолданады. Мифтік санада қалыптасқан кейіпкерлердің болмысы көркем прозада жалғастық тауып, өзгеріске де түсіп жатады. Десе де қаламгер мифтік санадағы қалыптасқан фольклор кейіпкерлерін образды таныту мақсатында қолданады.

4. Қаламгер туындыларында архаикалық сарындарды қолдану арқылы фольклордың көркем әдебиетте қолданылуының көркемдік деңгейін жоғарылата түсті. Архаикалық сарындардың қалыптасуында этнографиялық деректердің маңызы зор. Бұл өз кезегінде фольклор мен этнография саласының өзара жақындығын дәлелдейді. Фольклорда жиі кездесетін этнографиялық деректер шығарманың негізгі тақырыптық, идеялық аренасын құрайды. Бұған себеп фольклорлық-этнографиялық деректер ертедегі дәуірлердің тыныс-тіршілігін, болмысын танытуы болып отыр. Осыған сәйкес халықтың нанымы, тұрмыс-тіршіліктері туралы мәліметтер қаламгер шығармаларындағы фольклорлық мотивті құрайды.

5. Жазушы Ғ. Мүсірепов фольклорлық мотивтерді аңыздық, мифтік, ертегілік сюжеттер негізінде қолданады. Мазмұндық құрылым, авторлық ұстаным, кейіпкерлер әлемі сынды негізгі арналар фольклорлық мотив жайлы ұғымды тереңдетіп, фольклор мен әдебиет байланысын нығайта түседі. Көркем шығармаға енген «фольклоризмнің» автор тарапынан қолданылуы этногенетикалық, тарихи-әлеуметтік сипаттарымен анықталады. Бұндағы этногенетикалық сипат фольклор мен әдебиеттің генетикалық байланысына негізделсе, тарихи-әлеуметтік сипат тарихи кезеңдердегі қоғамдық маңызды мәселелердің өзектілігі әр дәуір шеңберінде таныла түсетінін көрсетеді. Осылайша қаламгер туындыларындағы фольклорлық мотивтер автордың көркемдік жүйесінде идеялық жағынан, эстетикалық, көркемдік талаптарымен анықталады.

6. Фольклор мен әдебиет байланысы әлем әдебиеті тенденциясынан қалыс қалмады. Ғ. Мүсірепов шығармаларында постмодернизм бағытына тән белгілер ажыратылды. Нәтижесінде фольклорлық мотивтер фольклор мен әдебиет байланысын жаңа деңгейге көтерді. Фольклордан бастау алатын образдар жүйесі өзгеріске ұшырап, *симулякр* ретінде; сол күйінде бейнеленіп *реминисценция* ретінде; тікелей фольклорлық мұралардан алынған сілтеме *цитата*; тұспал, жасырын мағына *аллюзия* ретінде; фольклорлық үлгіге тән сықактау *пародия* ретінде; шытырман оқиға желісіне құрылған композициялық құрылым *ризоматикалық құрылым* ретінде қарастырылды. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында 375 студенттің қатысуымен фольклорлық мотивтердің постмодернизм бағытын қалыптастырудағы үлесі практикалық негізде анықталды. Нәтижесінде әлем әдебиетінде қалыптасқан постмодернизм ағымын Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер арқылы анықтадық.

Қаламгер Ғ.Мүсірепов уақыт шапшаңдығына, ерекшелігіне лайық түр іздеді, бейне жасады. Қоғамның көркемөнерге тән қоятын талабын дер кезінде

аңғарып, өзін дәуір жаршысы есебінде көрсетуі заңды еді. Сөйте отырып заманының көкейкесті мәселелерін қозғады. Осы мақсат аясында халық қазынасының үлгілерін молынан пайдаланды, яғни әлеуметтік мәселелерді арқау еткен драмаларында, шағын әңгіме-новеллаларында, «Ұлпан», «Оянған өлке» романдарындағы фольклорлық сарындар, кейіпкерлердің берілуі фольклор мен әдебиеттің арақатынасындағы өзіндік ерекшеліктерді айқындай түсті. Сонымен, Ғабит Мүсіреповтің фольклорлық мотивтерді өз шығармаларында қолдану ерекшеліктерін жинақтадық.

Жазушы фольклорда әбден тұрақталған бейнелерді, мотивтерді алған. Ол бейнелерді өз қоғамының талап-мүддесіне сай қолданған. Алғашқы қадамынан бастап, әдебиет майданына батыл енген қаламгер үнемі үйрену жолында болды. Қоғамдағы әрбір өзгеріске азаматтық көзқарасын дереу білдіріп отыратын Ғ. Мүсірепов фольклор мұрасын үнемі назарда ұстаған. «Халық поэзиясын біздің қадірлеуіміз керек. Ол – біздің негізгі азықтанатын қайнар бұлағымыз» деген пікірде болды. Осы ретте жазушы өзінің шығармаларында фольклорлық кейіпкерлерге жүгінген. Бір қарағанда, көне мифологиядағы қаһармандардың жаңа заман келбетін айқындайтын шығармалардан орын алуы қисынсыз секілді. Ал, түптеп келгенде бұл қолданыстың екі себебі болғандығына көз жеткіземіз: жас кезінен-ақ халық мұрасына жақын болған қаламгер өз шығармаларын көпшілікке арнай отырып, неғұрлым түсінікті, халыққа сіңісті ұғымдардан алған. Бұл жаңа әдебиетті жасай отырып, оның ұлттық бояуын молайту, халықтық стилін тереңдетуге қызмет етеді. Жазушы фольклордан еншілеген қаһармандарын жазба әдебиеттің аясына неғұрлым жетілген, дамыған мәнінде алуға тырысқан. Сондықтан да қаламгер шығармаларындағы бұл кейіпкерлердің фольклорлық бейнелер екенін «естен шығарып та аласыз». Яғни жазушы шығармаларына фольклорлық мотивтер жатсынбай араласып кеткен. Осылайша, халықтың байырғы ұғымдарын әдеби-көркемдік дәрежеге көтерген, көне замандардан тотықпай келе жатқан мұраларды жаңғырта жалғастырған.

Зерттеу жұмысының *болашақ бағдарын* мынадай зерттеу бағыттарынан көреміз:

1. Әдебиет пен фольклор байланысы жаңа деңгейде көтеріліп, терең идеялық, көркемдік зерттеуді қажет етеді. Осыған сәйкес әдебиеттану мен фольклортану арасында айқындалатын зерттеу мәселелері мен тақырыптарын біртұтастықта зерттеу қажет.

2. Көркем шығармада айқындалатын «фольклоризм» ұғымына қатысты мифтік, ертегілік, аңыздық сюжеттермен байланысын көрсететін әдістемелік жинақ әзірленеді.

3. Әлем әдебиетінде ағым ретінде қалыптасқан постмодернизм жаңаша ойлау, соны құбылыс деп танылады. Соған қарамастан ғылыми-зерттеу жұмысында Ғ. Мүсірепов шығармашылығы негізінде фольклорлық мотив байланысы анықталды. Осы негізде постмодернизм мен фольклор бірліктерінің қарастырылуы бүгінгі әлем әдебиетінде әрі қазақ әдебиетіндегі елеулі зерттеу арнасы болады деп ойлаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
- 2 Каскабасов С.А. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. – 1984. – №3. – С. 19-24.
- 3 Медриш Д.Н. Литература и фольклорная традиция. – Саратов: Изд. Саратовского университета, 1980. – 296 с.
- 4 Жұмабек С.Е. Тахауи Ахтанов. Талант тектоникасы. Т. Ахтановтың шығармашылық жолы жайында. Роман-портрет. – Астана: «Күлтегін», 2003. – 224 б.
- 5 Пропп В.Я. Русский героический эпос. – Москва: Азбука, 2023. – 832 с.
- 6 Ismakova A., Akysh N., Akhmetova A., Kaliyeva A., Shortanbayev S. Seven aspects of the great steppe in the modern kazakh prose-the national conception of eternal nation and art discourse. Space and Culture, India. – 2019. – №7(3). – P. 68-75. doi:10.20896/saci.v7i3.468. 27.01.2021.
- 7 Султангереева Р.А. Башкирский фольклор: семантика, функции и традиции: Миф. Обряд. Танец. Сказительство. Шаманский, религиозный, музыкальный фольклор. Современные традиции. – Уфа: Башк. энцикл., 2018. – Т.1. – 520 с.
- 8 Фольклор и фольклоризм в меняющемся мире / Ред.-сост. Л.П. Солнцева. Отв. ред. Л.В. Фадеева. – Москва: Государственный институт искусствознания, 2010. – 366 с.
- 9 Фольклор и миф: Традиционная культура в зеркале ее восприятий / Сб. науч. статей, посвященный 70-летию И.И. Земцовского. Ч. I / Сост. Н.Ю. Альмеева; Российский ин-т истории искусств. – Санкт-Петербург, 2010. – 240 с.
- 10 Лазарев А.И. Типология литературного фольклоризма (на материале истории русской литературы): учеб. пособие. – Челябинск: Изд-во Челяб. гос. ун-та, 1991. – 96 с.
- 11 Обаева Г.С. Фольклорлық мотивтер жазушының әдеби-эстетикалық концепцияларының элементі ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. –2019. – №4(70). – Б. 315-324.
- 12 Путилов Б.Н. Фольклор и народная культура. In memoriam / Сост. Е.О. Путилова; Отв. ред. А.Н. Анфертьев; Авт. введ. Е.А. Костюхин; РАН. МАЭ им. Петра Великого (Кунсткамера). – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2003. – 464 с. – Отдел 1-й: Б.Н. Путилов. Фольклор и народная культура. – С. 7-236.
- 13 Kunanbaeva A.B. Surprises of typology: From the world of ancient Greek and Kazakh lyric poetry. Revista De Etnografie Si Folclor. – 2019. – № 1-2. – P. 23-39. [https://www.academia.edu/41655043/Alma\\_Kunanbaeva\\_.](https://www.academia.edu/41655043/Alma_Kunanbaeva_.) 12.04.2023
- 14 Takirov S., Zharylgapov Z., Rustemova Z., Syzdykova B., & Zhumageldin Z. Totalitarian and kazakh literary criticism. Humanities and Social Sciences Reviews. – 2019. – № 7(6). – P. 118-122. doi:10.18510/hssr.2019.7625. 21.12.2020.

- 15 Молдаханов Ә. М. Әуезов және фольклор. Монография. – Алматы: Дәуір, 2005. – 248 б.
- 16 Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 542 б.
- 17 Обаева Г.С., Балтымова М.Р. Фольклордағы «күшті адам» сарынының әдебиеттегі көрінісі (Ф. Мүсірепов әңгімелері негізінде) // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №9/1. – Б. 256-260.
- 18 Батурина Н.В. Литературно-фольклорные взаимосвязи в русской словесности XVIII века // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2015. – № 6 (48), в 2-х ч. Ч. 1. – С. 25-28.
- 19 Valikova O. Creativity in the context of Kazakh prose: Why masks wonder around. – Creativity Studies. – 2018. – Vol 11., №2. – P. 244-257. doi:10.3846/cs.2018.6172. 02.05.2021.
- 20 Тілешев Е. Әдеби үдеріс: дәстүр мен жаңашылдық. <https://adebiportal.kz//> 12.04.2016.
- 21 Kabdeshova K., Rakysh Z.H., Auyesbayeva P., Albekov T., Alpysbayeva K. Kazakh historical epics and epical tradition // Utopia y Praxis Latinoamericana, 2019. – Vol. 24: Extra 5. – P. 103-112. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/utopia/article/view/29983>. 30.03.2024.
- 22 Watts L. Encyclopedia of American Folklore. – New York: Checkmark Books, 2007. – 468 p.
- 23 Folklore: an encyclopedia of beliefs, customs, tales, music, and art / Edited by Thomas A. Green. – California, Santa Barbara: ABC-CLIO. – 1997. – 892 p.
- 24 Куринских П.А. Проблемы фольклоризма в зарубежной историографии // Научный диалог. – 2016. – № 2 (50). – С. 250-260.
- 25 Moser H. Vom Folklorismus in unserer Zeit. Zeitschrift für Volkskunde. – 1962. – №58. – P. 177-209 // <https://is.muni.cz/el/1421/jaro2004/ETBA04/8969/s.pdf>. 19.12.2020.
- 26 Bausinger H. «Folklorismus» in Europa: eine Umfrage // Zeitschrift für Volkskunde. – 1969. – № 65. – P. 1-8.
- 27 Foster M.D. The Metamorphosis of the Kappa: Transformation of Folklore to Folklorism in Japan // Asian Folklore Studies. – 1998. – № 57 (1). – P. 1-24.
- 28 Šmidchens G. Folklorism Revisited // Journal of Folklore Research. – 1999. – №36 (1). – P. 51-70.
- 29 Istenič S. P. Texts and contexts of folklorism. Traditiones // Journal of the Institute of Slovenian Ethnology and Institute of Ethnomusicology SRC SASA. – 2011. – Vol. 40, № 3. – P. 51-73.
- 30 Выходцев П.С. Новаторство. Традиции. Мастерство. – Ленинград: Советский писатель, Ленинградское отделение, 1973. – 334 с.
- 31 Азадовский М.К. История русской фольклористики. В 2-х томах / Научное редактирование: Неклюдов С.Ю. – Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 2013. – Т.2. – 414 с.

- 32 Выходцев П.С. Об исторических закономерностях взаимосвязей литературы и фольклора // Русская литература, 1977. – №2. – С. 5-20.
- 33 Горький М. Собрание сочинений: в 30 т. Т. 24 / Акад. наук СССР, Ин-т мировой литературы им. А.М. Горького. – Москва: Гос. изд. худож. лит., 1953. – 574 с.
- 34 Жұбанов Қ. Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2019. – 584 б.
- 35 Қасқабасов С. Таңдамалы. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – Т.2. – 344 б.
- 36 Қирабаев.С. Екі томдық шығармалар жинағы. Сәкен Сейфуллин: Монография. – Алматы: Жазушы, 1991. – Т.1. – 448 б.
- 37 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2013. – 384 б.
- 38 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар: Өсу жолдарымыз. Мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – Т.14. – 366 б.
- 39 Юдин А.В. Русская народная духовная культура. – Москва: Высшая школа, 1999. – 331с.
- 40 Гусев В.Е. Методы изучения фольклора: Сборник научных трудов / Сост. В.Е. Гусев и др. – Москва: Наука, 1983. – 154 с.
- 41 Далгат У.Б. Литература и фольклор: теоретические аспекты. – Москва: Наука, 1981. – 304 с.
- 42 Бахтин М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура Средневековья и Ренессанса. – Москва: Азбука, 2021. – 640 с.
- 43 Блажес В.В. Роль фольклора и литературы Урала в процессе культурного освоения территории Уральского региона // Литературный процесс на Урале в контексте историко-культурных взаимодействий: конец XIV-XVIII вв. – Екатеринбург: Союз писателей, 2006. – 333 с.
- 44 Кыяхметова Ш. Илияс Жансүгіровтің фольклорлық мұраларды жинаудағы ерекшелігі және зерттеушілік қыры // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2019. – № 3 (79). – Б. 129-135.
- 45 Хасенов М. Сәбит Мұқанов және фольклор. – Алматы: Ғылым, 1980. – 208 б.
- 46 Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. Бірінші том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 464 б.
- 47 Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2011. – 475 б.
- 48 Обаева Г. Фольклор мен әдебиет: өзара ықпалдастық пен поэтикалық құндылық // Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық: халықаралық ғылыми конференция. – Орал: БҚИТУ баспа орталығы, 2023. – 250 б.
- 49 Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. – Алматы: Өнер, 1982. – 192 б.
- 50 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1980. – 542 б.
- 51 Қайырбеков Ә. Тұлғалар тағылымы: Сәбит пен Ғабит // Эсселер, ғылыми-зерттеу, мақалалар, ой-толғам, сыр-сұхбат. – Алматы: Айғаным, 2014. – 286 б.

52 Қасқабасов С. Ойөріс (фольклор туралы зерттеулер). – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.

53 Antonov Y.G., Levina N.N. Interpretation of Mordovian myth and folk traditions in A. Pudín's drama «cordon» // International Scientific Conference «Social and Cultural Transformations in the Context of Modern Globalism». – 2018. – P. 127-134.

54 Ayimbetova Z.M. The problem of mutual synthesis of folklore and written literature in the science of Karakalpak literature // The American Journal of Social Science and Education Innovations. – 2020. – №2 (11). – P. 421-427. <https://doi.org/10.37547/tajssei/Volume02Issue11-70>. 21.01.2021.

55 Тұрысбек Р. Ақиқат айнасы: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 224 б.

56 Алпысбаев Қ. Көркем мәтінді әдеби талдау. – Алматы, Эверо, 2018. – 180 б.

57 Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 288 б.

58 Бекбергенов М. Ғабит Мүсіреповтің прозасы. – Алматы: Рауан, 1990. – 151 б.

59 Кедрина З.С. Из живого источника: очерки советской казахской литературы. – Алма-Ата : Жазушы, 1966. – 430 с.

60 Лизунова Е. Современный казахский роман. – Алматы: Изд-во Академии наук Казахской ССР, 1964. – 358 с.

61 Нарымбетов Ә. Әдеби өмір шежіресі / Бас ред. С. Қирабаев; жауап. ред. К.К. Әбуғалиева; ҚР Білім және ғылым министрлігі, М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты, Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2004. – 355 б.

62 Ысмағұлов Ж. Ғабит Мүсірепов туралы тоғыз толғам. – Алматы: «Қазақстан», 2001. – 272 б.

63 Тілеужанов М. Астарлы әзіл. – Алматы: «Жазушы», 1978. – 116 б.

64 Нұртазина Р. Ғабит Мүсіреповтің публицистикалық шеберлігі. – Астана: «Елорда», 2003. – 130 б.

65 Альмуратова А.Н. Ғабит Мусрепов – переводчик русской драматургии: автореф. дис. канд. филол. н.: 10.01.02. – Алма-Ата, 1991. – 25 с.

66 Мейрамғалиева Р.М. Образная система в романах Ғабита Мусрепова в переводе на русский язык: автореф. дис. канд. филол. н.: 10.01.02. – Алма-Ата, 1992. – 19 с.

67 Құлыбекова Ж.С. Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Жат қолында» романдары: аударылуы, әдеби сында бағалануы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.01.02. – Астана, 2004. – 32 б.

68 Ибраева А. Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Жат қолында» роман-диалогиясының шығармашылық тарихы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.01.02. – Алматы, 2003. – 25 б.

69 Оспанов А. Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының творчестволық тарихы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.01.02. – Алматы, 1993. – 26 б.



- 70 Мұратбек Б.Қ. Қазақ әдеби тілін дамытудағы Ғ. Мүсіреповтің рөлі, көзқарасы мен ұстанымдары. – Алматы: Ана тілі, 1999. – 146 б.
- 71 Ашимханова С.А. Поэтика прозы Г. Мусрепова: автореф. дисс. докт. фил. наук.: 10.01.08. – Алматы, 1999. – 27 с.
- 72 Obayeva G., Baltymova M., Niyazova G., Toxanbayeva T., Ulikpanova A. Continuity of ethno-folklore tradition in modern prose // *Orpción*. – 2020. – Año 36, №27. – P. 794-808.
- 73 Sultanova, Z.S. Peculiarities of folklore in Kazakh dramaturgy. *Man in India*. – 2017. – № 97(5). – P. 187-200. [https://serialsjournals.com/abstract/86900\\_12.pdf](https://serialsjournals.com/abstract/86900_12.pdf). 18.08.2019.
- 74 Kundakbayeva Z., Rustem K. Resistance to ideology, subjugation to language: A workshop by writer Gabit Musrepov under soviet totalitarian censorship in 1928-1964 // *Folklore (Estonia)*. – Vol 63. – P. 29-44. doi:10.7592/FEJF2016.63. 21.01.2021.
- 75 Thompson S. The Types of The Folktale // A classification and bibliography Antti Aarne's Verzeichnis der Marchentypen Translated and enlarged by Stith Thompson. – Helsinki: Suomalinen Tiedakatemia, 1961. – 584 с.
- 76 Даутова С.Б., Исхан Б.Ж., Оспанова Б.Р. Мұхтар Әуезов парасаты. Монография. – Алматы: Эверо, 2018.– 180 б.
- 77 Обаева Г.С., Балтымова М.Р. Қазақ драматургиясындағы эпикалық дәстүр жалғастығы // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы: «Филология ғылымдары» сериясы. – 2023. – №3 (70). – Б. 482-497.
- 78 Нұрғали Н. Драма өнері. – Алматы: Санат, 2001. – 480 б.
- 79 Балтымова М. Илияс Есенберлиннің тарихи романдары: шеберлік пен көркемдік. Монография. – Алматы: «Отан» баспасы, 2015. – 168 б.
- 80 Жұматаева Е. Ғабит Мүсіреповтің шеберлігі: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2020. – 168 б.
- 81 Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1981. – Т.4. – 760 б.
- 82 Мүсірепов Ғ. Драмалық шығармалар. – Алматы: Өнер, 1982. – 271 б.
- 83 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- 84 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 295 б.
- 85 Козы Корпеш и Баян-сулу. Кыз-Жибек: Казахский романический эпос / Отв. ред. С.С. Кирабаев, Е.А. Поцелуевский. – Москва: Вост. лит., 2003. – 439 с.
- 86 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 478 б.
- 87 «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын»: батырлар жыры // Мереке Құлкенов. – Алматы: «Өлке», 2024. – 160 б.
- 88 Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры: монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.

- 89 Аймұхамбет Ж. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография. – Астана: Фолиант, 2016. – 184 б.
- 90 Шормақова С. М. Шешендік сөздің поэтикасы: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2020. – 176 б.
- 91 Қасенов С. Т. Шешендік сөздердің поэтикасы. – Өскемен: С. Аманжолов атын. ШҚУ, 2022. – 109 б.
- 92 Обаева Г. Эпикалық драматургиядағы фольклор дәстүрі // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – 2020. – №1. – Б. 299-308.
- 93 Байтанасова Қ., Нұрлыбек Г. Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №2. – Б. 36-44.
- 94 Гамзатов Г.Г. Фольклор в системе национальной художественной культуры // Фольклор и музыкальная культура Дагестана и Северного Кавказа. – Махачкала: Институт ЯЛИ ДНЦ РАН. – 2007. – С. 7-25.
- 95 Сарбашева А.М. Фольклорно-этнографический компонент в художественной структуре современной балкарской драмы // Вестник Башкирского университета. – 2015. – Т. 20, №2. – С. 576-580.
- 96 Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы. I том: Эпос – ел қазынасы / Құрастырған Д. Ысқақұлы. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2017. – 320 б.
- 97 Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. Начало XX века и современность. – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.
- 98 Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
- 99 Пангереев А.Ш. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері. – Алматы: Эверо, 2018. – 216 б.
- 100 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.
- 101 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 102 Хуббитдинова Н.А. Башкирский фольклор в литературе XIII-XIX веков: творческое развитие его мотивов, сюжетов, образов, традиций в башкирской литературе и произведениях русских писателей XIX века: автореф. дисс. ...д-ра филол. н.: 10.01.02. – Уфа, 2013. – 51 б.
- 103 Таңжарықова А.В. Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар: филол. ғыл. д-ры. ... дисс. автореф.: 10.01.02. – Алматы, 2010. – 60 б.
- 104 Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – 3 том: Ұлпан: Роман / Құраст: Ә.Нарымбетов. – 2003. – 248 б.
- 105 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1980. – Т.2. – 592 б.
- 106 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
- 107 Қазақ бақсы-балгерлері / Құраст.: Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
- 108 Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
- 109 Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.
- 110 Abulhanova Z.R., Khubbitdinova N.A., Mingazova L.I. Intertextual Links in the Context of the Problem of Folklore-Literary Relationships (with Reference to



National Literature) // Journal of History Culture and Art Research. – 2017. – Vol 6. №6. – P. 182-186. doi: <http://dx.doi.org/10.7596/taksad.v6i6.1339>. 19.07.2020.

111 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Москва: Высшая школа, 1989. – 408 с.

112 Қасқабасов С. Әдебиет пен фольклордың байланысы туралы // Қазіргі әдебиет және фольклор. – Алматы: «Арда», 2009 – 475 б.

113 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 б.

114 Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. – Алматы: Ғылым, 2001. – 127 б.

115 Тілеужанов М. Ел әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.

116 Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа): Монография. – Алматы, 1987. – 352 с.

117 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

118 Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Әңгімелер / Құраст: Ә. Нарымбетов. – Алматы: Жазушы, 2002. – 288 б.

119 Далгат У. Фольклор и литературный процесс // В кн: Фольклор. Поэтика и традиция. – Москва: Наука, 1982. – С. 341.

120 Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

121 Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 304 б.

122 ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты. Қор № 2864, тізбе №2, іс №7.

123 Қанарбаева Б. Мағжан шығармашылығының фольклорлық қырлары. – Алматы: 1995. – 155 б.

124 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жалын, 1979. – 272 б.

125 Мүсірепов Ғ. Кездеспей кеткен бір бейне: повесть және әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1987. – 157 б.

126 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 279 б.

127 Ыбыраев Ш. Бастау (қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер). – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 160 б.

128 Байтанаев Б.А. Устно-поэтические традиции в художественной структуре казахского романа. – Алматы: Ғылым, 1994. – 173 б.

129 Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. – Алматы: Санат, 1997. – 300 б.

130 Валиханов Ч. Собранные сочинения.– Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – Т. I. – 432 с.

131 Ертегілер. 4-том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б.

132 Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 190 б.

- 133 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 3-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 б.
- 134 Dorst J.D. Postmodernizm ve Folklor // Halkbiliminde Kuramlar ve Yaklaşımlar. – Анкара, 2003. – Т. 1. – 462 p.
- 135 Binney S. How ‘the Old Stories Persist’: Folklore in Literature after Postmodernism // Journal of 21st-Century Writings. – 2018. – Vol 6., №2. – 5 p. DOI: <https://doi.org/10.16995/c21.69>. 05.11.2023.
- 136 Қозы Көрпеш: Лиро-эпостық поэма. М.Ж. Көпейұлы нұсқасы. – Алматы: «Мектеп», 2006. – 168 б.
- 137 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 1120 б.
- 138 Қазақ эпостары. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2006. – 416 б.
- 139 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. Исследования разных лет. – Москва: Худож.лит., 1975. – 504 с.
- 140 Кристева Ю. Разрушение поэтики // Избранные труды. – Москва: РОССПЭН, 2004. – 653 с.
- 141 Барт Р. Избранные работы: Семиотика: Поэтика / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г.К. Косикова. – Москва: Прогресс, 1989. – 616 с.
- 142 Деррида Ж. Деррида, Ж. Позиции. – Москва: Академический проект, 2007. – 160 с.
- 143 Аверинцев С. Глубокие корни общности // Лики культуры. Альманах. – Москва, 1995. – Т. 1. – 443 с.
- 144 Тайжанов А. Тұлғалар тағылымы (Тұлға болмысы туралы заманауи ой-толғам). – Алматы: Отан, 2017. – 412 б.
- 145 Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: филос. д-ры (PhD) ...дисс.: 6D021400. – Алматы, 2017. – 136 б.
- 146 Фатеева Н.А. Типология интертекстуальных элементов и связей в художественной речи // Изв. АН. Серия литературы и языка. – 1998. – Т. 57, №5. – С. 25–38.
- 147 Брагина Н.Г. ИмPLICITная информация и стереотипы // ИмPLICITность в языке и речи / Отв. ред. Е.Г. Борисова, Ю.С. Мартемьянов. – Москва: «Языки русской культуры», 1999. – С. 43–57.
- 148 Баженова Е.А. Интертекстуальность // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / Под ред. М.Н. Кожинной. – Москва: Наука, 2003. – 709 с.
- 149 Шулежкова С.Г. Проблема смерти автора в условиях «тотальной цитатности» // Интертекст в художественном и публицистическом дискурсе: Сб. докл. междунар. науч. конф. / Ред. сост. С.Г. Шулежкова. – Магнитогорск, 12-14 ноября 2003. – С. 38-45.
- 150 Кузьмина Н.А. Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка: монография. – Екатеринбург-Омск: Изд-во Уральского института, 1999. – 268 с.
- 151 McHale V. Postmodernist fiction. – Taylor & Francis e-library, 2004. – 278 p.

- 152 Кубасов А.Б. М.Е. Салтыков-Щедрин как зеркало русского постмодернизма // Филологический класс. – 2011. – № 26. – С. 23-26.
- 153 Шагалова Е.Н. Словарь новейших иностранных слов (конец XX – начало XXI вв.). – Москва: АСТ: Астрель, 2010. – 943 с.
- 154 Гимранова Ю. А. Интертекстуальный анализ: учебно-методическое пособие. – Челябинск: Изд-во Южно-Урал. гос. гуман.-пед. ун-та, 2021. – 140 с.
- 155 Кучменко М.А. Структурно-семантические особенности постмодернистской прозы Джамбулата Кошубаева: дис. ...канд. филол. наук: 10.01.08. – Краснодар, 2017. – 171 с.
- 156 Юзмухаметова Л.Н. Постмодернизм в татарской прозе: диалог с западными и восточными художественными традициями: автореф.дис. ...канд. филол.наук: 10.01.02., 10.01.08. – Казань, 2014. – 30 с.
- 157 Шапочкин Д.В., Жилиякова В.В. Метод дискурс-анализа и его ключевые аспекты // Russian Linguistic Bulletin, 2023. – №4 (40). – Р. 11-13 DOI: <https://doi.org/10.18454/RULB.2023.40.27> 30.05.2024.
- 158 Лотман М.Ю. Анализ поэтического текста. – Ленинград: Просвещение, 1972. – 270 с.
- 159 Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
- 160 Қазіргі әдебиет және фольклор: ұжымдық монография. – Алматы, 2009. – 391 б.

## ҚОСЫМША А

Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизм үдерісімен байланысын анықтауға бағытталған сауалнама

Құрметті студенттер!

Бұл сауалнамада берілген сұрақтар постмодернизм үдерісіндегі фольклорлық мотивтердің үлесін саралауға бағытталған. Әдеби дискурстық талдау әдісі негізінде Ғ. Мүсірепов шығармаларын талдау, фольклор мен постмодернизм байланысын анықтауға бағытталған зерттеуге және ғылыми-зерттеу жұмысының жазылуына қосқан үлесіңізге рақмет!

Зерттеу үш кезеңде жүзеге асады:

1-кезең: Формада берілген сұрақтарға өз жауаптарыңызды белгілеуіңіз сұралады.

2-кезең: Офлайн форматта Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі фольклорлық мотивтер, постмодернизм ұғымдарын талдау.

3-кезең: Қаламгер әңгімелерін қайтадан оқып, жаңа ақпараттарды анықтау.

### 1-кезең

1. Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің берілуі, сомдалуы қандай деңгейде?

2. Ғ. Мүсірепов шығармаларында фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктері қандай?

3. Қаламгер туындыларындағы постмодерндік сарын мен фольклорлық мотивтің берілу деңгейін қалай бағалайсыз?

4. Постмодернизм үдерісіне тән белгілер мен әдіс-тәсілдерге фольклорлық мотивтердің ықпалы қандай деп ойлайсыз?

5. Фольклорлық мотивтер постмодернизм үдерісінде қандай өзгерістерге ие болды?

6. Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизм ағымында берілуі жолдары қандай?

7. Фольклорлық мотивтер мен постмодернизм ағымын қандай түсініктер, белгілер байланыстырады деп ойлайсыз?

### 2-кезең

Офлайн форматта студенттердің қатысуымен дискурстық талқылау жүзеге асты. Талдау барысында мына сұрақтар басшылыққа алынды:

1. Фольклорлық мотивтердің постмодернизм ағымындағы маңызы қандай?

2. Постмодернизм үдерісіндегі мифтік сана, ұлттық дүниетаным қандай деңгейде көрінеді?
3. Фольклорлық мотивтерді постмодернизм ағымымен қандай әдіс-тәсілдер байланыстырады?
4. Ғ. Мүсірепов шығармаларына тән постмодернистік тәсілдерді қалыптастыруда фольклорлық мотивтердің үлесі қандай?
5. Ғ. Мүсірепов шығармаларында берілген фольклорлық мотивтер постмодернизм ағымында қалай көрініс тапқан?